

л 2009  
20289к

М. Балакаев

Қазақ  
әдеби тілі

және  
оның  
нормалары



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

М. Б. БАЛАҚАЕВ

ҚАЗАҚ  
ӘДЕБИ ТІЛІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ  
НОРМАЛАРЫ



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ—1984

Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары.  
— Алматы: Ғылым, 1984. — 184 б.

Кітап қазақтың әдеби тілінің ерекшеліктерін және оның нормаларын сипаттауға арналған. Автор қазақ әдеби тілі жөнінде бұрын-соңды айтылған әр түрлі пікірлерді келтіре отырып, әдеби тіл туралы өз көзқарасын баяндайды. Бұдан басқа жазудың, фольклор тілінің, диалектизмдер мен ауызекі тілдің әдеби тілге қатысын сөз етеді. Әдеби тілдің баю, молаю жолдарын анықтай келе, автор бұрын көп зерттелмей келе жатқан мәселелердің бірі — тіл мәдениеті мәселелерін, әсіресе, оның нормаларын сипаттауға көп көңіл бөледі.

Жауапты редактор

Қазақ ССР Ғылым академиясының  
корреспондент-мүшесі Ш. Ш. САРЫБАЕВ

Рецензент

филология ғылымдарының докторы Р. С. ӘМІРОВ

Б  $\frac{4602000000-035}{407(05)-84}$  133.84

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1984

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқының өзімен бірге өмір сүріп, бірге жасып келе жатқан қатынас құралы — оның тілі, ол тілдің өшпес дәулет, алтын қоры — тіл байлығы. Қазір сол тілдің байлығы молайып, мәдениеті артып, қалыптасқан әдеби тіл дәрежесіне көтерілді. Ол мәдениетті халықтың өнер-білімге кенелген игілігі, шалқыған шынайы өмірі үшін жұмсалатын болды. Оған партиялық басшылықтың, әкелік қамқорлықтың арқасында әдеби тіліміз шыңдалып, оның мүмкіншіліктері молайып, нормалық дәрежесі жақсарып, стильдік тармақтары сараланып, қоғамдық қызметі кеңейді: халықтың барлық іс-әрекетінің, саяси өмірінің, өнердің, ғылымның, мәдениеттің, әдебиеттің, оқу-білім, тәрбие жұмыстарының құрадына айналды.

Сондықтан әдеби тілдің келелі, өмірлік мәселелерін зерттеу қазақ тіл білімінің аса қажетті проблемаларына айналып отыр. Ол жайында ғылымымыздың табысы да аз емес. Көптеген мақалалар мен жинақтар, бірнеше монографиялық еңбектер мен вуздарға арналған оқу құралдары жарияланды. Солардың бәрі тіл ғылымының бұл кенже қалған саласында жасалған алғашқы адым, нәтижелі барлаулар сияқты.

Бұл кітап соларды толықтыра түссек деген мақсатпен жазылды. Ол үшін ғылымымыздың табысына қысқаша шолу жасалды. Әдеби тілдің түсінігі, анықтамасы, оның құрамы, негізгі салалары сияқты мәселелерді айқындап алмайынша әдеби тілдің басқа мәселелерін дұрыс шешуге болмайды. Бұл әдеби тілдің тарихын жазу үшін, әдеби

тілдің стилистикасы үшін де, оның мәдениеті мен нормаларын белгілеу үшін де керек.

Айқындалуға тиісті проблемаларға қатысты пікір таластары жоқ емес. Кітапты жазу үстінде соларға да тоқталып, жекелеген пікірлерге сын айтуға тура келді. Ондағы мақсат соларға үзілді-кесілді шешім айту емес, өзгелерге ой салу, басқаларды пікір таласына шақыру болды. Сол орайда қазіргі қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтары, сөз байлықтары, тіл мәдениеті мен әдеби тілдің нормалары жайында автордың кейбір зерттеу қорытындылары баяндалады.

Осы мәселелерге арналған кітаптың құрылыс желісі өзара тығыз байланысты. Барлығының түйіні әдеби тіл болғанмен, әдеби тілдің, мысалы, стильдік жүйелері, әдеби тілдің мәдениеті және оның нормалары — содан бөлініп шыққан, қазір дербес зерттеу объектілері болып танылған ғылыми тармақтары.

Қазақ әдеби тілінің келелі саласының бірі — оның қалыптасу, даму тарихы мен басты кезеңдері. Олар жүйелі түрде «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген кітапта баяндалды<sup>1</sup>. Сондықтан оларды толықтыру, сондағы ой-пікірлерді әрі дамыту бұл кітапты жазу мақсатына енген жоқ. Сонда да басқа мәселелерді айқындау тұсында әдеби тіл тарихына қатысты жайттар жол-жөнекей айтылып отырады.

---

<sup>1</sup> Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968.

## І. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 1. Қазақ әдеби тілінің зерттелуі

Әдеби тіл — қоғамдық категория ретінде сол қоғамның ілгері даму сатысының жоғарылаған кезеңінде біртіндеп жазба әдебиет арқылы жасалады. Қазақ әдеби тілі жалпы халық тілі негізінде пайда болғандықтан, әдепкіде оның негізгі тірегінен қаншалықты айырмашылығы бар екені де көмескі, бұлдыр болғандықтан, ғалымдар оған бірден назар аудара қоймайды. Оның қандай тіл екенін, тарихын айқындаудың қиын екені сонымен байланысты болса, екінші жағынан, оның құрамын, халық тілінің байлықтарын әдеби тіл қаншалықты дәрежеде бойына сіңіргенін анықтау да оңай емес.

Осындай қиын жұмысқа ден қоюдың да өз тарихы бар. Қазақ әдеби тілінің зерттелуі — қазақ тіл білімінің кенже қалған саласы. Орыс және басқа тілдерді зерттеуде әдеби тіл мәселелері кең арнаға түсіп, көп жылдық тарихты бастан кешірген болса, қазақ тіл білімінде ол енді-енді қатарға қосылып, бой түзеп келеді. Оның түрлі себебі бар: біріншіден, тіл мәселелерінің бүгінгі өмір үшін аса қажетті дегендері жаңа заманның жедел, мойын бұрғызбайтын іс-әрекетіне айналды. Сол кезде алфавит, орфография, терминология, грамматика, фонетика, лексика, лексикография проблемалары қолға алынды. Айналып келгенде, солардың бәрі әдеби тілге тікелей не жанама түрде қатысты болғаны болмаса, арнайы әдеби тілдің теориялық проблемалары көпке дейін тіл мамандарының назарынан тыс қалып келді. Екінші себебі — қазақтың әдеби тілі халық тілі негізінде жасалып, ол екеуінің жігі онша білінбей дамып жатқан кезде, әдеби

тілдің енді қай проблемалары бар? — деген мәселе көтерілмеді. Сондықтан болар, олардың жайын зерттеу ғылыми-зерттеу орындарының іс жоспарында болмады. Тек 40—50 жылдары ғана жекелеген мақалалар жариялана бастады<sup>1</sup>.

Тіл білімінің ілгері даму барысында оның бұрын аталмаған, ғылым саласы деп танылмаған салалары пайда болды. Олар: стилистика, тіл мәдениеті, фонология, этнонимика, ономастика т. б. Осылардың қатарында әдеби тіл туралы ғылым да бертінде пайда болды. Бұлай болу қазақ тіл білімі үшін ғана емес, жалпы тюркология үшін де солай болса керек. Сондықтан соңғы жылдары түркі халықтарының әдеби тіл проблемасына арналған бірнеше республикааралық конференциялар өткізілді, университет, пединституттарда негізгі және арнаулы пәннің бірі ретінде оқытылатын болды: ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларына енді, қазақ тілі мамандары оның жеке мәселелеріне зейін қойып, зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Солардың нәтижесінде көптеген мақалалар, бірнеше кітап жарық көрді. Әдеби тіл жазба әдебиет арқылы қалыптасатындықтан және әдебиет процесі барысында халық тілі негізінде жасалғандықтан, халық тілі байлығының әдебиетте игерілу дәрежесін анықтау үшін жазба әдебиет үлгілерін зерттеу керек болды.

Осы тұрғыдан жаңа әдеби тілді демократиялық бағытта қалыптастыруға өнегелі еңбек сіңірген қалам қайраткерлері, атақты Абай және Ыбырайдың әдеби мұраларының тілін зерттеуге, солар жайында мақала, кітаптар, диссертациялық еңбек жазуға ерекше көңіл бөлінді. Абайдың әдеби мұраларының тілі жайында Қ. Жұбанов, М. Әуезов, І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Р. Сыздықовалардың мақалаларынан басқа Қ. Жұмалиевтің «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1960), Р. Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің син-

---

<sup>1</sup> Жубанов К. Абай — қазақ әдебиетінің классигі. — Әдебиет майданы, 1934, № 11—12; Жумалиев Қ. Абай поэзиясының тілі. — Әдебиет және искусство, 1940, № 4, 12-б. Соныкі. Қазақтың өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары. — Майдан, 1944, № 2. Әуезов М. О. Қазақ әдебиет тілінің мәселелері. — Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері, 13-т. — Тіл және әдебиет сериясы, 1950, 5-шығуы.



таксистік құрылысы» (1971) деген кітаптары филологиялық тұрғыдан, тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылымы тұрғысынан жазылған елеулі еңбектер болды. Бірақ бұлар М. О. Әуезовтің көркем әдебиет тілін зерттеуге қойған талаптарына онша сай емес. М. Әуезов «Әдебиет шығармаларының тілін сөз ету ғылымдық дәрежеге жетпей келеді»<sup>2</sup>, — дей келіп, филологияның екі саласының (тіл білімі мен әдебиеттану ғылымы) басын қосқан нағыз ғылыми зерттеулер әлі жоқ, қазіргі зерттеудегі басым қағида көркем шығарма екенін айтады. Ақын-жазушы тілін тіл маманы зерттесе, лингвистикалық тұрғыдан қарайды да, ал әдебиетші әдебиеттік ізденумен тынады. Шындығында көркем әдебиет, ақын-жазушы тілін филологиялық тұрғыдан тілші де, әдебиетші де зерттеуге тиіс.

Әдеби тіл жайында байыпты, байсалды, пікір айтушының бірі М. Әуезов болды. Осы тақырыпқа арнап ол бірнеше мақала жариялады<sup>3</sup>. Осыдан кейін 1951 жылы мынандай мақалаларын оқыдық: «Қазақтың әдеби тілі туралы» (Әдебиет және искусство, 1951, № 4), «Қазақ әдебиет тілінің мәселелері» (Вестник АН КазССР, 1951, № 3), «Қазақтың әдебиет тілінің кейбір мәселелері жайында» (Коммунист, 1951, № 3); «Некоторые вопросы развития казахского литературного языка» (Литературная газета, 1956, 4 окт.). Осы мақалаларында М. О. Әуезов әдеби тілдің, қазақ әдеби тілінің аса маңызды мәселелері жөнінде құнды пікірлер айтады. Ол әдеби тілдің әдеби процеспен, жазумен тығыз байланыста дамитынын, басты кезеңдерін баяндауына қарағанда, оның халық тілінің жоғары формасы екендігін анық байқатады. «Ал, әдеби тіл деген тілді алсақ, — дейді М. О. Әуезов, — ол халықтың әдебиетке түсіп қалыптасқан тілі»<sup>4</sup>. Тілдің әдебиет арқылы қалыптасуы (нормалануы) әдеби тілдің басты белгісі болса, тағы бір көз жазбайтын, әр жерде, әр тұста айта беретін тағы бір белгісі тіл байлығының молдығы, халық тілін жете біліп, мол пайдалану деп таниды. Соны Абай, Ыбырай және басқа ақын-жазушылар туралы айтқандарынан байқаймыз. Мысалы:

<sup>2</sup> Әуезов М. Қазақ әдебиет тілінің мәселелері. Алматы, 1950, 103-б.

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 95-б.

«Абай өзінің барлық өзіндік көркем терең шығармаларын жазғанда, халқының тілімен жазады. Бар қасиетті, қадірлі нәрді, ажар-кестені, толық сипатты өз халқының тілінен табады. Бұл Абайдың өзгешелік, ірілік, классиктік сипаты еді»<sup>5</sup>. «Тіл қазыналығын кеңінен пайдаланып, халықтың әдебиет тілін биік белге шығара түскен ақын дейміз»<sup>6</sup>. Абайдың тіл жұмсауда құлашты кең сілтегенін, айналасына үңіле қарағанда М. О. Әуезов оның бір артықшылығы, даналығы деп біледі. «Ол өзінен бұрынғы ауыз әдебиетін, ақын-жырау, жыршыларын, әсіресе атақты ақындар шығармаларын жақсы білген. Осы күнгі Батыс Қазақстанның Шыңғырлау ауданынан шыққан Марабайды, Арқадан шығып<sup>7</sup>, Абылаймен Түркістанға шейін кезген «Бұхар жырауды, Алатауды, Алтайды мекен еткен қазақтардың арғы-бергі ірі ақын, шешендерінің ауызша тараған сан шығармалары, айтыстары Абайға жетпей қойған жоқ»<sup>8</sup>. Әсіресе Шортанбай, Дулат, Бұхарлар белгілі өңірдің ақыны бола тұрып, М. Әуезов айтқандай «кең Қазақстанның қай-қай жерінде болмаған». Бұл айтылғандар Абай оларды жақсы білген, өз де солар сияқты біраз қазақ жерін, қазақ елін шарлаған, сөйтіп жүріп тек Шығыс Қазақстан елінің тілін біліп, сол «диалектіде» жазды дегеннің дұрыс еместігін көрсетсе керек.

М. О. Әуезов: «Ыбырай, Абайлар халық тілін әдебиеттік жаңа сапаға өсіре түсушілер болды»<sup>9</sup> деуден бұрын, «Қазақтың әдеби тілінің негізін салушы Абай, Ыбырай деуші жолдастар пікірінің тағы бір терістік жағын айта кету шарт»<sup>10</sup>, — дейді.

Бір кезде әдеби тілдің жасалуын жеке-дара дарынды, атақтылардың аттарымен байланыстыру дағдыға айналған кезде Абай, Ыбырайларды мактаудың реті осы деген тұрғыдан олар «әдеби тілді жасаушылар», «әдеби тілдің негізін қалаушылар» деген пікір үстем болатын. Ал М. О. Әуезов «негізін қалаушы» дегенге қарсы болғанда, Абай, Ыбырайлардан да бұрын әдеби мұралар болып

<sup>5</sup> Сонда, 94-б.

<sup>6</sup> Бұл да сонда, 97-б.

<sup>7</sup> Бұхар жырау Бұхарадан шығып Арқаға барған деген де пікір бар.

<sup>8</sup> Әуезов М. Жоғарыдағы аталған еңбек. 96-б.

<sup>9</sup> Бұл да сонда, 97-б.

<sup>10</sup> Бұл да сонда.

еді ғой, соларды ескеру керек дегенді айтады: «...Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы ұзынды-қысқалы салттық, тарихтық жырларындағы шебер, керкем өлең үлгілеріндегі тілдерді ұмытуға бола ма? Оларда, немесе XVIII ғасырда көпке жайылған жырлар тудырған Бұхарда, XIX ғасыр басында асыл, әсем, бай тілмен халықтық асқақ, ескек жырлар тудырған Махамбетте қазақтың әдебиеттік тілінің үлгі-өнегелері жоқ деуге бола ма?»<sup>11</sup>.

Әуезов бұларды тікелей әдеби тіл деп атамайды, әдеби тілге солар негіз болып еді ғой дегенді аңғартады. Сол тұрғыдан егер әдеби тілдің межелі жігін жазба әдебиет үлгілері тілі деп білсек (солай ету бірден-бір дұрыс талғам), М. Әуезов айтып отырған эпостың, «салттық, тарихтық жырлардың» тіл шеберліктерін әдеби тіл арнасына құйылатын бұлақ сияқты деп танып, XIX ғасырдың басындағы жазба әдебиет тілін әдеби тіл тарихында, оның керкем әдебиет стиліне тән бастама, әдеби тілге берік бет бұру арнасы деп бағалауға тиіспіз.

Сол арна Абай, Ыбырайлар туындыларының тілімен ұштасып, әдеби тіл көл-көсір болғанмен, оның барлық негізі бірдей қаланып қойып еді деуге болмайды. Сондықтан М. О. Әуезов: «...қазақтың барлық өлкелеріндегі тіл байлықтары тұтасып, қосылып, біріккен ортақ мол қазына болмай тұрған кезінде ақындық еңбек еткен Абайдың шығармалары әдебиет тілінің түгел негізін құра қойды деуге сыя ма?»<sup>12</sup> — дейді. Әрине — сыймайды, осылай деу әдеби тіл қайраткері Абайдың ондағы ролін кеміту болмайды.

Әдеби тілдің негізін белгілі қалам қайраткері қалады, әдеби тілді сол «біреу» жасады дегеннің дұрыс болмайтын тағы бір себебі бар.

Әдеби тіл қоғамдық құбылыс, оны жеке адам жасамайды, негізін жеке ақын, жазушы қаламайды. Ол қоғамдық болмыстың негізі халық тілінде болады да, сол негізде әдеби тіл әдебиеттік процесте қоғам мүшелерінің қатысы, іс-әрекеттері арқылы жасалады. Жеке ақын, жазушы не қоғам қайраткері солардың бірегейдей бірі есебінде ол тілге бұрынғының негізінде жаңа өнегелі, озық өрнектер енгізеді. М. Әуезов Абайға берген баға-

<sup>11</sup> Әуезов М. Бұл да сонда, 95-б.

<sup>12</sup> Бұл да сонда.

сында осы жайтты терең толғайды, мысалы эпостарда... көркем әдебиетке тән «шебер, көркем өлең үлгілері» мол екенін, жазба ақын жырларында әдеби тілге тән «үлгі-өнегелері» бар ғой деген пікір айтады да, Абайды «өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тіл сапасына өсіре, байыта, сұрыптай түскен классик деп білеміз»<sup>13</sup>, — дейді.

Әдеби тіл мәселелерін сөз еткен ғалымдардың көбі «әдеби тілді» тануда көркем әдебиет материалдарына сүйенеді. Көркем әдебиет тілін оның бір стильдік тармағы деп қараған күннің өзінде (олай қарамайтын да ғалымдар бар), олардың сан алуан жанрлары қазанында қайнаған тілді бәрі бір әдеби тілдің толық қанды, бірақ стильдік тармағы, көркем әдебиет тілін әдеби тілдің бас арқауы деп қараймыз. Ал Абай поэзия арқылы тарих майданына шыққанда сондай көркем әдебиет тілінің аса шырайлы, әсем өрнекті үлгілерін қалады. Қазақ әдебиет тілінің іргесін бекемдеді.

Әдеби тіл проблемаларына көп көңіл бөлген тіл мамандары тобынан Н. Т. Сауранбаевты ерекше атауға болады. Ол әдеби тілдің табиғатын дұрыс түсініп, оның жай-күйін зерттеудің мәні зор екенін жақсы білген. Сондықтан әдеби тіл мәселелеріне арнап оқта-текте мақалалар жазып, баяндамалар жасап, олардан көз жазбаған. 1947 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми сессиясында қазақ әдеби тілінің мәселелері жөнінде арнайы баяндама жасап, бірнеше мақала жариялады<sup>14</sup>.

Н. Т. Сауранбаев 1947 жылғы мақаласында Ыбырай мен Абайдың жазба әдеби тілдің пайда болуында орасан зор роль атқарғанын баяндайды<sup>15</sup>. Оның алдында Ыбырай Алтынсариннің ағартушы-демократ, мәдениет қайраткері екенін, сол сияқты Абайдың да қазақ мәдениетінің жалынды патриоты болғанын, орыс мәдениеті мен әдебиетін, орыс тілін қадір тұтып, қазақ халқының әдеби тілін қалыптастыруға саналы түрде еңбек

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 97-б.

<sup>14</sup> Сауранбаев Н. Т. К истории казахского литературного языка. — Вестник АН КазССР, 1947, № 12. *Его же*. Роль Абая в развитии казахского литературного языка. — Вестник АН КазССР, 1954, № 6. *Соныкі*. Қазақтың әдеби тілін зерттеу туралы. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 3-шығуы.

<sup>15</sup> Сауранбаев Н. Т. К истории казахского литературного языка. — В кн.: Проблемы казахского языкознания. Алма-Ата, 1982, с. 213.

сiңiрген жаңалықтарын сөз етедi, қазiргi әдеби тiлдi сол екi өрен тұлғаның қалам қайратымен жасалған әдеби тiлдiң жалғасы деп қарайды.

Н. Т. Сауранбаев қазiргi қазақ әдеби тiлiн ХIХ ғасырда пайда болған жазба әдеби тiлдiң даму нәтижесi деп қарайды<sup>16</sup>. Сол әдеби тiлдiң негiзiн қалаушылар Абай мен Ыбырай екенiн бiрнеше жерде айтады. Осы пiкiр тiл мамандарының қалам тартысында Абай, Ыбырайларға деген құрмет нышаны сияқты болып кеттi. I. Кеңесбаевтың да «Абай основоположник казахского литературного языка» (Советский Казахстан, 1955, № 9) деген мақаласының тақырыбынан соны аңғаруға болады. Сол жайында М. Әуезовтiң жоғарыда келтiрген ескертпелерiне жүгiнсек те және әдеби тiл тек көркем әдебиеттен, тек поэзияның өзiнен ғана құралмайтынын, әдеби тiлдiң негiзi халық тiлi екенiн, олардан бұрын да әдеби тiл болғанын ескерсек, әрине, Н. Сауранбаевтың да, I. Кеңесбаевтың да сол жақсы ниетпен айтқандарында сәл де болса, үйлесiмсiздiк бар, бiрақ екеуi де әдеби тiлдi жаңа бағытта дамыта түсуге Абайдың ерекше көп еңбек сiңiргенiн жақсы баяндайды.

Тiл мамандары мен әдебиеттану ғалымдарының көбi әдеби тiл және оның тарихы жайында жазғандарында «әдеби тiл» дегендi қалай түсiнедi, оның анықтамасы қалай болуға тиiс? деген сұрақтарға жауап бермейдi. Осы жай Н. Т. Сауранбаевқа да ой салған болу керек, «Қазақтың әдеби тiлiнiң тарихын зерттеу туралы» деген мақаласында әдеби тiлдi қалай түсiнетiнiн айтыпты. «Кей-бiреулер орыстың ескi лингвистикалық әдебиетiндегi дәстүр бойынша тек жазба әдебиет тiлi ғана әдеби тiл болып саналады деп есептейдi»<sup>17</sup>, — дей келiп, «Қазiргi заманда әдеби тiлдi жазу тұрғысында ғана қарап анықтау дұрыстыққа жатпайды»<sup>18</sup>, — дейдi. Дұрыстыққа жатпайтын болса, дұрысы қайсы екенi айтылмайды да, А. М. Горькийдiң қарапайым халық тiл мен әдеби тiлдiң айырмашылығы жөнiнде айтқандарына сүйенiп: «Әдеби тiл халықтық тiл, бiрақ оның шеберлер арқылы сұрыпталған түрi» деген цитата келтiредi. Осыны Н. Сауран-

<sup>16</sup> Сауранбаев Н. Т. Жоғарыда аталған еңбек, 211-б.

<sup>17</sup> Сауранбаев Н. Т. Қазақтың әдеби тiлiнiң тарихын зерттеу туралы. — Кiтапта: Сауранбаев Н. Т. Проблемы казахского языкознания. Избранные труды. Алма-Ата, 1982, с. 113.

<sup>18</sup> Бұл да сонда, 114-б.

баев қарапайым сөйлеу тілінің құрылысы «олпы-солпы, жадағай-жалпақ», «сүреңсіз», «әсерсіз» болатынына мысал келтіріп, көркем әдебиеттен, Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлкесінен» үзінді алады. Оның ойының «бір тұтас жүйелі», «әсерленіп суреттелетінін», жеке сөздер де өз орындарында тұратынын, «Сөйлем құрылысы жетік, орамды болып тұрғаны» сөйлеу тілі мен әдеби тілдің елеулі айырмашылығы деп түсіндіреді<sup>19</sup>. Содан кейін әдеби тілдің бір белгісі деп сөздердің айтылу, жазылу нормаларына бірнеше мысал келтіреді де: «Дыбыстық норма деп сөздердің әдеби тілде бір қалыпта айтылып, бір қалыпта қолдануын айтамыз» деген анықтама береді, әдеби тілде лексикалық, грамматикалық нормалар болатынын атайды. Бірақ қорытып келгенде, әдеби тілдің белгілерін қамтитын анықтамасы былай болады деген тұжырым ол жұмыста жоқ. Соның өзінде Н. Сауранбаевтың әдеби тілдің негізгі белгілерін сол кезде (1960 жылы) дұрыс көрсетуі мақтаныш. Соны қосынған ба, әлде Н. Сауранбаевтың әдеби тілдің толық анықтамасын бермегенін ескерді ме, Ә. Құрышжанов Н. Сауранбаевтың таңдамалы шығармаларының алдындағы кіріспе мақалада: «Орыс әдебиетінде болсын, дүние жүзілік әдебиеттер мен тюркологияда болсын әдеби тілдің анықтамасы теориялық жағынан біркелкі сияқты» дейді де, мына анықтаманы келтіреді: «Ол (әдеби тіл — М. Б.) — жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланған, әлеуметтік қызметі әр алуан қатынас құралы; халық тілі байлықтарының негізінде қалыптасқан, жалпы халықтық тілдің жоғары формасы»<sup>20</sup>.

Осы анықтаманы ол қайдан, кімнен алғанын айтуды ұмытып кетіпті, тырнақшаға да алмапты. Маған қатты ұнайтын осы анықтама бұрын біздің төмендегі кітаптарымызда жазылған болатын: «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» (1965, 11-б.), «Қазақ тілінің мәдениеті» (1971, 13-бет.), «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (1968, 5-бет), «Қазақ Совет Энциклопедиясы» (1980, 13-т., 508-б.). Жоғарыдағы осы аталған еңбектерде бар анықтама қа-

<sup>19</sup> Сонда, 117-б.

<sup>20</sup> Құрышжанов Ә. Н. Т. Сауранбаевтың ғылыми мұралары жайында бірер сөз. — Кітапта: Сауранбаев Н. Т. Проблемы казахского языкознания. Алма-Ата, 1982, с. 18.

зақ әдеби тіліне арналған жинақтың алғы сөзінде оның кейбір жері өзгертіліп жазылыпты<sup>21</sup>. Бірақ, оның қай еңбектен алынғаны көрсетілмейді. Жарайды, ол жағын қазбаламай-ақ қояйық. Ал әдеби тілдің табиғатын жан-жақты дұрыс қамтитын анықтамада «жазба әдебиет арқылы» жасалатынын бірінші орынға қойып, соны құптай отырып, ауыз әдебиетінің тілін де әдеби тіл деп танығанына танданбасқа болмайды. «Ауыз әдеби тілі — дербес сала»<sup>22</sup>, — дейді. Олай болса, оның сыр-сипаты, анықтамасы, даму кезеңдерін қамтитын тарихы айтылмайды. Тегінде, жазусыз-ақ әдеби тілдің екі формасының (фольклорлық және ауызша) пайда болады дегенді қолдаушылар қатты қателеседі. Сол жайында совет тіл ғылымының аса көрнекті ғалымы Ф. П. Филинге жүгінейік. Ол былай дейді: «Әдеби тіл мен жазу тілі дегендер бір категория емес. Бірақ, бұл — жазу категориясын әдеби тілдің қажетті бір белгісінің бірі бола алмайды деген сөз емес»<sup>23</sup>. Осыдан кейін жазу арқылы тілдің әдеби қалыпқа түсіп, елеулі өзгеріске ұшырайтынын дәлелдей келіп, автор жазу — әдеби тілдің жалғыз, бірден-бір белгісі болмағанмен, ол қажетті де маңызды белгілерінің бірі болып танылуға тиіс екенін айтады<sup>24</sup>.

Жазуды осылай, әдеби тілдің тірегі етпей, әйтеуір жақсы тіл, бай тіл, көркем тіл... әдеби болады деп есептеудің бәрі — негізсіз, күйреуіктей күрт сынатын қағидалар. Кейбір ғалымдардың XV ғасырларда жазусыз да ауызша әдеби тіл болды дегені де, дәуірлеуге келмесе де, «ауыз әдебиетінің тілі әдеби тіл» дегендердің бәрі қазақ тілін қолпаштап, оның дәрежесін жоғарылата берейік деген жақсы ниет тұрғысынан болмаса, ғылыми көзқарас тұрғысынан мүлде дұрыс емес, ол туралы кейін тағы айтылады.

Н. Т. Сауранбаев қазақ халқының төл әдеби тілін ауызша ауыз әдебиеті тілі, жазбаша — жазба әдебиет тілі деп бөлмейді, бірақ жазусыз да әдеби тіл болады дегенін жоғарыда айттық. Ал қазақ әдеби тілін таптастыруға келгенде, тек «жазба әдеби тілді» қамтып, оны үш

<sup>21</sup> Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 5-6.

<sup>22</sup> Құрышжанов Ә. Жоғарыда аталған еңбек, 19-6.

<sup>23</sup> Филин Ф. П. Истоки и судьбы русского литературного языка. М., 1981, с. 180.

<sup>24</sup> Сонда, 183-6.

дәуірге бөледі: 1) XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі дәуір; 2) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі дәуір; 3) Советтік дәуір<sup>25</sup>. Осы бөлістің Абай, Ыбырайлар қазақ әдеби тілін жасаушылар, негізін қалаушылар дегенімен үйлеспейтін жерін елемегенде, біршама дұрыс таптастыру деп қарауға тиіспіз. Ол таптастыруда Н. Т. Сауранбаев М. О. Әуезовтің Абай, Ыбырайлардан да бұрын әдебиеттің көрнекті өкілдері болып еді ғой деген пікірімен санасқан болу керек.

Ғ. Мұсабаев та бір жазғанында әдеби тілді мынандай үш кезеңге бөледі: а) Абай заманына дейінгі, яғни XIX ғасырдың екінші жартысына дейін — көне әдеби тіл; ә) XIX ғасырдың екінші жартысынан Октябрь революциясының алғашқы жылдарына дейінгі кезеңдегі жазу тілі — жаңа әдеби тіл; б) одан бергі жерде, қазіргі әдеби тіл<sup>26</sup>. Әдеби тілді Ғ. Мұсабаев «көне», «жаңа», «қазіргі» деп үшке бөлгенде, оның біріншісі қай ғасырдан басталатыны мұнда айтылмайды, ал тағы бірде ол үйсін мемлекеті құрылған шамада II ғасырдан басталады дейді.

Төл әдеби тілді әріден бастайық деген ниетпен Б. Кенжебаев оны «ру-ұлыстық», «ұлыстық», «халықтық», «ұлттық» деп төрт қоғам құрылысын қамтитын топқа бөлуді ұсынады: 1) Қазақтың X ғасырға дейінгі ру-ұлыстық, түрік текті халықтарымен ортақ әдебиеті, ру-ұлыстық әдеби тіл; 2) Қазақтың X—XV ғасырлардағы ұлыстық, тағы да түрік текті халықтармен ортақ әдебиеті, ұлыстық әдеби тіл; 3) Қазақтың қазақ хандығы тұсындағы, XV—XVIII ғасырлардағы өзіндік әдебиеті, халықтық әдеби тіл; 4) Қазақтың XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы жаңа, сыншыл реалистік әдебиеті, ұлттық әдеби тіл<sup>27</sup>. Б. Кенжебаевтың бұл пікірі дұрыс бола қояр ма екен? «Ру-ұлысты», «ұлыстық» дегендерін былай қойғанда, төл әдеби тіл халық (XV—XVIII ғ.) болып, артынан халықтық болмай, «ұлттық» болып кете ме? Ру-ұлыстық әдеби тіл болды деу шындыққа жанасымды

<sup>25</sup> Сауранбаев Н. Т. Жоғарыда аталған еңбек, 119-б.

<sup>26</sup> Мұсабаев Ғ. Қазақ әдеби тілін дамытқан эпопея. — Кітапта: Қазақтың тұңғыш эпопеясы. Алматы, 1957.

<sup>27</sup> Кенжебаев Б. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы туралы. — Лениншіл жас, 1962, 20 декабрь.



ма? — деген сұрақ туады. Әдеби тілді таптастыру жөнінде басқа да пікірлер бар <sup>28</sup>.

Осылай әдеби тілді тануда түрлі көзқарастар болғандықтан, оны таптастыруда да бірізділік жоқ, шым-шытырық, қым-қиғаш. Өйткені таптастыруда белгілі принцип жоқ. Жоғарыда аталған авторлардың ешқайсысы таптастырудың негізін, принципін сөз етпейді. Оларды айтудан бұрын «әдеби тіл» дегенді мен былай түсінемін демей-ақ, оның тарихына көз жүгіртіп, көпшілігі, ауызша, жазбаша әдеби үлгілерінің қою, сұйықтығына қарап, оның дәуірін, кезеңдерін жалпы түрде болжайды.

Әдеби тілді таптастыру неге, қандай принциптерге негізделуі керек? Бұл сұраққа жауап беру де оңай емес. Өйткені әдеби тіл — қоғамдық категория. Ол халықтың өсу, даму кезеңдерінің биік сатысында, цивилизация құшағына енген кезде, халық тілінің мәдениеттенген, жан-жақты дамыған, өскелең сана-сезіміне үйлесе пайда болады. Оның сонымен қатар өзіне тән ерекше сипаты, әдеби тілдік белгілері болады. Әдеби тілге берілген анықтама солардың ең басты, негізгілерін қамтуға тиісті болса, оны таптастыруда сол негіздердің қай заманда, қай кезде, қандай күйде екені әдебиеттік процестермен байланыста қаралуға тиіс. Соның қоры халық тілінің байлығы болғандықтан, соларды жазба әдебиет тілі қаншалықты қамти алды? — деген тұрғыдан қаралу керек. Олай етпей, тек бірен-саран ақын-жыраулардың өлеңіне қарап не фольклор тіліне қарап, әдеби тілді таптастыруға болмайды.

Ауыз әдебиеті, әрине, халық музыкасы сияқты, оны жасаушы қоғамның іс-әрекетін, өзіндік мәдениетінің, эстетикалық танымының, ой өрісінің қандай екенін білдіреді. Егер халық өмірінде ауыз әдебиетінің орны ерекше болмаса, оның тілінде әдебиеттік нышандар болмаса, соларды және халық тілі байлықтарын жазба әдебиет тілінде, көркем әдебиет тілінің ірі тұлғалары деп танылатын Махамбет, Дулат, Шортанбай, Бұхар сияқтылар, тіпті, Абай, Ыбырайлардың жазғандарында пай-

---

<sup>28</sup> Мысалы, Т. Қордабаев әдеби тілдің басталуы Совет дәуірі деп қараса, А. Ысқақов төл әдеби тілді «ауызша», «жазбаша» түрі болады, олар халықтық, ұлттық болып бөлінеді деп қарайды. *Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі.* — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 32—33-б.

даланбаса, оларды әдеби тіл жасау процесінен аулақ жатқан байлықтар дей салар ма едік. Әрине, олай емес.

Өйткені ауыз әдебиеті халық тілі байлықтарын молынан қамтып, тілдің ішкі заңына лайық жасалған тілдік нормаларын сақтап, оларды шындай түсетін, әдеби тілді сомдаудың алғашқы дүкені — лабораториясы, бірақ әдеби тілдің өзі емес. Оны да әдеби тіл деп дәріптейтін кейбір ғалымдар фольклор тілінде кездесетін жақсы тіл орамдарын, көркем, әсерлі өлең жолдарын соған дәлел етеді. Мұндай көркем әдебиет стиліне тән шеберліктер немесе халық арасында орын тепкен шешендік сөздер тілдің әдебиеттілігінің «көрсеткіштері» емес, — тілдің эмоция, эстетикалық та қызмет атқаруының, көркем, өрелі ойдың көріністері. Соларда әдебиеттік нышандар болады, бірақ «әдеби тіл» деп осыны айтамыз деуге болмайды. Сондықтан әдеби тілдің анықтамаларында олар жоқ. Өйткені ол айтқандар жалпы әдеби тілге тән қасиет емес, ішінара кездесетін, жеке-дара көзге түсетін, тек көркем әдебиетте шаң беретін жайттар. Солай болғандықтан әдеби тіл сол ауыз әдебиеті тілімен үзеңгілес, бірақ өресі биік, дамудың ерекше даңғыл жолына түскен жаңа сападағы тіл деп қаралуға тиіс. Олай етпей, атам замандағы ауызша тілді де, ауыз әдебиетінің тілін де, жазуға дейінгі аты мәлім ақын-жыраулар тілін де нағыз әдеби тілдің өзі деп танитын болсақ (олар қазіргі әдеби тіл сияқты танылатын болса), қазақ тілінің әдеби емесіне не калады? Онда, тілді әдеби, әдеби емес деп бөлудің не керегі бар?

Әдеби тіл мәселелерін зерттеуге ерекше назар аударып, бірнеше мақала жариялаған І. К. Кеңесбаев<sup>29</sup> ауызекі тіл мен ауыз әдебиеті тілінің әдеби тілге қатысын кезінде дұрыс көрсеткен: Абай, Ыбырайлар «негізін қалаған әдеби тілдің үш түрлі даму арнасы болған: 1) халықтың ауызекі сөйлеу тілі, 2) ауыз әдебиетінің тілі, 3) сол кезде жаңа ғана қалыптаса бастаған жазба әдебиеттің тілі»<sup>30</sup>.

<sup>29</sup> Кеңесбаев С. К. Абай — основоположник казахского литературного языка. — В кн.: Советский Казахстан, 1955. Развитие казахского литературного языка в советское время. — В кн.: М. О. Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959. Әдеби тіліміздің кейбір келелі мәселелері жайында. — Қазақ әдебиеті, 1959, 15 май.

<sup>30</sup> Кеңесбаев С. К. Развитие казахского литературного языка. Доклад на XXV международном конгрессе востоковедов. М., 1960.

Әдеби тілді халық тілінің жоғары формасы деп, оны мәдени өрлеудің, қоғамның барлық іс-әрекетінің, ғылымның, техниканың, экономиканың, саясаттың, оқу-ағарту, мәдени жұмыстардың құралы деп танитындықтан, сол құралды шыңдап, дамыта, жетілдіре түсу үшін оны бөліп алып қарастырамыз, жастарды сол әдеби тіл дәстүрінде тәрбиелеу үшін оны ерекше тілдік категория деп қараймыз.

Солай еткенде, оны дұрыс анықтауға, таптастыруға болады. Бұрынғылардың ауызша сөйлеу тілін, фольклор тілін әдеби тіл деушілер оларды қалай таптастыруды білмейді.

Әдеби тілді біршама дұрыс таптастыру — дәуірге бөлу үшін алдын ала жазба әдебиет тарихына барлау жасаумен қатар, әдеби мұра тілін зерттеу керек. Соңғы жылдары біраз ғалымдар сол мақсатқа лайық зерттеулер жүргізе бастады<sup>31</sup>. Әдеби тілдің жоғарыда айтылған анықтамасы — соған тән басты белгілерді қамтиды. Әдеби тілді сол белгілеріне қарап танимыз. Бірақ олар да бірден қалыптаса қоятын белгілер емес және олар да тарихи құбылыс болғандықтан, олардың әдеби тілге тәндік дәрежесі әр тарихи кезеңде әр түрлі, кейде жоқтан бар болып, мардымсыздықтан мардымды болып, дами келе елеулі белгілерге айналады. Мысалы, біз М. О. Әуезовтің, Н. Т. Сауранбаевтың айтқандарына сүйеніп, ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап жазба төл әдеби тіл пайда болды десек, сол тұс әдеби тілдің балауса кезі болғанын да естен шығармау керек. Әдеби тілдің төрт аяғын тең баспаған заманында жазба әдебиет болды, оның нормалау дәрежесі қазіргіден әлдеқайда төмен болатын, бірақ халықтың ауызекі тіліне тән нормаларды пайдаланып, оларды әдетке айналдыру бағыты күшейе бастады. Сонда публицистикалық стиль қалыптаса қоймаған еді. Бірақ қазақ тілінде бір-екі газет шықты. Солардың тілінде жаңалыққа ұмтылу әрекеті болмайды

<sup>31</sup> *Сыздықова Р.* ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығ. *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. *Қарашева Н.* Қазақ әдеби тілінің қалыптасып дамуына «Айқап» журналының тигізген әсері жайында. — Кітапта: Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961. *Сарыбаев Ш.* 1920—1930 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963, 5-шығуы.

дей аламыз ба? Әдеби тілдің тағы бір белгісі тілдің қоғамдық қызметінің әр алуандығы болса, XIX ғасырдың бірінші жартысында оның қоғамдық қызметі арта түскені рас. Солардың бәрін қазіргі әдеби тіл белгілерімен тең қоюға болмайды.

Т. Қордабаев әдеби тілге тән төрт белгі (жазу, норма, стиль, қызметі) өткен ғасырда дәл бүгінгідей болмағандықтан, мақалаларында әдеби тілдің басы Октябрьден кейінгі дәуір дейді. Дұрысында бұл дәуір — әдеби тілдің кемелденген кезі. Ол әдеби тілдің тарихын оның сол кемелденген кезінен бастағысы келеді.

Біз қазіргі әдеби тілімізді мақтан ете отырып, оның халықтық сипаты, әдебиеттік белгілерінің желісі қай тұстан басталады?—дегенге дұрыс жауап бере алсақ, сол тұс әдеби тілдің алғашқы кезеңі болуға тиіс.

Қазақ әдеби тілін зерттеуге арналған әдебиетте біріне-бірі қарама-қарсы екі түрлі пікір айтылғанын көреміз. Зерттеушілердің көбі әдеби тіл халық тілі негізінде содан керегін алып жасалады десе, С. Аманжолов, олай емес, ол бір диалект негізінде, атап айтқанда қазақ тілінің «солтүстік-шығыс (орта жүз) диалектісі» негіз болды дейді. Бұл мәселеге арнап ол бір-екі мақала<sup>32</sup> және бір кітапша<sup>33</sup> жазды.

С. Аманжолов та әдеби тілдің алғашқы кезеңін Абайлар тұсы деп таниды. «...біз қазақтың әдеби тілінің бастама үлгісі жазба түрінде XIX ғасырдың екінші жартысынан ғана басталады дейміз»<sup>34</sup> — дейді де, «Абай, Ыбырай сияқты қазақтың ұлы адамдары XIX ғасырдың өзінде-ақ қазақ тілін әдеби тілге айналдыруға ат салысты»<sup>35</sup>, — дейді. Бұған қарағанда аталған атақты адамдар «қазақ тілін әдеби тілге айналдыруға ат салысушылар» болмаса, сол кітабының соңында былай дейді: «...Абай мен Ыбырайдың дәстүрлерін қуған соңғы ұрпақтар, яғни жазушылар сан жағынан да, сапа жағынан да солтүстік-шығыс облыстарынан көп шықты. Октябрь революциясынан кейін де олардың салмағы тіпті басым болды, әлі де басым. Сондықтан солтүстік-шығыс

<sup>32</sup> Аманжолов С. О диалектной основе современного казахского языка. — Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения, 1955, вып. 3—4.

<sup>33</sup> Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949, 8-б.

<sup>34</sup> Сонда, 9-б.

<sup>35</sup> Сонда, 13-б.

облыстарының тілі, Абай мен Ыбырай тілі, әдеби тілдің негізі болды»<sup>36</sup>. Мұнда автор солтүстік-шығыс облыстарының тілі (диалектісі емес) Абай мен Ыбырайдың тілі еді, ол әдеби тіл болды деп отыр. Артынан сол тілді солтүстік-шығыс диалектісі деп атайды да, осылай, біріне-бірі қарсы пікірінің соңында тағы былай деп жазады: «Орыстың әдеби тілі Москва диалектісін алғаны сияқты, қазақтың ұлы жазушылары, ақындары Абай, Ыбырайлар да негізі бір ғана, яғни, солтүстік-шығыс диалектісін алғандығын заңды деп табуымыз орынды»<sup>37</sup>. Солай дей отырып Абай мен Ыбырайды ұлы адамдар деп мақтайды да, олардың ұлылығы «бүкіл орта жүзге ортақ тілмен жазуларында»<sup>38</sup> деп дәлелдегісі келеді. Егер олар шынымен тек «орта жүз тілінде» жазған болса, бүкіл қазақ халқына ортақ тілде жазбаған болса, олар ұлы адамдар болмағаны да.

Бұл жайында М. О. Әуезовті сөйлетейік: «Осымен қатар... кейбір жолдастардың тағы бір пікіріне күмән жасап, дау айтуға тура келеді. Ол жолдастар, «қазақтың әдебиет тілі Солтүстік-шығыс Қазақстанда, Алтынсарин мен Абайдың жазушылық, шығармалық мұраларымен жалғас қалыптасады», — дейді. Бұл ретте, Абайдың сөздігі мен әдебиеттік тіл жасаған ізденулерін, табыстарын алсақ, ол тек Шығыс Қазақстан тілімен жазды деу, біздіңше жеткіліксіз, дәлелсіз»<sup>39</sup>. С. Аманжоловтың бұл пікіріне кезінде М. Әуезов сияқты жазушылардың ғана емес, әсіресе тіл мамандары арасында көптеген сындар айтылды. І. Қ. Кеңесбаев «орта жүз диалектісі» әдеби тілдің негізі болды» деген пікірдің теріс екенін, Абай да, Ыбырай да белгілі бір диалектіде емес, жалпы халықтық тілде жазғанын айта келіп, әдеби тіл «белгілі бір диалектіге негізделген» деген пікірдің теріс екенін айтады<sup>40</sup>. Бұл пікірді құптамасқа болмайды. Өйткені қазақ тілі дүниесінде солтүстік-шығыс диалектісі деген диалект жоқ. Егер тым болмаса соған ұқсас жергілікті тіл ерекшеліктері бар болса, диалектологтар жұрт көңіл бөлетін-

<sup>36</sup> Сонда, 25-б.

<sup>37</sup> Сонда, 32-б.

<sup>38</sup> Сонда, 38-б.

<sup>39</sup> Әуезов М. Қазақ әдебиет тілінің мәселелері, 91-б.

<sup>40</sup> Кеңесбаев С. К. Развитие казахского литературного языка в советское время. — В кн.: М. О. Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959, с. 64.

дей мағлұмат берер еді ғой. Тіпті, С. Аманжоловтың өзі де «солтүстік-шығыс» диалектісіне тән тіл фактілерін көрсете алмаған. Ол Абай шығармаларының тілі сол диалектінің қандай екенін көрсетеді, өйткені Абай сол тілде жазған деп есептейді. Тіпті, бір заманда ондай біз білмейтін диалект болған күнде, Абай сол өз елінің тілдік аясында қалып қойған болса, әрине ол қазақ әдебиетінің классигі, әдеби тілдің кемеңгері дәрежесіне көтерілмеген болар еді.

Осы айтқандардың бәрі әдеби тіліміз бір диалект негізінде емес, жалпы қазақ халқына ортақ тіл — халық тілі негізінде жасалды дегенге ойысады <sup>41</sup>.

Әдеби тіл туралы көп жазған кісінің бірі — А. Ысқақов. Оның Ашхабадта өткен конференцияда жасаған баяндамасында түсіндірме сөздіктің алғы сөзін және Абай тілі сөздігінің бас жағындағы «Абай және қазақтың әдеби тілі» (алғы сөз ретінде), «Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі» деген мақалаларында <sup>42</sup> бірталай байсалды пікір айтылған. Мұнда автор Ы. Алтынсариннің әдеби тілді қалыптастыру қызметіне ерекше көңіл бөледі. Тіпті оны ұлттық әдеби тілдің «негізін салған» деп даралайды: «Бұл жаңа әдеби тіл қазақтың тұңғыш педагогы, болашақ ұлттық үлкен жазба әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі — Алтынсарин Ыбырай негізін салған әдеби тіл еді» (Абай тілінің сөздігі, 6-бет). Осының алдында әдеби тілдің үш арнасы ауызекі сөйлеу тілі, ауыз әдебиеті тілі және жазба әдебиет тілі екенін дұрыс атаса, кейінгі мақаласында алдыңғы екеуін де әдеби тіл деп атайды. «Өкінішке орай А. Ысқақов «әдеби тіл» атауына анықтама бермейді. Сондықтан, оның әдеби емес тілден айырым-жігі не болатынын, зерттеу объектілері не болуға тиісті екенін айту қиын. Рас, І. Кеңесбаев, Р. Сыздықова, А. Ысқақов үшеуі бірігіп жазған мақалада «әдеби тілдің нормасы» оның басты белгісі екені айтылады. Бұл — белгілі, даусыз қағида. Егер ол әйтеуір әдеби тілге тән қағида болса, «ауызша әдеби тіл» де,

<sup>41</sup> А. Ысқақов та осы пікірді қолдайды. Қара: *Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі.*

<sup>42</sup> *Искаков А. И. Вопросы становления и развития стилей казахского литературного языка. — В кн.: Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР. Ашхабад, 1968, с. 168—184; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974, 1-т. Абай тілі сөздігі. Алматы, 1968.*

«ауыз әдебиеті тілі» де сол өлшеммен өлшене ме? Әлде соңғылардың критерийі басқа ма? Ол арасы айқындалмайды.

Бір емес, бірнеше ғалымның әдеби тілді «ауызша әдеби тіл», «ауыз әдебиеті тілі» деп тануында бір дұрыстық болуы керек қой. Ол дұрыстық — оларда жүйеге түспеген, жетілмеген әдеби тілге тән нышандардың бар екені ескерілсе керек. Бір қиыны — соларға аяқ тіреп, ол «әдеби тілдерді» дәуірлеуі мүмкін емес.

Неліктен екені белгісіз, Қ. Өмірәлиев жазуға дейінгі «әдеби тілдер» XV—XX ғасырлар арасында болған деп жорамалдайды. Солай деу үшін ол әдеби тілге тән белгілерді, нышандарды таптастырудың негізі етпейді, ұзақ ғасырлар арасында өмір сүрген ақын-жыраулар тілінің стильдік ерекшеліктеріне сүйенеді де, солар өзара әуендес деген де қорытынды жасайды. Мысалы, ол Бұхар поэзиясына жап-жақсы стильдік талдау жасайды да, оның тілі XV ғасыр поэзиясы тілімен әуендес, ұқсас екенін де дәлелдейді<sup>43</sup>. Бірақ ол төрт ғасыр арасындағы «әдеби тілдің» даму кезеңдерін айта алмайды. Айта алмайтын себебі: Бұхарларға шейінгі поэзия тілі әдеби тіл емес, — әдеби тіл жасауға қосылған фольклорлық арналар. Қ. Өмірәлиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл» деген мақала жариялады. Сол мақалада мақтауға да, сын айтуға да болатын пікірлер бар екен. Мына бір сөйлемде айтқан пікірінің бір жағын қабылдап, екінші жағына күмән келтіруге болады. Ол әдеби тілді былай анықтайды: «Әдеби тіл — кең мағынада алғанда ауызша сөйлеу үлгісі тіліне қарама-қарсы тұрған өзіндік жүйе желісі, формасы бар және өзіндік айту тәсілдері мен үлгілері, сөз өрнектері бар бір бүтін творчестволық туындының тілі; Әдеби тіл — жеке бір индивидтің ақиқат жайды өз көңілінше ой қорытындысынан, пікір түйіндеуінен өткізіп барып, өзгеше бір үлгі-формада беру тілі»<sup>44</sup>. Осының бірінші жартысы «сөз өрнектері бар» дегенге дейін дұрыс та, екінші бөлегі дұрыс емес. Онда автор әдеби тілді жеке бір индивидтің тілі деп қа-

---

<sup>43</sup> *Өмірәлиев Қ.* XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976, 160-б.

<sup>44</sup> *Өмірәлиев Қ.* Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл. — Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1982, № 3, 55-б.

райды <sup>45</sup>. Дұрысында әдеби тіл қоғамдық құбылыс емес пе? Әрине, бұған қосылуға болмайды.

Әдебиет, әрине, белгілі тілде өмір сүреді. Бірақ әдебиеттің тілі әр уақытта әдеби тіл деп танылмайды. Тіпті жазба әдебиеттің бәрі әдеби тіл үлгісіне жатпайды.

Сөйтіп, қазақ халқының төл әдеби тіліне арналған еңбектерге жасалған қысқаша шолудан мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Қазақ әдеби тілі жайындағы ғылым 1950 жылдардан кейін ғана дами бастады. Оның өзі қазақ тілінің күрделі өмірлік мәселелерінің зерттелу аясында ғылыми-практикалық мәні, келешегі зор проблема ретінде дүниеге келді. Ол қазақ тіл білімінің ілгері дамуының табиғи жалғасы орайында келелі зерттеу объектісіне айналды. Сол зерттеулер нәтижесінде жарық көрген елеулі, құнды еңбектердің көбі қазақ халқының реалистік әдебиетінің классиктері, әдеби тілді демократиялық жаңа бағыт, жаңа сапада дамытуға даңғыл жол салған Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин туындыларының тілі жайында екені де түсінікті. Осы саладағы елеулі еңбектер ретінде мына төмендегі зерттеулерді ерекше атауға болады: К. Жұбанов. «Абай — қазақ әдебиетінің классигі» («Әдебиет майданы» 1934, № 11—12), Қ. Жұмалиев. «Абай поэзиясының тілі» (Алматы, 1946); Р. Сыздықова. «Абай шығармаларының тілі» (Алматы, 1968) және «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» (Алматы, 1970); Б. Әбілқасымов. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» (Алматы, 1982). Бұлардан басқа Абай, Ыбырай шығармалары тіліне арналған бірнеше көлемді мақалалар жарияланды. Олардың авторлары — М. Әуезов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, А. Ысқақов.

Әдеби тілдің қомақты да, ұзақ өмірлі де стильдік саласы — көркем әдебиеттің, оның поэзия жанрының тілі. Солай болғандықтан болар Абай, Ыбырай шығармаларынан басқа да көркем әдебиет тіліне арналған зерттеулер недәуір. З. Ахметовтың «Казахское стихосложение» (1964), «О языке казахской поэзии» (1970); І. Кеңесбаевтың «О казахском литературном языке», «Очерки истории казахской советской литературы» (М., 1960); Е. Жанпейсовтің «М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі»

<sup>45</sup> *Өмірәлиев К.* Жоғарыда аталған еңбек.



(1976); Қ. Өмірәлиевтің «XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) еңбектері — бұл саладағы елеулі табыстар.

Публицистикалық стиль тілі әр уақытта жұртшылықтың назарында болды. Ол «қаһарман стиль» тіліне арналған мақалаларды қоспағанда, мынандай кітаптардың жарық көруі — алдағы ірі жұмыстың бастамасы: Б. Әбілқасымов. «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» (1971); М. Балақаев, Р. Сыздықова, Е. Жанпейісов. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» кітабының жеке тараулары (1968); С. Исаев. «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» (1973); «Тіл мәдениеті және баспасөз» (1972).

Бұлардан басқа тіл мәдениетіне қатысты көптеген мақалалардан басқа «Өрелі өнер» (1976), «Сөз өнері» (1978) деген жинақтарда да әдеби тілге қатысты мәселелер сөз болады және С. Талжанов пен Ө. Айтбаевтардың аударма тіліне қатысты кітаптары әдеби тілдің келелі мәселелеріне арналған<sup>46</sup>. Жоғарыда аталған әдеби тіл стильдерінен басқалары жайында пәлендей ауыз толтырып айтарлық еңбектер жоқ. Кейбір еңбектерде тек олардың жалпылама сипаттамалары сөз болады<sup>47</sup>.

Бұл айтқандарымыздың бәрі — төл әдеби тілге қатысты әдебиеттер. Ертедегі Орта Азия халықтары тіліне ортақ әдебиеттерді бізде Ә. Құрышжанов зерттеп, олардың тілі жайында өнімді еңбек жазып жүр. Бұл өз алдына зерттеудің объектісі болуға тиіс.

2. Әдеби тіл жайындағы ғылымның жастығынан және оның арнаулы зерттеушілерінің аздығынан әдеби тіл проблемаларына қатысты көп мәселелердің теориялық тірегі, оларды танудың критерийлері айқындалған жоқ. Сондықтан талас тударып жүрген мәселелер көп. Әдеби тілдің не екенін, оның қандай категория екенін айқындамай, оларды әркім өздерінше әр түрлі болжам жасап жүр. Соның нәтижесінде әдеби тілге жатпайтындарды әдеби тіл деп, әдеби тіл тарихын талай саққа жүгіртіп айтушылар бар. Келешекте олардың да ақиқатына көз

<sup>46</sup> Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Алматы, 1975. Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. Алматы, 1975.

<sup>47</sup> Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы, 1970.

жетер. Ол үшін көп ізденіп, әдеби тіл мәселелерін көп зерттеу керек, пікір таластарын ұйымдастыру қажет. Бізде әдеби тілдің жеке проблемаларына, әдебиеттің жекелеген көрнекті қайраткерлері шығармаларының тілін зерттеуге арналған еңбектер аз. Солар келешекте көбейсе, соларды қорытып монографиялық еңбектер жазу оңайырақ та, сәтті де болар еді.

## 2. Әдеби тілдің сипаттамасы

Тарихи даму белестерінің бір кезеңінде тіл тек қарым-қатынас құралы қызметінде ғана емес, ерекше әлеуметтік, саяси, экономикалық өрлеудің де қызметін атқарады. Ол тілді пайдаланушы халықтың еңсесі биік, озық ойлы мәдениетінің белгісі. «Тіл адам қатынасының аса маңызды құралы»<sup>48</sup> болатындықтан, ол «адамдардың өзара қатынас жасау мұқтаждығынан және қажеттілігінен келіп туды»<sup>49</sup>. Сол құралға мұқтаждық, қажеттілік қоғам өмірінің ілгері даму барысында арта түседі. Өйткені тіл қоғам бар жерде бар да, белгілі қоғам мүшелері арасында өмір сүреді, дамиды. Әлеуметтік топтар ру, тайпа, халық, ұлт сияқты болып, бірімен-бірі ұласып жатса, олардың тілдерінде соларға сәйкестенген үлкен өзгерістер болмағанмен, белгілі кезеңде ол тіл жаңа сапалы тіл қажеттілігін атқаратын болады. Тілдің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі халық, ұлт тілінің жаңа сапаға ие болғанының көрінісі. Сол әдеби тілдің белгілі бір дәрежеде ойысып, ауызекі сөйлеу тілінен оқшауланып жоғары сатыға көтерілуі — тарихи процесс, ол алдымен жазба әдебиеттің даму процесімен, халық тілі байлықтарын игеру дәрежесінің қандай екенін айқындаумен тығыз байланысты. Ол сонымен қатар, Р. А. Будагов айтқандай халық мәдениеті тарихымен де байланысты<sup>50</sup>.

Осындай әлеуметтік күрделі құбылыстың сыр-сипаттарын айқындау да оңай емес. Бірақ оларды білмей тұрып, әдеби тілдің пайда болу негіздерін, тарихи даму процестерін, әдеби тілдің ауызекі сөйлеу тілінен айырмашылықтарын т. б. дұрыс айқындау мүмкін емес. Олай

<sup>48</sup> Ленин В. И. Шығармалары, 20-т., 20—21-б.

<sup>49</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Шығармалары, 4-т., 20—21-б.

<sup>50</sup> Будагов Р. А. Литературные языки и литературные стили. М., 1967, с. 3.

етпей оның жеке мәселелерін, тарихын, даму кезеңдерін сөз етуге болмайды. Өйткені Ф. Энгельс айтқандай, ең әуелі зерттеліп отырған объектінің не екенін анықтап алып, содан кейінгі оның өзгеру, даму процестерін сөз ету керек. «Надо было исследовать предметы, прежде чем можно было приступить к исследованию процессов. Надо сначала знать, что такое данный предмет, чтобы можно было заняться теми изменениями, которые с ним происходят»<sup>51</sup>.

Әрбір құбылыстың өзгелерден өзгеше бірнеше сипаты, белгілері болады. Оларға анықтама бергенде, сол сипаттарының бәрін қамтып, бір сөйлемге сыйдырып анықтама беру шарт емес, бірақ олардың ең басты, ең негізгілерін қамтып анықтама беру керек екені К. Маркстың «Капиталында» айтылған болатын. Соны басшылыққа алып, әдеби тілге тән белгілерін айқындап, солардың негізгілерін қамтитын анықтаманы өзгелерге ұсынуға болады.

Әдеби тіліміз, расында, жалпы халық тілінен, сөйлеу тілінен оқшау тұрған, жасанды бір бөлек тіл емес. Солай дегеннің өзінде оның ерекшеліктерін сипаттайтын басты белгілері болу керек қой. Соның бірі — жазу, басқаша айтқанда, әдеби тіл, алдымен жазба тіл. Әдеби тілдің сипаттамасына, анықтамасына енетін белгілерінің дәрежесі қандай — дамып жетілген бе, әлде жетілмеген балаң қалпында ма, осыларды дұрыс тани білмесек, тіл байлығын, шығарма тілін әдеби емес екенін дұрыс айыра алмаймыз. Бұл мәселе зерттеушілердің көбін субъективті көзқарасқа душар етіп жүр. Мысалы, кейбіреулер поэзия тілі жатық, тілі «таза» болса болғаны, — оны әдеби тіл дейді. Қ. Өмірәлиев бір мақаласында: «Әдеби тіл поэзия тілі» десе, тағы бірде оны одан да анығырақ айтамын деп, «әдеби тіл дегеніміз — әдебиеттің өзі», — дейді, енді бірде — «әдеби тіл... — өнер сөздің өзі»<sup>52</sup>, — деп пайымдайды. Оның әдеби тілді, осылай, «әдебиеттің өзі», «өнер сөздің өзі» деп отырған себебі зерттеу объектілер XV—XIX ғасырлардағы поэзияның тілін әдеби тіл деп тану үшін керек. Сондықтан, «Абайдан бұрынғы дә-

<sup>51</sup> Энгельс Ф. Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии. М.: Издательство политической литературы, 1980, с. 39.

<sup>52</sup> Өмірәлиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және әдеби тіл. — ҚазССР Ғылым академиясының Хабаршысы, 1982, № 3, 55-б.

уір әдеби тілі — поэзия тілі...»<sup>53</sup> — дейді. Демек, автор үшін «поэзия тілі» деген/«әдеби тіл» дегеннің баламасы. Әдеби тілге осылай біржақты қарау, теріс анықтама ұсыну оның табиғатын дұрыс түсінбегендіктен болар.

Біздің ғалымдардың бірқатары ауызша тілді де, фольклор тілін де әдеби тіл деп уағыздайды. Оның себебі — олар тілдің әдебиеттілігін оның бейнелігіне, образды сөз қолданыстары бар екеніне қарап шамалайды. Шынында қазақ тілі әсерлі, бейнелі сөзге бай, басқаны былай қойғанда, қазақтың мақал-мәтелдері идиома, фразалары, өлең сөздері сондайларға бай. Тіпті қарапайым қазақ жігітінің:

Ауылым Өтебайдың қырқасында,  
Бірде қар, бірде жанбыр бұрқасында,  
Мойныңа ақ білекті орай салсам,  
Сол білек айырылмаса, қорқасың ба?

Немесе:

Қуан қарға, ендеше, қуан қарға,  
Қуаласам, — қонады дуалдарға.  
Үш ұйықтасам, түсімнен бір кетпейсің,  
Аузында оқып қойған дұғаң бар ма? —

сияқты айтыс өлеңдерінде көркемдік, эмоциялық әсер жоқ деп кім айтады? Сондықтан көркемдік XV ғасырдан бергі жердегі қазақтар тілінде ғана емес, одан да арғы замандарда жасаған адамдардың көркемдікті қабылдау қабілетінен пайда болады. «Көркем тілдің қайнары немесе сөзді көркем қолдану фольклордан, мифологиядан басталса»<sup>54</sup>, әдеби тілдің тарихы да сол «мифологиялық дәуірден» бастала ма? Әрине, көркем сөз, образды тіл өрнектері көркем әдебиет тіліне тән. Олардың негізін көркем әдебиет ауызекі тілден, фольклор тілінен алды да, жазушының творчестволық лабораториясында олар одан әрі дамытылады, қыруар түрлі жаңа образдар, көркем сөз орамдары жасалады. Алайда көркем әдебиет тілі — әдеби тілдің бір бұтағы болғанымен, оның бойында болатын жоғары қасиеттер жалпы «әдеби тіл» ұғымының сипаттамасы бола алмайды.

Кейбір ғалымдарымыз ақын-жазушылардың өздеріне тән сөз қолданыстары болатынын да әдеби тілдің басты белгісінің бірі деп қарайды. Осылай, көркем әдебиет сти-

<sup>53</sup> Өмірәлиев Қ. XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976, 4-б.

<sup>54</sup> Ахметов З. А. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, 1970, с. 6.

ліне тән ерекшеліктерді жалпы әдеби тілдің сипаттама-сы, белгілері деп қарауырыне, — талас тудырып жүрген, қиын сұрақтарға жауап іздеу әрекеті болар, бірақ оларды тек көркем әдеби тіл стилінен іздеу бір жақты әрекет болса, соның өзі көркем әдебиет стиліне тән жорамалдар, болжамдар, тіпті, тілдің әдебиеттілігінің белгілері емес. Бір жақсысы — іздену бар. «Қазақ әдебиеті» газетінде Б. Әбілқасымовтың мына пікірін сынға алушылар болып еді: «Қазақ халқының өзінің көркемділігі мен бейнелігі жағынан дүние жүзілік ешбір жазба әдеби тілінен кем түспейтін ауызша әдеби тілі болды»<sup>55</sup>. Мұнда «ауызша әдеби тілдің болғандығы» тілдің «көркемдігі мен бейнелігі» тұрғысы биігінен қаралады. Көркем әдебиетке тән бұл қасиеттердің біразы ауызекі сөйлеу тілінде бары рас. Бұдан сөйлеу тілі мен көркем әдеби тілі арасында тығыз байланыс, табиғи жақындық бар екенін аңғаруға болады, бірақ олар да тілдің жалпыға ортақ әдеби тілінің белгілері емес.

Әдеби тіліміз жалпы халық тілі негізінде жасалғандықтан және көркем әдебиет пен халық тілі арасында, басқа стильдер тармақтарындай емес, жақындығы күшті болғандықтан, кейбір атақты ғалымдар (В. В. Виноградов, С. И. Ожегов) мен жазушыларымыз көркем әдеби тілді әдеби тілге қоспайды, не көркем әдебиет тілі мен халық тілінің орайлас болатынына қарап, «әдеби тіл» дегенді жоққа шығарады. Мысалы, Ғ. Мұстафин «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған бір мақаласында қазақ тілін әдеби, әдеби емес деп бөлуге қарсы екенін аңғартса, «Уақыт және қаламгер» деген жинақтағы (1975) мақаласында былай дейді: «...біздің қазақ әдебиетшілерінің біразы... мынау әдеби тіл емес, мынау прозаның, мынау поэзияның тілі, немесе тілі жаман, не жақсы екен деп келеді. Дұрысында, халық тілі мен проза тілінде айырма жоқ. Сол сияқты жақсы, жаманға сұрыпталған тіл де жоқ. Халық қолданып жүрген сөздің бәрі әдебиетке әне алады».

Бұл пікірдің бір дұрыстығы, шынында, халық тілінде бардың бәрі көркем әдебиеттің проза жанрында ретіне қарай қолданыла береді. Ол да оның өзіндік стильдік ерекшелігі. Солай екен деп ауызша тілді де әдеби тіл

<sup>55</sup> *Әбілқасымов Б.* Қазақтың жазба әдеби тілінің тарихына қатысты кейбір мәселелер жайында. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 124-б.

деп, немесе қазақ тілін әдеби, әдеби емес деп бөлуге келмейді десек, мұндай қорытынды шығаруға болмайды. Өйткені әдеби тілдің барлық стильдік тармақтарына, бірінде аз, бірінде көп, ортақ мынандай айырым белгілері болады.

1. Халық тілінің негізгі сөздік қоры мен сөз байлығы, дыбыс құрылысы мен грамматикалық құрылысы ауызекі тілге де, әдеби тілге де ортақ. Бірақ, ауызекі тілдің сөз байлығына негізгі сөздік қордан басқаның бәрі — диалектизм де, кәсіби сөздер де, кірме сөздер мен қарапайым дублет сөздер де енетін болса, әдеби тілге солардың қажеттілері енеді. Солардың халық тілінде бар дыбыстық құрамдарының ұтымдылары, мағына дәлдігі, сөздердің мағыналарының кеңеюі, тартылуы, синонимдік қатар мен басқа да еркін, тұрақты тіркестердің, термин сөздердің белгілі стильдер ресурсы болып тарамдалуы әдеби тіл байлығы болу нәтижесінде ерекше күш алады.

Жазба әдебиеттің халық тілінің сөз байлығын игеру дәрежесі әдеби тілдің қалыптасу жағдайының қалпын көрсетеді.

2. Әдеби тіл өзіне керек сөздерді халықтың ауызекі тілінен екшеп алумен қатар, өзге тілдерден ауысқан сөздермен, әсіресе термин сөздермен толықтырады; бұрын бар сөздер деп және морфологиялық тұлғалар негізінде жаңа сөздер пайда болады. Егер сол процестер ауызекі не сөйлеу тілінде елеусіз болса, әдеби тілде олар ерекше күш алады. Мысалы, біріккен, кіріккен сөздердің саны бұрын ат төбеліндей аз болса, әдеби тілдің ерекше дамыған кезінде ол мүлде етек алып кетті; Октябрьден бұрынғы қазақ әдеби тіліне араб-парсы тілдерінен кітап, қалам, мектеп, уәде, өмір, отан, мәжіліс сияқты шамамен айтқанда екі мыңдай сөз енді, қазіргі әдеби тілде орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген 20—30 мыңдай сөз бар. Солар да әдеби тілдің сөздік қорына айналды.

Қалай да жазба әдебиеттің қоғамдық қызметінің аясы кеңі түсуі өзге халықтар тілінен өмірге қажет жаңа ұғымдарға сай жаңа, кірме сөздердің мол болуын керек етеді. Солармен әдеби тілдің сөз байлығы толығы түседі.

Сөйтіп, әдеби тілдің тағы бір белгісі—оның сөз байлығының құрамында өзге тілден жазба әдебиет арқылы ауысқан сөздер көп болады. Олардың санының аз-көптігі әдеби тіл дәрежесінің де қандай екеніне өлшем бола алады.

3. Ауызекі тілдің сөз құрамында, грамматикалық құрылысында, сөздердің айтылуында белгілі жүйе болғанмен, олардың жетілу, тұрақтану жағдайы халық өкілдерінің бәріне бірдей үйреншікті болмағандықтан, оларда бірзділік бола бермейді. Тілдің жүйелілік негізінде пайда болған грамматикалық нормалар ауызекі тілде белгілі бір қалыпта жұмсалмай, ауытқып отырады. Оларды нормалап баянды ететін де, тілдің грамматикалық құрылысын жетілдіріп жақсартта түсетін де — жазба әдебиет.

Сөйтіп, әдеби тіл — грамматикалық тағы басқа, тіл қат-қабаттары тап-тұйнақтай нормаланған тіл. Халық тілінің байлықтары жазба әдебиет арқылы неғұрлым бабына келіп нормаланса, солғұрлым әдеби тілдің дәрежесі биік болады. Тілдің нормалану процесі неғұрлым айқын, біршама орнықты болса, оның әдеби тілдік сипаты солғұрлым айқын болады.

4. Әдеби тіл тарихы, қоғамдық құбылыс болатындықтан, қоғамның барлық іс-әрекетіне, әдебиетінің барлық түріне бірдей қызмет етеді. Әдеби тілдің дамуы әдеби процестің халық өміріндегі қажетіне ыңғайланып, әр кезде әр түрлі қызмет бабында жұмсала келе, оның бірнеше стильдік тармақтары пайда болады (мысалы, ертедегі ел басқарушылардың, хан жарлықтарының, кейінгі кездегі ресми іс-қағаздарының — кеңсе тілінің стилі, немесе XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болған қазіргі газет-журнал тілінің публицистикалық және көркем әдебиет тілінің стилі т. б.).

Әдеби тіл пайда болмаған орайда тілдің ондай стильдік тармақтары сараланбайды. Әдеби тілдің неғұрлым стильдік тармақтары айқындалып жетілген болса, — оның солғұрлым буыны қатқан, мүмкіншілігі мол, бай әдеби тіл болғаны. Осылардың бәрі жазу арқылы, жазба әдебиет арқылы сұрыпталады, жетіледі.

Қысқасы, әдеби тіл дегеніміз — жазба әдебиет арқылы жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғары формасы<sup>56</sup>.

Бұл анықтамада әдеби тілдің жоғарыда айтылған не-

---

<sup>56</sup> Орыс тілінің ғалымдары бұрын әдеби тілді халық тілінің жоғары формасы дейтін. Соңғы кезде оны ұлт тілінің жоғары формасы дегенді айтатын болды.

гізгі сипаттамалардың көбі қамтылған. Орыс тілі ғалымдары соларды бөліп-жарып, түрлендіріп жазады. Мысалы, Р. А. Будаговтың «Әдеби тіл — жалпы халықтық тілдің өңделген түрі. Оның белгілі бір дәрежеде тұрақталған жазу нормалары болады»<sup>57</sup> деген анықтамасында әдеби тілді жалпы халық тілінің сұрыпталған, жазу арқылы нормаланған формасы екені қамтылады. Ал А. И. Ефимов әдеби тілдің негізі жалпы халықтық екенін және сөз шеберлері сұрыптаған, байытқан тіл екенін айтады<sup>58</sup>. Бірқатар авторлар әдеби тілдің нормаланған тіл екенін бірінші орынға қойса, енді біреулері тілдің сұрыпталған жоғары формасы екенін әдеби тілдің басты сипаты деп қарайды. К. С. Горбачевич стильдер жүйесінің дамыған болуға тиісті екенін де айтады.

Әдеби тіл, А. М. Горький айтқандай, халық тілінің сөз шеберлері арқылы сұрыпталған жоғары формасы екені рас<sup>59</sup>. Тілдегі сұрыптау негізінде тілдік нормалар қалыптасады. Тілдік нормалар қалыптасу үшін жазу керек. Жазба әдебиеттің ілгері дамуы барысында әдеби тілдің қоғамдық қызметі күшейеді де, тілдің стильдік тармақтары сараланады. Осылардың бәрі — бірінсіз-бірі дами алмайтын, өзара тығыз байланысты жалпы тіл табиғатына тән категориялар және олар — іштей көптеген бөлшектерден құралатын күрделі категориялар.

Әдеби тілдің қиын, шатқаланды, күрделі құбылыс екендігі осылай түрлі-түрлі тілдік категориялармен сипатталатындығы көрсетіледі.

А. Ысқақовтың мақаласында «ауызша әдеби тіл» дегенге көп орын беріліпті, онда әдеби тілдің тарихын қазақтың халық болып тарих майданына шығуымен бірдей деп қарайды<sup>60</sup>. Автор төл әдеби тілді екіге бөледі: ауызекі сөйлеу тілі және жазба әдеби тіл. «Қазақтың әдеби тілі — халықтың өзімен бірге туып, бірге жасасты...». «Төл әдеби тілдің ауызша түрінің де, жазуша түрінің де шыққан тегі, табиғаты бір...». «Ол әдеби тілдің

<sup>57</sup> Будагов Р. А. Литературные языки и языковые стили. М., 1957, с. 5.

<sup>58</sup> Ефимов А. И. Некоторые вопросы развития русского литературного языка XIX — начала XX в. — Вопросы языкознания, 1953, № 4, с. 92.

<sup>59</sup> Горький А. М. О том, как я учился писать. М., 1928.

<sup>60</sup> Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі. — Қітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981.



ауызша түрі жазбаша нұсқалардан... ертерек шыққан» — дейді <sup>61</sup>.

Мақалада «әдеби тіл» деген қандай тіл? Әдеби емес тіл қандай болады? деген сұрақтарға жауап таба алмадық. Шамасы, қазақ — шешен халық, «өнер алды қызыл тіл» деп қарайтын халық, сондықтан оның тілі өткір, бай, әсерлі т. т. дейтін болуы керек. Егер әдеби тілге осы тұрғыдан қарайтын болсақ, онда оны әдеби, әдеби емес деп бөлудің не керегі бар? Әлде әдеби еместі халық болудан бұрынғы қазақтар тілінен іздейміз бе?

Қазақ халқының бұрынғы музыкалық өнерін, халық ойындарын жетер жеріне жеткізе айтқан кісінің аузының суы құриды, таңдай қағып, «ой, тамаша-ай!» деуге болады. Бірақ ол кездегі музыка симфониялық емес, ойынсауық, драмалық өнер емес еді ғой. Сондай-ақ қазақ тілі, бай, көрікті, әсерлі болуы, небір шешендердің, билердің ел арасынан жүзден бірі болса да, көзге түсіп, сөз дариясының буы бұрқырап жатады екен. Музыкада Құрманғазы, Тәттімбеттің күйлері сияқты олар өз заманының белес-белес шындары екені рас. Қазақтың бұрынғы-соңғы музыкалық өнері осы күнде ұлттық өнер бола тұра, көпке ортақ интернационалды өнерге айналып отыр. Олар қазір жеке домбыра аспаптарымен ғана емес, оркестрлі, түрлі сарын-әуенді аспаптар арқылы тыңдалып жатқан жоқ па?

Сондай-ақ қазақ тілінің ертедегі қызметі тек қарымқатынас құралы ретінде коммуникативті қызмет атқаруымен, барлық іс-әрекетіне, ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне қызмет етті. Кейін ол әдеби тіл дәрежесіне көтерілді. Қазір қазақ әдеби тілінің «симфониялық оркестрі» — кең алқапты, көп тармақты, бай әдебиет пен «хор капелласы», қазақ елі күндегісін күнде құлақ түре әр орайда тыңдайтын әдеби тіл алаңы — радио, телевидение, жиналыс, съезд, конференция, аудитория т. т.

Жоғарыдағы анықтамада қамтылған әдеби тіл сипаттамаларының қалпы, дәрежесі оның барлық даму кезеңдерінде бірдей болуы мүмкін емес. Өйткені, олар да тарихи категориялар сияқты пайда болады, жетіледі, өзгерістерге ұшырап отырады.

Т. Қордабаев «Әдеби тіл — жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен тіл» деп жазғанымызды ұнатады

<sup>61</sup> Бұл да сонда, 32, 33-б.

да, поэзия тілі «қанша жетілген болғанмен, ол әдеби тілге тән сипаттарды жан-жақты қамти алмайды, оны қамту — кең полотнолы прозаның ғана қолынан келеді»<sup>62</sup>, — дейді. «Проза» деген ұғымға поэзиядан басқа сөз көркем сөз жанрлары енетін болса, публицистикалық әдеби тіл, ресми-іс қағаздар, кеңсе тілі, ғылыми-техникалық т. б. әдебиеттер тілі әдеби тілге тән сипаттарды бойына кең жинайды. Солардың бәрінің пайда болу тарихын әдебиеттің тек совет дәуіріндегі тілінен ғана іздемеу керек. Сондықтан, Т. Қордабаевтың қазақ әдеби тілінің жасалу тарихын Октябрьден кейінгі дәуір деуі дәлелді бола қоярма екен?

Әдеби тілге тән сипаттар XIX ғасырдан да арғы дәуірлердегі халық тілінде болатын, бірақ олар дамып жетілмеген, сараланып айқындалмаған элементтер болатын, сондықтан «тек шешендік, шеберлік үлгілері» ғана емес, қарапайым қазақ тілінің өзінде де, оның ауызша түрінде әдеби тіл элементтері болды, кейін олар қалыптасқан әдеби тілдің барлық даму кезеңдерінің іргетасына айналды.

Абайға дейінгі жазба әдебиет тілін кейбір ғалымдарымыз шын мәніндегі әдеби тіл емес, кітаби қоспа тілдің үлгілері ретінде қарайды<sup>63</sup>.

Әдебиет тілінің таза қазақша еместігіне қарап, оны әдеби тіл емес деуге болмайды. Өйткені тілдің «тазалығы» қоспа екені оны пайдаланушылардың, басқа елмен қарым-қатынасымен, заманның тілдік саясатымен байланысты. Әрине, халық мүддесін жоктайтын реалистік әдебиеттің тілі демократиялық бағытта дамиды. Сондай талапты «шағатай әдеби тіліне» қоюға болмайды. Ол әдеби тіл қазақ топырағында «кітаби тіл» деп аталып, алғашқы кезде негізінде, дінді — ислам дінін уағыздауға қызмет етті<sup>64</sup>. Сол үшін діншіл ақындардың өлеңдері араб әрпімен жазылып, ел арасына тарады, олар жеткілікті болмағандықтан және ел арасындағы қожа, молдалар халықтың назарын дінді уағыздайтын кітаптарға аудар-

---

<sup>62</sup> Қордабаев Т. Қазақ әдеби тілі тарихына қатысты бірер сөз. — Қазақ әдебиеті, 1978, 15 декабрь.

<sup>63</sup> Сауранбаев Н. Т. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу туралы. — Кітапта: Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 1960, 3-шығуы, 19—30-б.

<sup>64</sup> Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы казак әдеби тілі. Алматы, 1982, 26—27-б.

ды да, оларды ауыз әдебиетіне қарсы қойды. Солай екенін Шоқан Уәлихановтың мына сөзі растайды: «Біздің кітапшылдарымыз да (книжники) ертедегі Россия кітапшылдары сияқты өз халқының мұрасын құлшына қудалап отыр»<sup>65</sup>.

Осылай «құлшына қудалаушылар» — дін иелері — қожалар, молдалар, ишандар, — «өлең айту, жыр жырлау, ән салу күнә» деушілер. Олар «Фүкқайдан», «Софы алдияр», «Қысасул әнбие» сияқты кітаптар дінді уағыздауға түсініксіз, жеткілікті болмағандықтан, медреселерде оқыған кітаби ақындар діни әңгіме өсиеттерді кітап етіп, араб діншілдерін дәріптеді, бір құдайға құл, пайғамбарға үмбет болуды уағыздады.

Сол мақсатпен, мысалы, Мәулекей Юмачиков «Сейт-батталғазы», «Сал-сал», «Жұм-жұма» қиссаларын, Юсуфбек Шайхул-Ислам ұғлы «Зарқұм» қиссасын жазды<sup>66</sup>. Осындай қазақ тілінде жазылған, елге тараған қиссалардың оқушы, тыңдаушыларға әсері күшті болған. Ол туралы В. В. Радлов былай дейді: «Менің байқауымша, бір «Жұм-жұма» кітабының өзі мұсылман дінін ел қыдырып жүріп дін таратқан жүздеген қожа-молдалардан әлдеқайда артық әсер етіп отыр»<sup>67</sup>.

Осындай қызмет атқарған әдебиет тілінің таза қазақша болмауы оның міндет-мақсатына, мазмұнына байланысты. Мысалы, «Сал-сал» қиссасының тілі шұбар ала:

... Бізлерге ярдам бергіл шаһ ярлар.  
Шафхат қыл деп махшарда қыламын зар.  
Бұ сөзүмдә ярдашмы болыңызлар  
Хасан, Хұсайын ол барча сахабалар...  
Як-якка ағып ятыр бұлақлары  
Асман көкні қозғалтқан бір тауышны  
Екі батыр есітеді құлақлары...

Мұның тілі мазмұнына сай, бірақ өз заманының әдеби тіл үлгісі, онша түсінікті емес. Ал мына үзінді тілі оған қарағанда түсінікті, бірақ сол кездегі әдеби тіл нормасы бойынша жеке сөздері мен кейбір грамматикалық тұлғалары қазіргіден өзгешелеу:

<sup>65</sup> *Валиханов Ч. Ч.* Сочинения. Спб., 1904, с. 255.

<sup>66</sup> *Әлібеков Ш.* Қазақ поэмаларының даму жолдары туралы. — Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология және өнер сериясы, 1961, № 2, 59-б.

<sup>67</sup> *Радлов В. В.* Образцы народной литературы северных тюркских племен. Спб., 1870, ч. 3, с. 21.

Сөйле десең, бізлерге,  
Не сөйлейін сізлерге  
Сөйле десең сөзімні  
Қызыл иіпек қырмызы  
Олар да калар бір күні.

(Қисса «Қамбар», 1888).

Мұндағы *бізлерге, сізлерге* дегендердің қазіргі *біздерге, сіздерге* еместігіне, *іпек* сөзінің *жібек* еместігіне қарап, *сөзімні* дегеннің *сөзімді* еместігіне қарап, сондай тілде жазылған әдебиет тілін әдеби тіл қатарынан шығарып тастауға болмайды. Сол кезде *мен — бірлән, айтылған-айтылмыш, келеді — келедүр* сияқты болуы сол әдеби тілдегі көп норманың кейбірі.

«Ер Тарғын» қисса деген атпен бірнеше рет Қазанда басылып шығыпты. Соның 1879 басылуында мынандай өлең жолдары бар:

Бұхар барсаң қолаң бар.  
Қолаңды көр де шашым көр.  
Зергер барсаң қасында,  
Алтыннан соққан түйме бар,  
Түймені көр де басым көр!  
Молдаға барсаң қасында  
Қиюлы жатқан қалам бар,  
Қаламды көр де қасым көр  
Қара жерге қар жауар.  
Қарды көр де етім көр!  
Қар үстіне қан тамар,  
Қанды көр де бетім көр!  
(12-б.)

Мұндағы *шашым, басым, қасым, етім, бетім* сөздерінің табыс жалғауда айтылмауы ертедегі әдеби тілдің нормасы емес. Сөзді солай ықшамдап айту поэзияға тән құбылыс. Ондайлар, қазір де бар. Бұл жолдардың ерекшелігі — онда салыстыру, теңеу арқылы айтылған көріктеу амалдары кездеседі. Тілі жатық, түсінікті. Ал 1881 жылы шыққан «Бозжігіт» қиссасының тілі одан да тартымды:

Мұңлы қалған анама,  
Зарлы болған анама,  
Жалғыз ұлың сөзі деп  
Сәлемімді айта көр!  
Дндарыма тоймаған,  
Жалғызым деп қоймаған  
Мұңлы болған анама,  
Сәлемімді айта көр!

(62-б.)

Бұл өлеңде *мұңлы, зарлы, дидарыма, сәлемімді* деген араб-парсы сөздерінің сол кезде осылай нормаланғанын әдеби тіл үшін жақсы «көрсеткіштер». Өлеңнің кестелі ырғағы, ұйқасы — әсерлі. Мұндайлар поэзия стиліне тән.

Тілдік тәсілдердің жазба көркем әдебиет тілі стиліне тәндігі — олардың әдеби тіл сипатына қатысты болатынын көрсетеді. Бірақ «әдеби тіл» деген кең мағына олармен өлшенбейді. ХІХ ғасырдың алды-артында хан жарлықтары және басқа іс қағаздары болды. Олардың тілі поэзиядан ерекше ресми іс қағаздар стилін тудырды, бұның қалыптасқан сол кездегі жалпы әдеби тілге ортақ нормалары бар. Солар көптеген документтерде, баспадан шыққан қыруар қисса өлең-жырларда бар. Баспадан шыққан әдебиеттің аз болмағанын мына төмендегі мағлұматтан байқауға болады.

1978 жылы «Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар (1807—1917)» деген көрсеткіште 499 кітаптың тізімі берілген. Онда кейбір бірнеше рет басылған кітаптардың әр басылымы бөлек атпен сол тізімге енген. Бұл аз дүние болмаса керек. Соның 177-сі 1860—1900 жылдар арасында шыққан: 1860—1870 жылдары 5 кітап, 1870—1880 жылдары 17 кітап, 1880—1890 жылдары 37 кітап, 1890—1900 жылдары 117 кітап. Қалғандары (322 кітап) соңғы 17 жылдың ішінде шыққан.

Бұлардың тілі өз зерттеушілерін күтетін болар. Әзірге шүбәсіз бір тұжырым мынау болу керек: осыншама көптеген жазба және басқа да әдебиеттің болуы қазақ әдеби тілінің алғашқы пайда болу кезеңі ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысы аралығы екенін көрсетеді. Олар, әрине, мардымсыз әдебиет, тілі — төрт аяғын тік баспаған-әдеби тіл.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: «Кітаби әдебиет тілінде» де жазба әдебиетке тән тілдік нормалар болды, өзге тілден енген сөздермен жазба тілді байыту және жазба тілдің стильдік салалары болды<sup>68</sup>.

---

<sup>68</sup> Кейбір ғалымдар кітаби тілді көне әдеби тіл деп атауды ұсынады (Ғ. Мұсабаев, Б. Әбілқасымов). Мәнінше, көне әдеби тіл деп түркі халықтарына (қазақтарға да) ортақ орта ғасырдың әдеби тілін айтуға болады. Ал «кітаби тіл» — жаңа тіл, Октябрьден кейінгі әдеби тіл — қазіргі әдеби тіл деп аталғаны жөн.

### 3. Жазу және әдеби тіл

Ешбір қоғамдық құбылыс дербес, дара, оқшау қалпында, басқа құбылыстармен байланыссыз өмір сүре алмайды. Жазба әдебиет қоғамдық сананың формасы ретінде бірден пайда болмайды. Әдеби тіл де солай. Ертеде адамдардың моральдық нормаларын уағыздаушы мұсылман діні болды екен деп, моральдық сапа сол дінмен байланысты пайда болды деуге болмайды. Сол сияқты, әдеби тілдің жан серігі жазу деп қарағанда, жазудың пайда болуына әдебиет себепкер болды деуге де болмайды. Ал керісінше жазусыз да әдебиет бола береді. Сол әдебиет халықтық сананың даму процесінде жоғары сатыға көтерілу үшін ол жазба түрде халық өмірінде ерекше қызмет атқаратын болады.

Сөйтіп, дамыған жазба әдебиет халықтық әдебиеттің жоғары формасы болды, әдеби тіл әдебиеттің қазанында қайнап, халық тілінің жоғары формасына айналады. Жазу да, әдебиет те әрқайсысы өзінше біршама дербестігін (самостоятельность) сақтай отырып, өзара тығыз байланыста жұмсалады. Бұлардың сол байланысы қазір табиғи байланыс сияқты болғанмен, ертеде жазу әдебиет үшін, әдебиет жазу үшін пайда болмай, жазу — мәдени табыс, әдебиет қоғамдық сананың мәдени формасы екендігінен олардың байланысы күшейеді. Жазу пайда болысымен, автоматты түрде бірден әдеби тіл пайда болмайды және әдебиет пайда болысымен жазу да, әдеби тіл де бірден пайда болмайды. Ол екеуінің тығыз байланысы қоғам дамуының барысында күшейеді. Біздің кейбір ғалымдарымыз әдеби тілді жазумен байланыстырмай-ақ, жазба әдебиет болмай тұрған кезде де, әдеби тіл болған, оны «ауызша әдеби тіл», «жазуға дейінгі әдеби тіл» деп атаймыз дейді. Менің түсінігімде жазусыз әдеби тіл жасалмайды. Солай екеніне ой жіберіп, дұрыс түсіну үшін мына сұраққа дұрыс жауап беріп көрейікші. Бұлтсыз да жауын жауа ма? — Жоқ, жаумайды. Тентек табиғаттың керемет құбылыстарының күшінен пәлен жерде бұлтсыз аспаннан балық жауыпты, пәлен жерде ағаш жемістері жауыпты дегенді оқығанымыз бар. Бірақ бұлтсыз аспаннан жауын жауды дегенді естіген емеспіз. Сол сияқты, жазусыз да әдеби тіл жасалады дегенді бұрын естімейтін едік. Соңғы кездерде кейбір шетел, орыс ғалымдары, соларға еліктеп қазақ тілін зерттеушілерінің

кейбіреулері жазусыз да әдеби тіл жасала береді дегенді жиі айтатын болды<sup>69</sup>. Оған өздерінің сенімі зор, өздерінше дәлелдері де бар. Олар әдеби тіл деген не? дегенге жауап бермейді, бірақ өздерінше ол туралы болжам айтады. Сондағы олардың дәлелдеріне қарасак, тайфун аспанға ұшырған балықтар мен ағаш жемістері сияқты, кездейсоқ, немесе әдеби тілге тән емес, құлағынан сүйреп алып келіп алдына көлденең тартқан дәлелдер. Мысалы, А. Ысқақов төл әдеби тілді о баста ауызша, жазбаша болған деп бөледі де, қазақтың ертеде өзіне тән баспасы, баспасөз орны болмағанын және ауызша әдеби тілдің қалың бұқараға әлдеқайда кең жайылғанын ауызша әдеби тілге дәлел етеді: «...төл әдеби тілдің жазбаша нұсқаларынан гөрі ауызша нұсқаларының әрі ертерек шыққаны, әрі қалың бұқараға әлдеқайда кең жайылғаны және оның ықпалы мен әсері де анағұрлым басым болғаны күмән келтірмеске тиіс»<sup>70</sup>, — дейді. Осы пікірдің алдында автор қазақтың төл әдеби тілі — халықтың өзімен бірге туып, бірге жасасып замандар бойы өмірінің барлық кезеңдерінде де жұмсалғанын айтады<sup>71</sup>. Бұған қарағанда ауызша әдеби тілдің халықпен бірге жасасып, өмірдің барлық кезеңдерінде жұмсалғаны да оған дәлел деп ойлайды. Сонда бұлар төл әдеби тілге тән қасиеттер болса, әдеби емес бөлігіне не қалады?

Б. Әбілқасымов жазба әдеби тіл болмай тұрған кезде пайда болған ауызша әдеби тілді оның көркем, бейнелі екендігі тұрғысынан таниды: «XV—XVI ғасырлардан былай қарай, қазақ халқының біртұтас ауызекі сөйлеу тілі сол халықпен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Сонымен қатар қазақ халқының өзінің көркемдігі мен бейнелігі жағынан дүние жүзінің ешбір жазба әдеби тілінен кем түспейтін ауызша әдеби тілі болды»<sup>72</sup>. Әрине, тілдегі көріктеу, бейнелеу, әсірелеу тәсілдерінің бәрі көркем әдебиет тіліне тән. Олардың бәрін ақын, жазушы тек сөйлеу тілінен алмайды, өздері де құрастырады (мы-

<sup>69</sup> А. Ысқақов, Б. Әбілқасымов, Р. Сыздықова тағы басқа ғалымдардың ол жайындағы пікірлеріне кейін талдау жасалады.

<sup>70</sup> Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 33-б.

<sup>71</sup> Бұл да сонда, 32-б.

<sup>72</sup> Әбілқасымов Б. Қазақтың жазба әдеби тілінің тарихына қатысты кейбір мәселелер жайында. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 124-б.

салы, теңеу, метафора, метонимия, әсірелеу сияқтыларды), бірақ сондайлардың ауызекі тілде, шешендік сөздерде, ауыз әдебиетінде жиі кездесуі де мүмкін. Олардың бәрі әдеби тілдің алтын қорына енетіні де рас, бірақ олар ауызекі тілдің әдебилігінің белгілері емес.

Сондықтан жазба әдебиет болмай тұрған кезде ауызша әдеби тіл болды деген пікір мүлде негізсіз. Әдеби тілдің ауызша формасы болмайды емес, болады, ол тек жазба әдеби тілдің сөйлеу формасы деп есептеледі. Ол съезд, конференция, жиын-топ, аудитория, класта, радио, теледидар, жұрт бас қосқанда сөйленетін сөздер ғана емес, мәдениетті, сауатты, білімді, әдеби тілді жақсы білетін кісілердің үйде, түзде сөйлейтін де сөздері. Солар алдымен жазба әдебиет арқылы қалыптасады да, жұрт сол әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеп әдеттенеді, соны әдеби тілдің ауызша формасы дейміз. Ал жазба әдеби тіл жоқ кезінде ауызша әдеби тіл болды деген құр қиял. Б. Әбілқасымов «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген мазмұнды кітабының бір жерінде жоғарыда айтқандай ауызекі сөйлеу тілімен қатар ауызша әдеби тіл болған дейді де, оны «бай, жетілген, орамды, әрі образды» деп оқшаулайды. Сонда, шамасы, бұл қасиеттер әдеби емес, ауызекі сөйлеу тілінде болмайды, ол жарлы; жетілмеген, орамды және образды емес болғаны ма?

Ол «ауызша әдеби тілді» көп замандар бойына халыққа рухани азық болып келе жатқан ауызша әдеби тіл деп есептейді. Тіл халыққа «рухани азық» болған деген дұрыс болмас, әдебиетті, музыканы, сурет өнерін, театрды рухани азық деуге болады, ал қатынас құралы, қарым-қатынас жасау амалы болып есептелетін тілді олай деуге болмайтын шығар. Сонда да «ауызша әдеби тілді» ертеде болған деу үшін тіпті тілге тән емес қасиетті оған телиді. Ол тіл қашан, қай ғасырда, қай жерде болған? деген сұрақтарға «бұрын» «ертеде» сияқты жалпылама сөздермен жауап береді. Сонда да бұл мәселе жайындағы өзінің жорамал көзқарасын бекемдеу үшін орыс тюркологтарының айтпағанын айтты дейді: Автор бір топ тюркологтардың (Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский, П. М. Мелиоранский т. б.) жаңа жазба әдеби тілді қалыптастыру жөніндегі қызметінің зор екенін айта келіп, олар жаңа жазба әдеби тілдің негізі халықтың ауызекі сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болуы керек



деп айтты дейді<sup>73</sup>. Осы пікірді Б. Әбілқасымовтың сөз болып отырған еңбегіне рецензия жазған Ә. Ибатов, Ф. Әлиев жолдастар да қолдапты<sup>74</sup>. Мен оған сенбеймін. Олар (орыс ғалымдары) «ауызша әдеби тіл» болған, ол жазба әдеби тілге негіз болды деген болар. Болса, олардың мұндай принципті мәселе жөніндегі жазғандарынан цитата келтіру керек еді ғой.

Рас, Н. И. Ильминский, П. М. Мелиоранский, әсіресе В. В. Радлов қазақтардың ауызекі сөйлеу шеберлігіне, шешендігіне таң қалып, таңдай қағады. Бірақ, оны ауызша әдеби тіл деп атамаған. Өйткені, әдеби тіл ондай шешендік, шеберлік тұрғысынан белгіленбейді. Жоғарыда айтқандай бірнеше критерийлерге сүйеніп танылады. Жақсы тіл, орамды тіл дегендер тілдің әдебилігінің белгісі емес. Егер соларды әдебиеттіліктің белгісі дейтін болсақ, қазіргі Қазтагтың өзінше жақсы, бірақ сірідей сірескен стандартты тілін әдеби деген болар едік те, ертедегі орамды шешендік сөздерді әдеби тіл дер ме едік. Сондай-ақ, қазіргі кейбір ақындар поэмаларының тілінен әдеби тіл жасалмай тұрған кездегі кейбір ақындардың (мысалы, XIV ғасырдағы Сыпыра жырау) тілі әлдеқайда нәрлі, тартымды, орамды болуы да мүмкін. Бұлар көркем әдебиет тілінің көркемдігінің компоненттері болғанмен, әдеби тіл, көп салалы, жалпы халықтық категория есебінде жазба әдебиет арқылы танылмаған соң, оған дейінгі тілі жатық, шешен, таза, тартымды деген өлең-жырлардың, фольклордың тілі халық өмірінде халықтық музыкалық шығармалар қандай орын алатын болса, олар да сондай орын алады.

Халық өмірінде екіншісі бірі емес «жүздің бірі көсем, мыңның бірі шешен» болуы ықтимал ғой. Мұнда өткен ғасырларда жасаған көсем-шешендердің біразын атауға болады. Мысалы, әдебиеттану ғылымында өткен ғасырлардың кернекті тұлғалары есебінде мына адамдардың аты аталып жүр: Қорқыт (XIII ғ.), Сыпыра жырау (XIV ғ.), Асан қайғы (XV ғ.), Доспамбет, Шалкиіз (XVI ғ.), Марғасқа (XVII ғ.)<sup>75</sup>. Бұлар жазба әдебиеттің уәкілдері емес. Олардан қалған мұралар қазақ эпоста-

<sup>73</sup> Әбілқасымов Б. Сонда.

<sup>74</sup> Ибатов Ә., Әлиев Ф. Жүйелі зерттеу. — Қазақ әдебиеті, 1982, 17 сентябрь.

<sup>75</sup> Мағауин М. Әдебиетіміздің тарихы әріде жатыр. — Жұлдыз, 1966, № 11.

рының дәстүрімен ұласа келіп, кейін көптеген акын-жырауларға (мысалы, Бұхар, Дулат, Шортанбайларға) өнегелі, үлгі болуы жанама түрде, қоныс, өрісі алыста бола тұрып, әдеби тілдің ошағына от тамызуы мүмкін. Бірақ олардың заманында әдеби тіл жасалған емес.

Сондай әдеби тіл жасауға тіке қатынасы шамалы, жазба ақындар тобына енбейтін бірнеше акын-жыраулардың жатық тілді шығармаларына қарап, кейбір ғалымдар олардың туындыларын «жазуға дейінгі әдеби тіл» деп қарастырады. Олардың да өлең-жырлары жанама түрде әдеби тіл аспанының алыстағы қоюланып келе жатқан ақша бұлты сияқты болуы мүмкін, бірақ әдеби тілдің өзі емес. Бір ғалымдар жазусыз да әдеби тіл болады дегенді өзінше, өзгеше баяндайды. Егер А. Ысқақов, Б. Әбілқасымов ауызша әдеби тілді дерексіз болжам ретінде уағыздаса, Р. Сыздықова белгілі акын-жыраулардың шығармаларына сүйеніп, олардың әрқайсысының өзіндік тіл жұмсау ерекшелігі бар деп, соның өзін әдеби тілдің белгісі деп таниды. Бұл жайында М. М. Гухман сияқты орыс ғалымдарының жазусыз да әдеби тіл болады деген ой-пікірлерінің кей ғалымдарға ықпалы күшті болғаны байқалады. Ал М. М. Гухманға шетел тілшілерінің кейбіреулерінің әдеби тілді жазумен байланыстырмай қарауы ықпал еткен. Осындай тың пікір, жана көзқарасқа сүйенудің сөкеттігі жоқ. Сондықтан осы ғалымдардың ол жайындағы ой-пікірін қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыт деуге болады. Бірақ мен ол пікірді қолдамаймын. Өйткені жазусыз да әдеби тіл болады деген пікір мен үшін тілдің бәрі әдеби болады дегенмен бірдей. Ғалымдардың айтуына қарағанда жер жүзінде 2500—3000 тіл болса, солардың тек 250—300-і ғана әдеби тіл де, қалғандары жазуы жоқ тайпа, халықтар тілі екен. Тіл білімінде тілдерді осылай бөлудің үлкен мәні бар. Оның тірегі — жазу.

Ф. П. Филин әдеби тілге арналған соңғы еңбегінде жазудың халық өмірінде ерекше роль атқаратынын айта келіп, жазу әдеби тілдің бірден-бір белгісі болмағанмен, ең бір шартты және маңызды белгісі болатынын айтады<sup>76</sup>.

Ауызекі тіл соның дәстүріне негізделген, соны сақтай-

<sup>76</sup> Филин Ф. П. Истоки и судьбы русского литературного языка. М., 1981, с. 183.

тын ауыз әдебиет тіліне қызмет атқарса, әдеби тіл оның үстіне эстетикалық, идеологиялық, танымдық<sup>77</sup> (познавательная) қызмет атқарып, оның барлық жақсы, таңдамалы байлық, нормалық қасиеттерін жазба әдебиет арқылы бойына сіңіріп, оларды ілгері дамыта отырып, баспасөз жұмысын, оқу-ағарту, мәдени істерін, ғылым, экономика, саяси-әлеуметтік ел басқару жұмыстарын атқару құралы ретінде ерекше қызмет атқарады. Әдеби тілдің сондай әр алуан өмірлік іс-әрекетке қызмет етуінің барысында, тіл жұмсау функциясы да (қызметі де) саралана түседі. Әр түрлі қызмет атқаратын әдебиеттің өзара орайлас оқшауланған шоқы-шоқы түрлеріне бейімделген ресурстары жасалады. Солар ұлғая келіп, әдеби тілдің стильдік тармақтары бой түзеп, дами бара ресми іс-қағаздар, көркем әдебиет, публицистикалық әдебиет, оқу және педагогикалық әдебиет тілдерінің стильдері сараланады. Егер осылардың бәрі ертедегі ауызша тілде, ауыз әдебиеті тілінде бар болса, жазба әдебиет тілін олардан бөліп алып, әдеби тілді ерекше тілдік категория деп қарамаған болар едік.

Тілді осылай әр түрлі стильдік орайға бейімдеп пайдалану, тілдің жалпыға ортақ әдеби нормаларын қалыптастыру — тілдің қоғамдық қызметінің кеңеюімен, өмір талабының ұлғаюымен байланысты. Солардың бәрінің түпкі тірек арқауы — жазу. Жазу, жазба әдебиет, әдеби тіл — бірінсіз-бірі болмайтын, өзара тығыз байланыстағы категориялар. Олардың пайда болуы халық өмірінің көркею, өнер-білімге қол созғанының белгісі. Ал жазба әдебиеттің еркін дамыған кезі, халықтың барлық өміріне игілікті жаңалықтар енген кезі — әдеби тілдің де кемелденген дәуірі болады.

Рас, әдеби тілге тән кейбір белгілердің элементтері ертедегі ауызша тілде, ауыз әдебиеті тілінде жоқ емес. Бірақ «Алыстан бұлдырап көрінгеннің бәрі мал емес, сақалы өскен кісінің бәрі шал емес» дегендей, әдеби тілге тән болар-болмас нышандары бар тіл де әдеби тіл емес. Әдеби тілдің негізі, даму арналары халық тілі, халық әдебиетінің ауызша түрі болғандықтан, оларда көзге түскен әдеби нышандар, әрине, өнімді егіннің сапалы ұрықтары сияқты болады. Мысалы, халық тілінің байлығы,

<sup>77</sup>Дешериев Ю. Д. Языковые проблемы многонационального советского общества. — Вопросы языкознания, 1982, № 6, с. 15.

оны жүйелілігі, онда көркем әдебиет стиліне тән кейбір көріктеу тәсілдерінің болуы қазақ тілінде пәлендей ірі, оқшауланған диалектілердің жоқтығы, халықтың «өнер алды — қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары бағалауы, сауатсыз қазақтардың сөйлеу тілінде кездесетін ой ұшқырлығы — бәрі, айналып келгенде, әдеби тіл жасаудың жүгін жеңілдететін тілдің әдебилік белгілерін жетілдіретін қоры. М. Горький айтқан «шикі тілдің» жазба әдебиеттің елегінен өтіп, кедір-бұдырдың орнына сұрыпталған жалпы халыққа ортақ біршама тұрақталған нормаларының қалыптасуы, стильдік тармақтарының саралануы, қоғамдық қызметінің әр алуандылығы, тіл байлығының молаюы — сол «шикі тілдің» кемелденіп, ойы, сана-сезімі өскен халықтың барлық мүддесіне, іс-әрекетіне қызмет ететін, «пісіп» жетілген оның (халық тілінің) жоғары формасы болғандығы.

Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілі халық тілінің кемелденген, сұрыпталған жоғары формасы болғанына қарап, оны ерекше тілдік категория деп танимыз. Ол категорияның басын құрастыратын негізгі тірегі — жазу. Жазба әдебиетсіз-ақ әдеби тіл жасала береді деу — төл әдеби тілдің тарихын әріден бастау мақсатымен әдеби тіл шатқалына жасалған барлау болар.

Сөйтіп, әдеби тіл жасауының шарты да, әдеби тілдің ұйытқысы да жазу болса, ол тек әдеби тілдің сыртқы көрінісі, шартты белгісі ғана емес, оның өзі — халықтардың ілгері даму бағытында пайда болатын орасан зор мәдени және рухани байлығы. Ол әу баста әдеби тілді қалыптастыруда қызмет етсін деп жасалмайды. Бір ел мен екінші ел, мемлекет, адамдар арасында болатын қарым-қатынастарды, ой-пікірлерді білдірудің түрлі шартты белгілері мен таңбалары ретінде пайда болса, кейін олар сауаттылық үшін де қызмет етті. Жазудың кітап баспасына жұмсалуды, оның жекелеген ресми адамдарға ғана емес, көпшілікке арналғанының танымал болуының белгісі.

IX ғасырларда Орта Азия, Қазақстан аймақтарына таралған ислам діні араб жазуын да ала келді. XII ғасырларда сол араб жазуымен қыпшақтар мен оғыздар тілінде «Мұхаммат-нама», «Гүлстан» сияқты елеулі шығармалар жазылды. Егер сол мұраларға қазақтар да ортақ болды деген тезисті құптайтын болсақ, сол кездегі араб жазуына қазақтар да ортақ болған деп білеміз. Та-

рихшылар мағлұматтарына жүгінетін болсақ, қазақ даласында XVII ғасырларда діни мектептер мен медреселерде, басқа жерлерде де оқып, арабша сауатты болған адамдар әдепкіде ат төбеліндей аз болса, кейін XVIII ғасырларда сауаттылар көбейіп, солардың арасынан қазақша өлең, жыр, қисса жазғандар көріне бастады. Хандар және басқа ел билеушілердің жарлықтары мен ісқағаздары сол араб жазуында жазылды. Солар да кейін дәстүрге айналып, араб жазуы пантюркист, панисламистердің құралына айналған кезде, қазақ елінде араб әріптерімен жазылған өлең-жырлар көбейді. Баспадан шығару мүмкіншілігі жоқ кезінде, олардың жақсы үлгілері ел арасына ауызша таралып, кейін авторлары ұмытылып кеткендері көп болды. Соларды біздің кейбір ғалымдар жазуға дейінгі әдеби тіл деп таниды. Дұрысында, жазу XVII ғасырдан бұрын да болғанмен, кейбір аты аталған ақындар өлеңдері өздерінің мазмұны, түрі, көркемдік сапасы жақсы, таза қазақша айтылғандықтан, кейінгі дәуірге өтудің «көпірі» болды деу дұрыс болар, бірақ олар әлі әдеби тіл үлгісінің өзі емес.

Сол тұста араб жазуымен қазақ тілінде қазақша жазылған әдебиеттердің «кітаби тіл әдебиеті» деп аталуы ислам дінін уағыздайтын ақын-жыраулардың, арабшадан, парсышадан қазақ тіліне аударылған діни кітап, қиссалардың пайда болуымен тығыз байланысты. Сол «кітаби тіл» өз заманына лайық әдеби тіл болатын. Сонымен қатар сол тұста шығармаларын таза қазақша жазатын өкілдер де болды. Кейін діни реакцияшыл бағыт пен халықтық демократиялық бағыт ұстаушылардың арасында елеулі тайталастық болды да, ақырында демократиялық бағыт үстем болып, жаңа сапалы әдеби тіл жасалды. Сөйтіп, оның (қазақтың төл әдеби тілінің) басы XVIII ғасырдың соңы, XIX ғасырдың бірінші жартысы деп танылуы сол кезде жазба әдебиеттің іргесі қаланып, Дулат, Шортанбай, Махамбет сияқты оның көрнекті ақындары мен басқа да жазба әдебиеттердің болуы, жазудың әдебиетке, білімге қызмет етуі, халықтың алдыңғы қатардағы уәкілдерінің шығыс және орыс мәдениеті, өнер біліміне қол созып, сана-сезімінің ояна бастауы жаңа сапалы жазба әдебиеттің дамуына жол ашты. Солар жазу арқылы қаланды, сақталды, жазу арқылы көпке тарап, оның құны артты, сонымен қатар, ол нұсқалар хатқа түсу, баспадан шығу жолында талай

сыннан өтіп, ажарланып, нормалық дәрежесі, қоғамдық қызметі артты.

Бірақ хатқа түскеннің, басылып шыққанның бәрі бірдей әдеби тіл үлгілері бола бермейді. Мысалы, ерте заманда теріге, ағаштың қабығына, тасқа «жазылған» кейбір таңбалы, пиктографиялық, клинописілік жазуға қарап, ерте заманда қазақтың әдеби тілі болды деу дұрыс емес. Орхон—Енисей өзендерінің бойынан табылған ескерткіш тастарға жазылған жазуға қарап, олардың тілі әдеби тілдің үлгісі дейтіндер бар. Солардың қазақ тіліне жанама түрде, алыстағы елес сияқты бұлдыр мұра ретінде қатысты болуы мүмкін, бірақ оны да, Жамбыл қаласы маңынан табылған тастағы жазуды да ертедегі әдеби тілдің үлгісі деуге болмайды.

Жазуды әдеби тілдің ұйтқысы, бас арқауы сияқты деп тану үшін жазба әдебиеттің іргесі кеңейіп, кең құлашты, жалпы халыққа ортақ рухани байлық, мұра болуға тиіс. Әдеби тілге тән белгілер жазба әдебиетте бой көрсетіп, қалыптаса түсуіне, ілгері дамуына қызмет еткен жазуды ғана әдеби тілдің «жанды» бөлшегі, әдебиеттің елеулі сипатының бірі деуге болады. Одан бұрын жазусыз пайда болған әдебиеттің тілі әдеби тіл деп есептелмейді, оларды тек әдеби тілді жасаудың қоры деп қарауға тиіспіз.

Сонымен, жазу әдепкіде тілдің алыстағы көшбасшысы сияқты болса, кейін әдеби тілдің пайда болуының катализаторы, бара-бара әдеби тіл дамуының тірегіне, әдеби тілді қалыптастырудың құралына айналады. «Оқу — білім азығы» да, жазу — әдеби тілдің берік қазығы. Соңғысы өркені өскен халықтың елеулі табысымен қатар<sup>78</sup>, әдеби тілді белгілі бағытқа ойыстырып, оның иін қандыратын ұйытқы бөлшегі.

Басқаша айтқанда, әдеби тілдің даму тірегі — жазу. Жазу арқылы кестеленбеген тіл — әдеби тіл емес, жазусыз да әдеби тіл жасала береді деген сөз — тілдің әдеби, әдеби еместігінің айырма-жігі болмайды деген сөз. Жазусыз әдебиет тілі — шала-жансар тіл.

Кейбір ғалымдар «ауызша әдеби тіл» ерте заманда, XV ғасырларда, әр түрлі қоғамдық қызмет атқарған дейді. Соны қалай түсінуге болады? Әдеби тілдің басты

---

<sup>78</sup> Ф. П. Филли жазуды цивилизацияның зор табысы деп есептейді. Жоғарыда аталған кітабының 182-бетін қараңыз.

белгісінің бірі — оның қоғамдық қызметінің әр алуандығы. Тілдің табиғатына тән нәрсе — оның барлық ұзақ өмірінде, қоғамдық құбылыс ретінде, коммуникативтік қызмет атқару. Тілдің коммуникативтік қызметі — оның қоғамдық қызметі деп саналады. Сол тілдің жоғарғы формасы — әдеби тіл ол халық тілі негізінде, жалпы халықтық әдебиеттің қалыптасу процесінде жасалып, оның қоғамдық қызметі де кеңейе береді. Олар көп салалы қоғам өмірінің түкпір-түкпіріне тарап, әр алуан қызмет атқарады. Соны қазіргі қазақ әдеби тілінің жұмсалуды қызметінен байқауға болады: ол коммуникативтік қызмет атқарумен қатар еліміздің барлық іс-әрекетіне қызмет етеді. Сол қызметтерін қамтамасыз ететін, қазақ тілінің бұрынғы сөз байлығының үстіне әр қилы саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық жаңа сөз, жаңа терминдер, сөз тіркестері пайда болды. Солар және баспа әдебиеттің түрлі-түрлі қызметіне сәйкес тіл байлықтары белгілі стильдік тармақтарға ойысып, тарамдалып, әдеби тілінің функциялы стильдер тармақтарының ресурстарына айналады, соларға жазу себепші болады.

Осылардың бәрі ерте замандағы «ауызша әдеби тілде» болған болса, бұл тіркесті тырнақшаға алмай-ақ қолдана беруге болар еді.

#### 4. Әдеби тілдің стильдер жүйесі

«Стиль» термині тіл ғылымында тар мағынада — тілдің атқаратын қоғамдық қызметтері ыңғайында танылса, әдебиеттану ғылымында бұл термин кең мағынада жұмсалады. «Стиль ұғымына жазушының сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерекшеліктер, тағы басқа компоненттер енеді, ең орталық мәселе — идеялық мазмұн»<sup>79</sup>, — дейді проф. Қ. Жұмалиев. Егер әдебиетшілер үшін «стиль» сөзі, осылай, телегей-теңіз көлемінде жұмсалса, оның да өзінше заңдылығы болу керек. Ал тіл ғылымында ол терминді өзгеше кең мағынада жұмсайтындар бар. Солардан айыру үшін әдеби тіл жайындағы стилистика ғылымында ол сөз тіл қызметінің орайындағы стиль «функционалдық стиль» деген

<sup>79</sup> Жұмалиев Қ. Стиль — өнер ерекшелігі. Алматы, 1966. 13-б. Многообразие стилей советской литературы. М., 1965, с. 6—13.

тіркес құрамында, тар мағынада жұмсалады. Ол термин кейде «жұмыс стилі», «сурет салу стилі», «ән-күй стилі» деген сияқты да құрамда дараланып, «тәсілі» деген мағынада жұмсалады.

Әдеби тілдің стильдік тармақтарының болуы — оның басты сипатының бірі. Тілдің коммуникативті қызметінің аясы кеңейіп, баспасөздің де құралына айналғанда, оған басқа да ерекше «міндеттер» жүктеледі. Ол «міндеттер» деп отырғанымыз — баспасөз, жазба әдебиет тілінің қоғамдық қызметі. Стиль дегеніміз — тілдің қоғамдық қызметінің әр қилы орайында тілдік тәсілдердің белгілі мақсатпен жинақталған жүйесі. Сондай тілдік жүйелерден оның стильдер топтары құралады. Олардың бәрі бір дәуірде, бір кезеңде пайда болмайды, пайда болғандары бір қалыпта қатып қалатын жүйелер емес, үнемі даму процесінде болатын тарихи категориялар. Әдеби тілдің әрбір стиль дәрежесінің қандай екенін алдымен, жазба әдебиет процесінің қандай екеніне және тілді пайдаланушылардың әлеуметтік ауқымына қарап белгілеуге болады. Мысалы, Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы өрісі тар әдебиет пен оны пайдаланушылардың ат төбеліндей аз кезінде (сауаттылық 2—3 процентпен өлшенетін кезде), әдеби тілдің кейбір стильдік тармақтары ғана бой түзеген болса, қазіргі жаппай сауатты, білімді қоғамдағы әдеби тіл жалпы халық игілігіне айналған кезде, оның стиль жүйелері сымбатты сап түзеп, саралана түсті.

Қазақ халқының әдеби тілі саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту, экономикалық, ғылыми, мәдени т. б. өміріне қызмет ету барысында, олардың тіл жұмсау дағдысында елеулі өзгерістер пайда болады. Міне, сондай өзгерістердің өзара айырмашылықтары, дағдысы белгілі стильдер тобын құрайды. Олар қоғам өмірінің арнаулы салаларында жиі қолдана жүріп, қалыптасқан тілдік құралдар жүйесіне айналады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сондай стильдер жүйелерінің негізгілері мыналар: 1. Ресми іс қағаздары мен кеңсе тілінің стилі; 2. Публицистикалық стиль; 3. Ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі; 4. Көркем әдебиет тілінің стилі. Бұлар тарихи құбылыс. О баста аздан көбейіп, мардымсыз қалыптан біртіндеп жетіледі. Мысалы, ресми іс қағаздар стилінің алғаш бой көрсете бастаған кезі XVIII ғасырдың екінші жартысындағы хан жарлықтары мен ел билеушілердің (хан, сұл-



тан, старшындардың) орыс әкімшілік орындарына жазған және өзара жазысқан хаттары болған. Олардың көпшілігі 1940 жылы тарихшы М. П. Вяткиннің «Материалы к истории Казахской ССР» (т. IV) деген еңбегіне енген. Олар 1785 жыл мен 1825 жылдар арасындағы материалдарды қамтыды, тілі таза қазақша емес, онда қазақ сөздерімен қатар шағатай, татар, араб-парсы және бірқатарында орыс тілінің сөздері кездеседі. Ол документтер тілінің мән-жайы жайында «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген кітаптың (1968) 28—35 беттерінде біраз мағлұмат берілген (оны жазған — Р. Сыздықова). Ондағы «мағлұм нама», «ғарыз нама», «ағлам нама» (донесение) сияқты біршама тұрақталған терминдер мен «патса хазіреттері» («ее императорское величество»). «Сіздің ғали хазреттеріңіз» («Ваше высокопревосходительство») сияқты әкімшілік штамптары әдеби тіл нормасына айналған.

Осылай басталған ресми іс қағаздар стилі қазақ әдеби тілінің қазіргі дәуірінде мазмұн-мақсаты және тіл өрнектері жағынан мүлде басқаша екені аян. Қазіргі «іс қағаздар» деген ұғымға партия, совет органдары мен қоғам ұйымдарының қаулы-қарарлары, заң, бұйрық, үндеулері, кіріс, шығыс іс қағаздары т. б. енеді. Олардың мазмұны халықтық демократия принциптеріне негізделетіндіктен, тіл өрнектері де совет халқының мұң-мұқтажына, мүддесіне лайық анық, айқын, дәл болады. Ол стильде жазылған документтер тілінде көріктеу, көркемдеу элементтерінің жұмсалуды шарт емес. Ол бірсыдырғы қатал логикалық байланыстағы сөздер мен сөз тіркестері, толымды, жақты сөйлемдер арқылы жазылады. Ол стильдің сөздік құрамы ресми сөздер мен терминдерге, дайын тілдік үлгілерге бай болады. Іс қағаздары мен қаулы-қарар тілінде, әсіресе, *қаулы етеді, шешім қабылдады, деп ұйғарады, тапсырылсын, жауапқа тартылсын, міндеттелсін* тәрізді біршама қалыптасқан дайын үлгілердегі сөйлемдер мен сөз тіркестері мол болады және ресми лауазымды, мекеме аттарын білдіретін жалқы есімдер, қоғамдық-саяси термин сөздер (инициатива, басқарма, бастама, үкім, шағым т. б.) көп қолданылады. Іс қағаздары мен қаулы-қарар стилі артық сөз, басы артық «әдемілік» атауларды керек етпейді. Бұлардың тілі, негізінен, логикалық айқындылыққа құрылады.

Іс қағаздары мен ресми қаулы-қарар стилі қазақ

әдеби тілі тарихында көп жылдар бойы әбден қалыптасқан сала. Мысалы: Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы, СССР Министрлер Советі, коммунистер, барлық совет адамдары жоғары саналылық пен ұйымшылдық көрсетеді. Ленин партиясының басшылығымен өздерінің қажырлы творчестволық еңбегі арқылы коммунистік құрылыс жоспарларының орындалуын, социалистік Отанымыздың одан әрі гүлденіп, көркейе беруін қамтамасыз етеді деп сенім білдіреді (Үндеу).

Көркем әдебиет тілі стилінің дамуы мүлде басқаша. Оның пайда болу желісі әріден басталады: XV—XIX ғасырлар арасындағы ақын-жырауларға тән поэзия, фольклор тіліне тән өлең-жырлар, лирикалық эпостар тілі, халықтың ауызекі сөйлеу тілі Абай, Ыбырайлардан басталатын жаңа көркем әдебиет тілі стилінің негізгі даму арналары болды. Сондықтан оның іргетасы ерте бастан-ақ берік қаланды. Қазір ол көп жанрлы, алуан түрлі көркем әдебиет стиліне айналды.

Ал ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі олай емес. Ертеде ғылымға қатысты кейбір кітапша, мақалалар ол стильдің негізгі даму арнасы бола алмайды. Ғылыми әдебиет стиліне тән тілдік ресурстар ғылымның дамуымен, ғылыми әдебиеттің молаюымен байланысты. Олар қазақ елінің Октябрьден кейінгі ғылыми прогресс дәуірінде пайда болды. Сондықтан әдеби тілдің стильдер жүйесінің бұл саласы жаңадан, кейін пайда болды.

Ғылыми әдебиет тілі стилінің ерекшеліктері мыналар:

1. Ғылым әдетте зерттеу объектілерінің, табиғаттың, қоғам дамуының т. б. заңдылықтарын айқындау үшін керекті талдау, топтастыру, салғастыру материалдарына негізделетін қорытындылар жасауды керек қылады. Олар ғылым түрінің ерекшеліктеріне қарай кейбіреуі сол ғылым (мысалы, химия, физика, математика) мамандарына арналса, бірқатары, әсіресе қоғамдық ғалымдар жайындағы әдебиеттер, оқулық, оқу құралдары көпшілікке арналады. Сонымен қатар олардың тілінде елеулі айырмашылық болады.

2. Ғылыми әдебиеттер қағидалары, тұжырымдары әдетте зерттеу жұмыстарында тәжірибеде бар объективті шындықты уағыздайды. Сондықтан оның тілі жинақы, стилі «қатаң», сөздері, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары дәлме-дәл, тап-тұйнақтай болуға тиіс. Ғылыми

прозаның тірегі — логикалық объективті байлам, бірізділік және дәлділік<sup>80</sup>. Ғылыми стильдің солай екенін басқа стильдермен, мысалы көркем әдебиет тілі стилімен салыстырғанда, анығырақ пайымдауға болады. В. Г. Белинский ол екеуінің айырмашылығын аз сөзбен былайша дәл айқындайды: «Ғалым дәлелдейді, ал жазушы суреттейді, философ силлогизмдер арқылы сөйлейді, ақын образдар, картиналар арқылы сөйлейді, бірақ екеуінің де айтатыны бір нәрсе»<sup>81</sup>.

Ғылыми әдебиет тілінің стиліне қатысты жайттарды Ю. Д. Дешериев тілдің таным қызметі («познавательная функция») деп атайды да, оны ақиқатты, болмысты тану, ең алдымен қоғам мен табиғаттың заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан тану үшін жұмсалатын құрал деп есептейді<sup>82</sup>.

Осы айтылғандардың бәрі — ғылыми әдебиет тілі стилінің экстралингвистикалық сипаттамасы. Ал енді оның лингвистикалық сипаттамалары нелер болмақ? — деген сұрақ туады. Бұның қысқаша жауабы мыналар болмақ: Ғылыми прозадағы авторлық баяндаулардың сөйлем құрылысы өзара тығыз байланысты, көбінесе, күрделі болып келеді. Әдетте сабақтас сөйлемдердің басыңқы сыңарлары айтылған ойдың негізгі бөлшегі болса, мұнда сөйлемнің бағыныңқы сыңарларына да ерекше мағыналық қызмет жүктеледі. Жай сөйлем арқылы айтылатын ойға қатысты деректер мен мағлұматтар бірыңғай сөйлем мүшелері орайында жан-жақты қамтылып, сөйлемдер көбінесе жайылма түрінде жұмсалады. Мысалы, Қазақ ССР тарихында мынандай сөйлемдер жиі кездеседі: «Шаруалар соғысына орыс емес халықтардың қатысуының себептері мұнымен бірге жергілікті әкімшіліктің жасаған қиянаттары, үкіметтің отарлау саясатының күшеюі, башқұрт, қазақ, қалмақ қоғамдарының ішінде жекелеген феодалдық топтар мен еңбекші шаруалар арасындағы күрестің шиеленісуі болды» (1-т., 84-б.).

Ғылыми стильге тән дәлділік әрбір ойға қатысты тек

<sup>80</sup> Разинкина Н. М. *Стилистика английской научной речи*. М., 1972, с. 28.

<sup>81</sup> Белинский В. Г. *Шығармаларының толық жинағы*, 3-т., 1948, 198-б.

<sup>82</sup> Дешериев Ю. Д. *Языковые проблемы многонационального советского общества*. — *Вопросы языкознания*, 1982, № 6, с. 15.

әдеби тілде бар сөздерді, әсіресе терминдерді, өз орнында, тура мағынасында қолдануды тілейді. Бұл стиль сөз байлығына диалектизм, жаргон, карапайым сөздердің енбеуі былай тұрсын, тіпті, олардың ауытқу орайында қолданылуы кездесе бермейді. Онда шартты белгілер мен қысқартулар көп.

Осылай, ықшамдылыққа, әрі дәлділікке құрылған ғылыми еңбек авторлары әдеби тіл нормаларын барынша берік сақтауға тырысады. Ғылыми стильде тілдің эмоциялық, экспрессивтік әсерлі болуы емес, айқын, тұжырымы дәл болуы көзделеді. Соған сәйкес ғылыми терминдер, термин емес сөздер, тағы басқа тілдік амалдар айқын, тура мағыналарында жұмсалады. Ғылыми стиль, әдебиет тілі әдетте дәлелдер мен қорытындыларға негізделетіндіктен, әсірелеу, шенеу, мысқыл сияқтылар ол стильге тән емес.

Осы айтылғандар ғылым саласының ерекшеліктеріне, ғылыми еңбектің мазмұнына, пікір таластарының сыр-сипаты, ерекшеліктеріне лайық өзгеше де болуы мүмкін. Бірақ шын ғылыми еңбек тілінің стилі табиғаттың, қоғам өмірінің объективті заңдылықтарын уағыздайтын болса, ол әрине, ой-пікірді мүлтіксіз, дәл айтуға бейімделеді.

Публицистикалық әдебиет тілі стилінің ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилінен көптеген өзгешеліктері бар. Оның қоғамдық қызметі — идеологиялық, күнделікті баспасөз газет-журнал<sup>83</sup> тілі. Оның ауызша формасы — радио, теледидар және үгіт-насихатшылар тілі — қазіргі әдеби тілдің жүгі ауыр, елеулі саласы. Сондықтан, оның сөздік құрамы да, жазу стилі де өзге стильдер тілінен өзгеше. Мерзімді баспасөзде халық өмірінің алуан түрлі мәселелерін, шетел жаңалықтарын сөз ететіндіктен, оның тіл жұмсау әрекетінде әр алуандық болумен қатар, бірізділік күшті болады. Мысалы: «Герман фашизмінің күлін көкке ұшырған, теңдесі жоқ біздің жеңісіміздің маңызын, тарихи мәнін ешкім де, ешқашан да кеміте алмайды. «Сталинград» деген сөз бүкіл әлем халықтарының тіліне енді. Бұл сөз агрессорларға қарсы күрестегі табандылық пен қайсарлықтың символына айналды. Бұл сөз импе-

---

<sup>83</sup> Республикамызда 426 газет, 30-дан астам журнал шығып тұрады. Олардың көбі қазақ тілінде шығады.

риализмнің қанқұйлы қолшоқпарына қарсы кескілескен шайқаста біздің көп ұлтты советтік Отанымызды, оның бостандығы мен тәуелсіздігін өзінің өр кеудесімен қорғаған, еліміздің даңқын асырған совет адамының асқан патриотизмі мен ерен ерлігін паш етеді» (Қазақстан коммунисті).

Публицистикалық әдебиет тілі терминдерді, сөз тіркестерін жұмсауда, сөйлемдерді құрастыруда әдеби тілге және өзіне тән дәстүрлі қалыптасқан нормаларды қатал сақтайды. Олар басқа тілдік стильдер тұрғысынан ерсі, өрескел болуы да мүмкін. Мысалы: *бірауыздан қолдау тапты, елеулі табыс болып табылады, оларды іске жұмылдырады, бірауыздан қуаттады, ...екенін атап өтуде, басым көпшілігі, іске қосылды, қызу құттықтады* сияқты жаңа тіркестер мен жаңа сөздер (құрылым, өнім, табыс т. б.) жиі ұшырайды. Сонымен қатар, публицистикалық стиль тілінде ресми документтер, ғылыми әдебиеттер және көркем әдебиетке де тән тілдік элементтер мақала, материалдардың мазмұнына сай жазыла береді.

Мерзімді баспасөздің тілі оқушыларына әсерлі болу үшін бірқатар хабарлар тақырыбы тартымды, дәл болады; жиі қолданылатын аса маңызды атаулар эстетикалық ұғымға лайықталып, метафоралық тіркестер түрінде қолданылады. Мысалы: *мақта — ақ алтын, көмір — қара алтын, газ — көгілдір отын, телевизор — көгілдір экран, космос — бесінші мұхит, қой шаруашылығы — екінші тың, орман — жасыл желек, құс — қанатты түлік, гүйе — дала кемесі, теміржолшылар — болат жолдың батырлары, дәрігерлер — ақ халатты абзал жандар.*

Бір стильдер жүйесінде жиі кездесетін тілдік тәсілдердің, осындай басқа стильде де кездесуін стильаралық қарым-қатынас дейміз.

Көркем әдебиет тілінде ондайлар көп кездеседі. Көркем әдебиет тілінің стилі — әдеби тілдің ең басты, тарихи жағынан бұрын пайда болған стильдер тармағына жатады. Әдеби тілдің басқа стильдер түрлерінен оның елеулі айырмашылығы эстетикалық қызметте жұмсалыуында. Сонымен қатар стиль ұғымын бұл салада көркем әдебиет тілінің, жеке ақын, жазушы туындылары тілінің көріктеу тәсілдерінің ерекшеліктері деп те түсінеміз. Ондай ерекшеліктер мен тұтастыққа құрылған көркем шығармаларда жазушының дарынды суреткерлік тіл жұмсау әрекетінде эстетикалық талғам күшті болады.

Жазушы идея тұтастығына керекті ой желісінде айтылатын сөйлемдерді, сөздерді таңдап, талғап қолданады. Өйткені сөз жалпы әдеби тілдің басты элементі болса, ол көркем әдебиет тілінің эстетикалық, эмоциялық, экспрессивтік құбылыс суреттерінің бояуы. Ол бояудың көріктілігі, көркемділігі сөз қосағының құрамында, сөйлем ішінде айқындалып, оқушының ойына әсерлі жарық сәулесін шашады. «Сөз қосақтары» дегеніміз — теңін тауып тіркескен сөздер тобы, фразалық топтар, метафоралық тіркестер т. б. Солар арқылы бейнелі ой айтылады, әсерлі сурет салынады, жансызды жандандырады, қысқасы— көркем образдар құрастырады. Мысалы:

Жалт етіп құралай көз қарағанда,  
Жанымның жайлауындай жарасасын.  
(К. Аманжолов)

*Жел үп етсе болғаны, — тарылар сыбдыр қағып, сыбыр-ласа жөнеледі* (Ғ. Мұстафин).

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,  
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

(С. Сейфуллин)

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап,  
Даланы жым-жырт, дел-сал ғып,  
Түн басады салбырап.

(Абай)

Қазақ тілінде жазған жазушының бәрі сол бір тіл, сөз байлығын пайдаланады ғой, мен де өзгелерге ұқсап бар сөзді (кейде көп айтылмайтын сөзді де) молынан қамтитын дегеннен гөрі, соларды қайтсем дербес суреткерлік қабілетіне арқау етемін дегенді мақсат ететін жазушы барды жоқтай, жоққа қайтадан жолыққандай етіп жазады. Мына бір үзіндіде сол аңғарылмай ма?

«Ұзындығы көшедей, үш қабат көгілдір кеме. Жайықтың арнасын толтыра, езуін көпірте, еркін есіп, жайқап келеді. Кеменің құйрығынан екі жаққа қарай төңкеріле жөнелген толқындар жағаға соғылып, көбігін тастап, кейін шегінеді. Жайқалып келіп жағаға тірелген көк майсаны майда жел ақырын ғана тербетіп, теңселтіп қояды. Кеме ұзын қара шудасын бір оң жағынан, бір сол жағынан шұбатып, үзбей будақтатып келеді. Түтін кейде

өзен жағасынан жөнеле берген түйелі керуенге де ұқсап кетеді. Кейде түтін арасынан аю, қабылан, арыстан, жолбарыс, адам, маймыл көрініп кеткендей болады» (Ғ. Мүсірепов, Қазақ солдаты).

Осы «Қазақстан» кемесінің жүзу суреті «Қазақстанның өз бейнесін елестетеді». Ол «Еркін есіп, кідіріс жоқ, алға басып бара жатқан кеме еркін өрлеп келе жатқан еліміз сияқтанады» — дейді автор.

Осылай суреттеу арқылы берілген көркем бейне көркем әдебиет тілі стилінің бір ерекшелігі болса, онда тілдік нормалар дұрыс сақтала отырып, эстетикалық ұғым тұрғысынан жазушы образды, ұтымды сөздерді, фраза, мақал-мәтелдерді халық тілінен, фольклордан алып пайдаланумен қатар, өздері де оларға өз жаңалықтарын қосады. Жазушы, керегінде публицистикалық ғылыми, кеңсе тілі стильдеріне қатысты және диалектизм, кәсіби сөз, архаизм, жаргондарды пайдалануды, тіпті өзге тіл өкілдерінің сөздерін өз тілінде пайдаланады. Көркем әдебиет тілі стиліне тән тағы бір ерекшелік — онда сөйлем құрылысы, ғылыми стильдегідей, ылғи күрделене бермейді. Мұндағы принцип сөйлем шұбалаңқы болмай, сығымдалған, аз сөзбен айтылып, көп мағына беретіндей болуға тиіс<sup>84</sup>.

Осылардың бәрі тілде барды дұрыс пайдалану үшін, оларды сөз шеберлерінің талғам елегінен өткізуді керек қылады. Сонымен қатар көркем әдебиет қоғам өмірінің барлық салаларын, алуан түрлі адамдардың іс-әрекетін, тіл ерекшеліктерін қамтитындықтан, әдеби нормалардан жөнді-жөнсіз ауытқуларда, көркем әдебиетте, әсіресе, поэзияда жиі ұшырайды. Өлең жолдарының поэтикалық сөз құрамы, ұйқас, ырғақ, әуені, сазына лайық әдеби нормалардан ауытқулар көп болатындықтан, оның тілі бұл жағынан басқа стильдер тіліне әр уақытта өнегелі болмауы бермейді. Бұл көркем әдебиет тілі стилінің ерекшелігі емес, — кемшілігі.

---

<sup>84</sup> Сондықтан орыс әдебиеті классиктерінің мынандай афоризмдері пайда болған: «Краткость — сестра таланта» (Чехов). «Чтобы словам было тесно, мыслям — просторно» (Некрасов).

## II. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ АРНАЛАРЫ

### 1. Жалпы мағлұмат

Қоғамның аса қажетті қатынас құралы тілдің ұзақ жылдар бойы жұмсалу тарихында оны пайдаланушы ел-жұрттың талай заманды бастан кешіріп, талай асулардан асқан тарихында оның өн бойына елеулі өзгерістер енеді.

Қазақ тілінің сөз, дыбыс құрамына, грамматикалық құрылысына енген өзгерістердің, айталық, мың жыл бұрын қалай болғанын дәл басып айту қиын болса, сол тіл дамуының кейінгі замандарда оның ең жоғары формасы — әдеби тіл дәрежесіне көтерілуін айқындау опoңай сияқты. Сондықтан болар, біздің кейбір ғалымдарымыз әдеби тіл жайындағы өздерінің ұғым түсініктері бнігінен қарап, оның кешегісіне ой жіберіп, іздеу салады да, әр түрлі тұжырымдар, болжамдар айтады. Олар өзара жымдаса бермегенмен, әдеби тіл жайындағы әр алуан көзқарастар, пікір таластарының бәрі қиын проблеманың заңдылығын ашу әрекеті болса керек.

Сол көзқарастар аясында қазақ тілі мамандарының көпшілігі қазіргі әдеби тілдің диалект негізінде емес, халық тілі негізінде жасалғанын мақұлдайды. Бірақ кейбір ғалымдар сол негізде жасалу тарихын ру-тайпалардың халық болып құралу тарихымен бірдей деп ойлайтын көрінеді. «Халық тілі» ру-тайпалардың басы біріккен кезде, «ұлт тілі» халықтың феодализмнен капитализмге ауысу кезеңінде пайда болады.

Қазақ халқының өмірінде рулық қарым-қатынас тайпалық түрінде, оның үш жүзге бөлініп оқшаулануы тайпа бірлестігінің орнына жергілікті одақтар бірлестігі



орныға бастаған кезі де XVIII ғасырдың аяқ шені болса керек. Сол кездерде феодализммен жалғаса сауда капитализмі қанат жая бастаған. В. И. Лениннің айтуы бойынша буржуазиялық қоғамда капитализм үшін ұлт тілдерінің дамуына оның әдеби тіл ретінде әдебиетте қолдануы тиімді болған. В. И. Ленин өзінің «Ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы» деген еңбегінде былай дейді: «Капитализмнің феодализмді түпкілікті жеңіп шығу заманы бүкіл дүние жүзінде ұлттық қозғалыстармен байланысты болды. Бұл қозғалыстардың экономикалық негізі мынада: товар өндірісінің толық жеңуі үшін буржуазияның ішкі рынокты өз қолына қаратып алуы керек, бір тілде сөйлейтін халқы бар жерлердің мемлекет болып бірігуі керек, бұл тілдің дамуына және оның әдебиетте берік орнығуына бөгет болатын кедергілердің бәрін құрту қажет»<sup>85</sup>.

Ертедегі қазақ елінде капитализм орнамағанмен, оның элементтерінің дами бастаған кезінде, қазақ тілінің әдеби тіл қызметінде жұмсалыуына Россия патшалығы тарапынан кедергі жасалмаған сияқты. Сол кездегі әдеби тілді — «ұлт әдеби тілі» деп атау дұрыс бола қояр ма екен? Болса, қазақ халқының болашақ ұлттық мүддесіне қызмет етуі деп түсінеміз. Солай болған күнде де халық тілінің құрам-құрылысына елеулі өзгерістер енеді. «Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуі, мұнда товар ақша қатынастарының дамуы көшпелі мал шаруашылығы жүйесімен тоқыраған патриархалдық-феодалдық қатынастардың ыдырауын тездетті»<sup>86</sup>. Бірақ қазақ халқы капиталистік ұлт кезеңдеріне соқпай социалистік ұлт болып қалыптасуы Октябрьден кейінгі кезең болғаны аян.

Қалай да халық тілінің ұлт тілі болуы — тілдің жазба әдебиетте орын тебуіне кең жол ашады. Халықтың ұлттық сана-сезімі оянып, ғылымға, мәдениетке қол соза бастайды. Сол талап жазба әдебиеттің етек алуына жол ашады. Сол кезде жазба әдеби тіл халық тілінің жоғары формасы болып әбден бекемделмегенмен, халық тілі байлықтарын біртіндеп, тірнектеп жинап, жазба әдебиеттің елегінен өткізе бастайды. Бара-бара халық тілі негізінде

<sup>85</sup> Ленин В. И. Шығармаларының толық жинағы. 25-т., 286—287-б.

<sup>86</sup> Қазақ Совет Энциклопедиясы. Қазақ Советтік Социалистік Республикасы. Алматы, 1980, 195-б.

пайда болған әдеби тіл сөз құрамы, синтаксистік құрылысы, нормалану дәрежесі, қоғамдық қызметтері жағынан елеулі өзгерістерге ие болады. Халық тілінің таңдаулы, шұрайлы байлықтарын бойына жинап, ауызекі тілден біраз оқшаулану нәтижесінде жоғарыда айтылған өзгерістерді жалпы халықтық дәстүрге айналдыруы оның халық тілінің мәдениеттенген, байыған жоғары формасы екенін көрсетеді. Әдеби тіл халық тілінен керегін ғана қабылдап, қажетсіздерін кейінге ысырады. Ауызекі сөйлеу тілі адам қоғамының ұзақ өмірінде пайда болған сөз байлығын, сөз мағынасын, тілдің дыбыстық, грамматикалық құбылыстарын небір әсерлі, образды сөйлеу шеберлігін бойында сақтап, коммуникативтік қызметінде эстетикалық талғам ісін атқарғаны даусыз. Бірақ сондағының бәрі бірдей басы алтын, кеудесі күміс байлықтар емес, олардың ішінде жансыз, жасық, кетік тістен, кем нек, сөз қадіріне онша мән бермейтіндердің аузынан шыққан жарымжан сөздер де, диалектизм, «көз жанары» әлсіреген историзм, архаизмдер бар. Әдеби тіл солардан керегін екшеп, таңдап алады, бұл — бір; екіншіден, заманының сән-салтанатына, өсу, даму бағытына күнделікті өмір жаңалықтарынан керекті жаңа ұғымдарға лайық жаңа сөздер, сөз тіркестері пайда болады, грамматикалық құрылысы жақсарайды; үшіншіден, әдеби тілдің қоғамдық қызметінің әр алуандылығына лайық тілде бұрын бар стильдер жетіледі, жаңа функционалдық стильдер пайда болады; төртіншіден, жазу мәдениеті, тіл мәдениеті артады. Осылардың бәрі — әдеби тілдің ішкі даму заңдылықтары.

Әдеби тілдің дамуына сыртқы, экстралингвистикалық факторлар да үлкен әсер етеді. Сол тұрғыдан Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тілге қыпшақтар, соның ішінде қазақтар да ортақ. Соның басы Орта ғасырда жазылған елеулі әдебиет нұсқаларының тілі десек, алдымен Хорезмнің «Мұхаббат-намасын» (1353 ж.), Сарайдың Сыр бойы қыпшақтар тілінде жазған «Гүлстан бит-түрки» (1391 ж.) кітабын, Мухаммат ал-Хорезмидің «Шахнамасын» (1511 ж.), Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» (1342 ж.) поэмасын т. б. атауға болады. Бұлардың тілінде қыпшақ тілі элементтерінің көптігіне қарап, қазақ тайпаларының да оған қатысы бар деп танимыз.

Олардан дәуір, тіл жағынан бізге жақыны XIV—XV ғасырларда Орта Азия халықтары арасында жұмсалған

жазба әдеби тіл, ол «шағатай тілі» деп те аталады. Сол әдеби тілдің үлгілері қазақ арасына да тарап, соның қазақ тіліне бейімделген түрі<sup>87</sup> бізде «кітаби тіл» деп аталатын болған. Сол әдеби тіл атын «кітаби тіл» дейміз бе, әлде Б. Әбілқасымов ұсынғандай «көне әдеби тіл» дейміз бе? Онда тұрған ештеңе жоқ, ол екі түрлі бағытта өмір сүрді: бірі — қарапайым қазақтарға онша түсінікті емес тілде, көбінесе, дінді уағыздайтын әдебиет күйінде, екіншісі қазақ халқының тіл байлықтарын еркін қолданған демократиялық бағыттағы әдебиеттің тіл үлгілері ретінде. Сол «кітаби тіл» (ол да әдеби тіл) ХІХ ғасырдағы әдеби тілмен жалғасып келіп, тарих сахнасынан бірден шығып қалған жоқ, барлық жақсы қасиет дәстүрінен бірден айрылып қала алмады.

Демократиялық бет алысын түзеп, ілгері дамудың даңғыл жолына түскен сол әдеби тіл бұрынғының сөздік қорындағы араб, парсы тілі сөздерін де өзінің тіл қазынасына қосты. Солар қазіргі әдеби тіліміздің елеулі сөз бөлшегі емес пе? ХVІІІ ғасырларда арабша сауаты болған ақын, жырау, жыршыларды т. б. замана «көне әдеби тіл» дәстүріне баулып, шығыс әдебиет үлгілерімен таныстырды (Мысалы, «Сал-сал», «Зарқұм», «Ләйлі—Мәжнүн» сияқтылардың өзі не тұрады?). Тіпті Абайдың Шығыс, Орта Азия әдебиетін жақсы білуі, алғашқыда оның ықпалында болуы, әдеби тілдің үлгілерін жас кезінде «өзіне тұмар етіп тағынып жүрген» кездері болғандығы сол айтылғанның көп дәлелінің бірі.

Қысқасы, төл әдеби тілдің алдында қыпшақтарға ортақ ортаазиялық әдеби тіл болмаса, қазіргі әдеби тіліміздің даму кезеңдері ХVІІІ—ХІХ ғасырдан басталмай, беріден басталар еді, оның жастығы қазіргіден де айқын сезілер еді.

Сондай-ақ қазақ әдеби тілінің Абай, Ыбырайлар салған жолымен ілгері дамуына орыс әдеби тілінің жасалу үлгілері мен байлықтары әсер етпесе, оның дәрежесі қазіргідей болар ма еді? Абайлардың Пушкин, Лермонтовтарды қазақ тіліне аударуына өздерінің көркем сөз шеберлігін шыңдауы әсер етпеген деп кім айта алады? «Қазақ әдебиетінің бұрынғы фольклорлық күйден шығып, жазба әдебиетінің тууына оның Абай, Ыбырай

---

<sup>87</sup> Кайдаров А. Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. Алма-Ата, 1969, с. 40.

секілді ағартушы, бұқарашыл ақын-жазушыларының шығуына ХІХ ғасырда өзінің классикалық дәуіріне жеткен орыс халқының реалистік әдебиеті прогрестік ұрық сеуіп, өнімін шығарғандай әсер етті»<sup>88</sup>, — дейді М. Қаратаев. Сол орыс әдебиеті әдеби процеске ғана емес, қазақ әдеби тілінің дұрыс бағытта дамуына да елеулі әсер етті.

Осылардың бәрі әдеби тілдің қоғамдық құбылыс орайында жан-жақты даму заңдылығына жатады.

Осындай пісіп жетілмеген процестің әрі қарай дамуы үшін де, әдеби тіл болашағы туралы саналы көзқарастардың қалыптасуы үшін де, оның алдында аяқ тірер үлгілері, мұнаралы биіктері болу керек қой. Солар жазба әдебиет шыққанға дейінгі ХV ғасырдан бері қарай, аз да болса аты шыққан, даңқына қазіргі ғалымдар тәнті болатын, тіпті әдеби тілдің өкілдері деп те танылатын Бұхар, Ақтамберді, Жанкісі, Тәтіқара, Көтеш, Шалдардан да бұрын болған Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет (ХV—ХVІ ғ.), Марғасқа, Жиенбет (ХVІІ ғ.) т. б. өлең-жырлары, фольклор тілі сияқты жазба әдеби тілді дамытуға өнеге, тірек болған дүниелер. Егер олар болмаса, жазба әдеби тіл де халық тілі негізінде ілгері дамудың даңғыл жолына тез арада түсе алмаған болар еді.

Біздің кейбір ғалымдар солардың тілін асыра мақтаймын деп шамадан тыс дәріптеп, әдеби тілдің өзі деп таниды да, оны «ауызша әдеби тілмен» ұштастырады. Шыны олай болмаса керек. Олардың бәрі, айналып келгенде, әдеби тілдің өзі емес, оның алтын қоры. Әңгіме олардың тек жазба әдеби тілге тән нышандарының жетілмеген, солғын, ішінара көзге түсетін, қалыптаспаған белгілері екенінде. Сондай белгі-нышандардың бастылары мыналар:

1. Фонетикалық жүйелер мен жалпы заңдылықтары және сөздердің көпшілікке ортақ орфоэпиялық нормаларының олармен орайластығы;
2. Лексика-семантикалық (фразалық) байлықтар мен олардың ғасырлар бойында жұмсалуындағы дағдылылық;
3. Қазақ тілі грамматикалық құрылысындағы жүйелілік және олардың жұмсалуында біркелкіліктің молдығы;
4. Ел аузында, халық тілінде көркем әдебиетке тән көріктеу амал-тәсілдерінің молдығы. Егер осылар болмаса, әдеби тіл солардың негі-

<sup>88</sup> Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім. Алматы, 1982, 212-6.

зінде жасалмаса, оның халықтық қасиеті де күңгірт болар еді.

Ауызекі тілдегі әдеби тілге тән негізгі белгілер дамып, өсіп жетілу үшін көп уақыт керек болды. Алдымен олар ауыз әдебиетінің шаңлағына құйылды, ел арасынан шыққан шешендер, ақын, жыраулар оның иін қандыра түсті. Тіл байлығын молайта түсуге, әсіресе мақал-мәтелдерді, фразалық тіркестерді дамытуға «көкірегі сезімді, тілі орамды» ақын, жырау, шешендердің, мысалы, Сыпыра жырау, Қаз дауысты Қазыбек, Жиренше сияқты үлесі мол болды.

Қысқасы, осылардың бәрі — қазақ әдеби тілінің халық тілі негізінде пайда болуының объективті заңды дайындықтары, даму арналары. Бірақ әдеби тілдің өзі емес.

Әдеби тіл жазба әдебиет арқылы жасалады. Солар арқылы әдеби тілге тән халық тілінде бар белгі-нышандар біртіндеп жетіледі және әдеби тілдің жаңа тіл байлықтары, жаңа нормалары, жаңа қызметтері, жаңа стильдік тармақтары қалыптасады. Осылардың бәрі ұзақ жылдар бойында халықтың сана-сезімінің, өнер-білімінің, мәдениетінің, экономикасының даму талабына сәйкес пайда болып жетіледі.

Қазақ халқының осы жетілген әдеби тілінің негізі — халық тілі болса, оның даму арналары халықтың ауызекі сөйлеу тілі, ауыз әдебиетінің тілі, ақын-жыраулар тілі және Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тіл үлгілері мен байлықтары.

Осылардың әрқайсысының әдеби тілге қатысы, байланысы туралы зерттеулер алдағы ғылыми-зерттеу жұмыстардың міндеті болу керек.

Төл әдеби тілдің негізгі даму арналары мыналар: 1. Халықтың ауызекі сөйлеу тілі; 2. Ауыз әдебиетінің тілі; 3. XV ғасырдан бергі жердегі ақын-жыраулардың өлең-жыр тілі; 4. Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тіл. «Бұлақтағы таудан арна ақса, теңіз болар аяғы» дегенді әдеби тіл туралы да айтуға болады.

Бұлақты таудан «аққан» осындай арналардың басы түйіскен «теңізі» — қазақтың төл әдеби тілі. Әдеби тіл әдетте халық өмірінің белді белесінде надандық шыр-мауынан шығып, даналыққа, өнер-білімге, мәдениет биігіне қол созған кезінде, жазба әдебиеттің шарықтап дамуға бет алған кезінде пайда болады. Сондай кездің

асқар биігінде тұрған Абай халқының надандықтан арылмағанына қайғырады, өкініп, бармақ тістейді.

Атымды адам қойған соң,  
Қайтып надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып онайын?

Қайран тіл, қайран сөз —  
Наданға қадірсіз...

Мұны Абай қазақ елінде мектеп саны көбейіп, сауаттылар саны артып, баспадан шыққан кітаптар көбірек тарай түскен кезде, XIX ғасырда айтып отыр. «Сол тұста орыс әдебиетінің классиктері (Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Крылов, Толстой т. б.) қазақтың жаңа ұлт әдебиетінің негізін салуға игі ықпал, әсер»<sup>89</sup> етіп, «Қазақ әдебиетінің бұрынғы фольклорлық күйден шығып жазба әдебиетінің тууына»<sup>90</sup> жол ашылған кезде айтып отыр.

Осылардың бірі жоқ тұста, надандық, қара түнек бұлттай қаптап жатқан баяғы ерте замандарда әдеби тіл болуы мүмкін бе еді?

Рас сол кездерде, әдеби тіл болмай тұрған кезде, небір тілінен бал тамған шешендер болған. Олар, Абай сөзімен айтқанда «Өткір тілді найза етіп, Сайысып-ақ бақты ғой, Неше түрлі айла етіп». Ауыз әдебиеті тілі мен ауызекі тіл әдеби тілмен ұласып, оның дамуының қайнар көзіне айналуы — жаңа заман тудырған тілдік өмір заңдылығы. Әдеби тіл солардан сусынданады. Кемерлене толықсыған ондай байлықтар әдеби тілдің даму арналары болғандықтан, әдеби тіл аз жылдар ішінде кемелдене түсті. Сол процестің қалай болғанын айқындау үшін де әдеби тілдің қандай категория екенін анықтау керек.

## 2. Ауызекі тілдің әдеби тілге қатысы

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілі — халық өмірінің ішкі дүние эталондарының айнасы. Халықтың ойы, сана-сезімі, іс-әрекеті, шаруашылығына қатысты ұғымдардың бәрі тіл байлығынан кең орын алған. Ел-жұрттың тағдыры найзаның ұшымен де, сөздің күшімен де шеші-

<sup>89</sup> Қаратаев М. Жоғарыда аталған еңбек, 212-б.

<sup>90</sup> Бұл да сонда.

летін кезеңдерде халық тілі өнерін «өнер алды — қызыл тіл» деп түсінген. Сондықтан ұшқыр сөзділік, тапқырлық, шешендік қазақ елінің табиғи ерекшелігінің бірі. Сөзі мірдің оғындай, қынаптан суырылған қылыштай өткір сөзге бай, елді аузына қаратқан шешендіктің алатын орны ерекше болды. Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін ойын дәл, әсерлі, тартымды етіп сөйлеуші шешендер сөз майданының ардагері болған. Қазақ арасында сондай шешен сөзіне құлақ қойып, ел оларды құрметке бөлеген.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында әңгіме-жырдың дүкенін құрған Барлас ақынды былай сөйлетеді.

— Е, балам «Шешенің судай төгілсін, тындаушың бордай егілсін» дегендей, сөйлеуді де, тындауды да сүйген ел — ел дағы!... (1-кітап, 57-б.).

Қазақ халқы шын мәнінде шешендікті сүйетін, асыл сөзді қадірлей білетін ел. Қазақ халқының ауызша сөйлеу тілінің осы бір ерекше қасиетін бәрімізден бұрын дұрыс бағалаған ертедегі орыс ғалымдары П. М. Мелиоранский, В. В. Радловтар болды.

Сондай ұшқыр тілді шешендер көшпелі қазақ елінің арасында ерекше құрметке бөленді. Олардың бірқатарының аты осы күнге дейін жұрттың жадында: Ұлы жүзде Майқы би, Төле би, Орта жүзде Әнет баба, Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, Кіші жүзде Мәме, Әйтке, Көбек, Қаражігіт, Қаратоқа, Есет, Есейгелді, Мөңке, Адай т. б. шешендер өткен деседі.

Бұлар тілі мен жағына сүйенген сөзуарлар емес, — ойы жүйрік, сөзі пысық, тапқыр, салмақты, кестелі сөз иелері. Бұлар ел арасының дау-жанжалына, халық басына түскен қаралы күндерде ақылгөй, қайғы-қасіретіне, қуанышына ортақтасқан жандар. Сонымен қатар олардың кейбірі хандар мен бай-молдалардың да жоғын жоқтаған, мұнын мұндаған, солардың да бетке ұстар қадірмендері болған адамдар.

Қалай болғанмен, шешендік — үлкен өнер. Сол өнер иелерінің шешендік сөз үлгілері<sup>91</sup> ертедегі халық тілінің әдебилігінің емес, ауызекі сөйлеу тілінің жоғары формасы екендігінің белгілері.

П. М. Мелиоранский қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, бай тілдердің бірі екенін айта келіп, қазақ-

<sup>91</sup> Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1975.

тардың әдемі, әсем, жатық сөйлеуге шебер болатынын, суырып салма ақындар, әншілер, жалпы шешен сөйлейтін адамдар халық арасында ерекше құрметке бөлейтінін сөз етеді<sup>92</sup>.

П. М. Мелиоранский бұл пікірді қазақ тілі грамматикасын жазу қарсаңында қазақтар арасында болып, көзі жеткен шындық түрінде жазған. Сонда да сол ойының тірегі В. В. Радловтың мына сөздері мен одан алған әсері болу керек: «Өздеріне туыстас түркі тектес елдермен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне, шынында, таң қалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде, ешбір мүдірмей, күрмелмей есіп жүре береді, ойларын дәл айқын етіп бере білумен қатар, сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікпен безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде, жәй сөйлеуде ырғақ анық байқалып отырады. Өлең шумақтарына ғана ұшырайтын сөйлеу түрлері жай сөздердің өзінде тіркес-тіркес келіп жатады, тыңдаушыларға өлең тәрізді әсер қалдырады»<sup>93</sup>. ...Ырғаққа құрылған сөздердің, дүниеде көркем өнердің жоғары сатысы деп ұғынатын, суырылған шешендікке жаны рақаттанатын халықтың сөздерінің солай болып келуі әбден түсінікті. Қалай айтса да революциядан бұрынғы осы орыс ғалымдарының екеуі де шындықты, дұрыстықты насихаттайды. Бұлар баспасөзге ден қоймаған, жазуы жоқ ел, сауатсыз адамдар туралы айтып отыр. Ондай кездерде халық шешендікті, сөз өнерін оқып үйренбейді, дәстүрге айналған өмір талабының іргесінде әуесқой есебінде, сөз арқылы талас-тартыс майданында үйренеді.

Сөйлеу тілінің екі түрі болады: 1) қарапайым түрі; 2) әдеби түрі. Бұлар, әсіресе қарапайым түрі, әр уақытта ауызекі, көзбе-көз, беттесіп сөйлесу орайында танылады. Күнделікті өмір қажеттігін өтейтін сөйлеу тілінде еркінділік күшті болады. Сөз арасында диалектизм, тұрпайы сөздер де айтыла береді. Беттесе сөйлескен кісілердің сөздері көбінесе сұрақ, сұраққа жауап түрінде, қысқа, тұжырымды болады. Сөздерді, сөйлемдерді сығымдап, шолақ қайыру арқылы айтып, мақсатты ойға пәлендей

<sup>92</sup> Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Спб., 1894, с. 3

<sup>93</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Спб., 1885, с. 3



нұқсан келтіртіп жатпаса, солай тұжырымдап, қысқартып сөйлеуді ауызекі тіл жағдайы көтере береді. Сондықтан кейбір сөздерді, сөз тұлғаларын толық түрінде айтпай, сөздерді, сөз тұлғаларын «жұтып қойып» сөйлеу (барам, желем, қып, ап т. б.), беттесіп сөйлесу орайында әбден орынды. Олар ойды шұбалаңқы етпей, қысқаша хабарлауға тірелсе, оның «айқындауыш мүшелері» кісінің бет-аузы, көзі, қолы, қас-қабағы, дауыс ырғағы тағы басқалар айтылған ойдың қосымша амалдары болады. Беттесіп сөйлескенде, адам әсіресе, бір-бірінің көзіне, бет пішініне қарайды. Өйткені «адамның көзі — оның ішкі сезімінің айнасы». Кейде өмірде адамның тілі сөйлемей, көзі сөйлеп тұрған да кезі болады. «Кейде көздер сөйлейді сөз орнына, Бұлттар ойнап жатады көңілдерде» — дейді ақын С. Мәуленов (Алтын тасқын, 37-б.). Ғабит Мүсіреповтің мына сөзіне көңіл аударайық: «Ұлпан да оның көзіне тік қараған. Не деген сөйлеп тұрған көз еді!» (Ұлпан, 148-б.). Тағы бір мысал: «Ұлпан мен Шынар көздерімен сөйлесіп, көздерімен шақырысып тұрған» (Сонда, 84-б.).

Кейбіреулер сөйлеп тұрып, тындаушының қалай тыңдап отырғанын білу үшін оның көзіне қадала қарайды (телефон, радио, телеэкран арқылы сөйлескен кісінің ондай мүмкіншілігі болмайды). «Ана туралы жыр» деген өлеңдегі:

Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін,  
Көгілдір көктемді көзіңнен танимын, —

деген жол да соның тағы бір дәлелі.

Осы айтқанымыз — ауызекі сөйлеу тілінің жазба тілден артықшылығы. Солай екен деп тек сөйлеу тілінде жазуға болмайды. Жазба тіл — әдеби тіл. Ол — ауызекі сөйлеу тілінің жоғары формасы. Оның да толып жатқан ерекшеліктері бар. Сондықтан А. С. Пушкин «Тек сөйлеу тілінің үлгісімен ғана жазу сол тілді білмегендік болып саналады» — дейді. Одан кейін А. С. Пушкин «Жазу тілі мен сөйлеу тілі бір-біріне пара-пар, бірдей бола ала ма?» деп сұрау қояды. Олардың бір-бірімен бірдей болмайтынын, жазу тілі ауызекі сөйлеу тілінде жиі пайда болып, сөздерімен толығып отыратынын, бірақ өзінің жазу дәстүріндегі ерекшеліктерін сақтау керектігін айта

келіп, «тек қана сөйлеу тілімен жазу — бұл тілді білмеумен бірдей»<sup>94</sup>, — дейді.

Сөйлеу тілінің әдеби түрі жазба әдебиет тілінен қоректенеді: шешен мүмкін болғанынша әдеби тіл үлгісімен сөйлеуге тырысады. Оның қолданған сөздері де, сөйлем құрылыстары да жалпы халықтық қасиеті бар, алдын ала кесіп-пішілген нормалар жүйесі болады. Онда да қарапайым сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер, мысалы, сөйлемдерді сазына келтіріп сөйлеу, сөздерді қысқартып пайдалану «Метро», «СҚ», «ҚазГУ» т. т. бола береді. Сөйлеуші қаншама көмекейі кесілген шешен болса да, оның айтқандары дәл хатқа түскен әдеби тілдей болмайды. Жазба әдебиеттегі сөздер әбден сараланған, кісінің ойлау, жазу елегінен өткен, ауызекі тілде айтыла бермейтін өрнектері болады. Сондықтан дәл айтылған қалпында жазылған жазу онша өтімді болмайды. Француздың ғалымы У. Бюффон «Рассуждение о стиле» деген еңбегінде былай дейді: «Өзі сөйлегендей жазатын адам қанша тамаша сөйлесе де, ол нашар жазатын адам»<sup>95</sup>.

Бұл жазба әдебиетінің тілдік ерекшеліктерін, әсіресе көркем әдебиеттің көріктеу тәсілдері мен эстетикалық әсерлерін алға қойғанда, оның сөйлеу тілінен артықшылығы мол деп ұғамыз. Ал сөйлеу тілінде «Балаң қашан келеді?» сияқты сөйлемді қырық құбылтып айту арқылы олардың мазмұнын өзгерте беруге болады. Көркем әдебиетте солардың бәрін дәлме-дәл сақтап жазуға бола қояр ма екен? Әдетте, ондайда жазушылар сөйлемдегі сөздің қалыпты орындарын ауыстырып, немесе комментарий, тыныс белгілері арқылы сөйлеушінің айтқан ойының қай мағынада екенін, қандай күйде отырып айтқанын түсіндіруге тырысады. Мысалы, — Балаң қашан келеді? Балаң қашан келеді!? Қашан келеді балаң?!

— Ертең келеді,— деді Жақып төмен қарап, күмілжіп.

Осындай беттесіп сөйлесуде бола беретін психологиялық күй, интонациялық, тағы басқа сөз бедерлерін жазба әдебиетте дәл сол қалпында қағазға түсіру де оңай емес.

«Айтылған сөз атылған оқпен тең». Оған қойылатын талап та күшті.

<sup>94</sup> Пушкин А. С. Полное собрание сочинений: В 10-ти т. Т. 7, с. 438—439.

<sup>95</sup> Бюффон У. Рассуждение о стиле. П., 1881, с. 31.

Адамның мінез-құлқында, жүріс-тұрысында, өзгелермен қарым-қатынасында ұстамдылық, байсалдылық, сыйпайгершілік болудың бәрі, айналып келгенде, оның эстетикалық талғамына негізделеді. Сондай жақсылықтың белгісі — адамның өзгелерге тіл қату, сөйлесу мәдениеті.

Сөйтіп, жазба әдеби тіл жасалмай тұрған кезде, ауызша тіл қаншама бай, көркем, шешендіктің құралы болғанмен, әдеби тіл деп есептелмейді, тек әдеби тілдің құнарлы байлығы болады.

Әдеби тіл — бір есептен, шартты, межелі тіл. Оның шарты — жазу, межеленіп жіктелуі, жалпыға бірдей ортақ нормаларының болуы, қоғамдық қызметі (баспасөздің, оқу-ағарту ісінің, қоғам жұмыстарының, мәдениеттің, саясаттың, мемлекеттік іс басқару жұмыстарының т. т.) кеңейіп, стильдік тармақтарының саралануы. Бұлар бірінсіз-бірі болмайды. Мұндай белгілері жоқ тілді асқан керемет тіл деп тануға болады, ал бірақ әдеби тіл деп тануға болмайды, болдырам деушілердің әрекеті — Сырдың суын теріс ағызам дегенмен бірдей. Сөйлеу тілінің әдебиеттік сапада жұмсалуды жазба әдеби тілдің ілгері даму барысында пайда болады. Соған қарап қазір әдеби тілдің жазбаша және ауызша формасы бар деп есептейміз.

Біздің түсінігімізше, қазіргі қазақ әдеби тілінің басы, сәбилік кезеңі, XVIII ғасырдың екінші жартысы болса, есейген еңсесі биік кезі — қазіргі Совет дәуірі.

Әдеби тілдің жалпы мәселелері, көп тілге қатысы бар мәселелері тіл біліміне ортақ. Сондай мәселенің бірі оның анықтамасы болса, тағы бірі — әдеби тілдің халық, ұлт тіліне қатынасы.

Орыс ғалымдары бұрын әдеби тілді халық тілінің жоғары формасы дейтін. Соңғы кезде оны ұлт тілінің жоғары формасы дегенді көп айтатын болды. Мысалы, проф. В. Иванов «...әдеби тіл — ұлттық тілдің жоғары формасы. Ол (әдеби тіл. — М. Б.) осы тілдің барлық жергілікті түрлерін бірте-бірте ығыстырып шығарып, орыс тілінде сөйлеушілердің бәріне ортақ біртұтас қарым-қатынас құралы болуға тиіс»<sup>96</sup>, — дейді.

К. С. Горбачевич өзінің «О нормах современного русского литературного языка» деген мақаласында былай дейді: «Әдеби тіл деп, әдетте, ұлт тілінің тарихи әбден

<sup>96</sup> Наука и жизнь, 1980, № 4, с. 115.

қалыптасқан, шындалған, өңделген формасын айтады»<sup>97</sup>. А. Ысқақовтың айтуына қарағанда «арғы заманда... халықтық әдеби тіл., бергі заманда ұлттық әдеби тілдің негізін ауыз әдебиеті тілі қаласқан»<sup>98</sup>, — дейді. Оның «арғы заман» деп отырғаны — XV ғасырлар тұсы.

Әдеби тілдің пайда болу процесі күрделеніп, әрі тілдің қоғамдық қызметі артып, кемелденіп, шоғырланып, нормаланып ерекше күш алған кезі — халықтың ұлттық сипатқа ие болып, тарих аренасының биігіне шыққан кезі. Қазақ елінің ұлт болу желісін кейбір тарихшылар XIX ғасырдан бері қарап тартса, біреулер оны XVI ғасырдан бастағысы келеді. Мұндай талас мәселені тіл фактілерімен шешу мүмкін емес. Өйткені халықтық әдеби тіл, ұлттық әдеби тіл дегендердің айқын тілдік жігі жоқ, екіншіден, қазіргі әдеби тілді ұлттық деп танығанда, ол халықтық қасиетін жоймайды, үшіншіден, ұлт болмаған тұста да халықтық әдеби тіл бола береді. Сондықтан, әдеби тілді халық тілінің жоғары формасы деп тану дұрыс. Кейбір зерттеушілер қазақ әдеби тілінің тарихын «арғы заманнан» бастауды қазақ халқының, оның тілін қолпаштау болады деп түсінеді.

Кейбір ғалымдарымыздың ойынша қазіргі әдеби тілдің негізі халық тілі бола тұрып, халықтың жазудан бұрын да ертеде (XV ғ.) ауызша әдеби тілі болған сияқты. Бұл пікір қазіргі «Қыз Жібек» сияқты опералардың арқауы халық әндері болса, қазақ елінде опера өнері ерте заманда болған деумен бірдей. Бұны ешкім айтқан жоқ, ол қаншалықты қате пікір болса, бұрын-соңды әдеби тілдің бәрінен бұрын (ауыз әдебиеті тілінен бұрын да) ауызша әдеби тіл болды деу соншалықты өрескел.

---

Халық тілі, бір есептен, кең алқапты, биік таудың бұлақтары сияқты. Тіл «бұлақтарының» құяр арнасының түйіскен жері — халық әдебиеті. «Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы» дегенді тілге образды теңеу еткіміз келсе, тілдік теңізді әдеби тіл дер ме едік?

Қазақтың мәдениет мұралары, мысалы ертедегі музыка өнері, әдебиеті қаншама керемет салмағы бар болғанмен, әдебиеттен ерекше күш алып дамыған түрін жазба әдебиет деп, музыка өнерінің кең құлашты қазіргісін

<sup>97</sup> Русская речь, 1980, № 2, с. 70.

<sup>98</sup> Ысқақов А. Ы. Алтынсарин және қазақтың ұлттық әдеби тілі. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 55-б.

профессионал музыка деп бөлеміз ғой. Олай ету — қоғамымыздың ілгері даму заңдылығының айғағы. Соны солай тану объективті түрде олардың тақыр жерге өспеген «дақылдар» екенін де, бұрынғы халық музыкасы мен халық ауыз әдебиетінің қаулап өскен, гүлденген, бағының алуан түрлі жемісін халық игілігіне айналдырған жетістік екенін де көрсетеді. Осы тұста біз халық музыкасын, халықтың ауыз әдебиетін кемсітеміз бе, оларды да дәріптеп, халықтың рухани азығы деп пайдаланып жүргеніміз жоқ па?

Қазақ халқының тілін әдеби және әдеби емес деп бөлгеніміз де дәл сол сияқты. Тілдің жазба әдебиетке түсіп, «иі қанып», сымбаттылық қасиетін күшейтіп, байлығын арттырып, әдеби тіл дәрежесіне көтерілуі оның негізінің терең тамырлы екенін де көрсетеді. Сондықтан, әдеби тіл — халық тілінің дамып жетілген, мәдениеті артқан ең жоғары формасы дейміз. Әдеби тіл бірден пайда болмайды. Ол — ұзын сонарлы жылжымалы процесс. Мысалы, біз қазіргі әдеби тіліміздің алғашқы сәбилік бірінші кезеңін XVIII ғасырдың екінші жартысы деп танысақ, сол кездегі жазба әдебиеттің тілі демократиялық бағыт алып, тіл тазалығын нысана еткен кезі, ол кез өлең-жырдан басқа да әдебиеттің молайып, тілдік нормалардың орныға бастаған кезеңі.

Сол тұста «шағатай әдебиет тілі», «кітаби әдебиет тілі» дегендердің тілдің бұратаналығын, жалпы түркі халықтарына не Орта Азия халықтарына ортақ тілдік нормалардың тігісі сөгіле бастайды. Ол да тайталассыз өзінен-өзі пайда болған жоқ, кітаби акындар тобындағылар (Шоқаманов, Шахмарданов, Махмудов) бұрынғы дәстүр бойынша қойыртпақ тілде жазуды дәріптесе, Мұрат, Омар, Шәңгерей, Біржан, Ақан, Ақмолда, Базар, Майлықожа, бертінде — Дулат, Шортанбай сияқты ақын-жыраулар тәжірибелері Абай, Ыбырайлардың тіл жұмсауда еңсесі биік ардагер болуына септігін тигізеді. Сол бағыт тілдік жаңа нормалар орнатуға жол ашты. Соның өзі қазіргі тілдің бас арқауы болды деп есептеуге тұрарлық.

Р. Сыздықова «Ашып алар жайттар көп» деген мақаласында (Қазақ әдебиеті, 1980, № 13) кейбір ақын-жыраулардың ертеде баспасөзде жарияланбаған өлеңдерінің тілін «жазуға дейінгі әдеби тіл» деп есептейді. Оны дәлелдеу үшін ол «...ақын-жыраулардың әрқайсысына

тән өзіндік сөз қолданыстары бар екендігі де хақ. Бұл — әдеби тілдің басты белгісінің бірі», — дейді. Бұл пікірге біз қосыла алмаймыз. Біріншіден, олардың өзіндік сөз қолданыстары қандай екені белгісіз. Екіншіден, ақын-жыршылардың өзіндік сөз қолданыстарының болуы — тілдің әдеби екенінің белгісі емес, ақын-жазушы тілінің стильдік ерекшеліктерінің көріктеу, көркемдеу тәсілдерінің бірі. «Бітпейді іштегі ғашықтық жарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» (Абай), «Жанымның жарық жұлдызы» (Қ. Аманжолов) дегендер ерекше сөз қолданыстар. Мұндайлар жазба әдебиеттің ғана көркем сөз үлгілері. Жазба әдебиетке дейін де дәл осындай болмағанмен, соған жақын метафоралық сөз тіркестері болуы мүмкін, бірақ олар халық әдебиеті үлгілерінің аясында жұмсалып, қазір де тілдің нәрлілігін көрсетеді.

Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,  
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек...

(Абай)

Сөзбен салынған сурет деп осындайды айтамыз. Ол тек дарынды, сезімтал, суреткер ақын-жазушылар тіліне тән. Ондай ғана емес, ақын-жазушының басқа да сөз жұмсау даралықтары тіл шеберлігімен үйлесіп жатса, әдеби тілге, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөз байлықтарын орынды қолданса, солардың нәтижесінде, қаламгердің тіл жұмсауда өзіндік шеберліктері байқалып жатса, әрине, олардың сөз зергері болғандағысы. Ақын-жыраулардың сөз қолданыс ерекшеліктері тілдің әдебилігінің белгісі болуы екіталай. Себебі «әдеби тіл» деген ұғым тек қана өлең, жыр тілдерін ғана қамтымайды, ол әдеби тілдің бір бөлегі ғана. Әсіресе, әдеби тілдің «басты белгісі» деп танылатын жайттар тек өлеңнің, не прозаның, не публицистика, не ғылыми әдебиет тілінің ғана белгілері болуы жеткіліксіз, ондай белгілер олардың бәріне бірдей ортақ болуға тиіс.

### 3. Диалектизмдердің әдеби тілге қатысы

Көптеген әдеби тілдер халық тілінде бар бірнеше диалектінің біреуінің негізінде жасалғанда, ол диалек-

тінің таралу аумағы, тіл байлығы. әдеби нышандары жағынан басқа диалектілерден елеулі артықшылықтары болуға тиіс. Соңғыларда бар профессионализм тағы басқа тіл ерекшеліктері орайына қарай, керегінде сол әдеби тілге өз үлесін қосып жатады. Сондай тілдердің диалектілік құрылысы әр түрлі болады. Бұл жағынан түркі тілдердің кейбір тобындағы диалектілер әр түрлі аралас тайпа тілдерінен құралса (мысалы, өзбек, алтай, азербайжан, ұйғыр), бірқатарында өзара туыс тайпалар тілдерінен жасалады екен (мысалы, түрікпен, хакас, татар). Тюркологтардың біразы қазақ тілін диалектілік айырмашылықтары аз, көрші тілдердің әсерінен туған диалектілік ерекшеліктері бар тілдер тобына жатқызады<sup>99</sup>. Ол топқа қазақ тілінен басқа қырғыз, ноғай, қарақалпақ, құмық, гагауз тілдері де жатады. Қазақ тілінің «диалектілік» құрамы осындай босан, әрі жадағай болуына қарап, қазақ тілі мамандарының көпшілігі ондағы жергілікті тіл айырмашылықтарын говор дәрежесінде таниды. Сондықтан, қазақ әдеби тілін орыс әдеби тілі Москва диалектісі негізінде, өзбек әдеби тілі Ташкент—Ферғана диалектісі негізінде жасалғандай, басыбайлы бір диалектіге телуге болмайды. Өйткені онда әдеби тілге негіз болатындай диалект жоқ. Оны бар деп есептеп, атын «солтүстік-шығыс диалектісі» деп атап, Абай, Ыбырайлар өз шығармаларын сол диалектіде жазды деуші С. Аманжоловтың пікірінің дәлелсіз екенін жоғарыда айттық.

Сонда да халық тілі негізінде жасалған қазақ әдеби тілі диалектизмдерден іргесін мүлде аулақ салмай, халық тілінде бар говорлық құбылыстарды керегіне жаратып отырады. Ондайлар кейде саналы түрде әдеби тіл байлығын молайту үшін жұмсалса, кейде тілде бар нәрсені дұрыс сұрыптай алмай, кейбір жазушылар өздеріне үйреншікті болған элементтерді талғамай қолдана береді. Мысалы, оңтүстікте қолданылатын *шетен*, *дақыл*, *шиіт* (мақтаның ұрығы), *жүйек*, *сүдігер*, *тоған*, *қарық* (грядка), *тыма*, *зембіл*, *наубай*, *мәрте*, *собық*, *жүгері*,

<sup>99</sup> Баскаков Н. А., Балакаев М. Б., Абдуллаев Ф. А., Азимов П. А., Ширалиев М. Ш., Юнусалиев Б. М. О современном состоянии и путях дальнейшего развития литературных тюркских языков. — В кн.: Тезисы докладов Всесоюзной конференции, посвященной закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. М., 1964, с. 34.

әңгелек, қозапая, нышалла (варенье), бөген әдеби тілде жиі қолданылатын болды.

Әдеби тілде оқта-текте қолданылғанмен, әдеби норма деп танылмайтын сөздерді көркем әдебиеттен жиі кездестіруге болады. Сондайды жұмысына негіз еткен және әдеби тілде орынсыз жұмсауға қарсы шыққан ғалымның бірі С. Аманжолов болды. Оның «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» деген кітабында Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарынан шыққан ақын, жазушылардың шығармаларынан көптеген мысалдар келтіріледі. Кейбір ғалымдар жеке жазушының диалектизмдерді қолдануы туралы бірнеше мақала жазды<sup>100</sup>. Ш. Сарыбаев «Ғ. Сылановтың шығармаларындағы диалектизмдер»<sup>101</sup> және «Көркем әдебиет тіліндегі диалектизмдер»<sup>102</sup> деген мақалаларында диалектизмдердің автор сөзінде орынсыз қолданылуына көптеген дәлелдер келтіреді де, М. Горькийдің бірнеше мақалаларында В. С. Иванов, Ф. Панферов, Л. Сейфуллиналардың диалектизмдерді жиі қолдануын ұнатпай айтқан мына пікірлерін келтіреді: «Провинциализм мен жергілікті сөздерге әуестік — сипаттаудың айқын болуына кесірін тигізеді», «Біздің әрбір губернияның, тіпті көптеген уездердің өздерінің «говорлары», сөздері бар, ал әдебиетші вятша немесе балахонша емес, орысша жазу керек»<sup>103</sup>. Осыларды қазақ жазушыларының да есіне сала кеткіміз келеді. Өйткені көркем әдебиет тілі осы күнге дейін орынсыз қолданылған, көпшілікке түсініксіз жергілікті сөздерді қолданудан арылмай қойды. Ондайды Т. Әлімқұловтың, Д. Досжановтың, Ә. Нұрпейісовтің, Х. Есенжановтың жазғандарынан жиі кездестіреміз. Мұндайды қадірмен авторлар қазақ тілінің сөз байлығын молайту деп те қарауы мүмкін, кейде өздеріне үйреншікті сөздердің ішінде әдеби тілге тән емес тіл ерекшеліктері жазылып жатқанын сезбеуі, сезсе де жатсынбауы мүмкін. Өйткені жазушы белгілі говорлы орталықта өсіп, жерлестерінің тілдік дағдысында тәрбиеленеді. Содан үйреншікті бол-

<sup>100</sup> Досқараев Ж. Абай, Ыбырай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктердің халық говорларына қатысы жайында. — Қазақ тілі мен әдебиеті (журнал), 1959, № 11.

<sup>101</sup> Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алмата, 1958, вып. 1.

<sup>102</sup> Қазақ әдебиеті, 1958, 14 ноябрь.

<sup>103</sup> Горький М. О литературе. М., 1953, с. 388.



ған тіл ерекшеліктерін сол айналадағы кісілердің өмірінен шығарма жазып отырып, оларды қолданбай отыра алмайды. Соның өзінде жазушының тіл жұмсау мәдениетіне белгілі ғылыми принциптер тірек болуға тиіс, ондағы принцип — ол ерекшеліктерді орнымен, стильдік образ жасау мақсатымен персонаждар сөзінде қолданып, өзінің авторлық баяндауларында өзгелерге өнеге-үлгі болатын, жалпы халыққа ортақ әдеби тілде сөйлеу. Осыны өз өлкесінің емес, басқа географиялық орталықтағы адамдар өміріне шығарма жазатындар да естен шығармаса дейміз. Осыған жақсы мысалдардың бірі деп М. Әуезовтің «Білекке білек» повесін атауға болады. Онда Түлкібас өңіріне ғана емес, басқа да жерлердегі қарапайым қазақтарды сөйлеткенде, олар Мұхтарша сөйлемейді, өздерінше сөйлейді:

— Бірақ оралып, буынып қалады-ау, тыпыршыған қараңқағыр.

— Оны мен бүйтіп қоймаймын. *Жиішкертем.*

— Жемің азайып қапты-ау!

— Бұдан артық қаяққа апарам сені?

— Қанша үрмет қысам да болмай-ақ қойдың ғой, жүдә!

«Білекке білектегі» осы сөйлемдердің ішінде диалектизм, қарапайым сөздердің бәрі қысқартылып, дыбыс құрамы өзгертіліп айтылған: *қараңқағыр — қараң қалғыр, жиішкертем — жиішкертемін, қапты-ау — қалыпты-ау, қаяққа апарам — қай жаққа алып барамын, үрмет қысам — құрмет қылсам.*

Осылай, сөздің түр-түрпатын өзгертіп айту оңтүстікте ғана емес, әр жерде кездеседі.

Тіпті, баяғы заманда, ауызекі тіл үлгісінде айтылған «Бозжігіт» қиссасында мынандай өлең жолдары кездеседі.

Құрбан қылдым өзімді  
Шын жарымнан қағам жоқ,  
Бөтен жарға барғам жоқ,  
Бұл өлімнен қалғам жоқ,  
Есен болың, достарым.

(Қазан, 1881, 62-б.)

Осылардай әдеби тіл нормасына жатпайтын ауызекі тілге тән қысқартулар қай жерде жиі айтылса, сол жер-

дің говорлық ерекшелігі болады. Сондайға «Білекке білектегі» мына мысалдар да дәлел бола алады:

— «Әтейі айтпай соға бер, бәлем!

— Таптық міне, қайт дейсің?..

— Аямасқа болмайт та, бастық.

— Оздырса қадірсай — әм үйдегі ісіміз, малымыз білет те». Сөзді ықшамдап айтудан оның мағынасы жойылмаса, ауызекі тіл үшін тиімді болмаса да ыңғайлы, кешірімді. Ал әдеби тілдің мәдениеті үшін сөздің дыбыс құрамын өзгертіп, тұрқын бұзып сөйлеу, солай жазу — шалағайлық, тіл бұзарлық. Егер әдеби тілде де сөздің басын жарып, көзін шығарып жазумен әуестенсек, ол жұртқа тіл білдіру болмай, тіл бүлдіру болар еді. Сондықтан М. Әуезовтің әлгіндей жергілікті тіл ерекшеліктерін авторлық баяндауларында емес, персонаждар сөзінде, онда да белгілі стильдік құбылыс ретінде қолдануында өзінше эстетикалық мәні бар.

Ал бірқатар авторларда жергілікті тіл ерекшеліктерін өз сөзінде қолданудың мәні керісінше болады. Басқаша айтқанда, онда ешқандай мән болмайды, сөйлем түсініксіз болады: Әлігі мекендердің есік-терезесін, еденін қайсыбір жұлмыт ұрлап тынштытпай жүр (Д. Досжанов. Зауал, 107-б.). Жылқышы болу оңай қаракет емес (Сонда, 62-б.). Сан дөңбекшіп көзі сәтке ілінсе..., ояна кетсе, сол бір мезі төсек, қисайып жатып ықылым дүниені ойша кезесің (Сонда, 127).

Күңгірт ойлы дәл осы сөйлемдердей болмаса да, «Ақ Жайық» романындағы мына сөйлемдер де оқушысын көп ойландырады:

Аязбай есіле көтерілді де, қоңыр дауыс орман ішін мәтөк әнмен бір көтеріп тастағандай (100-б.). Әлде бір мекерлік бар ма? Ол сол қолымен шәмбід бетіндегі сұйықтау біткен сары мұртын сипай түсті (247-б.). Баяғы ең ілкі көргендегідей ұзын кірпіктерін қақпастан Хакім асыра қарап тұр (18-б.). Бетінен оты шыға, көзінің аласымен қараған Остаптың бүгінгі жексұрын сүдіні тағы көз алдыңа келеді (45-б.).

Осы сөйлемдердегі сүдіні — пішіні, ең ілкі — ең алғаш, мәтөк — маңғаз сөздерінің орнына қолданылған.

Х. Есенжанов солай екенін білмеді емес. Жайық бойындағы қазақтар өмірін жазып отырғандықтан, романның тілі де соларға жақын болсын деген ойда болу керек.

Мұндайда басқа қазақтар оларды қалай түсінеді деп те ойлау керек қой.

Жазушы әдетте қарапайым сөздер мен диалектизмдерді шығармасына образ жасаудың да тілдік материалы етіп жұмсауы мүмкін. Мысалы: С. Мұқановтың «Сырдария» романындағы Сырбай — «дұға оқығыш», «сауатсыз адам». Оның диалогында «жүдә», «ой, жасаған» сияқты сөздер көп. Б. Майлиннің «Бір адым» деген әңгімесінде маскүнемдер туралы былай деп жазады: ... (олар) арбаның үстіне отырып «көк мойынды» сіміріп жатыр... Орта жасқа келген қазақ:

— Айда, Иван, көтер... — деді. Осындағы: «Көк мойын» (тағы бір аты — «Ақбамбет»), «айда» (жүр), «көтер» (іш) дегендер қарапайым сөздер. Қарапайым сөз — жалпы халықтық сөйлеу тілінің кейбір әлеуметтік ерекшелігі бар тілдік нұсқалары. Олар әдеби тіл нормасына жатпайтын, көбінесе дәрекі, жасық, дәкір сөздер болып келеді, мысалы: «қатын алу» (үйлену), «өзіміс» (өзіміз), «кембағал» (кедей, жарлы), «әйдік» (дәу, үлкен), «начандік» (начальник), «багон» (вагон), «былшыл», «оттау», «көк мойын», «шүйке бас» т. б.

Дәрекі, дәкір сөздердің көбінің әдеби тілде үйреншікті, сыпайы баламасы болады, мысалы: «қатын» — әйел, «шірік» — пасық, «былшылдама» — көп сөйлеме, бөспе, «шүйке бас» — әйел, қыз бала. Сонда да мұндайды әдебиетте қолданудың эмоциялық, тағы басқа стильдік қажеттілігі болады. Қарапайым сөздерді, осындай, әдебиетте пайдалану арқылы олардың бірқатары әдеби тілдің лексикалық құрамына енуі де мүмкін.

Әдеби тілдің лексикалық қорына жатпайтын сөздердің біразының жұмсалу қызметі кеңейіп, біртіндеп әдеби тілдің де байлығына айналуы (мысалы: *жүгері, собық, атыз, мәрте...*), әрине, халық тілінде бар кейбір ерекшеліктерге немқұрайды қарамағанымыз болар. Солай екен деп диалектизмдерді жөн-жосығы жоқ, нормативті сөздіктерге енгізе берудің зияны да көп. Ш. Сарыбаев «Казахская региональная лексикография» деген кітабында көптеген диалектизмдер түсіндірме, екі тілді, орфографиялық сөздіктерге енгенін көрсетіпті<sup>104</sup>.

Жазушылар диалектизмдерді орынсыз, керексіз жер-

<sup>104</sup> Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата, 1976, с. 51—60.

де шығармаларына енгізуі дұрыс емес деп сынауымыз өз алдына. Әдеби тіл нормаларын қалыптастыру үшін жалалатын түрлі сөздіктерге диалектизмдердің мол енгізуі қынжылтады.

Көркем әдебиет тілін әдеби тілдің бір саласы деп қарағанда, онда қолданылатын барлық сөздерді фонетикалық, грамматикалық құбылыстарды түгелдей әдеби тілге ғана тән деп қарамаймыз. Көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктеріне сәйкес жалпы халық тілінде кездесетін фактілердің барлығын да керегінде қолдана беруге болады. Сондықтан, көркем әдебиет туындыларында әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де, неологизм мен варваризмдер де кездесуі заңды. Көркем әдебиет тілі өзінің даму барысында, стильдік нормаларының шыңдалу процесінде жалпы әдеби тілге ықпалын тигізіп, оның құрамында жаңа сөздер мен сөз орамдарының қалыптасуына, белгілі бір стильдік заңдылықтардың тууына әсер етіп отырады. *Асау жүрек, үріп ауызға салғандай, жұлдыздар жымың қағады* тәрізді сөз орамдары көркем әдебиет аясында пайда болып, сол арқылы әдеби тіл нормасына айналса, екінші жағынан ол жергілікті қарапайым сөздермен де өзінің лексикалық байлықтарын молайтып отырады.

Асылы, қазақ әдеби тілінің о бастағы дамуы халықтық поэзия үлгісінде болғаны ешбір дау туғызбасқа тиіс. Онан кейінгі дәуірлерде, жазба проза шыққан дәуірде де, сол прозаның өзі де халықтық тіл байлығын пайдаланды. Солардың арасында диалектілік ерекшеліктер де кездеседі. Оларды қазақ әдеби тілінің тарихи дамуы тұрғысынан қарастыру, сонымен орайлас зерттеу принципі сақталмай жүр. Бұл тұста, ең алдымен, қазақ әдеби тілінің, оның ішінде қазақ жазба әдеби тілінің қалыптаса бастау дәуіріндегі тіл ерекшеліктері ескерілмейді. Өткен ғасырдың аяқ шені мен Октябрь революциясының алғашқы жылдарында жазба әдебиет онша дами қоймаған кезде халық тілінің бай қазынасының баспасөз бетіне түсуіне мүмкіндік аз болды. Ал Октябрьден кейінгі жылдары жағдай өте қолайлы болғанмен де, халық тілінің байлығы түгел әдеби тілден орын алды дей алмаймыз. Диалектілік ерекшеліктер мен әдеби тіл байлықтарының өзара қарым-қатынасқа түсетін кезінің өзі осы жаңа дәуір болды. Қазіргі кезде көз тоқтатып қараған кісіге

әдеби тілге еніп жатқан жаңа сөздердің қатарында диалектілік ерекшеліктердің де бар екенін байқау қиын емес. Одан қалса, халық тілінде қолданылатын афоризмдер мен бейнелі сөздер, сөз тіркестері де баспасөзге түгелдей түсіп болған жоқ. Ал әдеби тілге енген *асар, нөпір, мұрындық болу, мұңлық, талма-тал түс, атыз, мамыр, наубай, наубайхана* тәрізді сөздер мен сөз тіркестерін кейбір тілшілердің айтуына қарап диалектизмдер қатарына жатқыза беруге болмайды. Сол сияқты, әр түрлі говорларға телініп жүрген профессионалдық лексикаға да осы тұрғыдан қарау мақұл болар еді.

Бұл айтылған жайлар қазақтың халық тілі мен қазақ әдеби тілінің арасындағы арақатынас, халық тілінен әдеби тілге сөз ауысу процесі әлі аяқталып болмағанын көрсетеді. Сондықтан қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін сөз еткенде, осы жайды ескерту керек.

Бір жағынан, халық тілі мен әдеби тілдің, екінші жағынан, диалектілік ерекшеліктердің арақатынасы айқындалып болмағандығына тағы мынадай мысал келтіруге болады. Ет асқанда қазанға салынатын нанды Қазақстанның әр түкпірінде ғана емес, баспасөз бетінде де әр түрлі атайды. Мысалы, *нан, жұқа нан, іңкәл, қайыс нан, қамыр, жайма, құлақ нан*. Ал үйдің төбесіне көлденең салынатын ағашты *үрлік, көшер, білік* деп те айтып жүр. Әрине, бір ғана нәрсенің былайша әр қилы аталуы жазушының, не айтушының қай облыстан екеніне байланысты. Бірақ қазіргі кезде осындай атаулардың ішінен біреуін ғана алып, мынау әдеби тілдің нормасы деу қиын, бірақ болашақта біреуін ғана қабылдау керек.

Осындай мысалдарға қарап әдеби тілдің лексикалық құрамы әлі айқындала қойған жоқ деуге болмайды. Әдебиеттен әдеби еместің жігі айқын. Әдеби тілді байыту мақсатымен онда баламасы жоқ диалектизмдер мен кәсіби сөздерді барынша мол пайдаланып, оны әдеби тілге енгізуге әбден болады. Мысалы: *дақыл, жүйек, атыз, собық, сүдігер, қозапая, әңгелек, басыбалды, нәк, пісте, бадам* сияқты оңтүстік аймақтарда қолданылатын кәсіби сөздерді, немесе батыс аймақтарындағы балықшылар арасында жұмсалатын *шаланда, шалқа, батаға, түйір, шеңбер, ығыс* сияқты сөздерді әдеби тілге енгізудің ешбір сөкеттігі жоқ.

Қазақ тілінде, көбінесе, ел аузында екі, кейде үш түрлі вариантта айтылатын сөздер бар: *түз—дүз, мана—ба-*

ғана, бұлай—былай, бәкене—пәкене, гауһар—жауһар, күнәһар—күнәкар, дейін—шейін, ештеңе—ештеме, естікен—естіген, калош—галош, кірпікшешен—кірпішешен. мұның—бұның, мұнан—бұдан, едәуір—недәуір, бау—бақ, піспек—піскек, ризалық—ырзалық, сөйтіп—сүйтіп, тоқпан жілік—тоқпақ жілік, тілмар—ділмар, ынсап—нысап, қайтіп—қәйтпін, қазір—кәзір т. б. Бұлардың бірін бір диалектіге, екінші түрін екінші диалектіге телу де дұрыс бола бермейді.

Бұлардың ел аузында ғана емес, әдебиетте де қолданылу дәрежесі әр түрлі. Батыс аймақтарда қолданылатын *ату* сөзі (әдеб. — мәсі), *іңкәл* (қамыр), *бойлай* (ылғи) т. б. сөздер әдеби тілде кездеседі. Сондай-ақ жергілікті говорлардың кейбірінде мынандай фонетикалық ерекшеліктер кездеседі: *шақпақ—чақпақ, шаң—чаң, шатақ—чатақ, джигіт—жігіт, сора—сұра, оқсат—ұқсат* т. б. Қазақ тілі говорларының грамматикалық ерекшеліктері ретінде мынандай тұлғалар ғылыми әдебиетте көбірек көрсетіліп жүр: **-лы -лі: баралы, келелі** (барайық, келейік), **-ғын -гін: барғын, келгін** (бар, кел), **-жақ: алажақ, -сыңыз: айтасыңыз** <sup>105</sup>.

Диалектілік ерекшеліктерді жинау, жүйелеу мақсатымен соңғы жылдары жүргізіліп жатқан жұмыстар мұндай ерекшеліктердің сан жағынан аса көп еместігін дәлелдейді. Кейбір диалектологтардың пәлен жердің сөз ерекшелігі дегендерінің көпшілігі әдеби тілге тән, не әдеби тілге әлі еніп болмаған, әр жерде-ақ айтыла беретін сөздер. Мысалы, С. Аманжолов мынандай жалпыға ортақ сөздерді батыс диалектісінің сөздері деп есептейді: *айқара, байтаба, бағдар, зерен* (ыдыс), *кемпірауыз, мардымды, шымыр, қамба, қом* <sup>106</sup>. Оның бер жағында кейбір диалектілік тұлғалардың таралу шегі белгісіз. Мысалы, оңтүстік говорлар ерекшелігіне телініп жүрген кейбір фактілер Шығыс Қазақстанда, ал батыс говорларының ерекшелігі делініп жүрген кейбір фактілер солтүстік аймақтарда қолданылады. Жоғарыда көрсетілген мақалада С. Аманжолов, мысалы, *дозақ, самауыр* сөздерін оңтүстік диалектісіне, *нөпір, саржа, самаурын* сөзін

<sup>105</sup> Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 12-б.

<sup>106</sup> Аманжолов С. А. О диалектной основе современного казахского языка. — Известия АН КазССР. Серия филологии и искусствоведения, 1955, вып. 3—4, с. 13—44.

батыс диалектісіне жатқызған. Мұның дұрыс еместігін байқау үшін Абай, Ыбырай, Мұхтарлардың шығармаларына қарасақ та болады. Жоғарыдағы сөздердің бәрі соларда жиі кездеседі. Олай болса, тап бүгінгі таңда біраз диалектілік ерекшеліктердің таралу шегін ашып көрсету қиын.

Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін айқындауда кейде бір жақтылық байқалады. Жазба әдеби тілде, баспасөз бетінде аз ұшырайтын не ойда кездесе бермейтін сөздерді, грамматикалық тұлғаларды қолданған авторды, жергілікті диалектіде жазды деу — ол ақынды дәріптеу болмайды, кемсіту болады. Абай туып-өскен өлкеде тілдік ерекшеліктер бары рас. Мысалы: *ашы*, *шүперек*, *сияқты*, *пісті* дегендерді ол жақта «ашты», «шүперек», «сиықты», «пысты» деп те айтады екен. Бірақ Абай өз шығармаларында осындай өз елінің жасық сөздерін алмай, жалпы халыққа ортақ сөздерді саралап, өндеп, екшеп пайдаланған. Оның басқаға үлгі боларлықтай данышпандығының, ұлылығының бірі осында.

Тіл білімінде диалектизмдер — негізінде болашағы жоқ категория деп танылады. Өйткен әдеби тілдің даму барысында олардың біразы бүкіл халыққа тегіс таралып, тегіс түсінікті болып кетсе, біразы бара-бара ұмытылып қалып қояды. Бірақ олардың құрамындағы әдеби тілге қажет элементтерін алып қалу керек. Сондықтан біз оларға әдеби тілді байытудың бір арнасы, тіл тарихының материалы, халық тілінің қоры деп қарап, жан-жақты зерттеуіміз керек.

Алдын ала ескертін нәрсе — қазіргі қазақ тілінде лексикалық, фонетикалық, әрі грамматикалық ерекшеліктерімен оқшауланған, өздеріне ғана тән негізгі сөздік қорымен ерекшеленіп көзге түскен диалектілер жоқ, говорлар тобы бар. Бізге белгісіз көне дәуірде қазақ тілінде неше диалект болғанын ешбір тілші, ешбір тарихшы ашып бере алмады.

Бір тілде сөйлейтін халықтың барлығына бірдей түсінікті бола бермейтіндіктен, говорларды әдеби тілдің басты бір бөлшегі деп есептеуге болмайды. Сондықтан диалектілік ыңғайда сөйлеу, жазу әдеби тіл нормалары болып танылмайды. Әдетте диалектілер жергілікті халыққа тән сөздермен қатар, тілдің ең ескі элементтері, тілдердің тоғысуынан пайда болған қалдықтар мен басқа тілдердің әсерінен пайда болған ерекшеліктер өзінің

таралу шегі бар, әдеби тілге тән емес деп танылады. Сондықтан олардың бүгінгісін пайда болу, даму тарихымен байланыстыра зерттеу керек.

#### 4. Фольклор тілінің әдеби тілге қатысы

Ана тілінің мәдениеті артып, қоғамдық қызметінің кеңеюі жазба әдебиеттің дамып, қалыптаса түсуімен ұштасады. Жазба әдебиет майданының кеңейіп, әдеби тілдің халық өмірінде елеулі қызмет атқаруы — сол тілді пайдаланушылардың елеулі мәдени, рухани жетістігі. Ал әдеби тіл халық тілі дамуының жоғары формасы, ұшар биігі болса, оны иемденуші халықтың еңсесі биік, мәдениеті жоғары ел қатарына қосылғанының белгісі. Өзара тығыз байланыстағы бұл категориялар дәрежесі әр уақытта бір қалыпта болмағаны мәлім. Олардың алғашқылары мен қазіргілерінің айырмашылықтары жер мен көктей. Мысалы, Совет дәуіріндегі қазақ әдеби тілі дәрежесі мен ХІХ ғасырдағы әдеби тіл дәрежесінің арасы мүлде алшақ.

Қай тұстағы әдеби тілді алсақ та, оны ауыз әдебиет тілімен теңестіруге болмайды. Өйткені екеуінің арасында елеулі жақындық болғанмен, олар екі түрлі категория. Бұл айырмашылықтарды аз сөзбен айтып жеткізу қиын. Е. Жұбанов «Эпос тілінің өрнектері» (1978) деген кітабында фольклор тілінің ерекшеліктерін жан-жақты қарастырыпты. Сондағы алдына қойған мақсаты мынау: «...фольклор табиғатын тіл фактілері негізінде зерттей келіп, оның әдеби тілмен арақатынасын көрсету болмақ» (7-б.). Мұндай арақатынасты ол былай түсіндіреді: «...фольклор сөз өнерінің айрықша бір саласы ретінде кейінгі жазба әдебиеттің, тіпті, бүкіл әдеби тіліміздің қалыптасуына, қажетті мол азық болғаны мәлім» (6-б.). Сол кітаптың «Редактордан» деген кіріспесінде академик І. К. Кеңесбаев автордың «мол азық болғаны мәлім» дегенін күшейтіп, фольклор тілі әдеби тілдің «негізгі арналарының бірі болған» дейді: «Халықтың ауызекі сөз өнері қазақ әдеби тілін дүниеге келтірген, оған нәр берген негізгі арналардың бірі болғаны баршамызға мәлім» (3-б.). Осы дұрыс пікірді қолдап келген қазақ тілінің кейбір мамандары бұл мәселеге енді басқаша баға беретін болды. Мысалы: «Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары» (1981) деген жинақтағы



мақала авторларының біразы ауызша тілді де, фольклор тілін де әдеби тіл деп таниды. Аталған жинақтағы «Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл» деген мақаланың авторы Е. Жұбанов та енді фольклор тілін әдеби тілге жақындатады. «Бұрынғы, соңғы зерттеушілердің қай-қайсысы да «ауыз әдебиетінің тілі» әдеби емес деп кесіп айтқан емес. Дегенмен оны «әдеби қалыпқа түскен, өзіндік заңдылығы бар тіл» деп мойындай қоюға да екінің бірінің батылы бара бермейді»<sup>107</sup>, — дейді.

Қазіргі қазақ әдеби тілі қазақ халқының ауызекі тілінің ілгері даму заңдылықтары негізінде, халық өмірінің белгілі кезеңінде пайда болып, дамып келеді. Оны жетілдіруге жағдай тудыру және саналы түрде әрекеттенуіміз, тілдің қоғамдық қызметінің ұлғаюына сәйкес, оның сол ілгері даму процесіне кең жол ашқанымыз болады. Сондай әдеби тілдің даму кезеңдері әр түрлі болатындықтан, оны дәуірлеуге болады. Ал ауыз әдебиет тілін олай дәуірлеуге болмайды, себебі, ол ауызекі тіл байлықтарын бойына сіңіре отырып, ерекше әдеби тілдік жаңа сапа, жаңа дәрежеге көтеріле алмады, халық тілінің жоғары формасы бола алмай, ру-тайпалық, халықтық ауызекі тіл дағдысынан кол үзбеді. Оның себебі — ауыз әдебиетінің өмір сүру жағдайымен байланысты. Ол ауызша түрінде пайда болып, ауыздан-ауызға таралып, ұрпақтан ұрпаққа жатталып, адамдардың рухани мұрасына айналғанда, оларды әр елдің жыршысы, әр жердің жатқа айтушылары өзінше өзгертіп, тіліне өз «жаңалықтарын» енгізіп отырған. Сондықтан қазақ тілінде өте көп тараған ауыз әдебиет үлгілерінің әрқайсысының бірнеше нұсқалары болған. Олардың тілінде ел-жұрттың сана-сезіміне, ойлау қабілетіне сәйкес тіл көркемділігі — теңеу, әсірелеу, суреттеу, мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің жұмсалыуымен қатар, қарапайым сөйлеу тіл өрнектері, тіл ала-құлалықтары да жиі кездесетінін байқаймыз. «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» дастанының 16 нұсқасы бар екен. Соның 6 нұсқасынан құралған жинақ 1959 жылы басылып шықты (құрастырушы, әрі редакторы — Ы. Дүйсенбаев). Жинақ соңында 178 бет (275-беттен 353-бетке дейін) түсініктемелер беріледі. Онда көбінесе өлең құрылысы, тіл ерекшеліктері, олардағы ала-құла-

<sup>107</sup> Жұбанов Е. Ауыз әдебиеті және әдеби тіл. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 145-б.

лықтар сөз етіледі. Осындай «ел арасына көп тараған» ең көне жырда мұншалықты алалықтың болуы нені көрсетеді? «Қозы Көрпеш—Баян сұлудың» жаңа вариантында жыр былай басталады:

Мекен іздеп, жігіттер, кел кетелі,  
Ортасында көк төбе белгі етелі,  
Азаматтар, ерінбей тындасаныз,  
Қозы-Көрпеш, Баянды тербетелі.

Ал Березиннің нұсқасында осы жолдардың соңғы сөздері былай тұлғаланған: ...*Кел кетелік, ...белгі етелік ...тербетелік*. Тағы бірінде (52-б.) осы жылдардың сөз құрамы басқа. Березин нұсқасының 29, 32-жолдарында етістіктің есімше «екен» тұлғасы «еміс» түрінде (1), А. Фроловтың нұсқасының 5—8 жолдарында ол «еміш» түрінде (2) жазылған.

1. Қыл көпірден адамдар жүрер еміс,  
Әмме жанды сиратка айдар еміс,  
Тындай тұрған ерікпей ерлер болса,  
Ерте заман бір-екі бай бар еміс.
2. Қыл көпірден адамды айдар еміш,  
Қылмыстыны тамыққа айдар еміш,  
Тындай тұрған, жігіттер, ерлер болса,  
Ерте заман бір-екі бай бар еміш.

Осылардай, түпнұсқаларында бірізділік жоқ, ала ауыз, әр деңгейдегі жырдың тілін әдеби тіл деуге келмейді.

Әдеби тілдің басты сипатының бірі оның нормалану дәрежесінің қандай екенімен өлшенетін болса, бұл жағынан фольклор тілі құр алақан болмас, бірақ дәрежесі мүлде төмен екенін мойындамасқа болмайды. Е. Жұбанов жоғарыда аталған кітабында соны дәлелдейтін көптеген мысалдар келтірген. Солардың кейбіреулері мыналар: «Қозы-Көрпеш» жырында *айналды//айланды, жанғыз//жалғыз, біржолата//біржола, күмән//шүмән//шүбә, ерте//ерле, жұмала//домала, жұбап//жауап, уату//жұбату* секілді ауытқулар көп. Олар жырдың барлық нұсқаларынан ұшырасады»<sup>108</sup>.

«Қыз Жібек», «Алпамыс» жырларында бұйрық райдың II жағы *көтергін, жүрмегін, келгін, сұрағын, ішкін* тұрпатында айтылуы — басқа жырларда кездесе бермей-

<sup>108</sup> Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978, 95-б.

тін ауытқулар. Осылардай, ауыз әдебиетінің біріндегі сөздер мен грамматикалық тұлғалар басқаларында басқаша болуы, ала-құлалық және бір эпос жырында не бірнеше вариантты шығармаларда әр түрлі, құбылмалы мысалдардың жиі кездесуі, әрине, әдеби тілге тән нормалық талаптардың фольклор тіліне сай еместігін, барынша жүдеу екенін көрсетеді.

Тілдің нормалық дәрежесінің төмен болуы әдебиеттің жазба әдебиет болмағандығынан, тілде барды сұрыптаудың жадағай, ауызекі тілдегілермен әуендес екенімен байланысты. Сондайларды, әсіресе өлең жолдары арасында комментарий ретінде ой арасын байланыстыру үшін айтылатын қарасөзді сөйлемдердің құрылысынан да байқауға болады. Ондай фольклор тіліндегі прозалық баяндаулардың синтаксисі көбінесе жадағай, жай сөйлем болып келеді. Мысалы: «Хан ол хатынды алды. Үйіне келді. Хан хатынды алған соң ауру болды» (И. Березин. Турецкая хрестоматия, 1876, т. 3.).

Халық әдебиеті үлгілерінің тілінде сөйлемді көркем әдебиет тілі стиліне жуықтататындай етіп сұрыптап, ықшамдап құру әрекеті байқалмайды, қайталау жиі ұшырайды. Мысалы: «Бұл сол жеті басты жалмауыздың үйі екен, ішінде өзі жатыр екен, жеті күн, жеті түн ұйықтайды екен. Сол күні ұйықтаған екен» (В. Радлов. Образцы., т. 3, 216).

Әдеби тілдің басқа сипаттамалары тұрғысынан қарағанда да ауыз әдебиетінің тілін әдеби тіл деуге болмайды.

Сөз жоқ, ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке әсері болды. Ондағы мақал-мәтелдер, теңеулер мен көшпелі өмірден алынған образдар т. б. осы күнге дейін жазба әдебиетіміздің сарқылмас алтын қоры орайында пайдаланылады. Соның өзі халық музыкаларын қазіргі композиторлардың опералық туындыларында пайдаланғанындай, жазба әдебиеттің сән-салтанаты халықтық сипатын арттыра түседі.

Фольклордың, әсіресе эпикалық түрлері — батырлар жырлары, ауыздан-ауызға көшіп, көп халыққа ортақ болады. Мысалы: «Алпамыс» қазақтарда да, өзбектерде де бар. «Қозы-Көрпеш» бізде де, Алтай халықтарында да бар. Біздің фольклористердің айтуына қарағанда, ауыз әдебиетінің үлкенді-кішілі түрлері көп халыққа ортақ мұра.

«Сондай-ақ ноғайлы дәуірінде туған атақты «Қыз Жібек» тәрізді біраз жырлар ноғайлы жырлары деп аталады. Ал сол ноғайлы жырларын жасауға қарақалпақ, Сібір халықтары, қарашай, құмық т. б. көптеген халықтар қатысқан. Қысқасы, ауыз әдебиетінің ескілікті, көне дәуірлерінен келе жатқан шағын түрлері салт өлеңдерімен қоса Қорқыт аңызы, Асан қайғы, Сыпыра жырау, Жиренше шешен, Алдар көсе, Ер Төстік, Ер Көкше, Қамбар, Алпамыс жырлары түркі тілдес халықтардың көбінен ұшырасатын, қыпшақ пен оғыздар арасынан шыққан ортақ мұра есепті<sup>109</sup>. Бұлардың бәрінің желісі бір, өрнегі, тілі ұқсас болғанмен — бөлек-бөлек нұсқалар. Қырғыз эпосы «Манастың» жеке тарауларын Жамбыл, «Көкөтайдың асы» деген тарауын ақын Кенен Әзірбаев жырлады деген сөз бар. Солардың қырғызшасы мен қазақшасы бірдей болмауы түсінікті. Ал ондай емес, кіші-гірім ауыз әдебиеті көп халыққа ортақ түрлерінің бір халықтың ішінде бірнеше вариантта, алуан түрлі тіл ерекшелігімен өмір сүруі нені көрсетеді? Олай болу, біріншіден, ауыз әдебиетінің табиғатына тән заңды құбылыс болса, екіншіден, олардың тілінің нормаланған әдеби тіл еместігін көрсетеді. Соңғыны кейбіреулер халықтың ауыз әдебиетінің тілін кемсіту, қорлау деп түсінеді де, оны қолпаштау үшін, оның тілі де әдеби тіл болу керек деген «жақсы ниет» білдіргісі келеді. Бірақ ол шындық емес, шүбәлік.

Қазақтың ауыз әдебиетінің тілі туралы айтармыз мынау: оның тілі шын мәнінде әдеби тіл емес, бірақ әдеби тілге қатысты, әдеби тілге тән кейбір нышандары бар — сөз байлығы, сөз тіркестері, сөйлем құрылысы бір-қатар ауыз әдебиеттерінде ауызекі тілдің жақсы үлгілері ретінде жұмсалады. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостардың тілінде халық даналығының сомданған ақыл-ой көріністері сақталған. Олардың ғана емес, жалпы әдебиеттің о баста ауызша айтылып, кейін ел арасына көп таралып, тіл құрылысына енген өзгерістері, бір жағынан тіл шұбарлығына душар етсе, екінші жағынан тілдік талғам, саралау, көріктеу, тіл байлығын молайту процестері де жүріп жатты. Осылай диалектикалық тіл дамуының ұтымды, прогрессивті жақтары кейін пайда болған жазба әдебиет тілінің дамуымен ұштасады. Осыны ескеріп, ауыз әдебиетінің тілі тікелей

<sup>109</sup> Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы, 1981, 54-б.

әдеби тіл дәрежесіне көтерілмегенімен, әдеби тілді жа-  
саудың алғашқы лабораториясы, негізгі арнасы болды  
дейміз.

Сондықтан жазба әдебиеттің қайраткерлері өздерінің әдеби еңбектерінде ауыз әдебиетінің үлгілерін, сюжетін ғана емес, тіл байлықтарын да пайдаланады. «Бұған Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, С. Мұқанов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов т. б. творчестволық тәжірибелері дәлел»<sup>110</sup>.

А. Ысқақовтың айтуына қарағанда, XV ғасырларда «Ауызша әдеби тіл» болған да, кейін «ауыз әдебиеті тілі» — әдеби тіл пайда болған сияқты. Автор ауыз әдебиет тілінде бар ерекшеліктердің, ала-құлалықтардың мол екенін, олардың пайда болу себептерін дұрыс көрсетеді<sup>111</sup>. Содан кейін автор: «Ауыз әдебиеттің тілі, осындай өзіне тән ерекшеліктер бола тұрса да, арғы замандарда — халықтық деңгейдегі кезде — халық әдеби тілінің, бергі замандарда — ұлттық кезеңге асқан шақта — ұлттық әдеби тілдің негізін қаласқан...»<sup>112</sup> — дейді. Бұл дұрыс пікірдің үйлеспейтін жері — «арғы замандағы ...халық әдеби тілінің де негізін қаласқан» дегені. Оның «жорамал жасауына» (өз сөзі) қарағанда, арғы заманда, XV ғасырлар шамасында «ауызша әдеби тіл» болған. Бұған дәлел де, анықтама да жоқ. Басқа бір мақаласында ауыз әдебиеті тілін «әдеби тіл емес» деушілер қателеседі дегендей ой тастайды да, былай дейді: «...ауыз әдебиетінің тілі сол жалпы халықтық тілдің «әдебиеттенген» үлгісі екенін мойындауға тиіспіз»<sup>113</sup>.

Сөйтіп А. Ысқақов ауыз әдебиеті тілін бірде «әдебиеттенген» тіл десе, бірде әдеби тілдің «негізін қаласқан» дейді.

Осындай екі ұшты пікірді Е. Жұбанов та айтады. Ол ауыз әдебиет тілін әдеби тіл емес дегендерді (Т. Қордабаев, Е. Жанпейісов, М. Томановтарды) сынау үстінде оған тән тілдік сипаттарын біршама дұрыс айтып келеді де, ақырында мынандай екі ұшты қорытындыны жасайды:

«Қазақтың қазіргі әдеби тілі әуел баста халық тілі,

---

<sup>110</sup> ҚСЭ, 1972, 1-т., 580-б.

<sup>111</sup> Ысқақов А. Жоғарыда аталған мақаласы, 54—55-б.

<sup>112</sup> Бұл да сонда, 55-б.

<sup>113</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974, 1-т., 9-б.

халықтың ауыз әдебиетінің тілі, буржуазиялық, одан социалистік ұлт тілі, ұлттық жазба әдеби тіл болып сабақтасып, үздіксіз даму жағдайында күні бүгінге жетті»<sup>114</sup>. Одан кейін автор ұлттық әдеби тілдің алдында соған негіз болған мынандай тілдер болғанын айтады: 1) халық тілі; 2) ауыз әдебиетінің тілі; 3) буржуазиялық ұлт тілдері; 4) социалистік ұлт тілдері. Осылардың алдыңғы екеуін айтса да жеткілікті болатын еді ғой.

Қазіргі қазақ әдеби тілі халық тілі негізімен біте қайнаскандықтан, ол екеуінің арасында пәлендей айырмашылық жоқ сияқты болып та көрінеді. Сондықтан болар Ғабиден Мұстафин қазақ тілін әдеби және әдеби емес деп бөлуді құптамайды.

«Уақыт және қаламгер» деген жинақтағы мақаласында (1975, 12-б.) «Дұрысында, халық тілі мен проза тілінде айырма жоқ» десе, одан бұрын «Қазақ әдебиетінде» жарияланған мақаласында қазақ тілін әдеби тіл және халық тілі деп бөлуге қарсы екенін ашық айтқан. Оның бұлай дейтін себебі, әдеби тіл баяғыдай «бөгде тіл», «кітаби тіл» дегендерге жатпайды дейтін болу керек. Шынында ол екеуінің (халық тілі мен әдеби тілдің) тілдік құрылысы бірдей бола тұрып, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар. М. Горькийдің белгілі қағидасы бойынша халық тілі пісіп жетілмеген тіл де, әдеби тіл — сөз шеберлері шыңдаған тіл. Мұнда әдеби тіл халықтық тілдің негіздерін қамтып, бойына сіңіретіні, «шикі» тіл сөз шеберлерінің «дүкенінде» шыңдалуға тиісті екені аңғарылады. Сол айтылған шеберлер — халық өкілдері жазушы, ақын, ғалым, журналистер және әдеби тілді пайдаланушы басқа мамандар, әдеби тілдің шеберханасы — жазба әдебиет — баспасөз, радио, телевидение, жиналыс, съезд, конференция, аудитория, мектеп т. т. «шикі тіл», нормалана қоймаған, «сөз шеберлерінің» таңдау, талғау елегінен өтпеген тіл категориялары — әсіресе жергілікті диалектизмдер, сөйлеудегі оғаштықтар.

Осындай айырым бағытта дамып келе жатқан қазақ әдеби тілінің ілгері даму барысында пайда болған өзіне тән белгілері де бар. Соларды жинақтап айтқанда былай болмақ:

---

<sup>114</sup> Жұбанов Е. Қазақ ауыз әдебиеті және әдеби тіл. — Кітапта: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981, 153-б.

Жазба әдебиет арқылы белгілі нормаға түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тілді әдеби тіл дейміз.

Осыны құптайтын болсақ, ауызекі тіл де, сол ауызекі тіл дағдысын сақтаған ауыз әдебиетінің тілі де әдеби тілді ғалымдар жасаудың негізгі арналары. Кейбір ғалымдар осыны қомсынып және әдеби тілдің тарихын әріден бастаудың мәні осылай болады деп, ауызекі тілді, ауыз әдебиеті тілін қолпаштаған болып, оларды бәрі бірдей әдеби тіл деп есептейді. Осындай қисыны жоқ пікірді А. С. Пушкиннің мына сөздері тұрғысынан қарап көрейікші: «Жазба тіл сөйлеу тіліне мүлде ұқсас бола ала ма? Жоқ, сөйлеу тілі де еш уақытта жазба тілге ұқсас бола алмайды. Тек қана ауызекі тілде жазу — тіл білмегендіктің белгісі»<sup>115</sup>.

Қазіргі шешен мүмкін болғанынша әдеби тіл үлгісімен сөйлеуге тырысады. Олардың қолданған сөздерінде, сөйлем құрылыстарында жалпы халықтық негізі бар, алдын ала кесіп-пішілген нормалар жүйесі болады. Онда да қарапайым сөйлеу тіліне тән ерекшеліктер (мысалы, сөйлемдерді сазына келтіріп сөйлеу, сөздерді қысқартып пайдалану) бола береді. Сөйлеуші қаншама көмекейі кесілген шешен болса да, оның айтқандары дәл хатқа түскен әдеби тілдей болмайды. Жазба әдебиеттегі сөздер әбден сараланған, кісінің ойлау, жазу елегінен өткен, ауызекі тілде айтыла бермейтін өрнек-бедерлері, тілдік материалдары болады.

Сөйтіп, жазба әдеби тіл жасалмай тұрған кезде, ауызша тіл қаншама бай, көркем, шешендік құрал бола алғанымен, әдеби тіл деп есептелмейді. Әдеби тілдің ауызша формасы жазба әдеби тілдің даму барысында пайда болады.

Қазақ халқының бұрынғы музыкалық өнерін, халық ойындарын жетер жеріне жеткізе айтқан кісінің аузының суы құриды, тыңдаушыны рахатқа бөлейді. Бірақ сол кездегі музыка симфониялық, ойын-сауық — драмалық өнер емес еді ғой. Сондай-ақ, қазақ тілінің ұшқыр, бай, көрікті, әсерлі болуы, небір шешендердің, билердің ел арасынан, жүзден бірі болса да, көзге түсіп, сөз дариясының буын бұрқыратып жататын. Музыкада Құрманға-

<sup>115</sup> Пушкин А. С. Полное собрание сочинений: В 10-ти т. Т. 7, с. 438—439.

зы, Тәттімбеттердің күйлері өз заманының белес-белес шындары екені рас. Қазақтың бұрынды-сонды музыкалық өнері осы күнде ұлттық өнер бола тұра, көпке ортақ интернационалды өнерге айналып отыр. Олар қазір жеке домбыра аспаптарымен ғана емес, оркестрлі: түрлі сарын, әуенді аспаптар арқылы тыңдалып жатқан жоқ па? Қазақ тілі де сол сияқты ертедегі халықтың тек қарымқатынас құралы ретінде коммуникативті қызмет атқаруымен қатар, барлық іс-әрекетіне, ауыз әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне қызмет етті. Қазір қазақ әдеби тілінің «симфониялық оркестрі» — кең алқапты, көп тармақты, бай әдебиеті де, «хор капелласы» — қазақ елі күндегісін күнде құлақ түре, әр орайда тыңдайтын, құлақ құрышын қандыратын әсерлі үні.

Қазақ халқының ән-күйі операға ұласып, ауыз әдебиеті көркем әдебиетпен жалғасып, ауызекі тіл әдеби тіл дағдысына еніп, дами түсуі — жаңа заман тудырған, өрісі кең мәдениетінің заңдылығы.



### III. ӘДЕБИ ТІЛ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ МОЛАЮ ЖОЛДАРЫ

#### 1. Жалпы мағлұмат

Әдеби тіл лексикасы дамуының екі түрлі жолы бар: 1) халық тілінің ішкі потенциал мүмкіншіліктерін пайдалану жолы; 2) өзге тілдерден сөз қабылдау жолы. Осылар қазір тілдің, әсіресе әдеби тілдің, ілгері даму тарихында елеулі орын алады. Бұл екеуі таразының екі басы сияқты тепе-тең дәрежеде болуы шарт емес. Әдеби тіл ерте заманда бөгде тіл негізінде жасалған болса, халық тілінің ішкі мүмкіншіліктерін пайдалану (әрине, болса) екінші орында болады да, бөгде әдеби тіл халық мүддесіне емес, алдымен, отарлаушы топтар үшін қызмет ететіндіктен, сөздері көбінесе сірескен ресми стандарт түрінде жұмсалады. Халықтың «ана тілі» деген ұғымы ондайда аяқ асты болады. Ертедегі отар елдер тілінің жағдаяты (мысалы, Африкада, Индияда) осылай болатын.

Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тілдің жұмсалыуына пантюркизм, панисламизм идеялары таңылғандықтан, сөз байлығы негізінде өзбек тіліне тән болғанмен, онда басқа да оғыз—қыпшақ тілдерінің сөздері аралас болатын да, кірме сөздер араб-парсы тілдерінен алынатын. Ол жасанды тілдің өмірі ұзақ болмады.

Біздің заманымыздағы жаңарған жаңа елдің әдеби тілдері мүлде басқа бағытта, прогрессивті даму, жетілу майданында өмір сүріп келеді. Мұндағы әділетті шындық—әдеби тілдердің соларды пайдаланатын халықтардың тіл байлықтары негізінде екендігінде.

Қазір қазақ әдеби тілінің сөз байлығы қанша екенін білмейміз. Білетініміз — әр алуан жазба әдебиет арқылы

(қазір әдебиеттің пәлен жанры, пәлендей түрі кенже қалды деуге болмайды) қазақ халқы тілі қазынасындағы сөздер мол қамтылуда. Қазіргі әдеби тілдегі сөздердің, шамамен, 75%-і сол алтын қор қазынадан алынған сөздер де, қалғандары орыс, араб, парсы, т. б. тілдерден енген сөздер болу керек. Сондайлардың арасалмағын шамалау үшін Л. З. Рүстемов орыс тілінен қазақ тіліне аударылған бір текстің сөздерін санапты. Оның айтуына қарағанда, мыңнан астам сөздерінің 72%-і төл сөз, 14,9%-і араб-парсы, 12,9%-і орыс тілінен енген сөздер<sup>116</sup>.

Әрине, көркем әдебиет текстерінде төл сөздердің саны бұдан да көп, ғылыми-техникалық әдебиеттердегі орыс тілінен енген терминдердің саны одан да көп, ал көркем әдебиетте аз болуы мүмкін. Олай болуы түсінікті де. Қалай болса да, бұл арадағы шындық — халық тілінің сөз байлық сарайының қақпасы әдеби тіл үшін кең ашылғандығы.

Әр халықтың сөз байлығы — оның ұзақ ғасырлар бойы басынан кешірген өмірінің, іс-әрекетінің, ақыл-ой жұмыстарының тілдегі көрінісі. Тілдегі сөздер қажеттіліктен пайда болады да, халықтың қарым-қатынас қажетін өтеу үшін жұмсалады. Сөз — адамдардың айналасындағы объективті шындықты, заттар мен құбылыстарды, іс-әрекетті, сан-сапаны айырып тани білгенінің көрінісі.

Қазақ халқы ұзақ жыл өмірінде мал шаруашылығымен шұғылданды. Сондықтан малға, малдың жемшөбіне қатысты атаулар орыс тіліндегіден де көп. Мысалы, түйе малының қазақ тілінде 100-ден астам атауы болса (*нар, бура, үлек, қылқи, оқпақ, қылағай, іңген, қоспақ, бота, атан* т. б.)<sup>117</sup>, орыс тілінде «верблюд» деген бірақ сөз негізінде оның түр-түрін сөз тіркестері арқылы немесе, «верблужонок», «верблюдица» дегендей туынды сөз арқылы атайды. Қазақ тілінде шөптің екі мыңдай (ыран, ебелек, жантак, күйреуік, шытыр, балықкөз, атқұлақ, киікоты сияқты) аты бар екен. Солардың біразы (мысалы, жантак, күйреуік, итсигек, адыраспан) орыс тілінде болмауы мүмкін. Соларға қарап қазақ тілі орыс

<sup>116</sup> Рүстемов Л. З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982, 21-б.

<sup>117</sup> Жакипов А. Термины верблюдоводства в казахском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1983.

тілінен «бай екен» деген қорытынды шығаруға болмайды.

Кәсіп, іс-әрекет, әдет-ғұрып, семьялық қарым-қатынас т. б. орайда танымал болған заттардың аттары, сан-сапалары, қимылдары т. т. номинативтер әдеби тілдің негізгі сөздік қоры есебінде әдеби тілдің де әр түрлі стильдік талғам, не бейтарап сөз байлығына айналды. Академиялық, тағы басқа сөздіктердегі сөздерге лексика-семантикалық стильдік белгі беріліп жіктелмегендіктен, төл сөздердің әдеби тілде жұмсалу аясын, стильдік қызметтерін, қарапайым (просторечие), диалектизм, историзм, неологизм екендерін айырып, талдау жасалмағандықтан, халық тілінің сөз байлықтарының әдеби тілде жұмсалу ерекшеліктеріне толық талдау жасау мүмкін емес. Сонда да әдеби тілге тән, не әдеби емес сөздерді диалектологиялық зерттеулерге, сөздіктерге сүйеніп әркім, өз білгенін пайдаланып сұрыптауға болады.

Қазақ сөздері көркем әдебиеттің көріктеу, шеберлік құралы болса, олардың бірқатары поэтикалық көтеріңкі ой, эмоция, экспрессия талабына сай жұмсалса (мысалы, жүрек, білек, көрікті, көркем, әсем, шабыт, майталман, тұңғыық, жібек), публицистикалық әдебиетте қарапайым қазақ сөздері жаңа терминдік мәнде жұмсалады (мысалы, құн, кенес, күрес, жаратылыс, басқарма, жарыс, тап, құрылыс, құрам). Совет тұсында қазақ тіліне енген неологизмдердің көбі газет-журналдар арқылы әдеби тілге еніп қалыптаса түсті де, сол публицистикалық әдебиет стилінің лексикалық ресурстарына айналды.

Қазақ тілінің сөз байлығы әр түрлі қызмет (функция) атқаратын әдебиетте жұмсалу нәтижесінде олардың бірқатары түрлі стильдер байлығы (ресурстары) болуға ыңғайланса, бірқатары барлық стильге бірдей қызмет етеді.

Солардың ішінде кірме сөздер де болады. Кірме сөздер әдепкіде естіген құлаққа жат, айтуға онша үйреншікті болмаған, тосаң сөз болуы мүмкін. Олар, әсіресе әдеби тілдің сөз байлығына айналғанда, жалпы халықтық сипат алып кетеді. Солардың бір бөлігі — қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Қазіргі әдеби тілдің басталу кезеңі, шамамен, XVIII ғасырдың аяқ шені, қазақ елінде феодализм ыдырай бастаған, сауда капитализмі енді ене бастаған кез деуге болады. Сол тұста

«шағатай тілі» негізінде пайда болған қазақ әдеби тілі ат төбеліндей азғантай сауатты зиялыларға, молдалар мен басқа да діншілдерге, қоғамдық, әкімшілік топтардың мүддесіне қызмет етті де, қарапайым халыққа онша түсінікті болмады.

Бұрыннан жалғасып келе жатқан араб-парсы сөздері халықтық сипаттағы әдеби тіл құрамында жиі қолданылып, көпшілігі сол кездің өзінде елеулі ассимиляцияға ұшырады.

Араб-парсы тілдерінен енген көптеген сөздер кейін қазақ тіліне сіңісіп, қазақтардың төл сөздеріндей болып кетті, қазір, тіпті, олардың кірме екендігі тіл мамандары, аздаған көзі ашық басқа да оқымыстыларға болмаса, қарапайым ел адамдарының ойына кіріп те шықпайды. Өйткені оларды қазақ тілі лексика, семантика, фонетика заңдылықтары тұрғысынан игеріп, өзіне бағындырып, меншіктеп алды. Мысалы, *хал* (خال), *хал-ахуал*, *хал-жай*, *халың қалай*; *халық* (خلق), *халықтар*, *халықтық*, *халықаралық*; *сабын* (صابون), *сабындау*, *сабынға*; *базар* (بازار), *базарлық*, *базарла*, *базаршыл*; *орамал* (ورامال), *орамалдық*, *орамалға* т. т.

Осы күндегі сөздеріміздің біразы араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Солардың саны недәуір. Н. Ондасиновтың екі сөздігіндегі (арабша-қазақша және парсыша — қазақша), Л. З. Рүстемовтың жоғарыда аталған еңбегіндегі материалдарға қарағанда, олар қазақ тіліне ауызекі қарым-қатынас ыңғайында ғана емес, діни тағы басқа әдебиеттер арқылы енді.

Әдеби тіл үшін көне *тағ*  $\text{ت}$  дегеннен *тау*, *адақтан* — *аяқ*, арабша *ватаннан* — *отан*, французша *partie* дегеннен — *партия* пайда болуы — тіл тарихы тұрғысынан мәні бар. Ал *айтылған* — «айтылмыш», *диқан* — «диқаншы», *екі қабат* — «екі қабатты» болып жазылуы немесе «дiзе», «тирмен», «бойлай», «жұмыс жасау», «ауқаттану» деп айтылуы әдеби тілге тән емес. Сонда әдеби норма тұрғысынан сөздердің о бастағы төркіні олардың нормалану процесі орайында қаралатыны болмаса, әдеби тіл байлығы тұрғысынан қазақ тіліне еніп фонетикалық, лексика-семантикалық, грамматикалық жақтарынан төл сөздер қатарында жұмсалатын болса, олар — қазақ тілінің сөз байлығының бір бөлігі болып есептеледі.

## 2. Әдеби тілге араб-парсы тілдерінен енген сөздер

Араб, парсы тілдерінен қазақ тіліне енген сөздердің дәл санын қазақша — орысша, түсіндірме немесе Н. Оңдасыновтың «Арабша — қазақша сөздігі», «Парсыша — қазақша сөздігі» негізінде анықтауға болмайды. Бірақ тілімізде араб-парсы сөздерінің мол екеніне айғақ бола алатын материалдар бар. Ондай сөздердің байырғы сөздермен аралас жұмсалудың дәрежесіне Л. З. Рустемов «Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері» (Алматы, 1982) деген кітабында қазақша 10237 сөзі бар текстегі араб-парсы сөздерінің саны 1517, яғни 14,9%<sup>118</sup> екенін көрсетеді. Бұдан басқа автор мынандай да мәлімет береді: «Біз «Қазақ әдебиеті» газетінің бір санының лексикасына сандық талдау жасап, мыналарды анықтадық: газеттегі 12.236 сөздің 9.567 яғни 78%-і қазақ сөздері, 1779 сөз немесе 14,4%-і араб-парсы элементтері, 940 сөз, яғни 7,6%-і орыс және интернационалдық сөздер болып шықты»<sup>119</sup>.

Жоғарыдағы есепке қарағанда қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің саны орыс тілінен енген сөздерден көп сияқты көрінуі мүмкін (14,4% және 7,6%). Ол кірме сөздердің газет беттерінде жұмсалудың сол шамадан болуы ықтимал. Бірақ орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздердің санын осы әдіспен анықтап білуге болмайды, себебі: 1) баспасөз бетінде жиі қолданылатын араб-парсы және орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің сөздік қорына енгенмен, орыс тілінен енген советтік-интернационалдық сөздер (*бәтеңке, жәшік, белет, доға, сом* сияқтыларды қоспағанда) араб-парсы тілдерінен енген сөздерден сан жағынан әлденеше есе көп. Олардың көбі ғылыми терминдер болғандықтан, жұмсалудың «ұясы» ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік т. б. әдебиеттер болуға тиіс. Солай болғанның өзінде мерзімді баспасөзде олардың жұмсалудың «Қазақ әдебиеті» газетінен емес, «Социалистік Қазақстан» газетінен іздеген жөн. Біз мынандай бір есеп жүргіздік: 1924 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің әр 1000 сөзінде 14 ғана термин болса, 1929 жылы «Социалистік Қазақстанда» — 25, ал 1934 жылы — 68, 1949 жылы 80 термин болған. Одан кейін, әрине, олардың саны әлдеқайда көбейді.

<sup>118</sup> Рустемов Л. З. Жоғарыда аталған еңбек, 21-б.

<sup>119</sup> Бұл да сонда, 23-б.

Көркем әдебиетте терминдердің жиі қолданылмайтын себебі, — олар көркем әдебиет стилінің лексикалық ресурстары қатарына енбейді, ғылыми және публицистикалық стильдерге тән. Сонда да олар кейбір туындыларда, мысалы «Қарағанды» романында орыс тілінен енген кәсіби сөздердің көп жұмсалуы стильаралық қарым-қатынас орайында ауыс-түйіс болатынын көрсетсе, екінші жағынан, солай болуы шығарманың мазмұны, персонаждардың іс-әрекетіне, сөз қолданыстарына стильдік мән берумен байланысты. Өзге жағдайда ғылыми-техникалық, саяси-әлеуметтік терминдер өз ұясында, өз орнында қолданыла береді.

Бір кезде араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің біразы діни әдебиет стиліне тән болса, ондай стильдік қызметінің солғындауымен байланысты оған тән лексикалық ресурстардың жұмсалу аясы тарыла келіп, қазір архаизмге айналғандары көп. *Пір, имам, кәпір, қиямет-қайым, құбыла, құтпан, хызыр, зікір, азан, ақырет, жай-намаз* сияқтылар діншілер арасында болмаса, әдеби тіл стиліне тән сөздер қатарында жұмсалмайды. Рас, кейбір діни сөздердің о бастағы мағыналары өзгеріп, жаңа мағынада жұмсалатындары бар. Мысалы, орыс тіліндегі «Защита родины — священный долг каждого гражданина Советского Союза» дегендегі «священный» сөзіндей *парыз* (فرز — фәрз) сөзі мерзімді баспасөзде діни ұғымда емес, «абыройлы міндет» деген мағынада жұмсалады: *партия қаулысын орындау — бізге парыз.*

Сондай-ақ, *қиямет-қайым, менің құбылам, ақырет, жаннат, жұмақ, құрбан болу* сөздері де әдеби тілде өзгеше стильдік сипатта қазірде жұмсала береді.

Араб-парсы тілдерінен қазақ тіліне сөз қабылдау процесі көп жылға созылғанмен, олардан енген сөз байлықтары мен кейбір грамматикалық тұлғалары, қазақ тілінің тұрқын бұзған жоқ, қайта өздері қазақ тілінің ырқына көніп, көптеген өзгеріске ұшырады да, әдеби тілдің халықтық қорына айналды. Мысалы, *қар, кер, гер* (كار), *паз* (پاز), *нама* (ناما), *стан* (ستان). Қазақ тіліне араб-парсы тілдерінен сөз алу процесі ХІХ ғасырдың бірінші жартысында, оңтүстік аймақтардың Қоқан хандығына бағынып тұрған кезінде күшейе түсті де, ХХ ғасырдың басында ол процесс тоқталды. Бірақ бұрын қабылданған сөз байлықтары тіліміздің ішкі даму

қоры есебінде де жұмсалатын болды. Оны мынадан байқаймыз: жаңа заман, прогрестік даму заңдылығы бойынша пайда болған жаңа ұғымдарды білдіретін біраз орыс сөздерінің қазақ тіліндегі баламасы (эквиваленті) орнына араб-парсы сөздері де көп жұмсала бастады. Мысалы: «наука» — *ғылым*, «знание» — *білім*, «родина» — *отан*, «власть» — *өкімет*, «правительство» — *үкімет*, «право» — *ерік*, «средство» — *қаражат*, «варенье» — *мұрабба*, «политика» — *саясат*.

Осылар сияқты бір тілден енген сөздер екінші тілден енген сөздердің эквиваленті болу үшін олардың қазақ тілінде жұмсалу аясы ұзаққа созылған болуға тиіс. Сол жағдайда ғана кірме сөздер төл сөзге айналып, олар мақал-мәтелдің де, тұрақты фразалық тіркестердің де құрамында жұмсала беруі мүмкін. Мысалы: *Дәме бар да, дәрмен жоқ. Өнерді үйрен де жирен. Балалы үй базар*. Өзге тілден сөз алу тарихының ұзаққа созылғанын және сөз қабылдау аясының кеңдігін байқататын тағы бір көрсеткіш — кісі аттарының бөгде тілден қабылдану дәрежесі. Антропонимика атауларына көз жіберсек, олардың құрамында да араб-парсы сөздерінің мол екенін байқаймыз.

а) Араб тілінен: Әбдүлла, Ғабдүлла, Ғабдүлкәрім, Ғабдырахман, Әбдүлманап, Әбдіжаһпар, Ғарифулла, Файзрахман, Камалитдин, Шамситдин, Ақмет (Әхмат), Мұхаммат, Мұқамбет, Мұқанбетжан, Махамбет, Мамыт, Махмұт, Садық, Сәбира, Әсия, Зылиха, Әмина, Фатима, Хадиша (Қадиша), Халима, Ғалия (Әлия), Ләйла, Қамария т. б.

ә) Парсы тілінен: Рүстем, Бану, Раушан, Гүлнара, Нияз, Гүлзада, Факизат, Гүлжаһан, Аспандияр, Жәңгір, Жиренше т. б.

б) Орыс тілінен не орыс тілі арқылы енген кісі аттары: Марат, Ренат, Роза, Светлана, Октябрь, Лениншіл, Рафаэль, Эльмира, Клара т. б.

Л. З. Рүстемов жоғарыда аталған кітабында араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне ену кезеңдерін шартты түрде екіге бөледі.

а) XV ғасырға дейін; ә) XV ғасырдан бастап, Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейінгі кезең (79—80-б.). Ол тарих дәл осылай төте жолды болмағанмен, ұзын-сонарлы құбылмалы кезеңдері де болуы мүмкін ғой. Сондай кезеңі — оңтүстік қазақтарымен өзбектердің

саяси-элеуметтік, мәдени байланысы күшейген ХІІ ғасырдың басындағы өзбек әдебиеті, өзбек тілі арқылы қазақ тіліне араб-парсы сөздері мейлінше көп тараған кезі болды. Кейін Абайлардың тіл жұмсаудағы демократиялық бағыты әбден айқындалған кезде өзбек, татар, тілі арқылы қазақ тіліне еніп жатқан бөгде сөздерден арылу керек деген пікір басым болды. Сол тұста «тіл тазалығы» үшін күрес әдеби тілдің бұқаралығы, дәлдігі, тіл мәдениетін арттыру үшін күреске айналды. Ол қазақ ақын-жазушыларының, журналистерінің ұлттық сезімінің оянғанының белгісі ғана емес, әсіресе әдеби тілдің дұрыс бағытта дамуының қамы болса керек.

Сол процестің өзіне лайық, ұзаққа созылған тарихы бар: 1870, 1888 жылдары шыққан «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» газеттерінде, кейін «Айқап» журналында және басқа газеттерде «тіл тазалығы» дегенге ерекше көңіл бөлінді. Өйткені бір жағынан Абай, Ыбырайлар дәстүріне үн қоспай, сүзек ауруындай созылған ескі «шағатай тілі» үлгілері орынсыз көп қолданылып, әдеби тіл бөгде тіл сөздерінен тез арада арылмай қойды, шым-шытырық, шұбар ала тілді өлендер, мақалалар баспасөзде кездесе берді. Сол кезде С. Көбеевтің сөзімен айтқанда, «Айқап» журналы «Қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елеулі мәселелер көтерді»<sup>120</sup>. 1913 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айқап» журналында жарияланған мақаласының бірінде былай делінген: «Біз енді Самарқан, Түркістан, Бұхар, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жайттарынан арылып, енді Европа мәдениетіне суарылған жаңа өнегелі тілді жасайық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік».

Тіл тазалығы үшін күрес дегеннің мәнісі, әдебиетті әйтеуір, кірме сөздерден арылту емес, әдеби тіл үшін керексіз «қоқырсық жаргон т. б.» сөздерден арылту, шет тіл сөздерін орынсыз қолданбау. Бұл мәселенің терең сыры В. И. Лениннің «Орыс тілінің тазалығы жөнінде» деген мақаласында ашылады. Онда В. И. Ленин былай

<sup>120</sup> Көбеев С. Орындалған арман. Алматы, 1954, 107-б.



дейді: «Орыс тілін біз бүлдіріп жүрміз. Шетелдік сөздерді орынсыз қолданып жүрміз. Оларды теріс қолданып жүрміз. Кемістіктер немесе кемшіліктер не олқылықтар деуге бола тұрса да «дефектілер» деудің не қажеттігі бар?»

...Шетелдік сөздерді орынсыз қолдануға қарсы соғыс жариялайтын уақытымыз жеткен жоқ па»<sup>121</sup>.

Қажеті жоқ жерде өзге тілдің сөздерін, өзге тілдің грамматикалық құрылысын сақтап, пайдаланып сөйлеу ойды түсініксіз етеді. В. И. Ленин өз еңбектерінде шет тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орынды жерінде ғана қолданады.

Совет дәуірінде пайда болған революциялық өзгерістермен қатар, халықтың сана-сезімі оянды, тілдік талғамы күшейді. Сондықтан тілдегі біраз сөздер тілдің ілгері даму бағытымен үйлеспей, ескіріп, біртіндеп қолданудан қалып қойды. Бұрынғы әлеуметтік-саяси құрылыстың күйреуімен қатар, ел басқару жұмыстары мүлде жаңа түрде өзгергендіктен, оларға қатысты бұрынғы мекеме, атак, лауазым, дәреже аттары да келмеске кеткендей болды. Бірқатары тіпті жұмсалмайды, бірқатары тек архаизм, көнерген сөздер қатарында оқта-текте бір қолданылады. Мәселен, *хан, сұлтан, би, болыс, төре, әкім, қажы, ишан, халфе, хазірет, алпауыт, губернатор, шенеунік, ыстаршын* сөздері бұрынғыдай жиі қолданылмайды. Сондай-ақ, ескі салт-сана, әдет-ғұрыпты, діни атауларды, қару-жарак, саймандарды, кісілердің бұрынғы әлеуметтік дәрежелерін білдіретін атаулар да ескіре бастады: *жесір дауы, қалыңмал, шарифат, періште, дию, тұмар, жарамазан, жарапазан, жаназа, жер ағаш, сабан, мойын-тұрық, садақ, кіреуке, құл, күң, жалшы, бай, мырза, маннап* т. б. «Сол кезде «кітапшылаған» ...ақындар қолданған, жазба әдебиетке кіре бастаған, үстем тап қолданған жаргон сөздер болатын. Мекке мен Бұхарадан, Стамбулдан, Қазаннан шыққан ишан, имам, схоластик медреселер тәрбиесінен шыққан халфе, хазірет, молдалар жаргоны болатын. Олар Абай тұсында діни исламның ықпалына тартып және «Түркі деген тілді пантюркистік саясаттың құралы етуге әрекет жасады»<sup>122</sup>.

<sup>121</sup> Ленин В. И. Шығармалары, 30-т., 292-б.

<sup>122</sup> Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі. — Әдебиет және искусство, 1951, № 4, 61-б.

Сондай жаргондық сипаты бар сөздер де әдеби тілден шығарылып отырылды.

Мұндай сөздер мен сөз тізбектері «Абай жолы» сияқты тарихи романдарда және басқа да әдебиеттерде сол ескірген тұрмыстың қандай болғанын суреттеу үшін қолданылады, бірақ қазіргі әдеби тіліміздің негізгі сөздік қорынан орын алмайды. Бұрын сауаттылар біреуге жазатын хатын «Ұшбу дұғайы сәлемді жолдаймын, қадірден қадір білгуші, жаннан әзіз көргушу...» деп немесе «Сізгә ғиззатлу уа хурмәтлу ғазиз мукәррәм ініміз Омарға» деп бастаса, неке қиярда «Гуа-гуа, гуадурмыз, гуалыққа журадурмыз, таңның ақ қасында... ақ гуалігін бирадурмыз» дейтін. Енді ондайлар бізге күлкілі болып естіледі. Немесе «кітаби тілде» жазған мистик ақындардың:

Адамнан науа қалмас ғарып болмай,  
Фукара сұхбатана қарып болмай.  
Ғадаты я істіһза яки тахкир,  
Сөз сөйлемес біреуі жарах қылмай, —

(Ақмолла)

тәрізді өлең жолдарындағы жаргондар күңгірт заманның көмескі сәулесі сияқты болып көрінеді. Оның орнына ойы айқын, сөзі жарқын өлең жолдарын, проза үлгілерін Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқановтың, Бейімбет Майлиннің, Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Ілияс Жансүгіровтің тағы басқа ақын-жазушылардың шығармаларынан оқитын болдық.

Кезінде «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол, — ақынның білімсіз бейшарасы» деп сынаған Абай, сол сияқты Ыбырайдың өнегелі үлгілерін дамытуға М. Сералин, С. Торайғыров, С. Дөнентаев және басқа журналист, ақын-жазушылар көп еңбек сіңірді. Әдетте өзге тілден сөз қабылдамаған «таза» тіл болмайтыны белгілі. Жоғарыда аталған қалам қайраткерлері қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерін аластату керек деген мақсат қоймаса керек. Олардың «тіл тазалығы» үшін күресі әдеби тілге халықтық сипаты бар тіл байлықтарын мол енгізу, өзге тіл сөздерін орынсыз жұмсмау дегенге тірелді.

Қазақ тіліне ертеден еніп, әбден сіңісіп кеткен араб-парсы сөздері Октябрьден кейінгі қазақ әдеби тілінің сөз байлығына айналды, діни жаргондық сипаттағы сөздер әдеби тілден шығып қалды.

### 3. Әдеби тілге орыс тілінен енген сөздер

Бір тілден екінші тілге сөз ауысу үшін екі елдің көршілес отыруы шарт еместігін қазақ тіліне алыстағы парсы халықтар тілінен енген сөздерден байқауға болады. Мұнда бірен-саран емес, жүздеген, мыңдаған сөздер әр алуан әдебиет, ислам діні арқылы ауызша түрде, ауыз әдебиеті, ақын-жыраулар арқылы, жазба төл әдебиет арқылы және көршілес халықтары (өзбек, татар) әдебиеттері арқылы сауда-саттық тағы басқа қарым-қатынас орайында қазақ елінің ауызша және әдеби тілі сөз байлығына айналды.

Орыс тілінен қазақ тіліне сөз ену жағдаяты одан өзгешелеу. Мұнда көршілестік қарым-қатынас халықтардың саяси-әлеуметтік жағдайына негізделген тілдік ауыс-түйіс ерекше орын алады.

Орыс халқы мен қазақ халқының саяси-экономикалық және мәдени-ағарту істері негізіндегі тығыз байланысы қазақтардың өз еркімен орыс патшалығының, Россия империясының құрамына енуінен кейін (1731 жылдардан кейін) күшейгені белгілі. Сол тұста қазақ елінде ел билеудің хандық формасы біртіндеп ыдырай бастап, патшалық тәртіп бойынша жаңадан әкімшілік ел билеу орындарының құрылуы, сонымен байланысты қазақ тіліне мынандай сөздердің енуі сол өзгерістердің айғағы болса керек: *болыс* (волость, волостной), *ыстаршын* (старшина), *песір* (писарь), *шенеуник* (чиновник), *өрендік* (урядник), *жандарал* (генерал), *сот* (судья, суд), *ауылнай* (аульный), *атпекет* (адвокат), *уез*, *өйез*, *ояз* (уезд, уездной управитель), *поштабай* (почтовый), *сияз* (сьезд), *шен* (чин), *шар салу* (избирательный шар);

Сауда-саттыққа, өмірлік бұйымтайлардың атына байланысты орыс сөздерінің қазақ тілінде көп болуы да кездейсоқ емес: *жәрмеңке* (ярмарка), *көпес* (купец), *лапке* (лавка), *пірканшік* (приказщик), *пұт* (пуд), *десте* (десятина), *сиса* (ситец), *сәтен* (сатин), *бәтес* (батист), *шайнек* (чайник), *шай* (чай), *самауыр*, *самаурын* (самовар), *патнос* (поднос), *үстел* (стол), *жәшік* (ящик), *бәтеңке* (ботинки), *доға* (дуга) т. б.

Бұлардың қайсысы қай жылы әдеби тілге енгенін айту қиын, әйтеуір Абайлардың алды-артындағы әдеби тілде жұмсалғанына күмән келтірмесе керек. Орыс сөз-

дерінің қазақ тіліне еніп, жиі жұмсалыуының өмірлік қажеттілігі оларды солай айтып, солай қолдануға мәжбүр ететін жай — тілде ол ұғымды бере алатын баламасының жоқтығы. Мысалы, Орынбор—Ташкент темір жолы 1905 жылы пайдалануға беріліпті. Оның алдында Орынбордан қазақ елінің бір шетін кесіп, Омск, Томск жаққа поезд жүретін болған екен. Соны көрген қазақтар әдепкіде поезды «от арба», «шайтан арба» деп атады да, сол атау біраз жылдарға дейін айтылып келді. Әдеби тіл кейін оларды қабылдамай, *пойыз, поезд* түрінде қабылдады. Сол сияқты *шыпта, ыстанса, қара айғыр* сөздері қабылданбай, билет, паровоз, станция түрінде айтылып кетті.

Орыс тілінен қазақ тіліне сөз қабылдаудың, осындай, қадау-қадау тарихи кезеңдері болуы сөзсіз. Оларды тұтас алғанда, шамамен, Б. А. Сүлейменова айтқандай<sup>123</sup>, аздаған өзгерістерімен үш кезеңге бөліп қарауға болады. 1. XVII—XIX ғасырлар арасы; 2. XIX ғасыр мен XX ғасырдың 30-жылдарына дейін; 3. 1930 жылдардан қазірге дейін.

Бұлай бөлу барынша шартты. Алдымен орыс тілі кірме сөздерінің қазақ тілі тарихына енуі XVII ғасырдан басталады дегенді шартты түрде ғана айтуға болады. Бұған қарап оның алдында қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздер болған жоқ деп түсінбеу керек. Дегенмен, сол кезде қазақ тіліне енген сөздердің саны көп болу керек. Бұл құбылысты тек халық тарихының белді белестерімен де ұштастыру жеткіліксіз болар<sup>124</sup>. Абайдың өлеңіндегі — «Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы», «Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, Шелтірлетіп орыстың Шенді шекпен жапқанда», «Единица — жақсысы, Ерген елі бейне көл» дегендегі *интернат, шен, единица орыс* сөздері, әрине, екі халық арасындағы тілдік байланыстың күшейгендігін көрсетеді.

Сол қарым-қатынас күшейген сайын бір тілден екінші тілге (және керісінше) сөз ауысу дәрежесі ұлғая түседі. Осы жағынан қазақ тілі сөз байлығының кірме сөздерге белшесінен батқан, орыс тілінен енген сөздермен кемел-

<sup>123</sup> Сүлейменова Б. А. Некоторые вопросы русских лексических заимствований в казахском языке. — В кн.: Исследования по истории казахского языка. Алма-Ата, 1965, с. 71.

<sup>124</sup> Кенесбаев С. К. К вопросу о влиянии русского языка на казахский. — Вестник АН КазССР, 1953, № 6, с. 12.

денген кезі Ұлы Октябрьден кейінгі 1930 жылдарға дейін, одан кейін тілдік қарым-қатынастың барынша күшейіп өркен жайған кезі — осы қазіргі заман.

Кірме сөздерді қабылдауда, олардың жұмсалыуында екі түрлі бағыт байқалады. Біріншісі — өмір қажеттілігінің баурайында өзінен-өзі, оқта-текте, түрлі түр-тұрпатымен тіл қорына елеусіз, пассив сөздер қатарында жұмсалатын кірме сөздер. Екіншісі — саналы таңдау, талғау талқысынан өтіп, жалпыға бірдей елеулі актив сөз қорына қосылатын кірме сөздер. Алдыңғысына *доға, қамыт, бәтеңке, піркеншік* сияқты фонетикалық тұрқы өзгерген сөздер жатады, соңғысына қалаулы терминдер не олардың эквивалент баламалары жатады.

Соңғылары туралы бірер сөз айта кетейік:

Термин сөздер — киелі сөздер болмағанмен де, оларды жасауға әркімнің-ақ күш-қуаты жете бермейтін тұңғық терең мағыналы сөздер. Олар өнер-білім, ғылым, мәдениет, экономика майданында пайда болады да, тек баспасөз арқылы жұртқа аян болады. Олардың көпшілігі мамандар арасында, тар мамандық тақырыбына жазылған әдебиетте жұмсалады; мысалы, *натюрморт* сурет өнеріне, *клише, кегль* баспа жұмысына, *алаин, гипостаза* — ботаника ғылымына тән. *Антогенез* — организмнің даму жолы екенін, *пантомима* ой мен сезімді дене қимылы арқылы білдіру екенін, бұлардың психология ғылымына қатынасты екенін сол салалардың мамандары болмаса, екіншісі біле бермейді. Бәрінен де көпшілікке көбірек таныстары әлеуметтік, қоғамдық, саяси-экономикалық, спорт терминдері болса керек. Соның өзінде *гонорар, дефицит, фенальт* сияқтылар сөйлеушінің үйреншікті сөз қоры болмаса, олардың мағынасын білмеуі мүмкін.

Терминдердің мағыналарын дұрыс түсініп, дұрыс қолдану жеке кісілердің мамандығы мен (бізде екі мыңдай мамандықтар бар) ғылыми, мәдени, білім дәрежесіне байланысты. Әдебиетті көп оқып, көп білетін кісілердің сөздік қорында жиі жұмсалатын терминдер оның қоғамдық өмірде тіл жұмсау дағдысына да өлшем бола алады. Бірақ әрбір білімді адам барлық ғылым, білімге тән термин сөздерді білуі шарт та емес, мүмкін де емес.

Сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздердің бәрі әдеби тілдің лексикалық қорына жата бермейді, ал термин сөздердің бәрі әдеби тіл нормасы есебінде әдеби тілге еніп,

әдеби тілдің стандартты лексикалық қорына айналады. Осы қордың аз-көптігі әдеби тіл дәрежесінің қандай дәрежеде екенін көрсетеді. Қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттерде термин сөздердің аз қолданылғандығын көруге болады. Б. Әбілқасымов «Из наблюдений над лексикой «Дала уалаятының газеті» деген мақаласында мына сөздерді тізген: *генерал, губернатор, суд, судья, министр, подписка, начальник, редакция, партия, почта, консул, разряд, солдат, станитса* т. б. Бұған *газет, копия, перевод, жалование, удостоверение, член, советник, работа* сияқты тағы біраз сөзді қосуға болады. Айналып келгенде, соның бәрі ат төбеліндей ғана аз сөздер.

Аталған газет бетінде оқта-текте қазақ тілі жайында аса құнды, байсалды өз пікірлерін жариялаған Д. Сұлтан-Ғазин деген азамат орыс тілінен жуырда енген сөздердің тұрқын бұзбай жазу керектігін айтады. Сол пікір көзі ашық қазақтарға ғана емес, газет материалдарын бақылауға алған орыс әкімдеріне де ұнаған болар. Әсіресе патшалық генерал-губернатор тағы басқа ресми чиновниктердің бұйрық-жарлықтарын газетке жариялағанда, лауазым, лақап атауларын дәл орысшасындай етіп жазу үшін анықтауыш қызметіне жұмсалған туынды сын есімдердің тұлғасын сақтап жазатын болған. Мысалы, *официални хукім, тайный советник, центральный статистический комитет, министерство внутренних дел, непрременные члены уезних по крестьянским делам присутвий* т. б.

Әрине, бұлардың орфографиясы ол кезде өзгешелеу болған. Бірақ сөз тіркестерінің құрылысы газетте дұрыс сақталған. Журналистердің сол құрамда жазуға мәжбүр болуының тағы бір себебі бар: қазақ тіліне (басқа түркі тілдеріне де) орыс тілінің зат есімдерін орайына қарай қабылдау оңай да, сын есімдерін қазақша тұлғалап жазып қабылдау қиын. Сондықтан осы күнге дейін Сібірдегі түркі халықтары «Коммунистический партия» деп тіркес құрайды. Октябрьден кейін біздерге де орыс тілінен қабылданған сын есімдерді қазақша тұлғалауда көп қиындық тудырған болатын (социалистическое соревнование — сатсиал жарыс, социалистік жарыс; Советский Союз — Советтің Одағы, Советтер Одағы, Советтік Одақ т. б.).

Әдеби тілдің публицистикалық, ғылыми-қоғамдық стильдері дамыған сайын терминдер тұрақталып орныға

бастайды. Жоғарыда аталған газеттен <sup>125</sup> басқа «Түркістан уалаятінің газеті» (1870) және одан кейінгі жылдары шыққан басқа да газеттер <sup>126</sup> мен «Айқап» журналындағы терминдердің жиі қолданылуы соны дәлелдейді. Әсіресе «Еңбекші қазақ» («Социалистік Қазақстан»), 1930—1940 жылдары және «Қызыл Қазақстан» деген атпен шыққан «Қазақстан коммунисті» журналы қазақ тілі мәселелеріне қатысты, әсіресе термин сөздерді қабылдау, дұрыс қолдану жайттарына арнап үзбей мақалалар жариялап тұрды. Қазақ тілінің алфавит, орфография, терминология, пунктуация және әдеби тілге қатысты аса қажетті мәселелері сол газет-журналдың, ғалым, журналист, аудармашы, жазушылардың белсене қатысуымен шешіліп отырды.

Әдеби тіл тарихында терминдерді қабылдауда елеулі қате-кемшіліктердің орын алған кезі болғаны мәлім. 1. Советтік Қазақстанның алғашқы жылдары орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген сөздерді қалайда қазақша-лап) қабылдау тенденциясы күшті болды. Мысалы: *Кеңес—Совет, төңкеріс — революция, бейбауырмал — интернационал, кіндік комитеті — центральный комитет, төраға — председатель* т. б. Мұндағы окказианалды сөздер оқтын-оқтын қайта қаралып, осы күндері дұрыс жұмсалатын болды; 2. Көптеген терминдерді орысша тұлғасындай қабылдау керек деген ұйғарым болғанымен, көп жылдар бойы арабша, латынша жазу тәжірибесінде олардың дыбыс құрамын өзгертіп, тұрқын бұзып жазу күшті болған-ды. Кейін орыс графикасына негізделген жаңа алфавит негізінде олар қазіргідей дұрыс таңбаланатын болды.

Орыс тілі — мол қазына. Ол қазынадан қажет сөздерді қабылдап; әдеби тілдің бойына сіңіру — қазақ халқының тіл мәдениетін жоғары сатыға көтерудің бір жолы. Қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздердің молдығы — ол екі халықтың мәдени қарым-қатынасының беріктігінің айғағы.

Қазақ тіліне енген орыс сөздерінің жалпы санын айту

<sup>125</sup> *Абильхасимов Б.* Из наблюдений над лексикой «Дала уалаятының газеті». — В кн.: Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. Алма-Ата, 1965, с. 204—215.

<sup>126</sup> Газеттер тізімі *Ү. Сұбханбердинаның* библиографиялық көрсеткішінде (Алматы, 1963, 2-бөлім) және *Қ. Бекхожиннің* «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» (Алматы, 1964) деген еңбегінде.

қиын. Нормативті сөздіктерде, көпшілікке арналған публицистикалық әдебиеттерде жиі қолданылатын ондай сөздердің саны екі мыңнан асады. Ал оған химия, биология, экономика, философия, математика, лингвистика сияқты ғылымдарға қатысты атаулардың ұшан-теңіз екенін білеміз. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты соңғы жылдары жиырмаға жуық терминологиялық сөздік шығарды. Оларда 30 мыңдай сөз бар. Соның ішінде ботаника мен топырақтану ғылымдарының терминдері, шамамен айтқанда 6000, медицина терминдері 10000, тау-кен істерінің терминдері 8000.

Осыншама байлықтың қазақ тілі қорына келіп қосылуы кездейсоқ нәрсе емес. Көптеген жылдар бойы орыс тілін өз айна тіліміздей көріп, үйрену, білу негізінде өнер-білімді, ғылымды, техниканы орыс, қазақ тілінде жазылған әдебиеттер арқылы игердік. Осындай тілдік қарым-қатынаста қазақ тілі, әсіресе терминдік зәрулігін өтеген болса, ондай терминдерге құштарлық қазақ халқының, оның интеллигенттерінің, ғылымның, техниканың, мәдениеттің өскендігін көрсетеді.

Қарапайым сөздер заттың өзімен бірге бір тілден екінші тілге енетін болса (мысалы: айна, кітап, доға, самауыр), арнаулы терминдер ғылымның, мәдениеттің, техниканың дамуымен қатар дамиды. Ол ұғымдардың бір тілден екінші тілге енуі үшін екінші тілдің де соларды қабылдау қажеттігінен туған мүмкіншіліктері болуға тиіс. Ондай қажеттілік тез арада, лезде жасала қоймайды. Біртіндеп халықтың тіл санасының өсіп-жетілу процесінде туады. Соған орай орыс тілінен термин сөздерді қабылдау процесі бірер жылдар ішінде емес, ондаған жылдар бойына үздіксіз жүріп отырады.

Қазақ республикасы құрылғанының алғашқы жылдарынан-ақ терминологияның зәру мәселелеріне көңіл аударыла бастады. Ол кезде терминдерді реттеу, жүйелеу жұмыстарымен шұғылданған Қазақ ССР-інің оқу істерін басқаратын Халық Комиссариаты жанынан «Академиялық орталық» құрылды. Кейін оның жұмыстарын 1925—1935 жылдары Наркомпрос жанындағы «Методбюро», «Мемлекеттік терминология комиссиясы» атқарды да, 1936 жылы оның негізінде Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды. Бұл жұмысты ұйымдастырудың осындай ұзақ тарихы болғанымен, термин сөздерді молынан, дұрыс принцип-



теріне негіздеп, ұйымдасқан түрде қабылдау 1930 жылдардан кейін басталды. Осы кезде мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету, баспасөз жұмысын күшейту, марксизм-ленинизм классиктерін, орыс әдебиетінің жақсы үлгілерін, күнделікті саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық мақала, кітаптарды, ресми қаулы-қарарларды қазақ тіліне аудару мәселелері терминологияны реттеу, бір қалыпқа түсіруді керек етті. Сол тұста, ең алдымен, қазақ тілінің терминологиясын жөнге салып, бұл жөнінде бұрынғы ала-құлалықты жою керек болды.

Осы талап-тілектерді іске асыру жолында мемлекеттік терминология комиссиясына ірі міндеттер жүктелді. Терминком терминдерді қабылдау принциптерін айқындау, ғылымдар саласынан терминологиялық сөздіктер құрастыру, арнаулы бюллетеньдер шығару, қабылданған терминдерді жұртшылыққа жариялап отыру тәрізді көптеген жұмыстар істеді. Терминкомды ұйымдастырып, оның жұмысын жолға қоюға елеулі еңбек сіңірген Қ. Жұбановтың терминдерді қабылдау принциптері жайлы бірнеше мақаласы жарияланды. 1934 жылы Алматыда мәдениет қайраткерлерінің съезі шақырылып, терминдерді қабылдаудың негізгі принциптері бекітілді. Съезд қарсаңында 10 мыңдай термин жиналып, олар ресми түрде қабылданды. Сөйтіп, терминдерді қабылдау принциптері белгілі материалдарға, тәжірибеге сүйеніп жасалды.

Терминдерді қабылдау тұсында, әсіресе 1920—1930 жылдары көп терминдерді қалайда қазақшалап, қазақ тілінен балама тауып қолдануды ұсынған көзқарастар болды. Олай етуге қазақ тілінің бұрынғы сөз байлығы жеткілікті бола бере ме? Мысалы, *писатель—жазушы, труд — еңбек, политика — саясат* болып аударылса, *шахта, радио, театр, трактор, мотор, актер, депутат, логика, диалектика, хлор, кафедра, элеватор, оптика, грамматика, физика* сөздерін аудару да, баламасын табу да мүмкін емес еді. Бізде бір кезде *танк* сөзін «жылан бауыр машина», *шахтаны* «жер астынан көмір шығаратын орын» деп аударғандар болды. Бір сөзді көп сөзбен аудару тілді байытпайды. Мұндағы негізгі қағида — халықаралық мәні бар *революция, совет, теория, медицина* сияқты терминдерді орысша күйінде, ал қазақ тілінде баламасы бар *производство, труд, деньги, корень* сияқтыларды қазақшалап, *өндіріс, еңбек, ақша, түбір* деп қабылдау принципі дұрыс болып шықты.

Терминком 1940 жылдан кейін терминдерді қабылдау принциптерін айқындап, терминологиялық жұмыстағы бұрынғы жақсы дәстүрлерді дамыта түсіп, бар кемшіліктерді, қателіктерді жөндеп, әлсін-әлсін жаңа терминдерді бекітіп, көпшілікке жариялап отырды. Осы тұста Партия тарихы институтының қызметкерлері, әсіресе С. Бәйішев, Қ. Шарипов терминология мәселелерін шешуге көп еңбек сіңірді. Бұл жұмысқа басқа ғылыми зерттеу институттарының қызметкерлері, журналистер, әдебиетшілер белсене қатынасып отырды.

Сөйтіп, қазақ тілінің терминологиясы өздігінен емес, қазақ совет жұртшылығының қатысуымен, партия мен үкіметтің қамқорлығы арқасында, ғылыми принциптерге негізделіп, тиісті орындардың ұйғаруы бойынша дамып отырды. Сондай сөздерді қазақ тілі фонетика, грамматика жағынан толық игеріп, өзінің лексикалық қорына қосты. Бұл күнде *социализм, совет, завод, цех, машина, станок, инженер, совхоз, бригада, агроном* сияқты сөздер ешқандай бөтендігі жоқ үйреншікті сөздерге айналды. Осындай, орыс тілінен енген термин сөздердің жалпы халықтық қасиетке ие болғандары бар да, *субъект, ассимиляция, катализ, инсулин, кофеин, нитрат* (азот қышқылы тұздарының жалпы аты), *аллювий* (ағын сумен келген заттар) тәрізді біреу біліп, біреу білмейтін, көбінесе белгілі саладағы мамандар арасында қолданылатындары бар. Алдыңғылар, көбінесе, көпшілікке арналған публицистикалық әдебиеттерде және сөйлеу тілінде, соңғылары арнаулы ғылыми әдебиеттерде жұмсалады. Қайсысы болса да, олардың қазақ әдеби тіліне ешқандай жаттығы жоқ, қайта, олар әдеби тілді икемді, түсінікті, мәдениетті етуге, терең мәнді, күрделі ойды дәл айтуға көп септігін тигізеді. Мысалы: 1967 жылы 7 ноябрьде Кремльдің Съездер сарайында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 49 жылдығына байланысты мейрам құрметіне СССР үкіметі ұйымдастырған қабылдау Қызыл алаңдағы әскери парадпен және демонстрациямен басталған салтанаттардың жалғасы болды («Социалистік Қазақстан»). Осындағы курсивпен терілген сөздер — қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер. Бір сөйлемнің ішінде орыс тілінен енген сөздер байырғы сөздермен аралас қолданылуы — жаңа замандағы әдеби тілдің дағдыға айналған заңдылығы. Бұл күнде ондайға ешкім тосырқай қарамайды. Сондықтан оларды әдеби

тіліміздің басқа сөздермен әбден жымдасқан бөлшегі, әдеби тілдің алтын қоры деп бағалаймыз.

Кейбір термин сөздер белгілі кезеңде өмірлік қажеттіктен пайда болып, бір тілден екінші тілге ауысып отырады. Мысалы, солдат, гвардия, дзот, тыл, катюша сөздері қазақ тіліне ұлы Отан соғысы жылдары енді, *космос, спутник, космонавт, баллистикалық ракета* сияқтылар аспан әлемін игеру дәуірі басталғаннан кейін енді. Орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздердің құрамы да әр алуан (*философия, философ, механика, механик, механизм, электр, электрон, электросварщик, фармацевт, фармакология, бригада, бригадир*).

Орыс тілінен енген термин сөздер барлық әдебиетте, сөйлеу тілінде, ғылымда, өнерде қазіргі қазақтардың байырғы сөздері қатарында жұмсалады. Олар орыс тіліндегі негізгі, туынды түбір қалпында алынады да, грамматиканың қарамағына түскенде, қазақ тілінің тиісті қосымшалары жалғанады. Мысалы: *атом, атомдық ядро, атомның жарылуы, трактор, тракторшы, тракторшылардың жарысы, трактормен жер жырту, трактордың ремонтты, социалистік, социализм, социалистік жарыс, социалистік партия, социализмнің принциптері*.

Кейбір сөздер орыс тіліндегі жыныстық дәлдігін сақтау үшін тиісті морфологиялық тұлғаларында жұмсалады; мысалы: *артист — артистка, студент — студентка, машинист — машинистка, актер — актриса*. Мұндайлар қазақ тіліндегі *мұғалім — мұғалима, құнан — құнажын, дөнен — дөнежін* тәрізді жыныстық айырым ұғымды білдіргенмен, орыс тілінің род категориясын қазақ тіліне енгізудің дәлелі бола алмайды.

Совет дәуірінде орыс әдеби тілінде бұрын болмаған жаңа сөздер пайда болды. Солардың бір тобы — қысқарған сөздер. Олардың көбі орыс тілінің сөздік қорына, сол арқылы қазақ тіліне де енді. Қазақ тіліне енген қысқарған сөздердің құрамы екі түрлі: 1. Сөздер тізбектерінің бас әріптерінен біріккен сөздер. Мысалы: СССР, КПСС, РСФСР; 2. Тіркескен сөздердің бас буындары қысқарып біріккен түрі. Мысалы: *колхоз, совхоз, комсомол, партком, обком*.

Октябрьден кейін СССР, ВКП(б), ВЛКСМ, ГЭС тәрізді көптеген сөздерді қазақша қалай айту керек, қалай жазу керек деген мәселе қойылды. Көп жылдар бойы баспасөзде оларды талай саққа жүгіртіп жазып келді.

Алғашқы жылдары қысқарған сөздердің әріптерін ажыратып оқып, оларды қазақ тіліне аударып, соларды орыс тілінің үлгісімен қазақша қысқартып жазу көбейді. Бұл 1934 жылғы ресми документтерде де мақұлданды. Сол нұсқау бойынша ССРО, БЛҚЖО, МЭС, СОТА деген сияқты көп айтылып, үйреншікті болған кейбір атаулар болмаса, қысқартылған сөздердің көбі түсініксіз, бас қатырғыш жұмбаққа айналды. Мысалы, АШЗКБӨК, ЛАБОШҒА немесе ЖҮНБАС, ХАЛШАРСОВ, ӘХДФ, ЖБМ дегендер шықты. Бұл жұмбақтардың шешуі былай екен: АШЗКБӨК — Ауыл шаруашылық зиянкестерімен күрес басқармасының өлкелік комитеті, ЛАБОШҒА — Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық Ғылым академиясы; ЖҮНБАС (Главшерст) — Жүн басқармасы, ХАЛШАРСОВ — Халық шаруашылық советі, ӘХДФ — әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы, ЖБМ — Жоғары білім министрлігі.

Көп жылға дейін осы сияқты БЖҚ-ТЖҚ-лар газет-журнал, кітап беттерінде қаптап кетті. Бірақ түсініксіз қысқартулар тіліміздің сөз құрамына сіңбей-ақ қойды.

Орыс тілінің өзінде кез келген күрделі атаулар қысқартыла бермейді, біріншіден, жазуда үнемшілдік болуы үшін өте жиі қолданылатын, көпке ортақ санаулы атаулар ғана қысқарған күйінде жұмсалады; екіншіден, дербес, майда кәсіпорындары мен мекеме қызметкерлері арасында ғана қолданылатын бірқатар сөздер тізбегі қысқарған күйінде жұмсалады.

КПСС, ВЛКСМ, НЭП, ГЭС сияқты қысқартулар — бір есептен, жалқы есімдер сияқты белгілі ұғымды білдіретін шартты атаулар. Олар сол атау күйінде кең қолданылатындықтан, әбден түсінікті, үйреншікті болып кеткен.

Сондықтан, баспасөз қызметкерлерінің біразы, әсіресе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының қызметкерлері және бір топ тіл мамандары қысқарған сөздерді орысша күйінде алу мәселесін 1950 жылдары Мемлекеттік терминология комиссиясының алдына қойған болатын. Көп айтыстартыстан кейін бұл мәселе дұрыс шешімін тапты.

Осы күнгі тәжірибемізде орыс тілінен қабылданған қысқарған сөздерді сол түпнұсқасын сақтап жазып жүрміз. Бұнымыз дұрыс болып шықты. Госплан, Гостехника, Совнархоз сияқты қысқартулар да сол күйінде жазылып

жүрсе де, әрбір сөзін толық айтқанда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, Мемлекеттік техника комитеті, Халық шаруашылығы Советі түрінде қазақ тіліне толығымен аударылып беріледі. Бұл да орынды.

Қысқарған сөздер орыс әдеби тілінде қалай айтылса, қазақша да солай айтылады.

1. Дауыссыз дыбыстардан құралған аббревиатуралар әрбір әріптің атымен айтылады: СССР (эс-эс-эс-эр), КПСС (ка-пэ-эс-эс), РТС (эр-тэ-эс). Мұндай сөздерге қосымша айтылу әуеніне қарай жалғанады. Мысалы, СССР-дің, РТС-тің, МТС-тен.

2. Ортасында дауысты дыбысы бар аббревиатуралар әріп аттарымен емес, жай сөз сияқты дыбыстар бойынша оқылады. Мысалы: ВАҚ, ГАЗ, ГУМ, ЦУМ, ЗИЛ, НЭП, ВУЗ.

Сөйтіп қазақ тілінің сөз байлығын арттыруда орыс тілінің игілікті әсері ерекше күшті болды. Орыс тілінен енген сөздер қазақ әдеби тілінің сапасын арттырып, оны ілгері дамыта түсуде зор роль атқарды. Бұл — тіл мен тілдің қарым-қатынас жасау негізінде пайда болған заңды құбылыс. Ол екі тілдің байланысы бұдан былай да күшейе бермек.

Қазақ тіліне енген орыс сөздері мен қазақ тілінің байырғы сөздері арасынан қыл өтпейтіндей жымдасып кетті. Орыс тілінен енген сөздердің жиі қолданылып нормаға айналуы — олардың әдеби қасиетке ие болғанының белгісі. Сөйлеу тілінде, соның әсерімен кейде көркем әдебиетте де тілдік нормаға жатпайтын орыс сөздерін орынсыз қолдану жиі кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде *дәптер, еден, асхана, бу, орындық, кітап, мұнай* деген сөздер тұрғанда, Ғ. Мұстафиннің «Қарағандысында» *тетрадь, пол, столовая, пар, стул, книга, нефть* сөздері қолданылған жерлері бар. Немесе, керісінше, аударуға келмейтін орыс сөздерін кейбір жазушылар, көп сөзбен болса да, өзінше өзгертіп қазақша айтуға тырысады. Мысалы *циркуляр — бұйрық хат, портсигар — темекі сауыт, гимнаст — ойыншы, сыр — ірімшік, кресло — орындық, статуя — сурет*. Осындай, қазақтың байырғы, әдеби тілінде бар сөздерінің орнына орыс сөздерін қолдану да, орысша айтылуға тиісті сөздерді теріс, олақ аудару да әдеби тілдің нормасынан тыс жатқан жөнсіз ауытқулар. Мұндайлар онша көп болмағанмен, тіл мәдениетінің сапасын төмендетуге тигізетін теріс әсері көп.

Сондықтан орыс тілінен әдеби тілге еніп сіңісіп кеткен, бұдан былай да еруге тиісті сөздерді сөз байлығы деп танумен қатар, орыс-қазақ сөздерін орынсыз, теріс, бұзып қолданудан сақтануымыз керек.

Біздің әдеби тіліміз қанша тұрақталып, қанша нормаланып, бір қалыпқа түссе де, оның құрамында, әсіресе лексика саласында, бірде олай, бірде бұлай жазылып, тұрақталмай, бір нормаға түспей жүрген немесе дұрыс аударылмай жүрген сөздер аз емес. Басқа тілдерден сөз алғанда, аударып, не аудармай алу, оның баламасын іздестіру немесе сөз жасап алу төңірегінде талас-тартыс әлі бар.

Әдетте, әдеби тіліміздің даму процесін байқап қарасақ, екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, сөздік қорымыз қоғам өмірімен, ғылыммен, әдебиетпен, экономикамен тікелей байланысты болғандықтан, ол үздіксіз байып, дамып, сол даму, баю барысында халық тілінің ішкі мүмкіндіктері мол пайдаланылып, тіл мен тілдің қарым-қатысы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси-қоғамдық, бұқаралық іс атқару жұмыстары баспасөз, ғылым мен әдебиет дамыған сайын тілдегі қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық, үйлесімділері, адамның ой-пікірін дәл айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпы халыққа бірдей ортақ қалыпқа түсіп, нормаға айналады.

#### 4. Әдеби тілдегі неологизмдер туралы

Әдеби тілдің қызметі артып, байыған кезде жаңа ұғымдар, жаңа сөздер пайда болады. Жаңа сөздер алғаш пайда болғанда, бірден жұртқа түсінікті де, үйреншікті де бола қоймайды. Оларды тіл ғылымында неологизм деп таниды. Жүре-бара олар тілдің ішкі сөз жасау заңдарына сәйкес, тілде бар белгілі модель арқылы жасалса, оларды әдеби тіл лексика-семантикалық, фонетикалық және грамматикалық табиғатына сай етіп толық игеріп, оларды баспасөзде қабылдау арқылы жұртшылыққа дағдылы сөз қатарында танылғанда, неологизм дәрежесінен өтіп, жалпы халықтық сипат алады <sup>127</sup>.

<sup>127</sup> Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 150—157-б.

Қазақ әдеби тілінің елеулі мақтанышы — жаңа сөздер. Олар әдеби тілдің ілгері даму барысында жаңадан пайда болған ұғым-мағыналардың баламалары орайында әдеби тілдің лексикалық қорынан ерекше орын алады. Олардың әдеби тіл тарихында әр түрлі дәрежеде, түрліше қыр-сырымен көзге түсуі ақиқат. Солай дегеннің өзінде неологизмдердің мол, жан-жақты өркен жайған кезі әдеби тілдің қоғамдық қызметінің ұлғайып, жаңа сөздерге мұқтаждық күшейген кезі болады.

Жаңа сөз «ұрығының» мол шашылатын орны да, оның өсіп-жетілетін майданы да — мерзімді баспасөз. Өйткені публицистика саяси мәдени өмірдің, қоғам өмірінің айнасы. Ол — «коллективті үгітші, насихатшы». Сол мақсаттарына лайық жарияланған материалдар тілін ұтымды, анық, дәл ету үшін, әсіресе публицистикалық стиль алғашқы кездерінде халық тілінде бұрыннан бар тілдік нормаларды қанағат тұтып отыра алмайды. Өйткені құшағын кең жайып, қолды алысқа сілтеген тұста мерзімді баспасөзге (радио, теледидарға да) тілде бұрыннан бар байлықтар мен амал-тәсілдер қаншалықты мол болғанымен, оның «тақиясына тар» болып жатуы заңды. Сондықтан өмір талабы тұрғысынан қажет болған кірме сөздерді еркін қабылдап, жаңа сөздермен тілді кеңейту публицистикалық стиль ресурстарын молайту қамы болмақ. Сол үшін тілде бар модельдер негізінде, қазақ тілінің лексика-грамматикалық заңдылықтары негізінде көптеген жаңа сөздер, сөз тіркестері жасалды, бірқатар сөздердің бұрынғы мағыналары кеңейтілді және ықшамдалды.

Осындай әлеуметтік-қоғамдық әрекеттері әдеби тілді дамыту, жетілдірудің қамы болмақ.

Қазақ әдеби тілі тарихында жаңа сөз жасау қажеттілігі 1920—1930 жылдары да ерекше айқындалды да, сол жылдары қазақ тіліне көптеген неологизмдер енді. Одан кейін ол процесс сәл саябырсығанмен, жаңа сөз жасау әрекеті тоқталған жоқ. Мысалы, *құлақтандыру, екпінді, белсенді, мүше, ұйым* (комсомол ұйымы), *дауысқа қою, сауық кеші, бесжылдық* сияқтылар қазақ тіліне алғашқы жылдары енген болса, *құрылыс, құрам, құрылым, оқулық, өнеркәсіп, кәсіподақ* т. б. 1940—1950 жылдары, *аялдама, жағажай, балмұздақ, перзентхана, оқырман, көкөніс* т. б. 1970 жылдардан кейін енді. Ш. Сарыбаевтың мақаласындағы орыс тілінен енген сөздермен

қазақ сөздерінен бірігіп жасалған *радиоқабылдағыш* (радиоприемник), *электроаспап* (электроприбор), *автo-ара* (автопила), *автoтiркeмe* (автоприцеп) сияқты біріккен сөздер де кейінгі 10—20 жыл тұсында жасалған терминдер <sup>128</sup>.

Неологизмдердің материалдық негіздері — тілде бұрыннан бар сөздер мен грамматикалық тұлғалар. Солар жаңа сөз жасауға керекті тілдің ішкі мүмкіншіліктері болып есептеледі. Сол негізде жасалған сөздер әдеби тілдің сөздік қорымен біте қайнасып, жымдасып кетеді.

Неологизмдердің аз-көптігін республикада шығатын газет-журналдың санының аз-көптігімен ғана өлшеуге болмайды, олардың тиражының көптігіне қарай ондай әдеби тіл сөздерінің жұмсалып аясының кендігіне болжам жасауға болады. Мысалы, 1940 жылы Қазақстанда 152 газет (жылдық тиражы — 76400 мың дана), 13 журнал (жылдық тиражы — 849 мың дана) болса, 1950 жылы 138 газет (жылдық тиражы — 52200 мың дана), 12 журнал (жылдық тиражы — 1113 мың дана), 1960 жылы газет саны 138 (жылдық тиражы — 131477 мың дана), журнал саны — 17 (жылдық тиражы — 2160 мың дана) болды <sup>129</sup>.

Бұл мағлұматқа қарағанда, 1940—1960 жылдары газет-журналдың саны емес, тиражының көптігі оларды оқушылардың көптігін және публицистикалық әдеби тіл мәдениетінің дамығандығын көрсетсе керек <sup>130</sup>. Олай дейтін тағы бір себебіміз — неологизмдерді жергілікті (облыстық, аудандық) газеттер жапа-тармағай әрқайсысы өз алдына жасап жатқан жоқ, олар бұл жағынан да орталық, республикалық газеттерге, әсіресе «Социалистік Қазақстан» газетіне көз тігеді.

Жоғарыда айтылғандарға қарап жаңа сөз, жасанды сөз тек публицистикалық стильге тән екен деп ойламау керек. Олар барлық стильдер тіліне тән, бірақ соңғыларда онша жиі кездеспейді, қолданыла қалса, жұмсалып аясы тар болады; мысалы, ғылыми-техникалық стиль тілінде *плутон*, *боксит*, *порода* деген геологиялық тер-

<sup>128</sup> Сарыбаев Ш. Развитие лексики казахского языка в советскую эпоху. — В кн.: М. О. Ауэзову. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959, с. 242.

<sup>129</sup> Печать Казахской ССР за 50 лет. Алма-Ата, 1969, с. 47.

<sup>130</sup> Мерзімді баспасөз тілінің мән-жайы С. Исаевтың «Становление и развитие языка казахской периодической печати» (Автореф. дис. ... докт. Алма-Ата, 1974) деген еңбегінде толық айтылған.



миндер жұмсалса, *осаждение* — *шөктіру*, *жила* — *желі*, *дальномер* — *алыс өлшем* сияқты сөздерді терминдердің баламасы етіп қолданады.

Көркем әдебиет стиліне тән жасалған жаңа сөздердің сипаты екі түрлі болады: бірі — жалпы әдеби тілге ортақ түрінде жұмсалса, екіншісі — жеке ақын-жазушы тілінің стиліне тән қалпында пайда болады да, белгілі шығарма тілі аясында қалып қояды. Мысалы.

*Совет елі —  
жаппай ұйым...  
іс істейді  
Енді жиын  
бір жоспарлы...  
бар іс дүйім  
социалстаны*

*Жұмыскер тап, —  
бостандықты  
социалды  
Ірге тікті  
Жойып тапты  
түрлі жікті  
жаңа тұрмыс  
құрады.*

(С. Сейфуллин)

Осындағы курсивпен терілген сөздердің бәрі — о бастағы неологизмдер. *Совет*, *ұйым*, *жиын*, *жоспарлы*, *жұмыскер* (қазір жұмысшы), *тап*, *бостандықты*, *социалды*, *жікті*, *жаңа тұрмыс* сөздері — әдеби тілдегі жаңарған, жаңғырған сөздер қатарында әдеби тілге енгендіктен, көркем әдебиет тілі үшін де ондайлар мол байлық, көріктеу тәсілдері қатарында жұмсалады. Ал С. Сейфуллин өлеңіндегі *ұйым* сөзі қазақ тілінде бар, бірақ аз қолданылатын. «Социалстан» сөзін Сәкен ғана қолданған (әдеби тілде ол жоқ). Қолданғанда, ойын ойқастатып, маздатып, жандыра, революционер, реалист ақындарша қолданған. Сондайдың үлгісін В. Маяковскийден алған сияқты. В. Маяковский совет паспортын «молоткастый», «серпастый» деп мадақтайды. Сол айтылған жерінде ол өте ұнамды, аса мазмұнды.

С. Торайғыровтың «Туған еліме» деген өлеңінде:

Балалыққа жарасам,  
Аталыққа жарайсың...  
Тек қалауым сіздерден,  
«Серіктікті» милаймын,—

деген жолдар бар. Мұнда балалыққа — бала болуға, аталыққа — ата болуға дегеннің орнына жұмсалған. Ал «милаймын» дегенді ақын «ми» сөзінен өзінше жаңа сөз жасаған, ол «ойлаймын» деген мағынада жұмсалған. Ол да жаңалығымен, ұйқастылығымен тартымды.

Жазушы Тәкен Әлімқұлов «Өнер алды — қызыл тіл» деген мақаласының бас жағында <sup>131</sup> қазақ жазушыларының сирек қолданатын қазақ сөздерін әдеби тілге енгізгенін сөз етіп, оларды мақтайды.

М. Әуезовтің «озан», «тұлан», «қападар», «нөпір» т. б. сөздерді жаңғыртуы — әрине мақтаныш. Солай екен деп әдеби тілде бар сөздердің орнына жалпыға бірдей түсініксіз диалектизм, жергілікті қарапайым сөздерді әдеби тілге төпеп енгізуден сақтану керек.

Қазақ тілінде неологизм санының көптігі әдеби тілді байытудың төте жолы болса, сол жолмен жаңа сөз жасаудың амалы да әр алуан. Октябрьден кейінгі әдеби тілде орыс тілі арқылы енген сөз ұғымдарын дәлме-дәл қазақша сөз жасау (калька жасау) процесі күшті болды. Мысалы, *треугольник* — үш бұрыш, *множитель* — көбейткіш, *явление* — құбылыс, *определение* — анықтау, *анықтауыш*, *обязательство* — міндеттеме, *голосовать* — дауыс беру, *ставитъ на голосование* — дауысқа қою, *приход* — кіріс, *расход* — шығыс, *производить* — өндіру, *пятiletka* — бесжылдық, *граница* — шекара, *профсоюз* — кәсіподақ т. б.

Әдеби тіл байлығын молайту мақсатымен жаңа сөз жасау әрекеттеріміз қазақ тілінің морфологиялық құрылысында бар сөз жасаушы қосымшаларға қозғау салып, олардың жұмсалып аясын кеңейтіп, қызметтерін ұлғайтты. Әсіресе мына қосымшалар арқылы жасалған жаңа сөздер көп: 1. **-Шы, -ші** жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөздер: *жазушы, тілші, тұтынушы* (потребитель), *сауыншы, шекарашы, футболшы, тәрбиеші, жетекші, әдебиетші, төреші, бессайысшы*; 2. **-Шыл, -шіл** жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөздер: *марксистіл, лениншіл, ойшыл, еңбекшіл*; 3. **-Шылық, -шілік** (кейде **-шылдық**) қосымшасы арқылы жасалған жаңа сөздер онша көп емес. Сонда да сол қосымша арқылы жасалған мынандай сөздер әдеби тілден берік орын алады: *басшылық, жетекшілік, шаруа*

---

<sup>131</sup> Уақыт және қаламгер. Алматы, 1975, 157-б.

шылық, әкімшілік, ұйымшылдық; 4. -Лық, -лік (оның фонетикалық варианттары) жұрнағы бұрын көбінесе зат есім тудыратын (*байлық, үлкендік, сұмдық, қорлық* т. б.) қосымша болса, кейін оның қызметі кеңейіп, сын есім жасайтын қызметі де пайда болды: *бостандық, қырағылық, адамгершілік, егіншілік, әділеттік, ынтымақтылық, мемлекеттік жоспар, шаруашылық органдары, Орталық Комитет, экономикалық міндеттер, партиялық принцип, минералдық, органикалық*; 5. -Ма, -ме, -ым, -ім қосымшаларының жаңа сөздер жасауға қатысы елеулі: *көрме, шығарма, балама, бастама, баяндама, тапсырма, көшірме, қондырма, аялдама; өнім, түсім, білім, тұжырым, шешім* ( пленум шешімдері), *бастырым* т. б. осылар бөлме, салма, қойма, құрама, алым, тәлім, күтім сияқты модельдер бойынша жасалғандықтан, аз жылдың ішінде тігісі жатық әдеби тіл қорына айналды; 6. -У қосымшасы көп жылдарға дейін -мақ, -мек (кейде -ға, -ге жалғауының) синонимі ретінде жұмсала келе, басқа тұлғалардың жұмсалу аясын тарылтқан сияқты. Солай болуының бір тірегі — жаңа сөз жасауға көп қатысы болса керек. Ол тұлғаның Абай шығармалары тілінде -мақ, -мек тұлғасымен қатар кең түрде жұмсалғанын Р. Сыздықова дұрыс көрсеткен<sup>132</sup>. Оның кітабында неологизм жасаудың бірнеше тәсілдерінің, әсіресе үш түріне: а) жұрнақ арқылы; ә) мағына жаңғырту арқылы; б) субстантивтендіру арқылы ерекше көңіл бөлінеді. Соған қарағанда Абайда *жолығу, өлшеу, ұмыту* сияқты қимыл есімдермен қатар *ішпек, жемек, көңіл көтермек, мал жимақ* сияқты да қимыл есімдері жиі ұшырайды. Соңғылар әсіресе ғылыми трактат орайында айтылуына қарағанда, оның ғылыми-философиялық стиліне тән туынды сөздер ме деп ойлауға болады. Бірақ сондай сөз жасау амалы соңғы жылдары неге дамымаған деген сұрақ туады. Шамасы, -мақ оғыз тілдеріне тән тұлға. Ол «шағатай әдеби тілі» арқылы қазақ тіліне енгенімен, жұмсалу аясы, әсіресе публицистикалық стильде тар болған да, біздің заманымызда қимыл есім тудыратын басқа амалдар нормаға айналып, -мақ, -мек тұлғалылары пассивтенгені рас. Бірақ келер шақтық етістік баяндауыш қызметінде жұмсалса (*айтпақ-шы, ертең келмек-*

<sup>132</sup> Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 152—153-б.

ші, одан мен жөн сұрамақшымын), -у жаңа сөз тудыру қызметінде жиі қолданылады: *суландыру, шолу* (газет мақалаларына шолу), *басқару* (жиналыс басқару), *атқару, қолдау табу, іске қосу, топтасу, шайқасу, шоғырландыру* т. б.

Жоғарыда көрсетілгендер — жаңа сөз тудыратын өнімді жұрнақтар. Олардан басқа да *күрес, қозғалыс, жеңіс, табыс* (-ыс, -іс, -с), *атқыш, тыңайтқыш* (-қыш), *екпінді, айбынды, тәуелді, талантты, өнімді, мәртебелі* (-лы, -ты, -ды), *жұмыссыз, тәуелсіз* (-сыз), *көтеріңкі* (-ің -кі), *жасампаз* (-паз) т. б. қосымшалар арқылы жасалып, әбден қалыптасып кеткен сөздер көп.

Солардың қатарында сөз бен сөзді біріктіріп, қосарлау, тіркестіру арқылы жасалған сөздерді, *тап, күрес, буын, бас, отан, ұран* сияқты мағынасы жаңғырған сөздерді қоссақ, қазіргі қазақ әдеби тілінің аясы кеңіп, мыңдаған жаңа сөздермен байып, кемелденгенін көреміз. Соның нәтижесінде қазақ тілі енді марксизм-ленинизм классиктері туындыларын, орыс әдебиетінің небір көркем, өнегелі үлгілерін, небір саяси-әлеуметтік, қиын ғылыми мәселелердің табыстарын, қинамай, еркін, оңай, түсінікті етіп айтып беруге жарады. Мына бір үзінді соны дәлелдесе керек: «СССР құрылғаннан бергі жерде өткен 60 жыл еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласы — оның экономикасы мен әлеуметтік құрылымы, саяси системасы мен мәдениеті қарышты да серпінді дамыған жылдар болды. Кемелденген социализм орнатылды, ал социалистік мемлекет жалпы халықтық мемлекетке айналды. Қуатты индустриясы мен социалистік ауыл шаруашылығы қанаттаса өркендеп, ғылым мен мәдениеті өрісті өркен жайған Совет Одағы бұл күнде әлемнің азаттық аңсаған елдері мен адал ниетті адамдары айрықша үмітпен көз тіккен әділдіктің жүрегі, әлеуметтік прогресс пен баянды бейбітшіліктің тірегі болып отыр. Кемелденген социалистік қоғам орнатқан еліміздің бүкіл өміріндегі осындай объективтік түбегейлі терең өзгерістерге негізделген халықтардың достығы мен бауырластығы, социалистік ұлттардың гүлденуі мен өзара жақындасуы нәтижесінде адамдардың жаңа тарихи қауымдас­тығы — Совет халқы пайда болды» (С. Зиманов).

#### IV. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ НОРМАЛАРЫ

##### 1. Тіл мәдениеті туралы мағлұмат

Қазақ әдеби тілінің қазіргі қоғам өмірінде алатын орны орасан зор. Сондықтан оның әр түрлі салаларын зерттеу, әсіресе күнделікті өмір талабына сай келелі мәселелерін зерттеуге көп көңіл бөліну керек. Осы талай рет ескеріліп, 1950 жылдары тіл мәдениеті проблемаларын зерттеу мәселесі қолға алынып, сол сала бойынша біраз жұмыстар істелді. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының құрамында «Тіл мәдениеті» бөлімі ұйымдастырылды. Тіл мәдениеті тақырыбына тікелей қатысы бар республикалық конференция өткізілді (1968 ж.). Жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің мәдениеті арнаулы курс ретінде оқытылатын болды. Бірнеше кітап, жинақтар, көптеген мақалалар жарияланды. Осылардың бәрі қазақ тілі мәдениетінің мәселелеріне жұртшылықтың назарының аударылғанын көрсетеді.

Іргетасы қаланып, дамып келе жатқан сол ғылым саласының міндеттері мен зерттеу объектілерін айқындай түсу үшін тіл мәдениеті мәселелерін сөз етуді дұрыс деп таптық.

Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, өнер тағы басқалар рухани өмір табыстарының жиынтығы да, тіл мәдениеті дегеніміз — тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мәдениеті екі салаға бөлінеді: **баспасөз тілінің мәдениеті,**

**сөйлеу тілінің мәдениеті.** Олардың қарым-қатынасы нәтижесінде баспасөздің сөйлеу тіліне тигізетін әсері күшті. Баспасөз тіл мәдениетінің дәрежесі әдеби тілдің сапасы қандай екендігіне өлшем бола алады. Сол орайда баспасөз — әдеби тіл мәдениетінің айнасы.

Тіл мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. Халықтың жазу, әдеби мұралары, тіл жұмсау, сөйлеу өнері неғұрлым жоғары болса, әдеби тілдің мәдениеті де солғұрлым биік болмақ. Қазіргі қазақ тілі әр алуан әдебиет майданында шыңдалған, кемеліне келген бай, мәдениеті жоғары тілдің бірі деуге болады. Оның мұндай дәрежеде болуы — совет заманының мақтанышы, лениндік ұлт саясатының іске асу нәтижесі. Сол әдеби тілді байытуда, халықтың тіл мәдениетін арттыруда қазақ баспасөзінің ролі ерекше болғаны аян.

Тіл мәдениетінің қамын жеу, сайып келгенде, тіл тазалығына, ой дәлдігіне қамқорлық жасау болып табылады. М. Горький «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күрес — мәдениет құралы үшін күрес» деген болатын. Бұл құрал неғұрлым өткір болса, ол солғұрлым нысанаға дәл тиіп, ол солғұрлым жеңімпаз болмақ. Жаңа өскелең өмірдің мүддесіне қызмет ететін қазақ тілінің жеңімпаздық күшін арттыру үшін әлі де оның тазалығын, мағына дәлдігін күшейтіп, оны шыңдай түсу мақсаты қойылып отыр. Олар өзінен-өзі бола бермейді. Ол жайында сол тілдік құралдың дұрыс жұмсалыуына біздің қауымның жанашырлық ғылыми негіздегі іс-әрекеті болуға тиіс. Өз өміріне өзі қожалық ететін адам өз тілінің де өміріне ықпалын тигізіп, оны дамыта түсуге қамқоршы болу керек. Аспан әлемін шарлап, Айға, Шолпанға аттанған, табиғаттың небір асау тұлпарына бас үйретіп, өмір тізгінін өз қолымызға алған заманда, өз тіліміздің өзекті мәселелерін шешудің орнына, оның табиғатына құлшылық етіп, қол қусырып отырмай, тілді саналы түрде жетілдіру, ширақ ету әрекеті болу керек. Әдеби тіл — халық тілінің жоғарғы формасы. Оның іргесін әлі де бекемдей түсу үшін оның байлығын арттырумен қатар, жүйелілік сапасын да арттыру міндеттері қойылмақ. Әдеби тілді пайдаланушылар арасында сөздерді әркім әр түрлі жазатын, түрліше айтатын, талғамай қолдана беретіндей бағыт байқалса, әдеби тіл мәдениетінің дәрежесі онша мақтанарлық болмағаны. Біздің

арамызда ондайлар жоқ емес. Әдеби тілдің жауы — анархия. Біз соған жол бермеуіміз керек.

## 2. Ақын-жазушылардың сөз қолдану мәдениеті

Сөз — көркем әдебиет тілінің көріктеу құралы, көркем суреттің бояуы. Сөздің ондағы нәрі, көріктеу қызметі қаламгерлердің соларды жұмсай білу шеберлігі деңгейінде танылады. Сондықтан көркем әдебиет тілінің де бас арқауы — сөз. Көркем әдебиетте сөз шеберліктің, көркем суреттің бейнелеуші материалы болатындықтан, оны ақын, жазушы ұқыптылықпен қадағалап, талғап қолданады. Сол үшін олар бір жазғандарын қайта-қайта түзеп, көшіріп «азаптанады». Осы жай Сырбай Мәуленовтің мына өлеңінде жақсы айтылған:

Өшіремін, көшіремін,  
Қайта карап тесілемін.  
Жыртып-жыртып лақтырамын,  
Көрген күнім осы менің.

Әлсіздерге қанды жинап,  
Құйған қуат емшілердей,  
Сөз теремін жанды қинап,  
Ойды қазып кеншілердей.

Тек, осылай «жанды қинап» терген сөздерде ғана кермет күш-қуат болады. Ал жүрдім-бардым қосақтала, ұйқастыра салған сөздерде ондай береке болмаса керек. Бұл айтқандарымыз көркемсөз шеберлеріне айтылатын тілек те, талап та.

Ал әдеби тілдің дәрежесі халық тілі байлықтарын жазба әдебиетке енгізу мөлшерінің аз-көптігімен өлшенеді. Ең оңайы тілде бар байлықтарды, олардың әдеби тілге енген-енбегенін жекелеген ақын-жазушылар туындыларының сөз байлықтарынан түгел қамтып, кейбір болжам жасауға болады. М. О. Әуезов Абай шығармалары тілінің сөз байлығы туралы былай дейді: «Абай шығармаларында қазақ тілінің байлығы бар қалпында, Пушкин шығармаларына орыс тілінің байлығын кіргізгендей болған... Абай шығармаларының көлемі аз болғандықтан және әдебиет бір жанрды, көбінше поэзия түрінде ғана жазғандығынан дейміз. Бір ғана жанрда, саны осыншалық мол емес шығармалар шеңберінде Абай

өзі білген қазақ тілінің де барлық қорын пайдаланып болмаған.

Рас, оның шығармаларының тілінде, халықтық қордың ең асыл, көрікті, мән-мазмұнды қасиеттері қамтылғаны анық. Егер Абай поэзиямен қоса, қалың роман тәрізді, повесть сияқты, не драматургия сияқты үлгілерде көп жазған болса, өз халқының сол замандағы салттық сөзінен, тілінен де көп сөздіктер<sup>133</sup> кіргізген болар еді. Халықтың салттық сөздерін молынан пайдалануға драматургия жанрының да орны ерекше. В. Шекспир саны көп, сапасы зор неше алуан драмалық шығармаларды көп туғызғандықтан, оның сөздігі 18 мың жеке сөзден құралған<sup>134</sup>. Мұхтар Әуезов осыны айтқан кезде (1950 ж.) Абай шығармаларының сөз саны қанша екені белгісіз болатын, ол «Абай тілі сөздігі» шыққаннан кейін анықталды. Ол сөздікке 5017 сөз енген. Осыны Д. Мамин-Сибиряқтың «Приваловские миллионы» дегенімен (онда 11283 сөз бар), В. Шекспирдің шығармалары сөздерінің санымен (онда 18000, тағы бір есеп бойынша — 15.000) салыстырсақ, әрине, М. Әуезов айтқан себептер бойынша онда өте аз. Бірақ «Абай қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан түгел пайдаланып, халықтың әдебиетіне тілін қалай жасаудың жолын көрсетті»<sup>135</sup>. Абай сол аз сөзбен қыруар көп образдар жасады, қазақ сөздерін көркем суреттің алтын қорына айналдырды.

М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігін құрастырушылар онда 16 мың сөз бар екенін анықтаған<sup>136</sup>. Бір романда соншалықты көп сөздің жұмсалуды автордың тіл байлығының молдығын аңғартса керек. Сондықтан болар, қазақ жазушылары роман тілінің байлығын мақтан етеді: «Бүгінгі роман тілі де күн өткен сайын толығып, байып келеді»<sup>137</sup>, — дейді Д. Досжанов.

---

<sup>133</sup> М. Әуезов «Сөздіктер» дегенді «словарь» мағынасында емес, «сөздер» дегеннің орнына жұмсаған.

<sup>134</sup> Әуезов М. Қазақ әдебиет тілінің мәселелері. — ҚазГУ-дің ғылыми еңбектері, 13-т., 5-шығуы. Тіл және әдебиет. Алматы, 1950, 93—94-б.

<sup>135</sup> Әуезов М. Сонда, 94-б.

<sup>136</sup> М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979, 1-б.

<sup>137</sup> Досжанов Д. Роман және оның проблемалары. — Қазақ әдебиеті, 1978, 28 апрель.



Көркем әдебиет тілін байыту—айналып келгенде, әдеби тілді жетілдіре түсудің қамы болмақ.

Сөзді көркем әдебиетте бейнелеудің, образды ойды жеткізудің бояуы ету үшін сөзбен салған суреттің тігісі жатық болуы — ақын-жазушының сөз қолданыс шеберлігі. «Бітпейді іштегі ғашықтық жарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» (Абай), «Жанымның жарық жұлдызы» (Қ. Аманжолов) сияқты көркем үлгілер — ерекше сөз қолданыстар.

Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп...  
Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,  
Жер жүзіне оң берер гүл-бәйшешек...

(Абай)

сияқтыларды жазба әдебиеттің жаңа көркем сөз үлгілері дейміз. Жазба әдебиетке дейін дәл осылардай болмағанмен, соларға жақын метафоралық сөз тіркестері болуы мүмкін, бірақ олар ол кезде халық әдебиеті үлгілерінің аясында жұмсалатын. Бұлар қазір де ақын-жазушылар тілінің нәрлілігін көрсетеді. Ол тек дарынды, сезімтал суреткер тіліне тән. Ақын-жазушының басқа да сөз жұмсау даралықтары тіл шеберлігімен үйлесіп жатса, әдеби тілге, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөз байлықтарын орынды қолданса, солардың нәтижесінде, қаламгердің тіл жұмсауда өзіндік шеберліктері байқалып жатса, әрине, олардың сөз зергері болғандағысы. Ақын-жыраулардың сөз қолданыс ерекшеліктері тілдің әдебилігінің бірден-бір белгісі болуы екіталай. Себебі «әдеби тіл» деген ұғым тек өлең, жыр материалдарын ғана қамтымайды. Әдеби тілдің «басты белгілері» дегенге тек өлеңнің, не проза, не публицистика, не ғылыми әдебиет тілін ғана жатқызу бау керек. Оған басқа да компоненттер енетінін жоғарыда айттық. Бірақ көркем әдебиет тілі әдеби тілдің бір белгісі болғандықтан, оған жазушылар барынша мұқият болғаны қажет-ақ.

Жазушы, ақынның сөз қолданыс ерекшеліктері олардың өзіндік стильдерін қалыптастырады. Мысалы, Б. Майлиннің синтаксисінде тұжырымдап, дәлме-дәл құрастырған сөйлемдер арасында көріктеу, көркемдеу тәсілдері, әсіресе метафоралық тіркестер көп қолданылады. М. Әуезовтің синтаксисінде ой қазбаланып, жан-

жақты қамтылу көзделетіндіктен, сөйлемдері күрделенген, зілді келеді, мақал, мәтел, теңеу, метафора сияқты көріктеу амалдарының қатарында бірынғай мәндес сөздерді ұластырып жұмсау жиі кездеседі. Мысалы: «Қораның ішінде Құнанбайды қоршаған кәрі-жас Ырғызбайлардың киім сәні бөлек-ті және қаладағы саудагер, имам, қалпелердің сәлделі, шапанды, құндыз бөрікті, байлық, барлық көріністері де басқа... Ол екеуі қажыпталған түрлерімен, ашаң, жүдеу жүздерімен өзгеше сұпсұр, көнетоз, жыртық киімдерімен, ерекше бір азап дүниесінен келгендей» (Абай, 2-т., 11-б.). Сөз өнеріне ұқыпты қарайтын Ғ. Мүсіреповтің синтаксисінде шашау шыққан сөздер болмайды, бәрі логикалық байланыста, әрқайсысы өз орнында тұрады. Сөйте тұрып ол өзіне тән езу тарттырғандай «жеңіл» әзіл-оспақтарды жиі қолданады. Мысалы: «Бір топ саудагерім бар» деудің орнында «бір үйір саудагерім бар» дейді (Ұлпан). Сол кітаптың 38, 39-беттерінде автор самаурынды «пысылдақ сары», «сары бие» деп атайды.

Жазушы осылай, оғаштау айтылған сөздерге белгілі мән береді. Қазақ сүйгенін шұнағым дейді ғой, сол әдетке лайық Артықбай Сәдір батырды бар пейіл-ықыласымен қуана қарсы алып отырып:

— Батырым-ай, оқ өтпесім-ай, найзагерім-ай, сені де көретін күн бар екен-ау! Сен ит он бес жыл бойы ат ізім бір салмай кеттің! — дейді. Тағы бірде:

— «Ит-ау, қайда жүрдің, қайда жоғалып кеттің?» — дейді.

«Қылышынан қан тамған кезі» дейтінді Ғабит «қамшысынан қан сорғалаған кез» деп күшейтеді, Тұрлыбекті «Есенедей ұрт мінез, өр көкірек емес, заң шеңберінен шықпайтын, жегін аттай жортақы адам еді» (29-бет), — дейді. Осындайлар да жазушының өзіндік сөз қолданысы болып көрінеді.

Тілді жақсы біліп, көп жазатын кейбір жазушыларымыз қазақша жатық, көркем тілде жазу үстінде қазақ тілін байытамыз деп, көпшілікке түсініксіз жергілікті диалектизм, жасанды сөздерді қолдануға әуес, бұл да жазушының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болса керек. Олар мақсатқа қаншалықты лайық, орынды-орынсыз екені — өз алдына мәселе. Қалай да солар жазушының сөз қолдану ерекшелігіне жатады.

Сөз — ой өрнегінің мағыналы бөлшектері. Сондықтан

қарапайым ой қаңқасы да, айқын ойдың көріктеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді. Бұлдыр ойдың сөзі күңгірт, алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Сөз дәлдігі— ой дәлдігі.

Т. Әлімқұлов «Өзім орыс әдебиетінің дәстүрінде баулынған жазушымын», — деп жазады<sup>138</sup>. Оған сенеміз, сонда да А. С. Пушкиннің мына сөзін есіне сала кеткім келеді: «Дәлдік пен ықшамдылық — прозаның артықшылығы осында. Ол терең ойды, пайымдауды керек етеді. Олар болмаса, әдемі сөздер мен сөйлемшелер өз мақсатына жете алмайды<sup>139</sup>.

Т. Әлімқұлов та, Д. Досжанов та негізінде түсінікті, жатық тілде жазады, бірақ олардың шығармаларында жиі кездесетін көпшілікке түсініксіз сөздер<sup>140</sup> аяққа оралған шырмауықтай еркін, ілгері оқып кете беруге кесірін тигізіп жүр.

Көркем әдебиет стилінің тармақтылығы (многоплановость) тек сөз мағыналарының құбылмалылығын көрсетпейді, сонымен қатар көріктеу амалдары мен арнаулы стильдік қорының әр алуан болуын да көрсетеді. Соның өзінде оның әрбір сөйлемі, сөз тіркестері, сөздері бүтіннің бөлшегі ретінде, ұзыннан-ұзақ тартылған желінің бір арқауы сияқты танылса керек. Сондай қоршауда кейбір тіл жасандылығы жарасымды болып та шығады. Мысалы, «белбеулеу» деп айта бермейміз. Ал Ғ. Мүсіреповтің мына сөйлемінде бұл үйреншікті сөз сияқты: «Батыс жақта жанған соғыс өрті тұтасып, қып-қызыл күрленді, түнгі аспанды едәуір белбеулеп кетіпті».

Т. Әлімқұловтың *орыс тілі — қарындасшыл, қабылдампаз тіл* деген курсивпен берілген сөздердің екеуі де жасанды, бірақ орынды. Кейбір жазушылар шығармаларында кездесетін *диқан* сөзінен *диқаншы*, *ұры* дегеннен *ұрлықшы*, *екі қабат* дегеннен *екі қабатты* (ақ үй), *ұғымдыдан ұғыныңқы*, *білгені* дегеннен *білдігі* деп өзгеше жұмсауда ешқандай мән жоқ.

Тіл мәдениетінің берекесін қаштыратын жаман әдет— сөздің табиғи, жалпы халықтық тұрқын бұзып, «басын жарып, көзін шығарып» жұмсау деп білеміз. Мысалы, Есқара Тоқтасыновтың жазуында *аяулы*, *қасіретті*, *қар-*

<sup>138</sup> Әлімқұлов Т. Өнер алды — қызыл тіл. — Кітапта: Уақыт және қаламгер. Алматы, 1975, 160-б.

<sup>139</sup> А. С. Пушкин — критик. М.; Л., 1934, с. 17.

<sup>140</sup> Ол баспа бетінде бірнеше рет сөз болған еді.

быздай, сақабә, дүңкіл, шартта-шұрт сөздері аяғы, әсірет, дарбыздай, сыхаба, тұңкіл, шарта-шұрт тұлғасында қолданылған. (Бұлар туралы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1981 жылғы 4 декабрьдегі санында басылған Ә. Нұрмағанбетовтың мақаласын қараңыз). Мүмкін, мұндағы кейбір сөздердің жазылуындағы әріп қателеріне автор ғана емес, баспа орны да кінәлі болар.

Жазушы халық тілі қазынасындағы тілдік қордан керегін таңдап алып пайдалана білмесе, оның үстіне тілде бар байлықтарға шеберлік деңгейінен қарап, оны көріктендіру тәсілдерімен байыта түспесе, ол сөз шебері бола алмайды.

Әрбір жазушының тіл жұмсау дағдысы, бұрыннан бар тілдік, стильдік өнегелі үлгілерге сәйкес болумен қатар, өзіндік, өзіне ғана тән шеберлігі болуға тиіс. Оның өзіндік өзгеше жаңалықтары көркем әдебиеттің мәдениетін дамытуға қосқан үлесі болады. Кейбір жазушы әдеби тілде жоқ сөздерді молынан енгізуді елеулі үлесім деп ойлайды да, түсініксіз сөздерді көп қолданады. Егер көркем әдебиет тілін байытатын сөздер арасында көпшілікке түсініксіз сөздер болатын болса, оны жазушы сілтемеде түсіндіріп отырса теріс болмас еді.

Тілдегі айқындылық шындыққа, «сезімталдыққа» негізделеді. Біздің дарынды жазушыларымыз сондай қасиеттерімен көзге түседі, олардың шығармаларын жұрт сүйіп, сүйсініп оқиды. Сондай ақын-жазушының бірі Сәкен Сейфуллин туралы М. О. Әуезов былай дейді: «Сәкен ақындығының екінші зор қасиеті — шыншылдығы. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан әлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ, барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп білінеді. Сонысымен әсерлі де, күшті боп шыға алады. Өз ішінде тұрған көңіл күйін оқушыға жеткізіп, қондырып, ұқтыра алады»<sup>141</sup>.

Сәкен түрмеден қашып шығып нағашысы Ілиястың үйіне келеді. Оның кедей шаруа екендігін бірден айта салмай, үй ішінің көріністері мен жиһаздарының қандай

---

<sup>141</sup> Әуезов М. Шыншыл, тәкаппар ақын. — Жұлдыз, 1964, № 5, 37-б.

қалыпта екендігін суреттейді: «...үй ішінің жабдығы да нашар» деп алады да, ол заттардың ұсқынсыз кескінін әр алуан эпитеттермен айқындайды: «Қазан жанында пұшық құман, ескі шоқпыт, текемет, бұрынғы заманда болған бір көрпенің сілемі, ырбиған ағаш есік, бірақ көзі бүтін, шоқпыт жамаулы, сығырайған кішкене терезе, ырсиған әбдіре нұсқасы, темірмен жамаған шынаяқ, сынық диірмен, жамаулы, ағаш сары табақ» («Тар жол, тайғақ кешу», 389-б.). Әрі қарапайым, әрі әсерлі, көркем суретті шындық.

Әдеби тілде бар стильдік тәсілдердің көбі ауызекі тілден алынған. Олардың иесі — халық. Бірақ халықтық мұра сол қалпында сіресіп қатып қалмайды. Олар өзгеру, даму процесінде болады. Кейінгі жылдары пайда болған жаңа ұғымдарға лайық көптеген сөз, сөз тіркестері, фразалық түйдектер, стильдік тәсілдер әдеби тілге молынан енді.

Кейде әбден қалыптасқан тұрақты тіркестерді белгілі мақсатқа лайық өзгертіп те қолдануға болады. Мысалы, Сәбит Мұқанов «Құм жиылып тас болмас, құл жиылып бас болмас» деген кертартпа мақалды өзінше өзгертіп:

«Құм жиылып тас болды,  
Құл жиылып бас болды»,—

деп жазды. Саналы түрде, осылайша, өзгеріс енгізу болмаса, олар көрінгеннің ермегі бола алмайды. «Ай десе— аузы жоқ, күн десе — көзі жоқ» деген теңеу әйелдің сұлулығын дәріптегенде айтылатын. Соны кейбіреулер, «аузы жоқ, көзі жоқ әйел сұлу болушы ма еді?» деп әлгі тұрақты тіркесті «Ай десе, аузы бар, күн десе, көзі бар» деп жазатын болды. Соны жазған кісі мынаны түсінбейді: бір сұлуды айға, күнге теңеп айтқанда, айдың аузы жоқ, күннің көзі жоқ, ал сұлуда бар деп ұғынуға тиіспіз. Осындайды сезбейтін кейбір жолдастар «қандай да болмасын» деген тіркесті «қандай да болсын» деп жазып жүр. Сондағы ойы тілдегі қалыптасқан тіркесті жөнге салу болса керек. Дұрысында ондай «операция» тілге қиянат жасаумен бірдей. «Қандай да болмасын» дегенде, *барлығы, бәрі* деген мағынамен қатар, онда экспрессивтік, күшейту ұғымы бар ғой. «Қандай да болсын» дегенде, сол ұғымынан айрылады. Орыс тіліндегі «какой

бы-то не был» — қалай болса да, «не могу не говорить» — *айтпай тұра алмаймын* сияқты «болымсыздық» құрылыстар сондайлар үшін жаратылған болар.

Әдебиетте әрбір орынсыз қолданған сөз, дұрыс құралмаған сөз тіркестері мен сөйлемдер көзге шыққан сүйелдей оғаш көрініп тұрады. Мысалы «Лениншіл жас» газетінде (8. V. 82) жарияланған әңгімесінде Мұқан Наушабаев былай дейді: «Кейбірі мұнысына сұраулы көзбен қарады», «О баста үлкендердің айтуымен сатушылықты қалағанмен, шынын айту керек, онша құлқы болмады», «...алюминий заводына келгенде бұдан кейінгі тағдырын айқындайтын мақсатына жолыққанын ұқты», «Қатаң жазалаудың зиянды болмауын да ойластырған жөн», «Өзгелерді де осы пікірге көндірді».

Осы мысалдардағы «сұраулы көзбен қарады» дегеннің қазақшасы «тандана қарады», «күдіктене қарады» емес пе? «Құлқы болмады» — «ықыласы болмады» емес пе? Ал «тағдырын айқындайтын мақсатына жолыққанын ұқты» — бұлдыр сағым сияқты бірдеңе, «пікірге көнді» дегеннің дұрысы — пікірге қосылды емес пе?

Осылардай жүрдім-бардым айтыла салған орашолақ сөйлемдер мен сөз тізбектері жазушыны шеберлікке баулымайды, қайта жауапсыздыққа итермелейді. Көркем сөз сұлулығының белгісі тілдің табиғатына енбейтін жасандылық емес, — халықтық даналыққа негізделген түсінік-тілігінде, оның басқаға етер әсерінде.

Жалпыға бірдей түсінікті болатын жайдары сөздер жазушы туындыларында неше алуан стильдік бедерлерімен әсем болып көрінеді. Мысалы, *оянған, тулаған, дауыл, кезу* сөздері *оянған бала, тулаған тай, дауыл болды, ел кезесің* десек, сөздер тура өз мағынасында айтылған болар еді де, оларда пәлендей көркемдік сезілмес еді. Соңғылардың орнына — «Оянған өлке» (Мүсірепов), «Тулаған толқында» (Сәрсенбаев), «дауыл өкіріп», «дүниені, көңілім, кезесің» (Абай) дегенде, әлгі сөздер жаңа мағынада жұмсалып, бейнелі өрнектің әдемі көрінісі болып тұр. Әшейінде бұлай сөйлемейміз. Себебі ол сөздердің үйреншікті мағыналары тек синтаксистік еркін тіркесті керек етеді. Сол тұрғыдан өлке ояна ма, толқын тулай ма, дауыл өкіретін өгіз бе, дүниені кезетін көңілдің аяғы бар ма? — деген сұрақтар тууы әбден занды. Бірақ эстетикалық түсінік тұрғысынан он-

дай сұрақтар қоюдың қажеті жоқ. Сөздерді осындай көркемдік қызметте жұмсау — көркем әдебиеттің ісі.

«Қалауын тапса, қар жанар» дегендей, қыбын тапса, өмірлік, кім болса сол айта беретін сөздерден де әсерлі сөз нақыштарын жасауға болады, жай сөзден көрікті көркем сурет салуға болады. Оған бір мысал.

Сыр сандықты ашып қара,  
Ашып қара, сырласым.  
Сым пернені басып қара,  
Басып қара, жырласын!  
Сұлу сымда перне әуені,  
Перне әуені жыр айтар  
Көңіл ашар тербеу әні,  
Тербеу әні сыр айтар.  
Шыққанбыз, дос, шыңға талай,  
Талай сырды ойланып,  
Ақтаралық алтын сарай,  
Алтын сарай қойманы.

(С. Сейфуллин)

Жүректі қозғайтын осы әсем жолдарда халық тілінен ерекше жаратылған сөз жоқ, ондағы сөздің бәрі де халық тіліне тән *сыр сандық, аш, қара, сым, перне, сұлу, жыр, айтар* дегендей жалпы халық тіліне тән сөздер.

Көркем әдебиеттің сөздік құрамының негізі — жоғарғыдай, жалпы халық тілінің сөздік құрамы. Сөз өнерінің шеберлерінің (ақын, жазушы, драматург, очеркист, фельетонист) — бәрі де халық тілінің байлығын пайдаланады. Бірақ олардың бар сөзді білу, игеру, пайдалану дәрежесі бірдей емес. Тек ірі суреткер жазушының ғана сөз байлығы өзгеден ерекше мол болады. Олар өзіне керекті тілде бар сөзді сарқа пайдаланып қоймайды, сонымен қатар өздерінің творчестволық әрекетінде жаңа сөз жасауы да, бар сөздерге қосымша стильдік қызмет беріп, олардың икемдігін арттырып отыруы да мүмкін. Сөз көркемдігінің бір белгісі — айқындылық.

Шеберліктің бір амалы — аз сөзбен көп мағына білдіру. Мұндағы принцип — «сөзге орын тар болсын да, ойың кең болсын».

Осы талаптардың бәрі көркем әдебиеттің сөздік құрамынан лайықты сөз таңдай білуді керек етеді. Ол үшін көркем әдебиет стиліне тән сөздерді, шамалап болса да, білу керек. Оларды мағынасына және стильдік қызметіне қарап, негізінде төмендегіше бөлуге болады: 1. Көп-

шілік қолды сөздер (тау, тас, жүрек, сандық, отыр, сана, ақ, қара т. б.); 2. Поэтикалық, кестелі сөздер (өрен, ләззат, албырттық, әсем, әшекей, қасірет, т. б.); 3. Кісінің көңіл күйін, әсерін, сезімін білдіретін сөздер: *қалқам, жаным, әкетай, байғұс, кісісымақ* т. б.; 4. Қарапайым сөздер мен диалектизмдер. Бұлардан басқа терминдер де, кәсіби атаулар да, жаргондар да — бәрі көркем әдебиетте қолданыла береді. Бірақ олар көркем әдебиет стиліне тән сөздер емес. Сонда да олардың кейбіреуінің көркем әдебиетте жұмсалыуына тоқталып кетейік.

Термин сөздердің көркем әдебиет тіліне бұдан 30—40 жыл бұрын да, сондай-ақ одан бергі аралықта да енгені белгілі. Бірақ солардың бәріне бір тұрғыдан қарауға болмайды. Өйткені, халқымыз социалистік құрылысқа көше бастаған сонау жиырмасыншы, не одан берідегі колхоздандыру процесі етек ала бастаған отызыншы жылдар ішінде орыс тілі арқылы енген сөздерді алатын болсақ, олар алғашқы кездегі қолданылу аясынан шығып, әдеби тілімізге кең көлемде орныға бастады. Мысалы, *партия, комсомол, социализм, коммунизм, трактор, комбайн* және т. б. Бұл сөздер сол жылдары әдеби тіліміздегі жеке бір стильде пайда болып, әдеби тіліміздің қазіргі дамуында басқа да стильдік қабаттарда кеңінен қолданып, жалпы стильге тән болып отыр. «Қалың малдағы» немесе одан берідегі жиырмасыншы жылдарда жазылған әңгімелер мен повестердегі айталық, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуі», Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунисті» сияқты прозалық шығармалардағы ұшырасатын өзге тіл элементтерін, терминдік атауларды, тың сөз оралымдарын бүгінгі тақырыпқа жазылған көркем туындылардағы терминдермен қатар қойып қарауға болмайды. Осы күнгі тақырыпқа жазылған көркем туындыларда *ноль, единица* сияқты орыс сөздері ұшырасатын болса, бұларды жазушының бір ерекшелігі деп атап көрсете қою қаншалықты орынды бола қояр еді. Ал осы *единица, ноль, пошел* тәрізді сөздердің Абай өлеңдерінен кездесетіні мәлім. Абай тілін зерттеуші бұл сөздердің қолдану ерекшелігін айтпай кете алмайды.

Кейде жұмсалыу аясы тар сөздерді де әдебиетке қолдануға тура келеді. Олар, әсіресе кәсіби лексикаға жататын сөздер.

Өндіріс процесін, ол өндірісте еңбек ететін жеке



кісілердің жайын бейнелейтін әдеби шығармаларда кәсіби және техникалық атаулардың, терминдердің біразы қолданылуға тиіс. Бірақ олар автор сөзінде барынша аз, ал диалогтарда, персонаждардың іс-әрекетінің, сөйлеу кескінінің қалай екенін көрсету үшін, көбірек жұмсауға болады. А. И. Ефимовтың зерттеуі бойынша, мысалы, Д. Мамин-Сибиряк тау-кен жұмысшыларының өмірі туралы жазған шығармасында автор атынан арнаулы терминдерді өте аз қолданған, онда да олардың тұсына тиісті түсініктемелер беріп отырған.

«Беллетристика бірден, бір секундта миға қона қалуға тиіс» (А. П. Чехов). Осы тұрғыдан Ф. Мұстафиннің «Қарағандысына» көз жіберейікші. Онда көмір өндірісімен, шахтерлер өмірімен байланысты айтылатын кәсіби сөздер мен арнаулы терминдер көп. Олардың көбі автор сөзінде айтылады, бірақ автор оларға түсінік бермейді. Онда *фабрика, вагон, шахта, электр, автомашина, сутке* сияқты әдебиетке ертеден еніп жұртқа әбден түсінікті, үйреншікті болған сөздермен қатар *рештак, ташке, целлик, леветке, опрацит, мехцех, порожняк, вагонетка, беремсберг, ствал, коренной штрек, легчанка, плас, камерон, движок, врубмашина* сияқты арнаулы терминдер де бар. Соңғылардың көптігі сондай, кейде оқып отырғаным көркем әдебиет емес, көпшілікке түсініксіз сөздері көп арнаулы әдебиет пе деген де ой келеді. Егер Қарағанды туралы жазылған бұл кітап тек шахтерлерге арналған болса, оның жөні бір басқа. Автор алдына ондай міндет қоймаған болар, кітапты қазақша түсінетін кісілердің бәрі оқысын деп жазған болар. Орыс тілінен арнаулы терминдерді көркем әдебиетке шамадан тыс енгізуді мақтан ете алмаймыз. Көркем әдебиетте оларды барынша ықшам түрде кейде тиісті түсініктемелерді бере отырып пайдаланған мақұл.

Октябрь революциясынан бұрынғы кітаби тілге *мәслихат* (ақыл), *бағзы біреулер* (кейбіреулер), *мехнат* (бейнет), *құбыла, намаздігер* сияқты сөздер тән болатын. Онда араб-парсы сөздері қазақша айтылмай, ерекше мәнермен, молдаларша, мақамдалып айтылып, айтылғанынша жазылатын. Сол жаман әдеттен әдеби тіліміз әлі арылған жоқ. Кейбір жазушылар «мүмкін болғанынша» деудің орнына «мүмкін хадерінше» (Көбеев), «тамақ жеу» демей «тағам жеу», «кейбіреулер» демей «бағзы біреулер» (Мұстафин) деп те жазады. Діншілдерді, ескі-

лікті дәріптейтін адамдарды сөйлеткенде болмаса, автордың өз сөзінде олардың орын алмағаны дұрыс.

Сөйтіп, көркем әдебиетте қолданылмайтын сөз жоқ, бірақ әрқайсысының орны бар, қолданудың жөні бар.

Сөздің «киелі» күші поэзияда көбірек кездеседі. Оның сөзі салмақты, әрі әсерлі болмаса, поэзия бола ма? Фариза Оңғарсынова «Торғайдың торғын түндері» деген өлеңінде дарқан даланың құшағында жыр мен әнді ерлік еңбектің үні сияқты етіп суреттейді. Онда «жалын жыр», «нөсерлі жыр», «жыр нөсері» деген тіркестер соның іргетасы сияқты:

Күндер аулап дүниеден жыл көшеді,  
Жыл көшеді — сәбиден тұлға өседі.  
Бір ақиқат — сен барда, дарқан дала,  
Жоғалмайды қазақтың жыр нөсері..  
Ән қандай, ән болмысты қыздар қандай!  
Тон жібіп, әуенінен мұз жанғандай!  
Сырлы сөз Сарыарқадан ескен сайын,  
Барады көңілдерде ызғар қалмай.  
Сыры бар бұл әуенде жүректердің,  
Мұңы бар шынжыр заман — түнектердің,  
Емдей түс жүрегімді ән нәрімен  
Ой қазып ортаңа мен жүдеп келдім.  
О бастан ән өрбіткен нұр босаға  
Әлі де өнерлімен сырласа ма?  
Бас иер ұрпағына ән тәңірі  
Ақынның өзі келіп тыңдаса да!

Бұл жолдарды оқығанда, жыр, ән-күй қазақтың қуанышын да, бұрынғы-соңғы мұң-зарын да, қайғы-қасіретін де сездірткендей құндақтап әлдилейтін бесігін елестеткендей әсер аласын.

Ақын — сезімтал, көреген сөз зергері. «Талапты ерге нұр жауар» деп қолына ақын қаламын алған адамның ақыл-ойын билейтін «Талант» деген құдіретті күші болуға тиіс. Ондай ақынның «қиыннан қиыстырған» өлең жолдарында сол зергерлік өнері, құдіретті күші анық байқалып тұрады. Жазғандарында олар байқалмайтын ақын — ақын емес.

Көркем әдебиет стиліне тән сөз қоры (ресурстары) поэзияға да ортақ. Солай бола тұра, поэзия тілінде жиі қолданылатын сырты сұлу, іші алтын сөздер болады. Оларды поэтикалық сөздер деп танымыз. Олар әдеби тілдің сөздік қорынан оқшау тұрған «сиқырлы» сөздер емес, — кісінің көңіл күйін, сана-сезімін білдіретін, эмо-

диялық экспрессивті күші бар, көріктеу, көркемдеуге негізгі арқау болатын сөздер. Мысалы: *жан, жүрек, отан, жалын, толқын, күш, қайрат, білек, наз, қылық, көрік, көркем, әсем, сұлу, нәсер, тасқын, күн, ай, жұлдыз, дарқан, маржан, алтын*. Осындай сөздерден *жанымның жарық жұлдызы, жүрек оты, Отанымның жүрегі, жалынды жыр, жыр нәсері, нәсерлі жыр, толқында туғандар, дарқан дала, қуаныш құсы, ақ маржан, ақ алтын* сияқты кестелі тіркестер жасалады, осы *Айшықты* сөздер жансызға жан бітіреді, еңбек ерін, отан ардагерлерін, еліміздің табысын, социалистік құрылыстың даңқты өндіріс орындарын қолпаштайды

Солардың бәрінде жоғарыдағыдай поэтикалық тіркестер, теңеу, әсірелеу, метафора, синекдоха сияқты көріктеу тәсілдерін, мақал-мәтелді, фразалық тұрақты тіркестерді орында қолдана білгеннен ақын-жазушының туындылары жанға қуат, өмірге азық бола алады. Кейде солардың бірі жоқ жайдақ ұйқастардан құралған өлеңдер де кездеседі.

Абайдың, оның ізімен әдебиетші-сыншылардың айтуына қарағанда, өлеңді ақын оймен ғана емес, «жүрекпен ойлап» ұғыну керек. Өйткені, «ақын эмоциясы сөздің бетінде емес, ішкі астарында, тереңде жатады»<sup>142</sup>. Темірхан Медетбековтің бұл ойы Абайдың:

Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойына жұқпас, сырғанар.  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар, —

деген тұжырымына негізделген сияқты.

Т. Медетбеков жоғарыда аталған мақаласында Ш. Сариевтің «Мұз айдыны» деген өлеңін дұрыс сынаған. Өлеңнің мына жолдарын оқып қарайық:

Аяғыма — бойдақтық  
Байлап алып конькимен.  
Қуып едім бес қызды,  
Басып озып тоқтамай,  
Тепкесін бе кеш мұзды  
Жеткізер қыз жоқ қалай?

Осында мағыналық, грамматикалық үйлесімі бар сөздер

<sup>142</sup> *Медетбеков Т.* Мақсат — ой айту ма, ойландыру ма? — *Қазақ әдебиеті*, 1981, 4 декабрь.

бар ма? *Аяғыма бойдақтық байлап алып...* Мұны қалай түсінеміз? *Бойдақтықты аяғына байлап алған ба? Әлде бойдақтық конькиді аяғына байлап берген бе?* «Байлап алып конькимен» емес, «байлап алып конькиді» болу керек емес пе? «Басып озғаннан» кейін «тоқтамай» деген сөз артық емес пе? «Тепкесін бе кеш мұздының» дұрысы — «тепкесін кеш конькиді». *Мұзды теппейді, конькиді тебеді, конькимен сырғанайды емес пе?*

Әдеби тілдің мәдениеті тұрғысынан қарағанда, поэзия тіліне кейбір еркіндік беріледі. Өлең жолдарында сөздердің орналасу тәртібі, сөздердің поэтикалық үйлесімі, өлең жолдарының буын саны, ұйқасы тағы басқа ерекшеліктері жалпыға ортақ тілдік нормаларды сақтамауға мәжбүр етеді. Мысалы, буын санының ыңғайына қарап, *едімді — ем, келемінді — келем, болып — боп, жеткенен соң — жеткесін, алады — алад* қалпында қысқартып жұмсау ауызекі тілде бар құбылыс болғандықтан, поэзияда олар ақынның керегіне жұмсалса, пәлендей оғаштығы жоқ, оны кешірімді ауытқу деп қараймыз. Мұны Сәкеннің мына өлең жолдарындағы қысқартып алынған сөздерден байқауға болады:

Өткеміз Октябрьдің қиын жолын,  
Сол жолдан қазақ болып енді тайма!

Спыр бопты Сатайдың  
Шұбар ала тайшасы.

Мен, сірә, жанға жалған айтушы ма ем?  
Мойныма ондай кірді артушы ма ем?  
Мен, сірә, итше-зорға жағынғам ба?  
Бағынсам, құлша жымып бағынғам ба?  
(Қызыл ат)

Осы жолдардағы *өткеміздің* толық түрі — *өткенбіз, боп — болып, айтушы ма ем, артушы ма ем?* дегендердің толық түрі — *айтушы ма едім, артушы ма едім?*

Осылар әдеби нормадан жөнімен ауытқу дегенге жатады.

Ал ақын сөздерін өз орнында қолданбаса, оларды дұрыс тіркестірмесе, лексика-грамматика заңдылықтарын сақтамаса, әрине, ондайға немқұрайды қарауға болмайды. Кейде ақын-жазушы қарапайым персонаждың аузына қарапайым, кейде «мүжілген» сөз салады. Сол

тұрғыдан Бейімбет Майлиннің «Шал мен қыз» деген өлеңінің мына жолдарына көз жіберейік:

Сықақ қып мені ешкім көрген жоқ,  
Намысты қолымнан бергем жоқ.  
Мал бергем, құшақтап жатамын,  
Ұрысып кетуге келгем жоқ.

(Толық жинағы, 58-б.)

Осындағы «сықақ қып» (сықақ кылып), «бергем жоқ» (берген жоқпын), «мал бергем» (мал бергенмін), «келгем жоқ» (келген жоқпын) дегендер қарапайым шалдың сөзі болғандықтан, әдеби тіл үлгісінен сәл өзгешелеу айтылуы автор үшін — тілдік образ. Бірақ соны Бейімбет жазды екен деп, әдеби тілдің үлгісі дей алмаймыз.

Көркем әдебиет шығармаларында «мен мұндалап» тұрған алуан түрлі сөздерді, тіркестерді кездестіруге болады. Жазушы соларды керегіне жарату үшін айтылатын ойдың құр сүлдесін ғана емес, ой тереңдігін, сурет нақыштарын дұрыс, дәл бере алатындарын таңдайды. Көп сөздердің тура мағыналарынан басқа біреу біліп, біреу біле бермейтін келтірме, астарлы, ауыспалы, жанама, жасанды мағыналары болады, кейде оларды жазушының өзі сомдайды. Егер солардың тілдегі бар заңдылықтарына сәйкес сомдаса, оның жасандылығы білінбей тұрады.

Осылардай ауыспалы сөздердің жағымды, жағымсыз мәнді болуына қарай, тілде олар өмірде барды эмоциялық-экспрессивті орайда, эстетикалық талғам тұрғысынан жұмсайды. Мысалы: «мақтаны» — *ақ алтын*, «мұнайды» — *қара алтын*, «түйені» — *дала кемесі*, «бай-манаптарды» — *жуан жұдырықтар* деп атау әдеби тілде де жиі қолданылады.

Әсіресе көркем әдебиетте кісінің атын атаудың орнына оның мінез-құлқын, жексұрындығын білдіру үшін *кебіс ауыз*, *мысық мұрт* сияқты сөздерді қолданса, ұнамды персонаждарды кейде *ит*, *қасқыр*, *бура*, *арғымақ* деген сияқты сөздермен атайды. Әдебиеттен бірер мысалдар келтірейік. М. Әуезов «Қорғансыздар күнінде» *тағдыр дауылы* сөз тіркесін *бақытсыздық* сөзінің орнына қолданған: Бұлардың басынан *тағдыр дауылы* жаңа ғана соғып өткен. Қораның алдындағы жас бейіттер сол дауылдың салдарынан туған (Қараш-Қараш, 127-б.).

Мына бір мысалда «ақ жаулық» әйел деген мағынада жұмсалады:

Бірінші байлық — денсаулық, екінші байлық — ақ жаулық.

Әбден айтыла-айтыла үйреншікті болған сөздер қауызынан ажыратылмаған тарыдай, табиғи қалпында өздеріне тән жылтырымен тілдің кең байлығы есебінде ауызекі тілде жұмсала береді. Ал олар көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда, жарқылдап, сана-сезімге жарығын шашып, өзара сыбдыр қағып сыбырласа жөнеледі, «жұпар исі» аңқып гүл-гүл жайнайды. Оны көркем сөз шеберлерінің жазғандарынан байқаймыз. Соларға қарап, сөздің бүкпелі, жасырын сыры әр уақытта солай ашылып жатса екен деп үміттенеміз.

Қаламының ебі бар, ысылған жазушылардың тәжірибесіне қарағанда, олар ауызекі тіл мен әдеби тілдің бірлік-тұтастығын сақтап, жатық тілмен жазады. Жібектей ескен ондай жазуды оқушы сыдыртып оқып келе жатқанда, жайшылықта айтыла бермейтін көріктеу тәсілдеріне кездеседі. Егер олар «жүні жатық» сөздер жаннаты болса, құба-құп. Ондайлар шығарманың көркемдік нәрі болып есептелетіндіктен, оқушыға әсері де күшті болмақ.

Б. Майлиннің жазғандарын оқығанда, біріне-бірі кептелген сөздер емес, ұласа ұштасқан жайсаң қарапайым тіркестер мен сөйлемдердің ара-арасында мақал-мәтелдер, идиома, фраза, теңеу, әсірелеулермен қатар, мынадай метафоралық тіркестер және сөз шумақтары кездеседі:

1. *Қара дауыл, бақытсыз қол, тәтті үміт, ызғарлы ашу, уытты кек, өлім тырнағында* (260, 335, 351, 474-б.).

2. *Дөңес жерлер қарауытып, қабағын жауып түнеріп тұр* (346-б.). *Бақыт жұлдызым күле қарады* (364-б.). *Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтеріп «мен ше, мен ше» деп көз алдында елестеп келген секілді болды* (347-б.).

Ешбір жазушы барлық шығарма тілін осындай тіркес, осындай сөйлемдерден құрастырмайды. Егер ол ойын тек солай құрастырған болса, бояуы баттиған дөрекі тілді шығарма жазған болар еді.

Көркем суреттің бояуын түрлендіріп тұратын әдістің бірі — эпитет. Ақын-жазушының бәрі оны пайдаланады. Кейбірі оны құрастыруға олақ, шорқақ. Енді біреулер

эпитетті қолдануда үлкен шеберлік танытады. Бұған Б. Майлиннен бірнеше мысал келтірейік: *Тап осы сөз өткен өмірдің бүркеулі шымылдығын серніп ашқандай болды* (683-б.). *Әлдеқайдан әйелдердің қосылып салған сүйкімді әні естіледі* (682-б.). *Үкібас шөптер теңселіп, тәжім қылғандай болды* (683-б.). *Бір кезде қанталаған көзін Жәукеге қадады* (688-б.). Бұл сөйлемдердің шебер құрастырылғандығы, тартымдылығы тек эпитеттердің ғана дұрыс құрастырылуында емес, сонымен қатар, басқа тіркестердің де (шымылдығын серніп тастағандай, шөптер теңселіп, тәжім қылғандай, көзін Жәукеге қадады) шеберлікпен қолданылуында.

Жансызға жан бітіріп, поэтикалық тіркес құрап жаза білу — ақын-жазушының эстетикалық талғамдылығын, көркем сөз шеберлігін аңғартады.

Көркем сөз, бір есептен, «сиқырлы» сөз. Ол керегінде жоқты бар, барды қолақпандай етіп те көрсете алады. Бір затқа тән қасиетті, болмысты басқа затқа тән етіп, жансызды жандандырады, жандыны биік шыңға көтереді. Мысалы:

Асау Терек долданып, буырқанып,  
Тауды бұзып, жол салған тасты жарып.

(Абай)

*Жүрегінің әлдеқайдағы түкпірінде жасырынып жатқан ескі сырлар біртіндеп бас көтерді...* (Б. Майлин, 347-б.).

Әдетте асау біте қайнасқан үйреншікті сөздер тіркесі болса, жоғары мысалдағы асау сөзін *Терек* өзенінің сапасы етіп айту арқылы ақын долданып, ышқынып, тулап аққан өзенге жан бітіргендей көз алдына елестеді. Екінші мысалда жазушы *ескі сырды жүректің түкпірінде жасырынып жатқан сыр деп, ол біртіндеп бас көтерді* деп, көркем де, әсерлі етіп суреттейді. Егер оны қарапайым тілмен «Ешкімге айтылмаған сырлар айтылды» деп жазса, ол әсерлі болмай, жай хабар болып шығар еді.

Әлгіндей, дарынды ақын-жазушылардың шеберханасында сомдалатын тіл материалдары кез келген жазушының қаламына іліне бермейді. Бірақ өзін ақынмын, жазушымын деп есептейтін адам көркем сурет нақыштарын қалай құрастыру керек екенін білу керек. Оған қоса да-

рынды суретші болу керек. Әңгіме «жаралы жүрек», «жүрек оты», «жүректің түкпірі», «бақыт жұлдызы» сияқтыларды орынды-орынсыз қайталай беруде емес, ондай үлгілермен пішілген жаңа тіркес, жаңа сөз бояуларын әрбір жаңа туындылар желісіне арқау ете білуде.

Әдебиет сыншылары шығарманың көркемдік сапасын оның тек тіл байлығы деңгейінде таниды, «автор тілге бай, тілі жатық, түсінікті, тартымды» дегендей баға береді де, несімен тартымды екенін, сөз жұмсау жаңалықтары жөнінде еш нәрсе айтпайды. Соңғы кезде жас жазушылардың шығармаларына сын, рецензия жиі жазылып жүр. Көптеген жақсы пікірлердің тілге қатыстысы сөз болса, әңгіме жеке сөздер маңында болады. С. Қирабаев жазушы М. Ы. Ысқақбаевтың кітабының тілі туралы мынандай пікірін айтады: «Марал шығармаларының тілі жатық, бейнелі. Жазушы тіл образдарын не жайдақтамай, не үсті-үстіне үстемелемей, жинақы пайдаланады. Оның суреттері де, баяндау мәнері де көңілге қонымды. Өзіндік үні бар. Кейіпкер тілін даралау мен оны характер үйлесіміне ыңғайластыра беруде де автордың жап-жақсы ізденісі танылады» (Қазақ әдебиеті, 19/ХІІ, 1980). Осында көп нәрсе айтылған. Бірақ сол пікірлері өзгелерге үлгі, сабақ болатындай нақтылы мысалдар келтіріліп айтылса жақсы болар еді. Кейбір сыншылар көркем әдебиет тіліндегі жақсы үлгілерді жалпы атамай, мысалдармен көрсетіп отырады. Мысалы, Мәжит Күдерин Қ. Жүнісованың «От пен гүл» повесінің тілі туралы былай дейді: «Жазушы тілі тартымды. Мәселен, сіндісінің қасына көшіп баруға асыққан кемпірі Қайшаға Қамза қарт: «Қутындауын, жабағы жүні көтеріліп...» (116-б.) дейді. Бұл — қой түлігінің көктемде көкке тойып, жабағы жүні көтеріліп, түлеуге бет алған сәтін адамның көңіл күйімен байланыстыру, әрі кейіпкер психологиясын ишаралап, образды түрде бейнелеу. Автор енді бірде: «...жұмыр жер дөңгелей келіп, машинаның доңғалағына оралған шайы орамалдай», — деп зулап бара жатқан машина үстіндегі адамның көңіл күйіне орайластыра суреттейді. Осындай мысалдарға құрылған, көркем әдебиеттің көріктеу тәсілдерін жан-жақты сөз қылатын еңбектерді жиі көргіміз келеді. Тіліміздегі сөздер мен сөз тізбектерін дұрыс қолданбау — көркем шығарманың тілінің сапасын төмендететіні белгілі. Мысалы, Кәрібай Ахметбеков «Аққала» шығармасында



діңкесін құртты деген тұрақты тіркесті *діңкесін тауысты* деп жазады. Немесе, «Сәлиманың күйеуге кеткеніне бір айдың жүзі болған екен» — деп жазыпты. *Сәлима күйеуге кеткен демей, күйеуге тиді, тұрмысқа шықты* сияқтылардың бірі жазушының қаламына ілінбеген бе?

Кейбір тіл біледі деген жазушының шығармаларынан жаңылыс қолданған, бұзылып айтылған сөздер көп кездеседі. Мысалы: «Жүзікті шынтағына тақты» («шынашағына» болу керек қой), *күйеуінің... мінезіне сүйінеді* (сүйсінеді емес пе?), *айқарып ұстады* (айқастырып емес пе?). Ал *төмпешіктер — төмпелер, кейбіреуі — кейсісі. ...Кейсісінің* қолында жуан таяқ..., *кейсісінің* жуан мұрты салбыраған (І. Есенберлин, Көшпенділер, 319-б), *тізе — дізе, киіз — кигіз* (үй) деп әдеби тілге тән емес сөздерді авторлық монологта қолдану — жұртқа тіл білдіру емес, тіл білдіруге теріс әсерін тигізетін жай. Олай дейтін себебіміз, жұрт әдеби тілдің жақсы үлгілерін әдебиеттен, әсіресе көркем әдебиеттен үйренеді, екінші жағынан, олар жазушы тіліне сыншы да. Осындай да жазушының бар сенгені шығарманың тілі болатын болса, оған немқұрайды қарау — оның қаламгерлік борышын жете түсінбегені.

Бұл айтылғандарға «тырнақ астынан кір іздеу» деп қарамау керек. Әңгіме әдеби тілде, халық тіліндегі барды таңдап, талғап қолдана отырып, әр жазушы өзінің мақсатты ойына, көркемдік талантына сәйкес сөз бояуын, көркемдеу, көріктеу тәсілдерін шеберлерше пайдалану керектігі жайында болып отыр.

Кейбір жазушылар демократ болудың жөні осы деп тек халықтың сөйлеу тілінде жазуға тырысады. Әдеби тілде емес, тек сөйлеу тілінде жазу, А. С. Пушкин айтқандай, тіл білмегендік. Қаламының ебі бар әрбір жазушы ана тілінің байлығын күректеп пайдалануға ерікті. Бірақ олар «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегенді басшылыққа алмай, ана тілінің байлығын қызғыштай қорғап, ішкі заңдылықтарын сақтай білу керек. Ғасырлар бойы жасалып қалыптасқан ана тілдің ешкім сағын сындырып, құрылысын өзгерте алмайды. Олай болса, баспасөзде «амалы таусылған», «оқ жыландай оратылды» (оралды емес пе?), «қанға малшынды» (малынды емес пе?) сияқты жөнсіз ауытқуларға жол бермеуіміз керек. Рас, *әрекетті — қаракет, дұшпанды — дұспан, оқта-тектегі — әредік* деп айту ел аузында кез-

деседі. Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы *сүрін-қабынып, жымсиып, күңірсітіп, құрағыта* дегендер бір аймақта айтылатын болар, немесе Тәкен Әлімқұлов қолданған *кіді, сырқынды, түрпеті, ығыты, місетінде* сөздері де бір жерде болмаса, бір жерде айтылуы мүмкін. *Өткізсе* дегенді *өткерсе, баратын, түсетін, білетін* дегендерді *барашақ, түсешек, білешек* деп, барды місе тұтпай әдеби тілде жоқ сөздерді, тұлғаларды қолданады. Егер әдеби тілге ондайларды қаптатып жіберсек, олар етек алып кетсе, онда әдеби тіл ұсқынсыз, киыр-шиыр, соры қайнаған тіл болар еді. Мүмкін, осындай көмескі сөздерді автор — өз баяндауында қолдануы әдеби тілді байыту деп есептейтін шығар. Мұндайда жазушы әдеби тілде баламасы жоқ, көпшілікке түсініксіз болса да, әдеби тілді байыта түсетін сөздерге түсініктеме беріп отырғаны жөн болар еді.

Оқырман кітапты оқи бастағаннан оның тілінің тартымдылығына назар аударады. Егер оқушы жатық тілде жазылған шығарманы оқығанда, кедір-бұдыр сөздерге кездесе берсе, оның қабылдау қабілеті мұқалып, ақырында, маңдайы тасқа тірелген шортандай, ондай кітапты жылы жауып қоя салады. Ондай кітаптың өмірі де ұзаққа созылмайды.

Мен жазушылардың жазғандарын екі түрлі мақсатпен оқимын: біріншісі — әдебиеттен өзімнің мамандығыма сәйкес керекті материалдар жинап, оларға лингвистикалық талдау жасау да, екіншісі — білім, эстетикалық тәрбие алу. Әрине, эстетикалық лаzzатты әркімнің қабылдау қабілеті әр түрлі болады. Кейбір өленді, қарасөзді кім жазғанын білмей тұрып, стиліне, сөз саптауына қарап, Абайдың, Илиястың, Тайырдың, Қасымның жазғандары ғой деп жорамалдағанымыз дұрыс болып шығады. Ондай «балшы» болып, дөп басу үшін, әрине, жазушының, ақынның, өзіне тән сөз орамдары және басқа көркемдік ерекшеліктері саған бұрыннан таныс, стиліне қанық болуға тиіссiң. Бұл, әсіресе, авторы белгісіз шығармаларды болжауда көп пайда келтіреді. Қалам қайраткерлерінің өздерін өзгелерге танытудың «дұғалы» керемет жағы — осы. Кейде жазушының, ақынның қай елден, қай жақтан екенін тани кету оңай. Қолға түскен жаңа романды, поэманы оқығанда, көп автордың аты бізге таныс емес, беймәлім болып шығады. Бірақ оның қай жақтан (әсіресе, оңтүстіктен бе, шығыстан ба) екені бірден көзге түсе-

ді. Әрине, қаламгер белгілі тілдік орталықта туып-өскен соң, сол айналаның тілдік дағдысы мен ерекшеліктері шығармаларында шаң беріп қалуы түсінікті, заңды да. Бірақ оқиға желісіндегі айналаға құштарлығын тіл ерекшелігімен қоздырып, жергілікті элементтерді шамадан тыс шығармаға тыққыштай беру жөн болар ма екен? Балықшының өмірінен роман жазған кісі Гурьев қазақтары үшін, бау-бақша шаруашылығы туралы поэма жазған кісі тек оңтүстік қазақтары үшін жазбайды ғой, бүкіл қазақ халқы үшін жазады. Біздің жазушылардың біразы осы бір жайтты көп ойланбайтын сияқты. Жазушы түгіл, кейбір облыстық, аудандық газеттердің тілі сол жергілікті өңірге үйлесімді болсын деп, әдеби нормалардан алшақ кетіп жатқаны да байқалады. Ол да дұрыс емес. Жазушы, ақын, журналист, жалпы халыққа ортақ әдеби тілде жазуға міндетті.

Біздің біртұтас республикамыздың біртұтас әдеби тілі бар. Ол — сымбатты, әрі бай тіл. Құлашты кең сілтейтін ақын-жазушы да, газет-журнал қызметкерлері де, оқу-ағарту, мәдениет қызметкерлері де, — барлық сауатты қазақ азаматтары сол ортақ әдеби тіл талаптарына сай жазуды азаматтық, мәдениеттілік борышым деп есептеуге тиіс.

### 3. Тілдік нормалардың негіздері

Тіл адам баласының пікір алысу, қарым-қатынас жасау қажетін өтейтін өткір құралы болғандықтан, оны жасаушы, пайдаланушы қоғам ол құралды шыңдай түсу қамын ойлайды. Өйткені қоғам өмірінің биік шыңға көтерілуі, адамдардың ой-өрісінің, сана-сезімінің, экономика, өнер-білім, ғылым, мәдениетінің біріне-бірі ілесе ілгері дамуы, сөз жоқ, оның тіліне де ықпалын тигізеді. Қазіргі қазақ әдеби тілін кемелденген бай тіл, мәдениеті жоғары тіл деп тануымыз. Оны қазақ халқының Октябрьден кейінгі ұшан-теңіз көп табыстарының бірі деп те ұғынамыз.

Тіл байлығы, тілдің икемділігі оның қоғамдық қызметінің ұлғая түсуімен, әдеби тілдің нышан-белгілерін дамыта түсумен ұштасып жатады. Өйткені әдеби тілге тән ерекше белгілерін, соның бірі — нормалық жүйесін жетілдіру әдеби тілдің өзін қалыптастыра, дамыта түсудің қамы болмақ.

Әдетте мәдениетті елдің тілі де, жазуы да жүйелі түрде тәртіпке түскен болады. Солар адам ойының жүйелілігімен үйлескен барлық іс-әрекеттерінің орнықты, тап-тұйнақтай айқын, дәл болуын тілейді.

Тіл жұмсауда да сондай дәлме-дәлдік, айқындылық болуға тиіс. Соның бір саласы тілдік нормалардың қалыптасу мәселесімен ұштасады.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрапталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз — тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру.

Ол тәртіпті орнататын да, оның иін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы — бәрі атам заманнан келе жатқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тіліндегі сан алуан байлықтар басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыстар емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтары бар. Сонымен қатар ауызекі халық тілінде ол заңдылықтардан жөнді-жөңсіз ауытқитын әдеби нормадан тыс жатқан құбылыстар да бар.

Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдапталғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін, оларды бір ізге түсіреді. Ол ұзын-сонарлы процесс біреп жылда аяқтала қоймаса керек, көптеген әдебиеттер арқылы әдеби тілдің түрлі даму кезеңдерінде тіл нормалары түрлі себептермен өзгеріп, белгілі бір дәуірде олар басқаша айтылып, басқаша жазылып, жаңа нормалар орнығуы да мүмкін.

Мысалы, қазіргі әдеби тілдің басын демократиялық әдебиеттің дамуымен байланысты деп қарайтын болсақ, оның алдында түркі халықтарының біразына ортақ «шағатай әдеби тілі» болғаны мәлім. Оның бір түрі XVIII ғасырда «кітаби тіл» деп те аталатын. Қазақ елінде сол тілді пайдаланушылар арабша сауаты бар ақындар болатын. Мысалы, М. Қалтаевтың «Насихат қазақия» деп аталатын кітабында (1911 ж., Қазан) *уағда — уәде, тоғры — тура, ғамал — амал, хакім — әкім, халал — адал, харам — арам, ғадал — адал* сияқты сөздер кездеседі.

«Кітаби тіл» үлгілерінде нормаға айналып, өте жиі кездесетін *мағлұм, кітаб, мехнат, ғұмыр, қарақат, гүнаһ-кар* сияқты араб-парсы тілінен енген сөздер әдеби тілдің халықтық нышандары бекемделе түскен кездерде, әлгіндей сөздердің халық аузында жиі айтылған түрлері нормаға айналды. Сондай-ақ ертеде *шұнын, бірлән, хұрматлу, барадұр, келедұр, айтылмыш, һам, уә һам* сияқтылар да әдеби норма болатын. Сол кездегі қазақ әдеби тілінің ресми іс-қағаздар үлгісі былай болатын: «Семей облысының бес дуанының барша халқының сайланмыш адамдарының 1885 жылында май айында, Шар бойында, Қарамола сиязында жасалмыш «Ережедұр».

«Ұшбү 74 бапты ЕРЕЖЕНІ біздер жасадық, қазақ ресімінше таза көңліміз һәм ғаделетіміз илан уә һәм растығына ишанамыз». Бұл «ереже» Абайдың қатысуымен жазылып, 1886 жылы Қазанда басылып шыққан. (Ол туралы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1982 ж. 10 июньдегі санын қараңыз).

Осындағы *сайланмыш, жасалмыш, ережедұр, ұшбү, бапты, һәм, илан, уә һәм, сияз, ғаделетіміз, ишанамыз* сөздері мен олардың кейбір грамматикалық тұлғалары (-мыш, -дұр) сол ескі әдеби тілдің нормалары есебінде бұрынғы «кітаби әдеби» тілде жұмсалғандықтан, бұлардың бірқатары кейін, тіпті, қазір де шаң беріп қалады (мысалы, айтылмыш, жазылмыш, һәм).

Сол «Ереженің» 3<sup>о</sup> тармағы (бабы) былай жазылған: «Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уағында көмек көрсетпегендерге бас тоғыз бірлән ғайыпталадұр». Мұндағы «бірлән» (мен), «ғайып, таладұр» (айыпталады) дегендерден басқа сөздердің, грамматикалық тұлғалардың бәрі қазіргідей. Солар ол кездерде де үйреншікті, ауызекі тілден енген нормалар болу керек.

Сөйтіп, әдеби тілдің бір кездегі нормалары оның кейінгі кезеңдерінде өзгеріске ұшырауы да, өзгеріске түспей жалғаса беруі де мүмкін. Мысалы, әдеби тіліміздің дәрежесі төмен кезінде, (1920 жылдары) біраз термин сөздер осы күнгіден басқаша айтылатын: *милләт — ұлт, сияз — съезд, кеңес — совет, ортақшылдық — коммунизм, төңкеріс — революция, жағрапия — география, алпауыт — помещик, кіндік комитеті — орталық комитет*.

Әдеби тілдің ертеректегі кезеңінде нормаға айналмаған кейбір сөз қолданыстары қазіргіден гөрі әлдеқайда

жиі қолданылады. Тіпті, әдеби тілдің белді уәкілі деп саналатын Ы. Алтынсариннің «Начальное обучение киргизов по русскому языку» (1879) деген кітабында мынандай сөйлем кездеседі. «...әке-шешеммен бірге базарға бардым. Кімі мал сатады, кімі киім, кімі шұға, кімі темір нәрселер сатып жатыр». Шамасы, «кісі» сөзін автор орыс тілінің «кто» есімдігінің баламасы есебінде қолданған болу керек. Қазір де «кейбіреулер» дегенді — *қайсыбіреулер, біреуісі* деп те жазғандарды кездестіреміз.

Әдеби тіл тарихында үйреншікті болмаған, нормаға жатпайтын сөздер мен грамматикалық тұлғаларды бұзып, өздерінше өзгертіп айтуды, солай жазуды әдеби тіл қабылдай бермейді. Мысалы, Т. Әлімқұлов «Сырлы назында» *барадының* орнына — «барашақ», *біледі* дегеннің орнына — «білешек», *түскіш* дегеннің орнына — «түсешек» («сергелдеңге түсешек бала...») деп қолданыпты. Осылардай, әдебиетте кездесетін жасанды сөздер тілде бар сөз жасау үлгілері (модельдері) бойынша емес, жергілікті ерекшеліктерге тән үлгілермен жасалса, ондайлар нормаға айнала қоймайды.

Октябрь революциясынан кейін әдеби тілге жүздеген жаңа сөздер (неологизмдер) енді. Мысалы, *өнім, түсім, құрам, басым, басылым, құрылыс, табыс, жаратылыс, жиналыс, көтеріліс, үзіліс, оқулық, апталық, сұраулық* т. т. Осылардың жасандылығы білінбей, жалпыға бірдей үйреншікті төл сөзге айналу себебі — олар тілде бар *бітім, жарыс, саулық, байлық...* деген белгілі бір моделі бойынша сөз жасау үлгілерімен «пішіліп» бекемделген сөздер. Осы күндері жаңадан жасалған біріккен сөздер көп: *шекара, баспасөз, өнеркәсіп, халықаралық, бесжылдық, жағажай, балмұздақ, жанкүйер, бессайысшы* т. т. сөздерді біріктіріп айту амалы бұрын да бар болатын және *жолбарыс, жарқанат, балықкөз* сияқты сөздер. Сондықтан, ондайлардың тілге жатығы болмай, тез нормаға айналып кетуі — тіл дамуының бір көрінісі.

Қазақ халқының қазіргі әдеби тілі халықтың ауызекі тілі негізінде жасалған дейміз. Бірақ ауызекі тілде, ауыз әдебиеті тілінде бар нәрсенің бәрі әдеби норма деп танылмайды. Әдеби тіл солардан керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегінен өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сондықтан әдеби тіл — белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл. Оның құрамындағы тіл байлықтары, әсіресе жаңадан енген сөздер, тіл жұмсаушылардың

бәріне бірдей қызмет етуге тиіс. Осыны түсінген адам «мал аласынан сөз аласы жаман» дегенге қол қояды да, әдеби тілде қалыптасқан нормаларды сақтауға тырысады. Жазу арқылы нормаланбаған тіл қаншама көркем болғанмен, «әдеби тіл» деген ұғымға дәл келмейді. Қазақ әдеби тілінің алғашқы лабораториясы — қазақ халқының бай ауыз әдебиеті. Осылардың тілі қазақша, көпшілігі жатық, көркем болғанмен, жалпы алғанда, тілдік нормалары орнықты болмаған, ала-құлалығы мол болғандықтан, қанша мақтағанмен, олардың тілі «тәртіптелмеген» тіл деп танымыз. Олар, ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін құбылыстардың бәрі, екшелмей, сұрыпталмай, әр жерде әр түрлі вариантта жұмсала берген. Фольклор тілі — халық тілінің, ауызекі тілдің байлықтарының алтын қоры бола тұрып, күрмегінен айырылмаған күршістей, екшеу, елеу-елегінен өтпегендіктен, шын мәнінде «әдеби тіл» үлгісіне жатпайды. Бірақ онда да тілдік нормалар бар. Халық тіліне тән лексикалық, грамматикалық нормалардың дені тілдің ішкі заңы бойынша орныққан жүйелер орайында жалпы халық тілінде жұмсала береді, бірақ оларда кодификация жоқ. Ал әдеби тіл сондағылардың бәрін емес, тиімділерін талғап пайдаланады, бұрын болмаған жаңа нормалар (мысалы, орфографиялық, пунктуациялық, терминологиялық, орфоэпиялық) орнатады. Айналып келгенде, әдеби тіл және тілдік норма бірінсіз-бірі болмайтын, бір бүтіннің екі жағы сияқты. Тілдік нормалардың беріктігі — әдеби тіл дәрежесінің жоғары екенін көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардан шығатын тағы бір қорытынды мынау: әдеби норма өзгермейтін, сірідей сіресіп қатып қалған тілдік тәсілдер емес. Олар да диалектикалық даму процесінде қалыптасып, өзгеріске ұшырап отырады. Сондықтан оған тіл дамуының кісенделген құбылысы деп қарамай, тіл мәдениетін жоғары сатыға көтеретін, оның икемділік, дәлме-дәлдік қасиетін арттыратын шараның бірі деп қарау керек.

Оның екі түрі бар: бірқатар нормалар тілдің объективті даму заңдары негізінде қалыптасса (мысалы, қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі үндестік заңдары, лексика-грамматикалық жүйелері), енді бірқатары әдеби тілдің ілгері даму бағдарына сәйкестендіріліп қолдан жасалады. Соңғыларға мыналар енеді: 1) Сауатты жазу ережелері — орфография, пунктуация ережелері; 2) Қаулы-

қарарлар арқылы қабылданған терминдер жүйесі; 3) Сөздіктер, оқулықтар және басқа жетекші құралдар арқылы тіл байлықтарын екшеп, оларды жұртқа дұрыс таныту әрекеттері.

Тіл мамандары әр алуан сөздіктер, оқулық, оқу құралдарын жазғанда, ана тілінің нормалық жүйелерін таныту, жұртқа соларды үйрету, уағыздау үшін жазады. Ал мерзімді баспасөз, театр, радио, телевидение, дәлірек айтқанда, жазушы, ақын, диктор, редактор, корректор, лектор, мұғалім, артист т. т. өздерінің тіл жұмсау іс-әрекеттерінде жалпы қазақ халқына бірдей түсінікті әдеби тілде жазып, сол тілде сөйлеуі де әдеби тіл нормаларын орнықты етудің қамы болады. Бірақ не пайда, кейде тілдік нормаға мән бермей, оның белінен басып, ауа жайылатындар да аз емес. Мысалы, өзімізден бастайық. Сөздіктерде көп кездесетін түрліше құбылып айтылатын сөздердің дұрыс деген вариантын жұртқа ұсыну керек емес пе? Ал түсіндірме сөздікте оларға онша шек қойылмайды. Ондай варианттардың екеуі қатар берілген. Мысалы, *бейхабар* — *бихабар*, *бейшара* — *бишара* (313-б.), *бейтарап* — *битарап та* (312-б.), *беймәлім* — *бимәлім* — *бимағлұм* (222, 308-б.), *беймаза* — *бимаза* (308-б.).

Осындай сөйлеу тілінде түрліше айтылған сөздердің бәрі бірдей дәрежеде әдеби тілдің нормасы болуы мүмкін емес. Егер олардың бәрін мағыналық дифференциацияға салмай, ел аузында кездеседі ғой деп төпеп жаза берсек, тілдік анархияға жол берген болар едік. Әдеби тілде ондайға шек қою бағыты күшті. Бір уақытта *қазір*, *үшін*, *және*, *өйткені*, *сөйтіп*, *мәлім*, *бейнет*, *участок* *учаске*, *съезд* сияқты сөздердің де басқаша айтылу варианттары болған еді. Оларды топырлатпай, бір вариантта жазуды әдетке айналдырдық. Сондай әрекет әдеби тіл мәдениетінің бір саты жоғары көтерілуіне септігін тигізді.

Рас, түрліше айтылған сөздердің бірқатарының айырым мағынада жұмсалатындары да бар. Мысалы: *өкімет* — *үкімет*, *мәлімет* — *мағлұмат*, *ғылым* — *ілім* т. б. Кейбір жарыса қолданылып жүрген дублеттердің бірін тастап, бірін нормаға айналдыруда әлі де қиыншылықтар бар. Мысалы, мұнда варианты сараланған, әдеби компоненті анықталған сөздер баспасөзде қатар қолданылады, тіпті бір кітап, бір мақала ішінде олардың түрліше жазылатын жағдайлары кездеседі. Ондайлар кез-



дейсоқ қателер емес, баспасөзде жиі кездесетін шала сауаттылық, мысалы: *киіз — кигіз, кравать — кереует, кірауат, кәдімгі — кеділігі, кәдүескі* т. т.

Осындайларға қарап, қазақ әдеби тілінің нормалану дәрежесі қандай? — деген сұрақ қоюға болады. Бұл сұраққа А. Ысқақовтың 1974 жылы берген жауабы мынау: «40—50-інші жылдарда қазақ әдеби тілінің ауызша да, жазбаша да ұлттық нормалары бірыңғайланып, 50—60-ыншы жылдарда негізінен орнығып, әбден қалыптасқаны айқын»<sup>143</sup>. Бұл туралы не айтуға болады? Біріншіден, ауызша, және жазбаша норманы ұлттық деп атау дұрыс емес. Мүмкін, автор нормалау процесінің жоғары сатысын төмендегісінен ажырату үшін «ұлттық нормалары» деп айырғысы келген болар. Екіншіден, «50—60-шы жылдарда негізінен орнығып, әбден қалыптасты» дегенінде асығыстық бар ғой деп ойлаймын. Дұрысында, олай емес. Ертеректе басталған ол процесс қазіргі әдеби тілде үздіксіз жүріп жатыр. Ол әлі де болса көпке созылады. Міндет — норма «әбден қалыптасып» болды деп қол қусырып отырмай, әдеби тілді әрі қарай дамыту қамын жеп, ол процесті жеделдете түсуді ойластыру керек.

Жоғарыда сөздердің жұмсалуындағы бірізділіктің жоқтығы айтылды. Ол жазуда, сөздерді айтуда, грамматикалық тұлғалар мен синтаксистік құрылысты жұмсауда оқтын-оқтын кездесіп отырады. Солардан аз уақыттың ішінде арылу оңай емес. Сондықтан тілде барды, тілге қатысты ережелерді біршама орнықты етуді ойластырсақ.

#### 4. Нормалану талаптары

Қазақ тілінің мәдениетін арттыра түсу талаптары алдымен оның коммуниактивтік және қоғамдық қызметтерін жақсарта түсу шараларын жүзеге асыруды керек етеді. Қазіргі қазақ тілі ертедегі қазақтардың от басы, ошақ қасында отырғанда пайдаланатын қатынас құралы ғана емес, жаңа тұрмыс, жарқын өмір үшін күресінің, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау және халқымыздың барлық мәдени, экономикалық, ғылыми, саяси

<sup>143</sup> А. Ысқақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» (1-т., 1974) кіріспе мақаласының 20-бетін қараңыз.

іс-әрекеттерінің құралы. Ол құралдың өткір, ұтымды, мәдениетті болуының көп шартының бірі — әдеби тілдің нормалық қасиетін арттыру болып отыр. Бұл, айналып келгенде, қазақ тілі мәдениетін арттырудың да қамы болмақ. Сондықтан Совет Одағындағы орыс, украин, белорус халықтары мен түркі халықтарының да өмірлік мәселелеріне көп көңіл бөлініп отырғаны түсінікті. А. Н. Қононов 1980 жылы Ташкентте өткен бүкілодақтық тюркологиялық конференцияда жасаған баяндамасында және Қ. Мұсаев «В. И. Ленин және СССР-да түркі тілдерінің дамуы» деген мақаласында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу керек екенін айтады <sup>144</sup>.

Бізде көп талас тудырып жүрген сөздердің бір тобы — дублеттер. Кейбір қалам қайраткерлері дублет сөздердің тиімділерін нормалау дегенді қазақ тілінің алтын қорына орынсыз қол сұққандай көреді. Мысалы, тіл мәдениеті мәселелерін жақсы түсінетін Ә. Қарағұлов былай дейді: «Аудармашылар, журналистер үшін дублет, диалект деген — нағыз НЗ, сарқылмас қор, бағалы қазына. Сондықтан одан көз жұмып, қол сілтеп безуге болмайды» <sup>145</sup>, — дейді. Олардан «без» деп, «көз жұмып», «қол сілтегендер» болды ма? Тіл мамандары «Солардың ішіндегі керегін ала біл, әдеби тілге қажеттісін пайдалана біл» деп айтып келген жоқ па? Ол ол ма, қадірмен жазушымыз М. Әлімбаев дублеттерді дұрыс пайдалану жайындағы тіл мамандарының әрекеттерін «дублеттерді аластау» деп түсінеді екен: «...көптеген сөзді керексіз дублет деп кірпіш құсатып суырып тастай берсек, сарайымыздың көркі не күйге түсерін ойласақ ше? Кейбір сөздерді... «дублет тізіміне жатқызып, лақтырып тастағанымыздың қырсығы көп... Ендеше, лексикалық дублеттерді аластауға аса сақ болу керек» <sup>146</sup>. Бұған не айтуға болады? Алдымен, «кірпіш құсатып» (дұрысы — кірпішке ұқсатып) деп жазу да, келтірген мысалдары да дублеттің не екенін дұрыс түсінбегенін көрсетеді. Ешкім, еш уақытта дублет қатарына енетін сөздерді «лақтырып таста!», «аластат!» деп айтқан емес, жазған да емес. Автор әдеби тілдің «сиқын бұздып тұрған сұрықсыз кейбір кедір-бұдырларын қырнауға болар» деген дұрыс пікір

<sup>144</sup> Советская тюркология, 1980, № 2, с. 11.

<sup>145</sup> Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, 1972, 140-б.

<sup>146</sup> Сонда, 161-б.

де айтады. Бірақ сол «кедір-бұдырдың» бір түрі әдеби тіл нормасынан тысқары жұмсалатын дұрыс сөздің бұзылып айтылған дублеттері емес пе? Әдеби тілдің етек-жеңі олпы-солпы болмай, жинақы, сымбатты болу үшін әдеби нормалар қатарын бекемдей түсуді мақсат етсек, жарыспалы дублет сөздер мен қарапайым сөз, диалектизмдердің бәрін бірдей жөн деп қолдана беру тілдік анархияға душар етпей ме? Әдебиетте *маңдай* дегенді жазушы өз сөзінде *маңлай* деп жазса, *тізе* сөзін *дiзе* деп жазса, тіл мәдениеті тұрғысынан дұрыс болар ма еді? Әдеби сыңары анықталған дублеттік қатарларды пайдаланғанда оның әдеби вариантын ғана қолдану керек. «Жұмысымды бітірдім» деудің орнына «жұмысымды пітірдім», не «жұмыс істедім» демей, «жұмыс жасадым» деген адамның тіл мәдениеті дәрежесі төмен деп қараймыз ғой. Сондай мәдениетсіздік жазуда да, сөйлеуде де болмаса екен деген талапты күшейте, тілдің әдебилік қасиетін арттыра түсер едік. Тіл байлығын нормалау сайып келгенде, әдеби тілді қалыптастырудың қамы, тілдің мәдениетін жоғары сатыға көтерудің шарасы. Сондықтан одан ат-тонды алып қашуға болмайды. Тек оның мәніне түсінбеген, не түсінгісі келмейтін кісі ғана ол шараға немқұрайды қарайды. Өйткені, нормалау — біреулердің ойдан шығарған ермегі емес, әдеби тілдің пайда болу табиғатын, ілгері даму жолдарын айқындау үшін керек әрекет.

Тілді нормалауда қандай-қандай жайттарды нысана етеміз? Норманы, нормаға жатпайтындарды қалай айырамыз? Енді соларға көшейік.

## 5. Нормалаудың критерийлері

1968 жылы декабрь айында өткізілген республикалық конференцияның тақырыбы «Тіл мәдениеті және баспасөз» болатын. Сол кез тіл мәдениеті жайындағы ғылымымыз «аяғын қалт-құлт басып», өзінің зәру мәселелеріне жұртшылықтың назарын аударма бастаған кезі болатын. Сол тұста, әсіресе конференция қарсаңында, тілдегіні нормалау мәселелері мерзімді баспасөзде қызу талқылаудың басты объектілерінің бірі болды. Олай болу түсінікті де, бірақ сонда тіл мәдениетінің көп мәселелерін дұрыс түсіне бермейтініміз аңғарылды. Соның бірі — тілдегі не нәрсе нормалануға тиіс? Бұл сұраққа жауап беру оңай емес. Өйткені, тіл дегеніміз — көлбіген кең

мұхит және оның бұрынғысы бар, бүгінгісі бар, асыптасып, оның толқындарының қырында қарандаған, кейде елеусіз де, жаңалықтары, өзгерістері бар.

Солардың бәрін реттеуді тіл пайдаланушылар өз қолдарына алған кезде, тілдің өзіне тән өзінің ішкі «дәстүрі» бойынша дами беретін заңдылықтары негізінде нені нормалаймыз дегенде, Т. Қордабаев нормалаудың аясы тек алфавит, орфография, пунктуациялармен шектелуге тиісті деп түсіндірмекші болды<sup>147</sup>.

Ғалымдардың айтуын негізге алып, норманы жалпыға ортақ (общепринятое), не қазіргі қоғам қабылдаған («одобряемые современным обществом») тілдік тәсілдер мен тілдік жүйелер (система) деп түсінетін болсақ, олардың солай екенін танытатын қандай белгілері бар? Нормалаудың қандай жолдары бар? деген сұрақ туады.

Бұл сұрақтарға жауап беруден бұрын норманы кейбір ғалымдар «ереже» («правила») деп түсіндіруін қабылдауға бола ма? деген сұрауға жауап беру керек. Оны ереже деп танитын кісінің бірі К. С. Горбачевич былай дейді: «Норма дегеніміз — әлеуметтік тұрғыдан қолдау табатын ғана ереже емес, ол тілдік тәжірибеге сүйенетін, тілдік системаның заңдылықтарын көрсететін және беделді жазушылардың қолданылуымен расталған ереже»<sup>148</sup>.

Әдетте «ереже» («правила») дегенді қолдан жасалатын қағида деп түсінеміз. Сол тұрғыдан қарағанда тілдегі ресми түрде ереже-норма деп танитындарымыз мыналар: емле ережелері, грамматика ережелері, сөз қолданудың синтаксис ережелері. Ал тілдің сөз құрамын (терминдерді қоспағанда), дыбыстар заңының қандай екенін, емле қандай болуға тиісті екенін, сөз тіркестері, сөйлемдер құрамы қалай құрылу керек екенін анықтауға болар, бірақ оларға арнайы ереже шығару қиын ғой. Сондықтан «ереже» деген ұғымды ресми қағида деп түсінетін болсақ, ол «норма» дегеннің синонимі бола алмайды. Шамасы, К. С. Горбачевич ол терминді кең мағынада түсінетін болу керек.

Олай болса, норманың «тілдік жүйе» (языковая система) дегенге қатысы қандай? Жүйе дегеніміз — бөлшек-

<sup>147</sup> Қордабаев Т. Тіл мәдениеті мәселелері. — Қазақ әдебиеті. 1968, 10 август.

<sup>148</sup> Горбачевич К. С. Норма современного русского литературного языка. М., 1978, с. 37.

теуге болатын өзара байланыстағы тұтастық. Оның болмысында жалпыға ортақ бірлестігі болумен қатар, құрамында әр алуан орайда танылатын ерекшеліктер болады. Қалай болса да тіл жүйелері — оның табиғи болмыстарын қамтиды.

Тілдік нормалар, негізінде, сондай тілдік жүйелер орайында, оларға үлесімді бірлікте жасалады. Мысалы, қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде мынандай заңдылықтар бар: дауысты, дауыссыз дыбыстардың басталатын қосымшалар сөз аяғындағы сондай буын, дыбыстарымен үндесіп, қатаң болса, қатаң, ұяң болса, ұяң, жуан болса, жуан, жіңішке болса, жіңішке болып үндесіп айтылуы да, солай жазылуы да — норма. Ал ерін, езу дауыстылардың айтылуында белгілі үндестік болады. Ол орфоэпиялық норма, орфографияда ерін үндестігі ескерілмейді. Сөз аяғында айтылатын ұяң, қатаң дыбыстар кейінді ықпал заңы бойынша жалғанатын қосымшаның қатаңнан басталатын дыбыстарымен үндесіп айтылады. Ол орфоэпиялық норма. Жазуда олай емес, сөздің түбіріндегі соңғы дыбыс әріптері өзгертілмей жазылады, мысалы: (арызшыл), (арышшыл), (ауызша), (ауышша), (қосшы), (қошшы), (басшы), (башшы). Бұл орфографиялық норма.

Бұдан шығатын қорытынды, қазақ тілінің дыбыс жүйесінен тарайтын заңдылықтардың бәрі бірдей орфографиялық та, орфоэпиялық та норма бола бермейді.

Қазақ тілінің морфологиялық құрылысында қосымшалардың түбірден кейін жалғануы, керегінде бірінің үстіне бірінің жалғануы соңғы жағдайда — алдымен жұрнақ, одан кейін көптік, сонан соң тәуелдік, тәуелдіктен кейін септік жалғауының жалғауы — әрі жүйе, әрі норма (мысалы: замандас-тар-ым-ның, жұмыс-шы-ларымыз-дан, адам-гер-шілік-тер-і-не).

Осы бір жүйелі ереженің ерекше болып та, қосымшалардың орын ауысып та жұмсалатын жағдайлар бар. Туыстық қатынасты білдіретін (әке, апа, аға, ана, әже, көке, жәке, ата) сөздерге тәуелдік жалғаулары көптік жалғаудан бұрын да, соң да жалғана береді. Мысалы: *әкелерім — әкемдер, аталарым — атамдар, ағаларың — ағаңдар*). Мұнда негізгі, жүйелі нормадан ауытқушылық бар. Ол әйтеуір айтыла салған өзгеріс емес. Солай айтылуында мән бар. Соңғы мысалдарда көптік жалғау сол адамның көптігін білдірмей, тәуелдіктер арқылы, оның

қасындағы адамдарды қоса қамтып айтқанды білдіреді. Сондай, мағынаны айыру үшін жұмсалатын ауытқулар да тілдік норма құрамына енеді. Тағы бір мысал: сөйлем мүшелерінің сөйлем ішінде орналасуы жүйелі түрде, баяндауыш бастауыштан соң, анықтауыш анықтайтын сөзінен бұрын, толықтауыш, пысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын орналасады. Тәртіпті сақтай сөйлеу және солай жазу әрі орфоэпиялық, әрі грамматикалық норма (Мұнда да жөнді, жөнсіз ауытқулар болады. Олар туралы кейін айтылады).

Сөйтіп, тілдегінің норма екенін, алдымен, жоғарғыдағыдай, тілдің жүйелігіне сәйкес болғанына қарап білеміз. Сол негізде жиі қолданылып, әбден үйреншікті, тұрақталған тілдік тәсілді норма деп танымыз. Оларды жеке кісілердің субъективті көзқарастары бойынша емес, әдебиетте, әсіресе беделді, ана тілі байлықтарын әдебиетке сұрыптап енгізуде ерекше қызмет атқарған, көрнекті ақын-жазушылардың туындыларында, солардың тіл жұмсау дәстүрін сақтап, соларды ілгері дамыта түсетін басқа да әдебиетте, әсіресе мерзімді баспасөзде, көркем әдебиетте жиі қолданылып, әбден қалыптасқан тіл байлықтарының бәрі норма деп есептеледі. Осы тұрғыдан қарағанда, тілдегі нормалық сипатты айқандауда сөздердің, тіркестердің т. б. әдеби тілде жұмсала бастау мерзімін кесіп-пішіп айту қиын. Мысалы, негізгі сөздік қордағы байлықтар (мал, бура, қасық, қазан, қызыл, алпыс т. т.), тұрақты тіркестер, грамматикалық тұлғалар атам заманнан бері жұмсалып келе жатса, енді бірқатары әдеби тілге кейін еніп тұрақталған. Мысалы, неологизмдер мен терминдер, жаңа орфографиялық ережелер мен орфографиялық нормалардың қалыптасып нормаға айналуына мерзімді баспасөз қомақты қызмет етсе, халық тілінің байлықтарын таңдап, талғап қолданып, әдеби нормаларға айналдыруда атақты ақын-жазушылардың іс-әрекеті ерекше болды. Соңғыны кейбір орыс ғалымдары «беделді түпнұсқа (источник)» деп те атайды. Е. С. Истрина: «Норма деген түпнұсқаның беделділігімен және ойдағы тіл құбылыстарының қолданылу дәрежесімен анықталады. Жалпы халықтық қолданыстың бәрі норма болып есептеледі»<sup>149</sup>, — деп дұрыс айтқан.

---

<sup>149</sup> Истрина Е. С. Норма русского литературного языка и культура речи. М.; Л., 1948, с. 19.

Қазақ тілінің нормаларын тануға осы қағиданы ең басты тірек егуге болады. Бірақ бұндай жағдайда қай түпнұсқаға жүгіну керек? Жалпыға бірдей танымал, жұрттың бәрі бір қалыпта жұмсайды дегенді де әркім әр түрлі болжауы мүмкін ғой. Мұндайда арқа сүйеу ететіндеріміз Абай, Ыбырай, Мұқтар, Ғабит, Бейімбет, Сәбит, Ғабиден, Сәкен, Әбділда деп көркем әдебиет классиктерін атаймыз. Бірақ солардың бәріне ортақ қазақ тілінің қара қазанында қайнаған тіл байлықтарының арасында әдеби тілге тән емес, норма деп танылмайтын сөз қолданыстары мен грамматикалық ерекшеліктердің бар екені белгілі. Олай болудың түрлі себебі бар. Мысалы, Абай 13—19 жастағы кезінде «шағатай әдебиетінің» шеңберінен шыға алмай жүрген кезі болған. Сол ерте кездегі жазғандарында араб-парсы сөздерін сол тұстағы нормаға лайық *хаким, ғыззат, ғұмыр, ғарап, ғадат, ғамал, ғалам, ғайып* сөздерін өз шығармаларында қағыстырып отырған. Кейін ондайдан суынып, тілге демократиялық бағыт тұрғысынан қарап, әлгіндей сөздерді халық аузында айтылуы бойынша жазатын болған: *әкім, іззет, арап, әдет, ғанибет, амал, әлем, айып*. Осындайлар қазір норма. М. Әуезов «Білекке білек» еңбегінде, Ғ. Сұлтанов «Кең өріс» повесінде, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында бірқатар диалектизм мен басқа әдеби нормаға жатпайтын жергілікті қарапайым сөздерді қолданған. Олардың да түрлі себептері бар.

Соларға қарағанда беделді жазушы, ақын шығармаларының тілін жалпы халыққа ортақ өнеге-үлгі деп қабылдаумен қатар, оларда да нормалардан жөнді, жөнсіз ауытқулардың болатынын мойындауға тиіспіз.

Көркем әдебиетте нормаға жатпайтын мынандай сөз қолданыстары кездеседі: *кейінің, біреуісі, бір үйір саудагер, үй егесі, хабарлас қылды* т. б. *Кейінің*, мылтымасы жоқ (Н. Сералиев). *Жолаушы хабарлас қылды* білем (Ә. Нұрпейісов). *Өзің құралпы жігіттер, олардың біреуісі* (Б. Соқпақбаев). *Бес-алты түйір алмадан басқа дәнеңесі жоқ* (Н. Сералиев). Осындайдың бірқатарын жазушылар білмегендіктен емес, біле тұра, белгілі мақсатқа лайық етіп те қолданады. Қалай да қолданылу жиілігі байқалмайтын ондай сөздер мен сөз тіркестері әдеби тілдің нормасы деп есептелмесе керек. Норма және норма еместі айыру үшін жиілік принципін, әсіресе дублет сөздермен жарыса «қанжығада» жұмсалатын сөз тір-

кестеріне негіз етуге болады. Сол тұрғыдан мына кестеде берілген сөздерге назар аударайық:

жиі — норма	жиі емес норма емес	жиі — норма	жиі емес норма емес
сияқты, секілді рұқсат кгіз (кгіз үй) манадан бері қазір, қазіргі тізе диірмен қарбыз	құрпы, рәуішті ұлықсат кгіз (кгіз үй) маналы бері кәзір, кәзіргі дiзе тиірмен дарбыз	қияр құдағи шұбат  кәдімгі  шалбар	бәдірең құдағай қымыран  кәдүілгі, кәдуюескі  сым

Көркем әдебиетте әдеттегідей тіркесу қабілеті жоқ сөздерді тіркестіру арқылы белгілі көркемдік образ, эмоциялы-экспрессивтік мағына оралымы жасала береді. Олар сол қалпында жиі қолданылмауы да мүмкін. Сонда да көркем әдебиет стилі үшін олар да норма деп есептеледі:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

(Сәкен)

Жалт беріп құралай көз қарағанда,

Жанымның жайлауындай жарасасын.

(Қасым)

Норманы айқындаудың тағы бір критерийі — тілдік тәсілдердің мағына жүйелілігі. Мағына айыруға қызмет ететін тілдік тұтастық, тілдік тәсілдердің бәрі нормаға енеді. Мысалы: 1) Қазақ тіліндегі дыбыстардың бәрі емес, тек фонемалары ғана норма. Неге? — Олар сөз мағыналарын (асты, есті, алды, әлді сияқты) дифференциациялайды: дыбыстар сөз мағыналарын айыру үшін жұмсалады. Ондай сөздер құрамындағы дауыссыз дыбыстар жуан, жіңішке болып айтылуы мүмкін, бірақ сөз мағынасын түрлендірмейді; 2) Синтаксистік құрылыста бастауыш пен баяндауыштың қиысуы әрі жүйелі, әрі мағына дәлдігін аңғартады. Мен, біз, сен, сіз сөздері бастауыш болғанда, баяндауыштар соларға бағынып, мағыналық үйлесімі бойынша тұлғаланылады. 4. есімдіктен басқа сөздердің бәрі, тіпті тәуелдік жалғауда тұрса да, бастауыш болса, баяндауыштары 3-жақта айтылады. Солай болу норма. Ал өзі, бәрі, екеу, үшеу сөздері тәуел-



дік жалғауда тұрып бастауыш болғанда, олардың жақтық мағыналары басқаша болады. Салыстырайық: *Әкем келді* (III), *өзім келдім* (I), *бәріміз келдік* (I), *баламыз келді* (III), *үшеуіңіз келдіңіз* (II). Бұл да норма.

Ал жіктік жалғауларының (-мын) көсемшеден кейін қысқарып -м (барам), немесе диалектідегі *барасыңыз*, немесе жіктік жалғауларының түсіріліп айтылуы норма емес, жұмсалуына қарай жөнді, женсіз ауытқулар болады. Кейбір өлеңді, мақал-мәтелді сөйлемдерде буын саны артып кетпеу үшін, кейде сөйлемді үнемді ету үшін сөзге жалғануға тиісті жіктік жалғаулар түсіріліп айтылады. Олай болуда жүйелік те, жиілік те, мағына айыру қызметі де байқалмайтындықтан, ондайды норма деп танымаймыз. Сондықтан нормативті грамматикаларда мынандай мысалдар елеусіз болып қала береді.

Сен — темір де, мен — көмір,  
Сен — арыстан, мен қабылан...

(Қазыбек)

Сен салар да, мен салар,  
Атқа шөпті кім салар?

(Мәтел)

3) Екі түрлі дыбыстық құрамда айтылатын о бастағы бір сөзге, әсіресе журналистер екі түрлі мағына теліп жұмсайды. Мысалы: *өкімет — үкімет, ілім — білім — ғылым, оқиға — уақиға, әрекет — харекет, әлем — ғалам* (аспан әлемі, он сегіз мың ғалам), *өйткені — үйткені*. Осындай сөз мағыналарын айыру қызметінде жұмсалатын дублеттер сыңарлары бөлек-бөлек сөз есебінде норма деп танылады. Оның бір жайсыз жағы — осындайдың қайсысы қандай мағынада жұмсалатыны жұрттың бәріне бірдей аян бола бермейді. Себебі, бұл жасанды материал. Ондай жасандылардың жалпы халықтық сипатқа ие болуы үшін көп уақыт керек; 4) Қазақ тілінде қалау рай етістіктері түрліше тұлғаларда айтылады. Мысалы, *барайық, баралы, баралық*.

Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық.

(Ы. Алтынсарин)

Мекен іздеп, жігіттер, кел-кетелі,  
Ортасында Көктөбе белгі етелі...

(«Қозы Көрпештің» Жанақ нұсқасы)

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының тағы бір нұсқаларында *кел-кетелінің* орнына *кел — келелік, белгі етелік* түрінде айтылған. Бұлар, әрине, ертеде ауыз әдебиетінде кездесетін көне тұлғалар. Олар қазіргі әдеби тілде әдеби норма есебінде жұмсалмайды.

Норманы айырудың тағы бір критерийі белгілі тілге жаңадан енген тәсілдердің әбден орныққан тілдік модельдермен үйлесімділігі.

1) Октябрден кейін пайда болған жаңа ұғымдарға лайық көптеген жаңа сөздер жасалады. Мысалы, *атым, қысым, басым, күтім* модельдеріне ұқсас *өнім, түсім, құрам, тізім, басылым* сияқты сөздер жасалды; *айтыс, күрес, тартыс, шабыс* сияқты сөздер моделі бойынша *құрылыс, табыс, жаратылыс, жиналыс, көтеріліс* сияқты сөздер жасалады. *Жолбарыс, жарқанат, ашудас, балықкөз* сияқтылардың үлгісімен *шекара, баспасөз, өнеркәсіп, келіссөз* тәрізді біріккен сөздер жасалды. Олар қазір жалпы халықтық норма дәрежесіне дейін көтеріліп отыр.

Қазақ тілінде *келешек, болашақ* дегендер мен *барашақ, білешек, түсешек* дегендердің, *күте-күте екі көзіміз төрт болды, оның делебесі қозбады* дегендер мен *күте-күте көзіміз көгерді, оның бүйірі қозбайды* (Қазақ әдебиеті, 21. I. 1983) немесе *лақ пен лақтыр, тері-терсек пен темір-терсек* (сонда) дегендердің арасында ешқандай жақындығы жоқ қателер; *өткізсе — өткерсе, түгелденуі — түгенделді», пәлендей — «бәлендей»...* дегендер айтылу нормасы бұзылып, дұрыс қолданылмаған сөздер, сондықтан мұндайлар көзге шыққан сүйелдей жат көрініп тұрады.

2) Орыс тілінің игілікті әсермен синтаксисте бұрыннан бар модельдерге сәйкес көптеген сөз тіркестері жасалды. Олар тез нормаға айналып кетті: Мысалы, *еңбек жеңісі — трудовая победа, тәрбиенің пәрменділігі — действительность воспитания, идеялық-саяси тәрбие — идейно-политическое воспитание, социалистік жарыстың қорытындылары — итоги социалистического соревнования, ғылым мен өндірістің байланысын нығайта беру — крепить связь науки с производством, атеистік насихат — атеистическая пропаганда* т. б.

Жоғарыда көрсетілген белгілеріне сай тілді әдеби қалпына келтіретін, нормалайтын нәрселер — әр түрлі сөздіктер мен оқулықтар, оқу құралдары, әр алуан әдебиет пен көпшілікке арналған үгіт-насихат орындары; оқу-ағарту орындары мен өнер-білім, ғылым мекемелері т. б. Әрбір көзі ашық, сауатты азамат ана тілін қадірлеп, әдеби тіл мәдениетін, өзінің тіл жұмсау мәдениетін арттыру үшін тіл категорияларын дұрыс пайдалануға тиіс. Сөйтіп, тілдік норманы айқындаудың критерийі бірнеше болғанда, соларды баянды етудің, жұртқа танытудың жолы да бірнеше болады:

1) Кодификация жолы (тілдегі заңды құбылыстарды оқулық және басқа құралдар арқылы насихаттау).

2) Тендестіру жолы (тілдік құбылыстарды ресми түрде қабылдап, оларға жалпы халыққа ортақтық сипат беру, мысалы, орфографияда, терминологияда).

## **6. Орфографиялық және орфоэпиялық нормалар**

В. И. Ленин идеясының нұрына бөленген қазақ елінің мақтанышы көп. Соның бірі — совет дәуіріндегі тіл майданындағы табыс. Біз қазақ тілін енді кемелденген бай тіл деп те, оның жазу мәдениеті жақсарып, орфографиялық, орфоэпиялық нормалары қалыптасты деп те мақтан ете аламыз.

Қазақ тілінің шарықтап өскен, саяси-әлеуметтік қызметінің барынша ұлғайған кезі Октябрьден кейінгі тарихымен ұштасып жатады. Егер бұрын қазақ тілінде оқып, білім алу, қазақ тілінде газет-журнал, кітаптар шығару қол жете бермейтін арман болса, бұл күнде қазақ тілінде білім алу, қазақ тілінде газет-журнал, кітаптар шығару күнделікті іске айналды. Солармен ілесе қазақ тілінің жазу мәдениеті де жылдан-жылға жақсара түсті. Баспасөз партияның қамқорлығы арқасында 1920—1930 жылдары өзінің материалдық базасын нығайта бастағаннан-ақ, қазақ халқының ана тілінің құдіретті күшіне арқа сүйеп, оны күнделікті жұмысына тиек ететін қазір республикамызда 300-ден астам әр түрлі газет, 16 журнал, мыңдаған кітаптар шығады екен.

Совет тұсындағы баспасөздің әр алуандылығы әдеби тілдің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай туғызды. Бізде мұншалықты бай әдебиет, халыққа көп тараған баспасөз болмаса, әдеби тілдің қалпы да бүгінгідей бол-

мас еді. О бастағы әдеби тілдің жастығы қазақ баспасөзіне, әсіресе мерзімді баспасөзге, зор міндеттер жүктеді. Октябрьден кейін шарықтап өскен еліміздің бүгінгісі мен келешегінің қажетті құралы — қазақ тілі және оның жай-күйін көрсететін баспасөздің күнделікті өміріне қажетті төл жұмысына айналды. Әсіресе алфавит, орфография, терминология сияқты аса маңызды мәселелер алғаш газет-журнал беттерінде жарық көріп, солар арқылы жұртшылықтың талқысына түсіп, дер кезінде шешімін тауып отырды. 1920—1930 жылдары баспадан шыққан әдебиеттер тілінің сапасы аса жоғары дәрежеде болмағаны белгілі. Кейін орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшкеннен кейінгі дәуірде, қазақ баспасөзінің тіл мәдениеті жылдан-жылға арта түсіп отыр. Бұл күнде баспасөз жаңа өмірге лайықты жаңа орам, жаңа тіркес тауып, қазақ тіліндегі бар байлықты жүйелі түрде жұмсап, сауаты арта түсті.

Мәдениет, оқу-ағарту, ғылым, әдебиет, өнер халықтың тағы басқа рухани өміріне тіл де қызмет етеді. Оның сол қызметі тіл мәдениетінің дәрежесін арттыруға, тілдік тәсілдердің жетіліп қалыптасуына кең жол ашады. Әсіресе баспасөзде орфографиялық, лексика-грамматикалық нормалар және әдеби тілдің стильдік тармақтары шындала түседі. Тіл мәдениеті екі салаға бөлінеді: 1) баспасөз тілінің мәдениеті, оған жазу мәдениеті; 2) сөйлеу тілінің мәдениеті, оған орфоэпия — дұрыс сөйлеу, сөздерді дұрыс айту мәдениеті енеді. Олардың қарым-қатынасы нәтижесінде жазу нормалары баспасөз арқылы қалыптасады. Ал орфоэпиялық нормалар баспасөз және әдеби тілдің сөйлеу тілі арқылы қалыптасады. Сондықтан баспасөз тілі мәдениетінің дәрежесі әдеби тіл нормаларының сапасы мен дәрежесінің өлшемі бола алады. Өйткені баспасөз — әдеби тіл мәдениетінің айнасы.

Сөйтіп, тіл мәдениеті халықтың жалпы мәдени дәрежесімен, әдеби тілдің қандай белесте екенімен тығыз байланысты. Халықтың жазу мәдениеті, сөйлеу өнері неғұрлым жоғары болса, солғұрлым, сөздердің орфографиялық және орфоэпиялық нормалары берік те тұрақты болады.

Орфография ережелерін жетілдіру мақсатымен бұрын жазу тәжірибесіне бірнеше өзгерістер енгізілген болатын. Соның бірі қосарлы-**ый**, **-ій** әріптеріне бір и әрпімен таң-

балау туралы өзгеріс нәтижелі болғаны мәлім. Ол әсіресе жазуды жеңілдетіп, оның мәдениетін жақсартты. Солай етуді тілейтін орфография ережелерінің қайта қарауға болатын мәселелері әлі де жоқ емес. Соның бірі орыс тілінен енген бірқатар сөздердің соңғы дыбыстары **к, г, -ге** біткенде, оларға жалғанатын қосымшалар кейде жуан, кейде жіңішке қалпында жалғануы жазуда көп қиыншылық туғызып жүр. Енді соларға жалғанатын қосымшалар (кейбір сөздерді қоспағанда) тек жіңішке вариантта жалғанады деп өзгертуді тілейтін сияқты.

Осындай жеңіл-желпі (ресми түрде) өзгерістер енгізуді жазу тәжірибеміз тілеп отырса, әрине, ондайдан бойды аулақ салуға болмайды. Бірақ негізгі жазу ережелері тұрақты болу керек.

Біріккен сөздердің жазылуында да бірізділік жоқ. Бұл жайында әр баспа орны өзінше ереже шығарып жүр. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты шығарған үлкен орфографиялық сөздікте де бұл туралы қайшылық бар. Қазақ жазуында біріккен сөздердің емлесі тиянақталмай-ақ қойды. 1935 жылы жазған бір мақаласында проф. К. Жұбанов біріккен сөздердің жазылуында қате көп кететінін, бұл мәселеде таластың көп екенін сөз еткен болатын <sup>150</sup>.

Дәл осыны қазір де айтуға болады. Оның басты себебі — біз біріккен сөздерді емес, олардың ережелерін құбылта береміз. 1940—1960 жылдары оларды бірге жазу дағдыға айналып, жөнделе бастағанда, кейін бөлек жазуды дәріптеп, қолғап, жарғанат, есекмия сияқты көптеген біріккен сөздерді қайтадан бөлек жазуды ұсындық. Бұдан не шықты? Бұл тәжірибе өзін-өзі ақтамағанын әркім-ақ байқап жүр.

Қазақ тілінің нормаларын айырып тану критерийлері туралы айтқандарымызға мысалдар лексика, грамматика, кейде фонетикадан алынды. Соларға қарап орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың оларға қатысы жоқ екен деп түсінбеу керек. Бұлардың да жұмсалуында жүйелілік, жиілік, модельдік болжамдар болады. Солармен қатар ол екеуінің нормалық құрылыстарында елеулі ерекшеліктер бар және олардың өзара байланысы да бар. Мысалы, емле ережелері бойынша дауысты, дауыссыз

---

<sup>150</sup> Жұбанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966, с. 265.

дыбыс әріптері түбір сөздер мен қосымшалардың түйіскен жерінде ілгерінді, кейінді ықпал заңдарына сәйкес жазылады: қатаңнан кейін — қатаң, ұяңнан кейін — ұяң, жіңішке дауыстыдан кейін — жіңішке, жуан дауыстыдан кейін — жуан дауысты жазылуға тиісті екені орфографиялық ережелер жинағында бірнеше параграфқа бөлініп айтылады (§ 32, 33, 41). Солай жаз деп ережелер ұсынуымыздың негізгі принципі — қазақ тілінде ертеден қалыптасқан дыбыстардың біріне-бірінің әсер етуі нәтижесінде пайда болатын өзгерістер. Бұл орфографиядағы фонетикалық принципті қолданудың бір түрі. Сол заңдылықтар ауызекі тілде өмір сүріп келгендіктен, орфографиялық ережелер орфоэпия нормаларына сәйкестендіріліп қабылданған. Сондықтан, мысалы, *таудан, қаладан, терезеден, есіктен* деп айтылуы да, солай жазылуы да норма. Бірақ әр уақытта осылай айту (орфоэпиялық), жазу, орфографиялық нормалары өзара үйлесіп, бірлестік-тұтастығын сақтап жұмсала бермейді, екеуі екі бөлек нормалық бағытқа түскендері бар. Мысалы, дауысты дыбыстардың ерін үндестігі қазақ тілінде қырғыз тіліндегідей елеулі болмайтындықтан, айтуда ол заңдылықтар сақталады да, жазуда ескерілмейді: «төрдө төртеу отыр төремін» деп айтылады да, «төрде төртеу отыр төремін» деп жазылады. Екеуі де норма. Не болмаса, *завоттан, Ленинградқа* деп дыбыс заңы бойынша айтылады, бірақ ондай сөздердің түбірін сақтау мақсатымен — *заводтан, Ленинградқа* деп жазамыз. Мұндайда сөздің соңғы дыбысы ұяң болмаса, дауыссыздан басталатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң, қатаң болса, — қатаң болып жазылады деген ереже еленбейді. Немесе *ауызша, сөзішең, қазша* деп жазамыз да, *ауышша, сөшішең, қашша* деп айтамыз.

Мұндайда орфографиялық ережелер фонетикалық принципке сүйенбейді, ал морфологиялық принцип бойынша — сөздің түбірін сақтап жазуды норма деп танимыз. *Сұршағыз, Болдығыз, Құрманғазы, Жанғабыл, Төрегелді, Есенгелді, Құлагер* сияқты күрделі біріккен сөздер арасындағы фонетикалық өзгерістердің жазылууда да сақталуы — екі талап-талғамның (айтылуы мен жазылуы) түйіскен жері болса, *Аманкелді, Ботакөз, Досжан* (айтылуы — *Дошшан*), *Сәтбаев* (айтылуы — *Сәтнаев*) сияқтылардың жазылуы айтылуынан алшақ жатыр.

Мұндайдың қайсысы дұрыс? дегенге жауап беруден бұрын «ол екеуінің қай орайда басы түйіседі, қай жерде екі айырылады?» дегенге жауап беру керек. Орфография ережелері бойынша күрделі сөздердің бәрі бірдей бірігіп жазылмайды (мысалы, күрделі сын есім, сан есім, етістіктер). Бірігіп жазылатындары көбінесе, зат есім, есімдік, үстеу сөздер. Күрделі сөздердің бірігіп не бөлек жазылуы, сөз жоқ, олардың орфографиялық нормаларын қалыптастыруға да, ауытқымалы етуге де әсерін тигізеді. Мысалы, *темір жол* (железная дорога), *теміржолшы* (железнодорожник), *бес жылдық қор* (пятилетний запас), *бесжылдық жоспар* (пятилетний план), *ақ сүйек* (белая кость), *ақсүйек* (игра).

Тілдегі әр уақытта осылардай таразының басы қай жағына ауса, сол нормаға айналып, оп-оңай шешіле бермейді. Кей орайда орфография мен орфоэпия арасында үйлесімі бола бермейтін жайттар да кездеседі. Сондайлар шаң бергенде, «Былай тартсаң, арба сынады, былай тартсаң, өгіз өледі» деуге тура келеді. Ондай қайшылықтың болуын тілдің даму табиғатының ерекшелігімен түсіндіруге тура келеді. Мысалы, әдеби тілдің ерекше күш алып, коммуникативті қызметінің кеңеюі, сөз жоқ, оның лексикалық қорының молаюын керек етеді. Ол үшін тілдің жаңа сөз жасау тәсілдерінің әрекеті күшейді. Мысалы, екі сөзді біріктіріп жаңа сөз жасау бұрын да бар еді. Сөз жасаудың синтетикалық амалдары сияқты бұл аналитика-синтетикалық сөз жасау тәсілі де қазірде ерекше етек алып кетті. Солардың бірқатары жиі қолданылып, ертеден-ақ нормаға айналып кетсе (жолбарыс, тасбақа, атқұлақ т. б.), сол ізбен бұдан 20—30 жыл бұрын жасалған күрделі сөздер де сол топты молайтты (шекара, бесжылдық, өнеркәсіп, еңбек күн т. б.). Тіл осындайлармен «қанағаттанып», «қаңтарылып» тұрып қалмайды ғой. Жаңа сөздер мен сөз тіркестері барлық тіл жұмсаушыларға бірдей сіңімді қалпында жасалмайды. *Жағажай, балмұздақ, бессайыс, келіссөз, арзанқол* сияқты сөздердің жұртқа танымал болуы, солай жазылып нормаға айналуы үшін де уақыт керек болды. Соңғы кезде, мерзімді баспасөз бетінде мынандай күрделі тұрақты сөз тіркестері біріктіріліп, жиі жазылатын болды: *бозбала, жасөспірім, жанашыр, атүсті, кездейсоқтық, тырнақалды, тісқаққан, атсалысты, еңбексүйгіштік, арзанқол, күретамыр* т. б. сияқтылар емле ережесі бойын-

ша, тұрақты тіркестер болғандықтан, бірікпей, әр сөзі бөлек-бөлек жазылуға тиісті болса, баспасөз тәжірибесі мен ол жайындағы ресми ереже арасында елеулі қайшылық бар екені байқалды. Фразалық түйдектердің тек мағыналық тұтастығы ғана емес, олар терминдік ұғымға ие болып, номинативті арнаға түседі. Сондықтан мағына тұтастығы тұрғысынан *дұрдараздық, басараздық, ауылшаруашылық* т. б. номинативті бір бүтін сөздер деп танылып, біріктіріліп жазылады.

Фразалық тіркестердің біразы, әдетте, әрбіреуі сөздің бейнелі, нысаналы баламасы болғандықтан, олардың біртұтас сөз деп танылуы заңды да. Мысалы, *тіс қаққан — қу, тісін қайрау — өшігу, көз жұму — елемеу, көз қырын салу — қарасу*. Бірақ бұлардың бөлек жазылуы — олардың біріккен сөз еместігін, тұрақты тіркестер екенін (бірақ сөз тіркестері емес) аңғартса, сонымен қатар осылардың ауыспалы мағыналарын дұрыс ұғынуға себепкер болады. Соның өзінде тұрақты тіркестердің мағына тұтастығы кейде жаңа пайда болған терминдік ұғымдардың баламасы — атауышы болатындықтан, баспасөзде олардың біріктіріліп жазылуы дағдыға айналды. Мысалы, *қанішер, жасәспірім, бозбала, арамтамақ, тісқаққан*. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында *атжақты, атқамінер, атқосшы, атсалыс, атүсті, атшабар, атшабыс, атшана, атшаптырым, атышулы* сияқты сөздер кездеседі. Оларды автордың саналы түрде біріктіріп жазуы сөздерге жаңа өң, жаңа мән беруді көздегендігін байқатады. Мұндайларды тек емле тұрғысынан танымай, бір лексикалық қатардағы сөздердің тіркестірілетін екінші қатардағы сөздермен бірге біртұтас бүтін сөзге айналуы деп тану керек.

Толық мағыналы сөздердің шылау сөздерге айналуы, күрделі етістіктердің бірігіп, қысқарып, дара етістіктерге айналуы (мысалы: түрегел, әкел, әпер), жалпы есімнің жалқы есімге айналуы және керісінше — сөздердің коммуникативтік қызмет орайында сірідей сіресіп қатып қалмайтынын, ауыс-түйіс байланысының молдығын көрсетеді. Осы тұрғыдан *шекарашылар* дегеннің аналогиясы бойынша *теміржолшылар, бессайысшылар, қолөнершілер* деп жазу орынды. Өйткені, тіл жұмсаушылар бұларды *бетбұрыс, кішіпейілдік, бүкілхалықтық, көркемөнерпаздар* сияқтыларды біртұтас номинант деп ұғынады. Сөздердің айтылуы мен жазылуы арасындағы



елеулі қайшылық көп орайда олардың нормаларын бұзуға мәжбүр етеді. Жазу нұсқалары кейде жазушының сөздерді айту дағдысымен де байланысты. Оқушы, студент, не белгілі ауыл-аймақ өкілдері орфография ережелерін жетік білмесе, жеке сөздерді өздерінің айтуынша жазып қояды. Кейде соған қарап қай өңірде қандай диалектілік ерекшеліктер бар екенін де бағдарлауға болады. Мысалы, батыс аймақтарда кездесетін жұмыс жасадым, бойлай жұмысқа кешігуші дегендер немесе оңтүстік аймақтарындағы жүдә жақсы, ауқат іштік сияқтыларды әдеби нормаға жатқызу қиын.

Әдеби тіл нормаларын сақтап, ресми түрде қабылданған жұртқа ортақ емле ережелерін сақтап жазу — тіл мәдениетінің басты талабының бірі. Егер ол екеуінің арасында қайшылық болса, оны босдырмау әрекеті үшін қабылданған ережелерге әлсін-әлсін өзгерістер, толықтырулар енгізіп отырған жөн.

Орфографиялық нормалардың ғылыми негіздерінің бірі тілдің дыбыс заңдылығы болса, тағы бірі — сөздердің айтылу заңдылығы. Егер сөздердің жазылуы орфоэпиялық нормалардың қалыптасуына себепкер болатын болса, онда ол екеуінің қарым-қатынасының берік болғандығы. Мерзімді баспасөзде «Жазушының көптомдығы», «бүкілодақтық көркемөнерпаздар үйрмесінің байқауы» деп айту, жазу қазір нормаға айналды.

Осындағы көптомдығы, бүкілодақтық, көркемөнерпаздар сөздерінің құрамындағы жеке сөздердің бірігуіне орыс тілі арқылы енген жаңа ұғымдар түрткі болса, екінші жағынан дәл солардай болмағанмен, тілімізге бұрыннан келе жатқан осындай модельдер себеп болды: жарқанат, жолбарыс, бүгін т. б.). Сол модельдер бойынша жасалған жаңа сөздердің түр-түрпаты әдеби тілдің ілгері дамуына үйлесіп, оның іргесі әлдеқайда кеңейгендігіне мыналар дәлел бола алады: өнеркәсіп, көркемөнер, өмірбаян, келіссөз, көркемөнерпаздар, бүкілодақтық, халықаралық, ауданаралық, табиғаттану, Абайтану, жағажай, балмұздақ, көкөніс, қолтаңба т. б. Мұндайлар — орфография ережелеріндегі (§ 29) бірігіп «жазылып дағдыға айналған», солай жазылып «қалыптасқан» дегендерден тыс пайда болған қолдан жасалған жаңа сөздер. Тіл дамуында жаңа жасанды сөздердің болуы қаншалықты табиғи болса, екі сөзді біріктіріп жа-

на сөз жасау соншалықты табиғи, тіл дамуының, адамдардың ой-өрісінің кеңеюінің бір көрінісі.

Сондықтан олар белгілі сөздермен шектелмейді. Нормаланған сөздермен қатар әлі де нормалана қоймаған жаңа сөздердің де болуы заңды.

«Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінен мынандай сөздерді кездестіреміз: *желсөзділік, бойкүйездік, кеудемсоқтық, есерсоқтық, жанашыр, бірсыдырғы, ақжарқын, кішіпейіл, көркемөнерпаздар, киносаяхатшылар* т. б. бұлардың көбі орфографиялық және басқа да сөздіктерде біріккен сөз ретінде аталмайды, аталса, бөлшектеніп бөлек жазылады. Соған қарағанда, бірқатар біріккен сөздердің жазылуында жалпыға бірдей ортақ норма болмауы да ықтимал.

Күрделі сөздердің бәрін бірдей біріккен сөздер деп біріктіріп жаза беруге болмайды. Олардың бірқатары емле ережелері бойынша бөлек жазылады.

Бір бүтін, біртұтас болып сомдалғандарын тұтасқан күрделі деп, алшақ күрделенгендерін күрделі деп айырамыз.

Соңғыға *темір жол, қант қызылшасы, балалар бақшасы, ақ қайың, бас жіп, уық бау, қара көк, ақ құба* деген сияқты түйдекті тіркестер енеді. Бұлардың бөлек жазылуы да шартты. Орфографиялық ережелерде, сөздіктерде *темір жол, қара көк* бөлек жазылады деп көрсетілген, оның себебі *тас жол, асфальт жол* сияқты *темір жол да, қара қасқа, ала жіп, қара көк* сияқтылар бір беткей, бөлек жазылсын деген шарт бойынша жазылып жүр. Сондықтан олар «ұласқан тіркес» құрамына енгізіліп отыр. Ал номинативтік дәреже тұрғысынан қарағанда, *темір жол, темір жолшы* бірігіп жазылуға тиісті. Кейбіреулер ұласқан тіркестерді тұтасқан сөз деп танып, біріктіріп жазып қоюға дайын тұрады. Керісінше, кейде біріктіріп жазылуға тиісті сөздерді бөліп жазып қоятындар да кездеседі.

Жазудағы мұндай ала-күлалық басқа түркі тілдерінде біздегіден де жиі ұшырайды. Сол қиыншылықтан қашып, кейбір тюркологтар күрделі сөздерді бөлек жазу арқылы (айырым) таңбалауды принципке айналдырғысы келеді. Әдеби тілдердегі жаңа сөз жасау тасқыны оған бой беретін емес. Бұл процесс мәселені әбден зерттеп алғанша, оларды бөлек жаза тұрайық дегенге де қарайтын емес. Өзбек, азербайжан, түркімен, қазақ тіл-

дерінің бұл жайындағы бағыты — әбден сараланған, дұрыс бағыт. Олар сөздерді біріктіріп жазу арқылы жаңа пайда болған ұғымдарға лайық жаңа сөз жасауға кең жол ашып отыр. Бұл әуесқойлық орыс тілі жазуына еліктеу емес, бір есептен, орыс тілінің игілікті әсерімен әдеби тілдің сөз байлығын молайту қамы.

Бізде біріккен сөздерді бөліп жазуды жақтайтын, соны уағыздайтын ғалымдар бар. Бірақ олардың ешқайсысы тілдік өмірде кең қанат жайып жатқан ол ағымға қарсы мақала да жазған емес. Ал күрделі сөздердің тиімділерін біртұтас етіп біріктіріп жазуды құптап жазылған мақалалар сан алуан. Мысалы, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде жарияланған (М. Балақаев, К. Аханов, К. Есенов, Б. Қалиев, М. Жанткин т. б.) мақалаларда және орфографиялық, тағы басқа сөздіктерде, газет-журнал, кітап беттеріндегі екі сөзді біріктіріп жаңа сөз жасауға, солай жазуға ерекше мән беріледі. Бұл — әдеби тіліміздің өрге даму талабына үйлесімді әрекет болып отыр.

Грамматикалық құрылыстардың жүйелі нормалары халық тілінің табиғатында бар нәрсе. Әдеби тіл соларды қабылдай отырып, онда кездесетін ала-құлалықты болдырмау үшін жарыспалы тұлғалардың көпшілікке ортақ, әдеби тіл заңдылықтарына үйлесімді дегендерін ғана талғап алады. Мысалы, *баратын — баратұғын, келейік — келелік, келелі, жұмысшы — жұмыскер, социалистік — социалды* дегендердің соңғы варианттары тілде кездескенмен, олар әдеби норма деп танылмайды.

Осылар сияқты нормадан ауытқулар қазақ тілінің синтаксистік құрылысында да бар. Мысалы, *ол қаладан келе жатыр — келе жатыр ол қаладан, ол келе жатыр қаладан, келе жатыр қаладан ол* т. б.

Синтаксистік құрылыста бұрыннан бар сөздерді байланыстыру тәсілін әдеби тілде керегіне қарай басқа тәсілмен алмастыруға да болады. Мысалы, ілік жалғауынан сөздердің шиыршықтанып матаса байланысуы бұрыннан бар. Бірақ олардың анықтауыштық құрамы жеңіл-желпі кезінде ілік жалғауын түсіріп айтудың пәлендей қажеті болмады (ағаштың бұтағының жапырағы, Қазақтың мал-дәрігерлік институтының ректорының кабинеті), кейін ондай тіркестер әдеби тілде жиі қолданылатын болған кезде, тіркес шұбалаңқылығын, ықшамдау мақсатымен ілік септігін түсіріп айту нормаға айналды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты ғылыми секретары.

Орфография — тіл мәдениетінің аса маңызды мәселесінің бірі. Бірақ ол көп жылдар бойы ерекше зерттеу объектісі болмады. 1930 жылдардан кейін сөздердің дұрыс айтылуы бізде орфографиялық ережелермен байланысты қаралып келсе, 1965 жылғы «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген кітапта, 1966 жылғы М. Дүйсебаеваның «Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының негізгі мәселелері» деген кандидаттық диссертациясында және 1972 жылғы «Тіл мәдениеті және баспасөз» деген жинақтағы Қ. Неталиеваның мақаласында («Орфоэпия нормалары туралы») бұл мәселе бірсыпыра дұрыс бағытта зерттелген болатын. Солардың бәрі тіл мәдениетінің аса бір маңызды мәселелерін зерттеудегі игілікті бастама деуге болады.

## 7. Варианттар мен дублеттер

Тілдегінің бәрі жіпке тізген моншақтай қаз-қатар жұмсала бермейді, жазық алқаптағыдай оның да «кедір-бұдыры» болады, топтасқан, «тыраштанған» қат-қабаттары, ат құйрығына жабысқан тікенектей басы артық сөздері де болады. Соларды саралап, керегін өз орнында пайдалана білу тіл жұмсаушылар мәдениетінің өз дәрежесінде болуын керек етеді. Ол үшін тілдің асыл қазынасындағылардың қоғамға істер қызметі, мүмкіншілігі орасан мол, зор екеніне сену керек. Егер тілде синоним, антоним, сөз варианттары мен дублеттер болмаса, әдеби тіл шаблон, штамптардан көз аша алмаған болар еді. Бірақ солардың бәрі бірдей дәрежеде тілдің ділгірлік қажетін өтей бермейді. Мысалы, қарапайым сөздер (просторечные слова) әдеби тіл байлығы деп есептелмейді, бірақ олардың да бірқатары бір кезде әдеби норма болып есептеліп, әдеби тілдің қазіргі даму барысында өзгеріске ұшырап (мысалы, кірме сөздер), басқаша вариантта жұмсалатындары да ауызекі тілде кездесе береді. Олардың бәрі болмағанмен, көпшілігі әдебилік қасиетін жояды; басқаша айтқанда, норма болып есептелмейді. Мысалы, *уағда* — *уәде*, *фікір* — *пікір*, *адабиат* — *әдебиет*, *хауа* — *ауа*, *мехнат* — *бейнет*, *мағлұм* — *мәлім*, *ғұмыр* — *өмір*, *харакет* — *әрекет*, *хүкім* — *үкім*,

хакім — әкім, миллат — ұлт, зиялылар — интеллигенттер, социалды — социалистік т. б.

Ш. Ш. Сарыбаев осылардай, өзге тілдей етіп, ауызекі тілде жұмсалатын сөздерді қарапайым (просторечные) сөз қатарында таниды<sup>151</sup>. Олар қазір солай болғанмен, ертеде әдеби тіл дамуының бір кезеңінде норма есебінде жұмсалатын. Қазір ол ескіге әуесқойлар арасында көп жұмсалады. Сондайға әуесқой болатындар әдеби нормадан шығып қалған кейбір сөздерді (мысалы, һам, хукі-мәт, мехнат) және кейбір грамматикалық тұлғаларды (мысалы, айтылмыш) жұмсау әдеби тілді байытудың қамы деп ойлайды. Бірақ онымен бұл құбылыстар әдебиеттік сипат алып, жұрттың бәріне бірдей танымал, ортақ қолданысқа айналмады.

Осылайша, өзге тілден ауысқан сөздердің әдеби бола жүріп, кейін әдеби нормалардың варианттары қатарында жұмсалатындары бар. Ондай кірме сөздердің әдеби нормаға жататын сыңары бола тұра, ауызекі тілде олардың қарапайым варианттары да болады. Мысалы, орыс тілінен енген төмендегі сөздердің қарапайым варианттарын келтірейік. *Адвокат — атпекет, билет — белет, доктор — ләктыр, генерал — жандарал, фельдшер — пелшир, география — жағрапия, философия — фалсапа, почта — поштабай.*

Қазіргі әдеби тілде мұндайлар тек персонаждар тілінде және білімі төмен қарапайым адамдардың сөздерінде кездеседі, олар норма емес. Орыс тілінен енген біраз сөздерді солай өзгертіп айта жүріп, әдебиетке енгізе келе, нормаға айналғандары да бар. Мысалы: *церковь — шіркеу, деньги — теңге, батист — бәтес, ящик — жәшік, сумма — сом, суд — сот, ботинки — бәтеңке, минута — минут, газета — газет.*

Егер өзге тілден ауысқан сөздер тікелей әдеби тілге енбей, сөйлеу тілі арқылы фонетикалық өзгеріске ұшырап, жалпы халықтық сипатымен әдеби тілге енгенде, олардың көбі сол өзгерген тұрқын сақтайды. Мысалы, орыс тілінен — *болыс, сот, түрме, доға, керуует, самаурын бәтеңке, жәшік* сөздері араб-парсы тілдерінен — *мектеп, қалам, қағаз, шелпек, әм, қожә, молда,*

---

<sup>151</sup> Сарыбаев Ш. Ш. Казахская региональная лексикография. Алма-Ата, 1976, с. 45.

*есеп-қисап, мекеме, мемлекет, өкімет, отан, аспан, мәлім* сөздері енген.

Осылай, ауызекі тілде сөздердің айтылуы әдеби тілге еніп қалыптасса, нормаға айналады да, қалыптаспаса, айтылуы мен жазылуы арасында алшақтық болса, әдеби тілдегі сыңары үстем болып, сол нормаға айналады. Мысалы, *география — жағрапия, философия — фалсапа, билет — белет* т. б.

Сөзді дұрыс айту дағдысы семьядан, мектептен басталады. Осы екі арада да қайшылық бола береді. Кісінің бала кезіндегі дағдысы әдетке айналса, одан көпке дейін арыла алмайды. Қазақ «Ауру қалса да, әдет қалмайды» дегенді айтқанда, әдеттің көпке созылатынын айтқан болу керек. Адам өсе, есейе келе оқу-білімге қолы жеткен соң, «Әдет — әдет емес, жөн — әдет» дейтін болды. Ұғына жүре, тәлім-тәрбие, соның бірі тілдік тәрбие ала жүріп, ұнамсыз әдеттен арыла берді. Жеке кісілердің тілінде тіл мәдениеті тұрғысынан алып қарағанда, жөнсіз ауытқуларға жататын диалектизмдер, жаргон, қарапайым сөздер кездеседі. Солардың ішінде фонетикалық дублеттердің де жөнсіз қолданылғандары да бар. Мысалы, *пігіру — бігіру, дүз — жүз, кигіз — киіз, дізе — тізе, жоңыршқа — жоңышқа, кеуіл — көңіл, құдағай — құдағи* т. б.

Сөздің тұрқын бұзбай, дұрыс айтуға дағдылану, орфоэпиялық нормаларды сақтап айту — тіл мәдениетінің басты талабы. Ана тілін қадір тұтатын әрбір азамат тіл байлықтарының сымбатты сиқын бұзбауға тырысу керек.

Бір ұғымды бірнеше сөзбен айту — тілдің табиғатына тән. Олардың бірқатары синонимдік қатарға айналып, тіл байлығын молайтып, коммуникативті қызметін икемді етеді. Мысалы: *бет, жүз, дида, келбет, мақұл, дұрыс, жарайды, құп, болады, ця...* Мұндай мәндес сөздердің әрқайсысының мағыналық, стильдік ерекшеліктері болатындықтан, бәрі де тең праволы тіл байлығы деп есептеледі. Ал кейбір сөздерді әр жерде әр түрлі орайда қабылдап, түрліше атау да тіл табиғатына жат емес. Мысалы, *оттық, шырпы, шақпақ, ши шақпақ, сіріңке, күкірт, спичка* сияқты бір заттың бірнеше аты болуы түсінікті. Сол затқа қойылған ат бірде қызметіне (оттық, шақпақ), бірде бөлшектеріне (ши шақпақ) қарап қойылған болса, *күкірт, спичка* дегендер — өзге тілден ауысқан

сөздер. Бәрінің де жөн-жобасы дұрыс жасалған сөздер. Бірақ әдеби тілдің мәдениеті тұрғысынан қарағанда, солардың бәрінің жарыса қолданып, бір заттың атын білдіруі лайықсыз-ақ. Сондай-ақ «подорожник» деген өсімдіктің бірнеше аты бар екен. Соның «атқұлақ» дегенін нормаға айналдыру керек.

Кейде мәндес сөздер синоним қатарларын құрамаса да, әрқайсысы өз тұрпатын сақтап жұмсалуда пәлендей мағыналық айырмашылық сезілмейді, тек бір сөзді қайталай беру стильдік тұрғыдан дұрыс болмайтындықтан, оны түрлендіру үшін және жеке кісілердің сөз қолдану дағдысы әдеби тілге еніп, жиі қолданылатындықтан, жарыспалы сөздердің біразының, *айқай — айғай* сияқты, нормалық дәрежесі бірдей деуге болады. Мысалы, *сияқты, сықылды, секілді, тәрізділердің* бәрі — норма. Кейбіреулер ескірген — *рауішті, сиықты, құралпы* сөздерін қолданады. Жарыспалы сөздердің бірқатарының әдеби варианты анықталмай келе жатыр. Олардың қайсысы озып шығатыны қазір белгісіз, келешекте сыңар сөздер мағыналық дифференциацияға түсіп, әрбіреуі өз алдына жеке мағынада жұмсалып кетуі де мүмкін.

Сөз варианттарының түрі көп. Олар И. Ұйықбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы» (1976) деген кітабында қамтылған. Оларды қайталаудың қажеті болмас. Бұл арада солардың норма болып қалыптасқандарын нормадан тыс жатқандарымен салыстыру арқылы, олардың әдеби тілге қатынасын айқындау керек.

Дублет сөздердің варианттылық қатарларының құрамы әр түрлі болатыны мәлім. Олардың диалектизм, қарапайым, әдеби екендігін дұрыс айыра білсек, құрамындағы сөздердің нормалық сипатын дұрыс тани аламыз. Мысалы, сөйлеу тілінде *нән балық, жұмыс жасадық, маңлайы тасқа тірелді, тамақ пысты, ауқаттанып алайық, кигіз қалпақ* сияқтылар кездессе, осы сөздердің әдеби еместігін тіл мәдениеті жоғары адам бірден сезеді. Ғалымдар, әдебиетшілер мен журналистер мұндай сөздерді дұрыс танып, әдеби тілде дұрыс қолданумен ғана тынбай, басқаларға да жөн сілтеп отырса, құба-құп болар еді. Тіл жұмсауға жауапты, ұқыпты қарайтын кісілердің де кейде сөйлегенде, жазғанда өз аулының тіл ерекшеліктерінің ықпалында болатыны түсінікті. Олар біртіндеп өз аулының сөздерінен арылып, әдеби тіл

өрнектеріне үйір болу керек. Сондайда ескерілуге тиісті дублет сөздер мына сияқтылар болады. Әдеби тіл дамуында дублет сөздердің бір сыңарын ғана таңдап жазу орфографиялық ережелері негізінде жасалған орфографиялық сөздіктер арқылы ретке салынып келді. Мысалы, *және* — *жана*, *өйткені* — *үйткені*, *үшін* — *ұшын* сөздері 20—30 жылдары жарыса қолданылып келсе, одан кейінгі жылдары дублет сөздердің бір сыңары тілде бұрын бар сөздермен айтылуы үйлес болғандарын жарыстырып жазбайтын, айтпайтын болдық: *және* — жалғаулық, *жана* — етістік, *өйткені* — жалғаулық, *үйткені* — тәуелдеулі есімше, *үшін* — демеу, *ұшын* — етістік.

Сонымен қатар біраз дублет сөздерге түрлі мағына телу арқылы да, олар әдеби тілде бұрынғысынша жарыса қолдана беретін болды. Мысалы: *өкімет* (власть) — *үкімет* (правительство), *дайындау* (готовить, заготовить), *тағайындау* (назначить), *ілім* (учение), *білім* (знание), *ғылым* (наука). Осылай тілде бар жарыспалы сөздерге мағына телу арқылы да жаңа сөз жасауда жасандылығы көпке кейін сезіліп, үйреншікті болмай, жүребара нормаға айналды. Бір сөзді түрлендіріп айту орайында пайда болған кісі аттары сияқты (мысалы, Асан, Хасан, Қасен, парсыша — Хасан), жарыспалы дублеттерді бөлек-бөлек мағыналы сөзге айналдыру мүмкін бола бермейді. Ал халық аузында барды «Халық айтса, қалп айтпайды» деп дәріптеп, жапа-тармағай әдеби тілге қаптата беру — тіл мәдениетінің дәрежесін төмендетеді. Қазақ тіліндегі сөздерді құбылтып, әр жерде әр түрлі, тіпті бір өңірдегі біреулерінің бір түрлі, енді біреулері екінші түрлі айтуын да, жазуын да мақтан етуге болмайды: *қалай етіп* — *қайтып* — *кәйтiп*, *жариялау* — *жәриялау*, *көңіл* — *кеуіл*, *қазір* — *кәзiр*, *бірдеңе* — *бiрдеңке*, *бірдеме*, *әдет* — *ғадат*, *Қамшат* — *Кәмшәт*, *шай* — *шәй*, *шаһар* — *шәһәр*, *ештеме* — *ештеңке* — *iштеңе*, *жайлы* — *жәйлі*, *жайлым* — *жәйлім*, *пісті* — *пысты*, *ащы* — *әшті*, *алып кел* — *әкел* — *әпкел*, *бітіру* — *пітіру* т. б.

Осылардың алдыңғылары көпке ортақ, әдебиетте жиі қолданылады да, соңғылары (сызықшадан кейінгілері) сирек қолданылады. Алдыңғылары ауызекі тілде ғана емес, әдебиетте де, әсіресе көркем әдебиетте көбірек кездеседі.

Дегенмен, жарыспалы сөздердің санын барынша азай-



ту керек. Ол үшін тек «мен білсемге» салмай, қай варианттың норма, жиілігіне назар аудару керек. Сөз саны есепке алынған «Абай жолы» романында, мысалы *жай* сын есімі — 617 рет, *жәй* — 17 рет, *жайлы* — 39 рет, *жәйлі* — 6 рет, *жайылым* зат есімі — 5 рет, *жәйілім* — 1 рет, *жайсыз* — 16 рет, *жәйсіз* — 2 рет қолданылыпты. Осылардың жиі қолданылған варианттары норма да, азы — нормадан ауытқулары. *Айқайла* — 195 рет, *айғайла* — 95 рет қолданған. Абайдың өлеңдерінде де *айғай* жиі қолданылады; Мысалы:

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.

Қазіргі баспасөзде *айқай* сөзінің *айғай* болып та жұмсалып арасы шамалас болғандықтан, орфографиялық сөздікте (1978) ол екеуінің де нормалық дәрежесі бірдей болып көрсетілді. Аталған сөздікте жұмсалып дәрежесі бірдей басқа да бірнеше дублеттер енгізілген. Олардың екеуін де жаза беруге болады деген мақсатпен арасына *ж/және* таңбасы қойылған. Мысалы: бұнда *ж.* мұнда, бұндай *ж.* мұндай, бұнша *ж.* мұнша, разы *ж.* ырза, риза.

Түбінде сөздерді осылардай түрліше таңбалап, жарыстырып жаза беруді барынша азайту керек. *Дайындау* — *даярлау*, *суару* — *суғару*, *жиылыс* — *жиналыс*, *қадам* — *адым* сияқты сөздердің екі түрлі жұмсалыуында аз да болса мағыналық, стильдік өң, айырмашылық болса, әрине, олар әдеби тілде норма ретінде сақталуға тиіс. Ал, мысалы, *рұқсат* — *рұхсат* — *ұлықсат*, *бәйге* — *бәйгі*, *қария* — *кәрия* сөздерінің жұмсалыуында ондай қызмет болмаса, олардың әдебиетте қолданылуын нормадан ауытқу деп қараймыз. Ауытқу персонаж сөзінде, өлең ұйқасында кездесе, олар кешірімді, жөнімен ауытқуға жатады. Мысалы:

Буынсыз тілін,  
Буулы сөзің  
Әсерлі адам ұғлына.  
Кісінің сөзін  
Ұққыш-ақ өзін  
Қисығын түзеп тұрғыға.  
(Абай).

Кейбір атаулар әдеби тіл тарихында, ауыз әдебиетінде түрліше аталып, түрліше түсінік алып кеткен болатын, мысалы, шаһар — кент — қала, мола — мазар:

Кемтті жерді жайлағам  
Үзілмейді базары.  
Қайда қалмас жігіттің,  
Өлгеннен соң мазары?

(Қобыланды батыр).

Мұндайлар историзм, диалектизм орайында керекті жерінде қолданылуы мүмкін, бірақ әдеби норма болып есептелмейді.

Қысқасы, сөздің дыбыстық құрамын өзгертіп, бұзып айту, әр жерде әр түрлі жұмсалуды көп адамға үйреншікті сөз қолдану әдеті болмауға тиіс.

Вариантты дублеттерді сұрыптап, бір сыңарын әдеби тілдің нормасына айналдырудың көптеген жолы бар: орфография ережелері, сөздіктер мен оқулықтар арқылы таңдау, талғау жолы. Мұнда да субъективтік көзқарастар кездесіп қалуы мүмкін. Олай болмау үшін ғылыми дәлелдерге сүйену керек. Вариантты дублеттердің қайсысы әдеби (норма), қайсысы әдеби емес (норма емес) екенін говорлар аясында шешуге болмайды. Қазақ тілінде осы мәселені шешуге негіз болатын тірек (опорный) диалект болмаған соң, әдеби тіл жалпы халық тілі негізінде, жергілікті өлке, аймақ, облыстардағы халықтар тіл ерекшеліктерінің (бірінде аз, бірінде көп) жасалғандықтан, варианттардың нормалық дәрежесі ала-құла. Мысалы, **а**, **ә** дыбыстарының алмасуы орайында жасалған дублеттерде **а—ә**, **б—п** варианттарының **ә**, **п** дыбыстарынан басталатындары көбінесе оңтүстікке тән болғанмен, басқа жерлердегі олардың **а**, **б** варианттары баспасөзге жиі жазылып та нормаға айналған. Сондықтан олардың жігі айқын емес, аралас-құралас жұмсалады. Қалай да ондайлардың әдеби тілдегі жұмсалу салмағына қарап, жарыстырып қоя бермей, мүмкін болғанынша таразының басым жағындағыларды нормалауға айналдыруға тырысу керек. Сол тұрғыдан дыбыс алмасуы орайында пайда болған дублеттер қатарларындағы басы артық варианттарды қабылдамай, ең тиімді, дұрыс деп танылғандарды ғана сөздіктерге енгізіп, баспасөзде емін-еркін бір вариантта қолдануға болады. Олардың біразын төмендегіше нормалағынымызды төмендегі кестелерден көруге болады.

Бұл кестелерге қарағанда, сөздердің нормалық дыбыс құрамын не жуан, не жіңішке, не катан, не ұяңнан басталатынына қарап, кесіп айтуға болмайды. Сондық-

Жуан-жіңішке вариантты дублеттер

а—е		а—ә		аралас	
норма	ауытқу	норма	ауытқу	норма	ауытқу
абыржу абзал аруақ	әбіржу әбзел әруақ	әжуа әбігер әбдіре әжім жәдігөй	ажуа абыгер абдыра ажым жадыгөй	әрдайым жәрменке әрекет әріп әзірет әділет әділдік	әрдәйім жәрменке қаракет қарып қазырет ғәділет ғәділдік
абжылан	әбжылан				
жай	жәй	бәйшешек	байшешек		
жайшы- лық қария қарта- мыш	жәйшы- лық кәрия кәртеміш	бәйтерек кәрі нәтиже	байтерек қары нәтижа	ашы куәленді- ру әлдека- шан	әші, ашты куаландыру алдақашан
қартайды қаһарын тегу залым	кәртейді кәрін тегу зәлім	уәде шәлі	уағда шалы	егер	әгер

т—д, бей — би вариантты дублеттер

т—д		бей—би	
норма	ауытқу	норма	ауытқу
диірмен доп доғару тұз тажал дайын тұзақ тізе дайындау даяр дәреже домалақ	тиірмен тоғару дұз дажал тайын дұзақ дiзе тайындау таяр даража тұмалақ, дұмалақ	беймаза беймазалану бейберекет бейхабар бейгүна бейсауат беймаза беймәлім беймезгіл	бимаза бимазалану биберекет бихабар бүйгүнә бисауат бимаза бимәлім бимезгіл

п—б вариантты дублеттер

норма	ауытқу	норма	ауытқу
бітір	пітір	палау	балау
балуан	палуан	<u>балуан</u>	<u>палуан</u>
бұйда	пида	пейіл	бейіл
бірадар	пірадар	бесене	бекеме
бенде	бенде	бәлекет	пәкене
байымдау	пайымдау	балашу	пәлекет
бәлекет	пәлекет	<u>балашу</u>	пал ашу
биязы	пиязы	бәленше	<u>паланша</u>
бияз	бияз		

тан бірде бір вариантын, тағы бірде екінші вариантын норма деп тану үшін әдеби тілде қолдану жиілігіне қарау керек. Дублеттерді, варианттарды нормаға, бір ізге түсіру мәселесіне немқұрайды қарауға болмайды. Ондайды реттеу, нормалау тіл мәдениетін арттырып, анархияға тыйым салу, әдеби тілдің айқындылығы мен дәлдігі үшін керек. Төмендегі лексика-семантикалық варианттарды норма тұрғысынан саралап көрейік.

әдеби норма	әдеби емес, ауытқу	әдеби норма	әдеби емес, ауытқу
кішкене	бітегене	елек	елгезер
зор, дәу, үлкен	нән	іінағаш	күйенте
тіпті, өте	<u>іпә//іпе</u>	қысқаш	тістеуік
дөңгелек	тегершік	шұбат	қымыран
бәкі	<u>шаппа</u>	тамақ	ауқат
кабырға	<u>жар</u>		

## 8. Фразеологизмдердің варианттары

Қазақ тілі сөздік қорының аса маңызды бөлшегінің бірі — фразалар мен идиомалар. Ол екеуін қосып фразеологизмдер деп те атаймыз. Олардың әрқайсысы жеке сөздерден құралып күрделенген номинатив орайында жұмсалады да, толық мағыналы сөздердің мазмұнына ортақтасып, экспрессивті, эмоциялы бояуларымен сөйлеу тілінде де, әдеби тілде де жиі қолданылады. Олар халық тіліндегі айшықты ойды білдіретін мәнерлік, көріктік қасиеттерге бай бөлшегі.

Фразеологизмдер тіл байлығынан ерекше орын алатындықтан, қазақ тіл білімінде олардың мән-жайын айқындау проблемалары да аса қажетті, өмірлік мәселелерге айналды. Бұл салада академик І. К. Кеңесбаевтың зерттеулері әсіресе «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977) тіл білімінің зор табысы деп бағаланды. Сол сөздікте фразалардың түр-түрін толық қамту мақсатымен бірқатарының түрлі вариантта жұмсалуды да қамтылған. Мысалы: *мақсатқа* (мақсұтқа) *жетті*; *разы* (риза, ырза...) *болды*; *апалаң* (опалан) — *топалаң*; *қараңды батыр* (өшір); *мерейі соқты* (тартты, шапты); *мезірет жасады* (қылды).

Бұл арада жақшадағы сөздерді фразалық вариантының құрамындағы әдеби тілге жатпайтын сөздер деп түсінеміз. Негізінде солай болғанмен, «разы болды», «риза болды», «ырза болды» варианттарының қайсысының әдеби екенін ашып айту қиын.

Ал синонимдес (мәндес) сөздердің бірінің орнына бірінің айтылуы арқылы жасалған варианттардың жұмсалуды табиғи нәрсе: мысалы, *тәңірі* — *құдай*; *тәңір жарылқасын* — *құдай жарылқасын*; *тәңір атқан* — *құдай атқан*; *миық* — *мұрт*; *миығынан күлді* — *мұртынан күлді*; *әңкі-тәңкі* — *даң*; *басы әңкі-тәңкі болды* — *басы даң болды*.

Осы сияқты фразалық варианттардың әдеби тілдің стильдік мүмкіншіліктерін кеңейтуге пайдасы тиетіні даусыз. Дегенмен солардың әдеби тілде жиі қолданылатындары әдеби норма деп танылу керек. Мысалы, «бас қосты» — норма да, «бас құрды» норма емес; «ертеден кешке дейін» — норма да, «ертеңнен кешке дейін» — норма емес. Немесе «тамырын ұстап көрді» — норма, «тамырын тартып көрді» — норма емес. Сонда да мұндайлар әдеби тілде жарыса қолданылмағанмен, бірі жиі, бірі оқта-текте қолданылатын болса, ондайды нормадан жөнді, жөнсіз ауытқулар деп қараймыз. Мысалы, Б. Майлин «Күн ұясына батты» дегені — «Күн ұясына кірді» деп жазыпты (Б. Майлин. Тандамалы шығ. 347-б.). Мұны автор әдейі сөйлем мәнін күшейту үшін қолданған. Сондықтан ол нормадан жөнімен ауытқу болады. М. Әуезов «Жүрегінің түгі бар» дегенді әдейі күшейтіп айту үшін «Жүрегінің түгі шыққан» деп жұмсапты. Мұндай авторлық сөз қолданыстары орынды болғанмен, жарыспалы вариант бола алмайды. Ал Ә. Аймағанбетов «Алғашқы ерлік» деген газет хабарында «амалы құрып» дегенді —

«амалы таусылған» деп жазды (СК, 1977). Ә. Нұрпейісов «кінәламады», «өлімге қимады» деп айтылуға тиісті сөйлемшені: «Ақбаланы кінәға қимады. Оның қандай қылығын да кешіруге әзір» (Ымырт, 12-б.) деп жазды. «Хабар берді» дегенді «қабарлас қылды» («Жолаушы қабарлас қылды білем») деп жазған. Бұлар, әрине, норма да емес, дублет те емес, синоним де емес. Осылардай синоним емес, бірақ мағыналық жақындығы жоқ сөздер фразалар құрамында бөгде сөз есебінде айтылады. Фраза құрамындағы бір сөзді басқа сөзбен ауыстырып айтқанда олар екі түрлі мағынада жұмсалуды да мүмкін. Мысалы, *Бердібай бақсы арқасы қозып, мүлде көтеріліп-көтеріліп қояды* (Б. Майлин). *Жақып Бегайдар аруағын шақырғанда, басқалар түгіл ауылмай Байболдың да делебесі қозып тұрды* (Ғ. Мұстафин). Бұлардың (арқасы қозу, делебесі қозу) екеуі — екі түрлі фраза.

Әдетте, фразалық тіркестерді «тұрақты тіркес» деп атап, олардың құрамын өзгертпей, әр сөзін бөлек жазу керек дейміз. Осы орфографиялық ереженің сақтала бермейтін екі түрлі ауытқулары бар: 1. Көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда оларға ерекше стильдік өң беру үшін, ұйқас, ырғақ талаптарына лайық олардың орны ауысып та, арасына басқа сөздер еніп те, тұлғасы өзгеріліп те жұмсала береді:

- Алыстағы айға талпыну: Жас жүрек жайып саусағын,  
Талпынған шығар айға алыс. (Абай)
- Намысын жырту: Бар жазам — күштілермен жарысқаным,  
Жыртқаным сорлы жұрттың намыстарын. (С. Сейфуллин)
- Алтынға арын сату: Арын сатып алтынға,  
Жырттысын жырту: Капиталдың жырттысын  
Алданып енді жыртпасын.  
Арманы орындалу: Орындалған талабы. (С. Мұқанов)
- Ән салу: Әнге шырқап саламын. (Н. Байғанин)

Фразалардың құрамындағы соңғы сөздер керегінде тиісті қосымшаларды қабылдап, сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа еніп жымдасып жатқанмен, лексикалық тұтастығын жоймайды. Мысалы: *Таңертеңнен бері Бораш екеуімізге менсінбей қараған балалар алдында менің беделім де көтеріліп қалған сияқты. Бірі бауыр тартып, жымылып қойса, енді бірі менің алды-*

ма қарай нанды жылжытып қояды, аузына біткен; ішерін қағар, аймалап сүйер шешең — барл. де мені өзгелерден едәуір жоғары (Ғ. Мүсірепов).

Осындағы фразалық тіркестердің құрамындағы сөздер бөлек жазылып, қалыптасқан сөздер. Кейбір фразалық тіркестердің терминдік қызметте лексикалық тұтастығы күшейеді де, біріктіріліп жазылуға бейім тұрады. Сондықтан баспасөзде *беташар, қалыңмал, күретамыр, қоянжүрек, тісқаққан, басараздық, асқазан, соқырішек, атишаптырым, құсбегі* сияқтылар біріктіріп жазылып жүр. Мұндайлар публицистік стильдегі фразалар қатарында көп: *жатыпшіер, арамтамақ, онкүндік, бесжылдық, жетіжылдық, теміржолшы* т. б.

Бірақ мерзімді баспасөздерде жиі жұмсалатын терминдік стандартты тіркестерде номинативтік қасиет күшті болғанмен, олар негізгі ережеге лайық біріктірілмей жазылады. Мысалы, *социалистік реализм, социалистік жарыс, социалистік құрылыс, саяси тәрбие, саяси сабақ, саяси өмір, сахна шеберлері, ұлт-азаттық бостандығы, тап тартысы, тап жауы, ауыр өндіріс, жеңіл өндіріс, өндіріс озаты, қант қызылшасы, құрмет тақтасы, социалистік еңбек ерлері* т. б.

Фразалық тіркестер құрамындағы сөздер, бірікпей бөлек жазылуы орфографиялық негізгі ереже бойынша дұрыс бола тұра, кейбіреулерінің, жоғарыда көрсеткендей, бірігіп жазылуы нормадан кездейсоқ ауытқу болмаса керек. Олай болу фразалық тіркестердің жай лексикалық сөз байлығымен өзара қарым-қатынасын және байланысын көрсетеді. Тілде бар сөздер негізінде жаңа фразалық тіркестердің жасалуы да соған дәлел бола алады.

\* \* \*

Жалпы алғанда, фразеологизмдер құрамында дублетті варианттар аз кездеседі. Олай болудың себебі фраза құрамының дәстүрлі тұрақтылығында болу керек.

Фразалардың бір ерекшелігі — синонимдер қатарларының молдығы. Сондықтан І. К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» жеке фразалық тіркестердің мағыналары синонимдес бірнеше фразалар арқылы да түсіндіріледі. Соған қарағанда, фразалардың

«амалы таусылған» деген сөз «кінәламады», «өл сөйлемшені: «Ақбала» бір жағынан, лексикадағы жалпы қылығын да кешірінші жағынан, бір сөзбен айтылатын мазмұн берді» деген арқылы айту әлдеқайда ұтымды, әсерлі болатынымен байланысты. Төмендегі мысалдардан фразалардың тіліміздегі жеке сөздердің синонимі болатынын көруге болады.

*Аз, мардымсыз — ауыз жарымайтын; ауыз толтырып айтуға болмайтын; іліп алары жоқ; иненің жасуындай; ат төбеліндей.*

*Азаптау, қинау, шаршату — итаяқтан сары су ішкізу, азапқа салу; сілесін қатыру, діңкесін құрту, әуре-сарсаң ету; ішкенін ірің, жегенін желім ету; жегенін желкесінен шығару.*

*Алыста, әріде — ит арқасы қиянда, ит өлген жерде, жердің түбінде.*

*Алыстату, қашырту — іргесін аулақ салу, маңына жолатпау; ат-тонын ала қашу.*

*Араздасу, өкпелеу, араздастыру — қырғи қабақ болу, ала көз болу; алты бақан ала ауыз болу; ат құйрығын кесу; араға от салу, біреуді біреуге айдап салу.*

*Анық — айдан анық, тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай; бесенеден белгілі.*

*Аңғырт, көңгіш — ашық ауыз; жібі бос.*

*Ауыру, науқастану — төсек тарту, ауруға шалдығу.*

*Ашулану, әкіреңдеу, ызғарлану — талағы тарс жарылу, терісіне сыймау, қанын ішіне тарту, шырт ете қалу; екі көзі қанталау, атарға оғы болмау; қаһарын төгу; ала көзімен ату; қабағын тарс жабу; қаны қайнау, қаны қараю; зығырданы қайнау; ашу кернеу.*

*Аяу, жабырқау — жаны ашу, сай-сүйегі сырқырау, жабырғасы қайысу; іші-бауыры елжіреу; көңілі босау.*

*Әурелеу, қинау — әуре-сарсаң ету, сергелдеңге салу; тыным таптырмау.*

*Батыл, өжет, ер, батыр — жау жүрек, жүрегінің түгі бар; жүрек жұтқан, ер жүрек.*

*Бекер, босқа, зая — еңбегі еш болу, еңбегі далаға кету, еңбегі зая кету; жолы болмады.*

*Бұлтақтату, сүйрелеу — бұлаң құйрыққа салу, сиыр құйымшақтату.*

*Дайындалу, әрекеттену — сақадай сай тұру; етек-жеңін түріну;*

*Дандайсыған — кеудесіне нан піскен; көз еті өскен; аузымен орақ орған; мұрнын көкке көтерген.*



Егде, тоқтасқан — ата сақалы аузына біткен; ішерін ішіп, жерін жеген; жасы кәрі қойдың жасындай (кәрі қойдың жасындай жасы бар).

Есейген — бұғанасы бекіген; оң-солын таныған; бой жеткен; ес біліп, етегін жапқан.

Жазалау, ұрып-соғу — сазайын беру, сазайын тартқызу; әкесін көзіне көрсету; басына әңгір таяқ ойнату; ойран салу.

Жала, өтірік, кінәлау — жала жабу; өтірікті судай сіміру; өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай; тырнақ астынан кір іздеу, түймедейді түйедей ету.

Жалқаулану — мойны жар бермеу, жалқаулығы ұстау, кежегесі кейін тарту.

Жақтырмау, ұнатпау — оқты көзімен ату; теріс қарау; ала көзімен қарау; иттің етінен де жек көру;

Жақтаушы, қошаметші — сойылын соғушы, шашбауын көтеруші, жыртысын жыртушы; жоғын жоқтаушы; атса мылтығы, шапса қылышы; қол шоқпары болу; қол жаулығы болу.

Жас, есеймеген — ана сүті аузынан кеппеген, он екіде бір гүлі ашылмаған, бұғанасы қатпаған; оң-солын танымайтын; мәйегі аузынан шығып тұрған.

Жасу — ұнжырғасы түсу; сағы сыну, тауы шағылу, шығы түсу, еңсесі түсіп кету.

Желігу, желөкпелену, лепіру — арқасы қозу, делебесі қозу, арқасы ұстау, екі шығын жұлып жеу; тыныштық таппау.

Жолатпау, жақындатпау — маңайына жолатпау, маңынан жүргізбеу, бет бақтырмау.

Жорамалдау, болжау — бал ашу, сыртынан тон пішу.

Жылау, еңіреу — көз жасы көл болу, көз жасын сығып-сығып алу, көз жасын ағызу, еңірегенде етегі толу; зар илеу.

Жылату, қинау — қан қақсату, зар қақсату, зар илету, күн көрсетпеу, көзіне көк шыбын үймелету, қорлық көрсету.

Жуас, момын — қой аузынан шөп алмайтын, қойдан қоңыр, бетегеден биік, жусаннан аласа.

Жүгіру, алып ұшу — зыр жүгіру, дедек қағу, қол-аяғы жерге тимеу, тыным таппау, алды-артына қарамау, екі өкпесін қолына ала жүгіру, алас ұру.

Көмектесу, қарасу, болысу — ат салысу, қолғабыс

ету, қол ұшын беру, жәрдем ету, көмек көрсету, көз қырын салу.

Көнбейтін, қырсық — тіл алмайтын, айтқанға көнбейтін, сөзіңді далаға тастайтын, сөзің құлағына кіріп шықпайтын, тоң мінез, сыңар езу.

Көрікті, әдемі — үріп ауызға салғандай, жүзіктің көзінен өткендей, ай десе, аузы, күн десе, көзі бар, көз сүрінгендей, көз тартарлықтай, көздің нұрын алғандай.

Көп істеу — мұрнынан шаншылу; жұмыс басты болу; сіңбіруге қол тимеу, мойын бұруға шама болмай қалу; жұмысқа белден бату.

Күйзелту, мазалау, ұрып-соғу — мазасын алу, мазасын кетіру, әлек салу, ойран салу, бүлік салу, қырғидай тию; әуре-сарсаң ету; аңшысын қуыру; тырнағын батыру, тізесін батыру, екі аяғын бір етікке тығу; қаққанда қанын, соққанда сөлін алу; аяғын аспаннан келтіру; аузы-басын қан қылу; жегенін желкесінен шығару, басына әңгір таяқ ойнату.

Күлу — езу тарту, жымың қағу; ыржың-ыржың ету; Кіжіну, өшігу — тісін қайрау, көз аларту, кек алу.

Қайғыру, қасірет шегу, ызалану — қабағы ашылмау, қабағы қарс жабылу, ішінен тыну, ішкені ірің, жегені желім болу, ыза кернеу.

Қаймығу, беттемеу — тауы шағылу, беті қайту, сағы сыну, басы тасқа тию; жүні жығылу, аузы күю, шекесіне тию.

Қарау, көру — назар аудару; көз қырын салу, көз салу; көз жіберу; көз жүгірту, көз тігу, көзін алмау.

Қашу, жасырыну, көрінбеу — ат-тонын ала қашу; бойын аулаққа салу; шаңы көрінбеу; аяқ-қолы жерге тимеу; зым-зия жоқ болу; азар да безер болу.

Қорқу, үрейлену — үрейі ұшу, зәресі ұшу (қалмау), жүрегі су ете қалу, (шыбын) жаны көзіне көріну; жүрегі тас төбесіне шығу; көзі алақандай болу; төбе шашы тік тұру; аза бойы қаза тұру, жүрегі алып ұшу, зәресі зәр түбіне кету, есі шығу, зәре-құты қалмау, аңшысы қуырылу, көзі шарасынан шығу.

Қуану, шаттану — мәз-мейрам болу, қуанышы қойнына сыймау, екі құлағы екі езуіне жету; (екі құлағы екі езуінде); қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болу; төбесі көкке жету.

Құлау — аяғы аспаннан келу; тоңқалаң асу; сылқ түсу.

Құрметтеу, мадақтау — төбесіне <sup>ақ нормалардан бел-</sup> таппау, жер-көкке сыйдырмау.

Мұңаю, мазасыздану — салы суға кету, мазасы кету, еңсесі түсу, ұнжырғасы түсу, қабағы қарс жабылу, мойнына су құйылу, мойнына су кету, зықы шығу.

Озбыр, дөкей, мықты — шоң мойын; ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс; аузынан жалын шашқан; жұртты бір шыбықпен айдаған.

Опасыздану — көзіне шөп салу; уәдеден таю.

Өкіну — бармағын шайнау; санын бір-ақ соғу; жер сипап қалу; өкініп қалу.

Өсу, даму, молаю — етек алу, өркен жаю, қанат жаю; өркені өсу; тасы өрге домалау; қазан аузы жоғары.

Өшігу, өштесу, араздасу — тісін қайрау, қырғи қабақ болу; жұлдызы қарсы болу, атарға оғы болмау; ат құйрығын кесу.

Пасық, оңбаған — өтірікті судай сіміретін; тырнақ астынан кір іздейтін жексұрын; аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығатын; беті бүлк етпейтін, без бүйрек.

Сағыну, күту — екі көзі төрт болу, қарай-қарай көзі талу.

Сандалу, оттау — ауа жайылу, жоқтан өзгені айту, аузына келгенін айту; аузымен орақ ору; бүйректен сирақ шығару.

Соғылу, қиналу — өмірден соққы жеу, өмірден тепкі жеу; жаны қиналу, жаны алқымға келу; жаны түршігу; азап шегу; азар да безер болу; жегені желкесінен шығу.

Сырлас, мұңдас, жақын — тонның ішкі бауындай; ауыз жаласқан; ішек-қарны араласқан, ыдыс-аяқ араласқан, ымы-жымы бір.

Тез, жылдам, кенеттен — салған жерден; көзді ашып-жұмғанша; табан астынан, қас пен көздің арасында; аяқ астынан, ойда жоқта, ойламаған жерден, жоқ, жерден.

Түршігу — аза бойы қаза болу; зар илеу; денесі түршігу; без-без ету.

Тыншу, риза болу — көңілі көншу, жаны жай табу; арманы орындалу, арқа-басы жадырау, дегені болу; жолы болу; мерейі үстем болу; тасы өрге домалау.

Тыңдамау, елемеу — құлақ аспау; немқұрайды қарау; ат үсті қарау, көз қырын салмау.

Ұдайы, үздіксіз — жар құлағы жастыққа тимеу, тыным таппау, зыр жүгіру, дедек қағу.

ету, қол ұшын беру — аузынан түсіп қалғандай, сойып қалғандай. *...ли, өзін көр де оны көр.*

Ұлғайту, үлкейту, асыру — түймедейді түйедей ету; асыра сілтеу, далитып жіберу.

Ұмыту — есінен шығып кету, аузына түспей қою.

Ұрламау, иеленбеу — біреудің ала жібін аттамау, кісінің ақысын жемеу, біреудің сабақты жібіне қол сұқпау.

Ұрсу, кею — жер-жебіріне жету; ит терісін басына қаптау; әңкі-тәңкісін шығару.

Ұялу, қызару — бетімнен отым шықты, жерге кіріп кете жаздадым, жерге қарау.

Ұялмау — беті бүлк етпеу, аузы-басы қисаймау, ар-ұятты жинастырып қою.

Үндемеу — жұмған аузын ашпау, ләм-мим демеу, үні өшу; үні шықпау; тіл қатпау, аузына құм құйылу, жағы қарысу, тіс жармау.

Үстірт, берекесіз — түйе үстінен сирақ ұйту, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру; жұмысқа немқұрайды қарау; тіл мен жағына сүйену.

Шаршау, жүдеу, болдыру — қабағы қату, еңсесі түсу; екі иығы ішіне кіру, діңкесі құру, сілесі қату; сүлдесі қалу, табанынан таусылу.

Шыдамау, тыпыршу — дегбірі қашу, берекесі кету, төтеп бере алмау, әкесінің кәрі көзіне көріну, басын тауға да, тасқа да соғу.

Хабарлау, жариялау — дабыл қағу; жер шақыру; құлақтың құрышын жеу; байбалам салу, безек қағу.

Тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер, әдетте, белгілі үйреншікті орналасу қатарын түзеп жұмсалады. Олардың орын тәртібі өзгеріп, араларына басқа сөздердің еніп жұмсалуы да олардың тұрақтылық табиғатына нұқсан келтірмейді және ондайлар дублеттік варианттар болып есептелмейді. Мысалы, *Оған әбден көзім жетті* дегенді М. Дүзенов «Көзім оған әбден жетті» деп жазыпты (Ант, 110-б.). Күнделікті сөйлеу тілінде дублет, варианттардың сыңарларын бір-бірімен ауыстырып қолдануға болады. Ал тұрақты сөз тіркестерінің құрамында айтылғанда, олар ауыстырып айтуға көне бермейді. Мысалы, *өмір мен ғұмыр* мәндес болғанмен, «ғұмыр сүру» деуден гөрі «өмір сүру» үйреншікті. Сондықтан «ғұмыр» сөзіне әуес жазушылар да ондайға қиянат жасай алмайды. Мына мысал соны байқатады: Сау-саламат болыңыз.

ялық нормалардан бел-  
Сізге ұзақ ғұмыр тілейміз. Бақытты туы мүмкін. Бірақ,  
зенов. Ант, 111).

Сондықтан тұрақты тіркестер құрамындағы кейбір сөздердің басқаша айтылуы көбінесе олардың нормалық сиқын өзгеріске ұшыратудың дәлелі болады: *құлақ қою — құлақ салу, тіл қату — тіл жұмсау, діңкесі құру — діңкесі таусылу тыным таппай жүру — тыным көрмеу*: Олар қора-қопсысына шөбін тасып *тыным көрмей жүр* (Ант, 101-б.).

Жоғарыда әдеби тілге қатысты біраз мәселелерге біршама ғылыми талдау жасалды. Солардың дені, қорытып айтқанда, қазіргі қазақ әдеби тілінің дәрежесін, мәнжайын сипаттайды. Осы айтылғандардың түйіні — қазақ әдеби тілі» дегеніміз — шындық өмірдегі бар және аса қажетті қоғамдық құбылыс екендігі. Ол — біздің социалистік қоғамымызға қызмет ететін, сол қоғамның — қазақ халқының, орасан зор рухани табысы. Қазақ әдеби тілі өзінің даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырап, өмір талабынан туған жаңалықтарды бойына сіңіріп, әр алуан жазба әдебиеттерде тағы басқа халық өмірінде кең жұмсалып нәтижесінде оның стильдік тармақтары сараланды. Әдеби тілдің ертедегі даму арналары Совет тұсында ерекше күш алып, халық тілінің ішкі байлықтары жан-жақты қамтылып, олар орыс тілінің игілікті әсерінен туған жаңалықтармен ұласты. Солардың нәтижесінде қазақ тілі кемелденген бай әдеби тілге айналды.

Тілдің коммуникативтік қызметі адамның әр алуан ойын, сана-сезімін білдірумен қатар, ол әдеби тіл қалпына түскенде, оның эстетикалық сезімді білдіру аясы да кеңейеді. Бұл — әсіресе көркем әдебиет тілінің ауыр жүгінің бірі. Әдеби тілді пайдаланушылардың тілдік талғамы неғұрлым күшті болса, әдеби тілдің сымбаттылық, нормалық қасиеті солғұрлым арта түседі. Біз жұртшылықты, әсіресе жастарды, соған бейімдеуге тиіспіз.

Кісінің тіл мәдениетінің дәрежесі оның эстетикалық талғамының қандай екенімен де байланысты. Сөздің сұлулығы, кісіге етер әсерінің күшті болуы айтылған ойдың айқындылығымен, мазмұндылығымен байланысты. Сонымен қатар, тілдегінің таңдаулыларын талғай білген кісі — тілге деген эстетикалық сезімі күшті кісі болғаны. Ол қасиет адамға бірден пайда бола қалмайды,

ету, қол ұшын берін — тіл мәдениеті талаптарына қанық  
талаптарды қамтамасыз етеді.

Тілдік талғам мақсатты ойға лайық құрылған сөйлем түсінікті, сөздері өз орнында, олардың синтаксистік байланысы дұрыс, нормалық жүйесі сақталғанын талап етеді. Бұл айтылғандардан баспасөз көптеген қате-кемшіліктер жіберіп жатса, автордың әлі де ой өрісінің тарлығын, тілден эстетикалық талғамы шамалы екенін көрсетеді. Сондықтан, мысалы, оқушыларға фонетика, грамматика, лексика, синтаксистен, орфоэпия, орфографиядан білім беру — олардың тілдік талғамын тәрбиелеудің тек әдепкі басқышы ғана.

Фонетика, грамматика, лексика дегендер тілдің сүлделі қаңқасы. Оларды білу де, жандандыру да керек. Жандандыратындары — тілдің мағыналық, эмоциялық, экспрессивтік, эстетикалық жақтары. Егер тілдің қаңқасы олардың стильдік қызметтерімен, эстетикалық сипаттарымен қабысып жатса, мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту өзінің мақсат-мұратына жеткен болар еді.

Бұл айтқандарымыз тіл жұмсау мен оқытуды бүгінгі өмір талабына жанастырудың қамы болмақ. Бізге озық ойлы, сезімтал, тіл мәдениетіне жетік адамдарды тәрбиелеу міндеті партиямыздың жаңа заманның жаңа азаматтарын тәрбиелеу талабымен үйлесуге тиіс. ҚПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Ю. В. Андропов жолдас ҚПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында сөйлеген сөзінде «Партия біздегі адамдардың тек белгілі бір білім жиынтығының иесі ретінде ғана емес, ең алдымен социалистік қоғамның азаматы, өзіне тән идеялық қағидалары, моралі мен мүдделері, еңбек пен мінез-құлықтың жоғары мәдениеті бар коммунизмнің белсенді құрылысшысы ретінде де тәрбиелеуіне күш салады», — деп атап көрсетті.

Эстетикалық тілдік талғам бір жақты, табиғаттың әсемділігін, киімнің жарасымдылығын, баяндама тілінің тартымдылығын білдіру орайында ғана емес, шындық өмірдің бәріне, мысалы марксистік мораль нормаларына қатысты жайттарды дұрыс ұғыну орайында да уағыздалады.

Тілдік нормалардың жалпы халыққа міндеттілері бар. Олар — орфографиялық, пунктуациялық, терминологиялық нормалар. Жалпыға ортақ лексика-семантика-

лық, грамматикалық, орфографиялық нормалардан белгілі мақсатқа лайық ауытқулар болуы мүмкін. Бірақ, ол жөнсіз ауытқу болмауға тиіс.

Бұл кітапта әдеби тілге қатысты мәселелерді баяндау барысында олар туралы кейбір ғалымдарымыздың да өзгеше көзқарастарын сөз еттік. Сондағы мақсат — жора-жолдастардың кейбір пікірлеріне сын айту арқылы қазіргі әдеби тіліміздің табиғатын дұрыс түсіну болса, екінші мақсат — басқаларды пікір таласына шақыру.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз . . . . .	3
<b>I. Әдеби тілдің жалпы мәселелері . . . . .</b>	<b>5</b>
1. Қазақ әдеби тілінің зерттелуі . . . . .	5
2. Әдеби тілдің сипаттамасы . . . . .	24
3. Жазу және әдеби тіл . . . . .	36
4. Әдеби тілдің стильдер жүйесі . . . . .	45
<b>II. Қазақ әдеби тілінің негіздері және оның даму арналары</b>	<b>54</b>
1. Жалпы мағлұмат . . . . .	54
2. Ауызекі тілдің әдеби тілге қатысы . . . . .	60
3. Диалектизмдердің әдеби тілге қатысы . . . . .	68
4. Фольклор тілінің әдеби тілге қатысы . . . . .	78
<b>III. Әдеби тіл лексикасының молаю жолдары . . . . .</b>	<b>87</b>
1. Жалпы мағлұмат . . . . .	87
2. Әдеби тілге араб-парсы тілдерінен енген сөздер . . . . .	91
3. Әдеби тілге орыс тілінен енген сөздер . . . . .	97
4. Әдеби тілдегі неологизмдер туралы . . . . .	108
<b>IV. Әдеби тілдің мәдениеті және нормалары . . . . .</b>	<b>115</b>
1. Тіл мәдениеті туралы мағлұмат . . . . .	115
2. Ақын-жазушылардың сөз қолдану мәдениеті . . . . .	117
3. Тілдік нормалардың негіздері . . . . .	137
4. Нормалану талаптары . . . . .	143
5. Нормалаудың критерийлері . . . . .	145
6. Орфографиялық және орфоэпиялық нормалар . . . . .	153
7. Варианттар мен дублеттер . . . . .	162
8. Фразеологизмдердің варианттары . . . . .	170



**Мәулен Балақаев**

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ ЖӘНЕ  
ОНЫҢ НОРМАЛАРЫ**

*Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының  
Ғылыми Советі басылуға бекіткен.*

Редакция менгерушісі *М. А. Рашев*  
Редакторлар: *Ә. Досымбекова, К. Шалқаров*  
Көркемдеуші редактор *А. Б. Мальцев*  
Суретші *Л. Овсяникова*  
Техникалық редактор *В. М. Муромцева*  
Корректор *Р. Ш. Аманбекова*

ИБ № 1573

Сдано в набор 11.10.83. Подписано в печать 22.12.83. УГ10198.  
Формат 84×108<sup>1/32</sup>. Бум. тип. № 2. Литературная гарнитура.  
Высокая печать. Усл. п. л. 9,7. Уч.-изд. л. 9,9. Тираж 1200.  
Заказ 215. Цена 1 р. 70 к.

Издательство «Наука» Казахской ССР.  
Типография издательства «Наука» Казахской ССР.  
Адрес издательства и типографии 480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 28.

**1983 ЖЫЛЫ «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫНАН  
ТІЛ БІЛІМІ ЖӨНІНДЕ МЫНАДАЙ  
КІТАПТАР ШЫҚТЫ:**

Авторлар коллективінде. Жазушы және сөз мәдениеті. Көлемі 7,8 баспа табақ, бағасы 1 с. 20 т.

Авторлар коллективінде. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. Көлемі 12,5 баспа табақ, бағасы 1 с. 90 т.

И б а т о в А. Сөздің морфологиялық құрылымы. Көлемі 8,2 баспа табақ, бағасы 1 с. 30 т.

Мына адресстер бойынша заказ беріледі:

*480021, Алматы қаласы, Фурманов көшесі,  
№ 91/97, Қазақтың «Академкнига» конторасы*

н е м е с е

*480015, Алматы қаласы, Жароков көшесі, «Кітап-почта» дүкені, № 154а.*



